

Қазақстан Республикасының Кеден кодексі

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі N 401 Кодексі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы № 298-IV Заңымен

Мазмұны

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 2011.07.01 бастап күшін жоятын 19-баптың 12-1) тармақшасын және 27-баптың 2-тармағын қоспағанда, ҚР 2010.06.30 N 298-IV Заңымен.

ҚР 2005.11.22 N 89 Заңымен енгізілген өзгерістер 2006 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі (2-бапты қараңыз). Қажет болған жағдайда "Заң" Деректер базасының 5 версиясының алдыңғы редакцияларын қараңыз.

Ескерту. Бұкіл мәтін бойынша "кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган", "кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның", "Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган", "кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен", "кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органға", "кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органды" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "уәкілетті органмен", "уәкілетті органға", "уәкілетті органды" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Бұкіл мәтін бойынша "контрафактылы тауарлар", "контрафактылы болып табылатын", "контрафактылы тауарларды", "контрафактылы тауарды", "контрафактылы емес", "контрафактылы болып табылады", "контрафактылы", "тауарлар контрафактылы", "тауарлар контрафактылы деп танылмаған", "тауарлардың контрафактылық", "контрафактылық", "тауарлардың контрафактылығы", "Контрафактылы тауарды" деген сөздер "зияткерлік меншік құқығы бұзылған тауарларды", "зияткерлік меншік құқығы бұзылған", "тауарлардың зияткерлік меншік құқығы бұзылмаған", "тауарлардың зияткерлік меншік құқығы бұзылған", "зияткерлік меншік құқығы бұзылған тауарды", "тауарлардың зияткерлік меншік құқығы бұзылғандық", "Зияткерлік меншік құқығы бұзылған тауарды" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2009.12.08 N 224-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

Осы Кодекс Қазақстан Республикасындағы кеден ісінің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін белгілейді және Қазақстан

Республикасының егемендігі мен экономикалық қауіпсіздігін қорғауға, Қазақстан экономикасының дүниежүзілік экономикалық қатынастар жүйесіндегі байланыстарын жандандыруға және сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыруға бағытталған.

1. Жалпы бөлім

1-Бөлім. Жалпы ережелер

1-тaraу. Негізгі ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасындағы кеден ісі

Қазақстан Республикасындағы кеден ісі тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендердік шекарасы арқылы өткізуін, кедендердік ресімдеу мен кедендердік бақылаудын, кедендердік режимдерді қолданудын, кедендердік төлемдері және салықтарды алудын, кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарға қарыншама жүргізуін, мемлекет пен сыртқы экономикалық және өзге де қызметті жүзеге асыруши тұлғалардың арасындағы билік қатынастарына негізделген кеден саясатын іске асырудын басқа да құралдарын қамтиды.

2-бап. Кеден ісі саласы

1. Кеден ісі саласы - Қазақстан Республикасының кеден саясатын іске асыру кезінде кеден ісін қолдану жөніндегі мемлекеттік реттеу саласы.

2. Осы Кодекспен реттелмеген кеден ісі саласына қатысты қатынастар Қазақстан Республикасының өзге заң актілерімен реттеледі.

3-бап. Қазақстан Республикасының кеден саясаты

1. Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі болып табылатын бірыңғай кеден саясаты жүзеге асырылады.

2. Кеден саясаты өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының қарауына жатады.

3. Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуды ынталандыру және экономикалық мұдделерін қорғау, тиімді кедендердік бақылауды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген өзге де мақсаттар Қазақстан Республикасы кеден саясатының негізгі мақсаттары болып табылады.

4-бап. Қазақстан Республикасының кеден зандары

1. Қазақстан Республикасының кеден зандары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Кодекстен, сондай-ақ қабылдануы осы

Кодексте көзделген өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Кодекстегіден өзгеше ережелер белгіленсө, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

5-бап. Қазақстан Республикасы кеден зандағының уақыт жағынан қолданылуы

1. Кеден ісі саласында осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеден органды кеден декларациясы мен құжаттарын тіркеген күні қолданыста болған Қазақстан Республикасының кеден зандағы қолданылады.

2. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы осы Кодексте белгіленген талаптарды бұза отырып өткізу кезінде тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы іс жүзінде өткізілген күні қолданыста болған Қазақстан Республикасының кеден зандағы қолданылады.

3. Егер тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы іс жүзінде өткізілген күнін анықтау мүмкін болмаса, кеден ісі саласындағы құқық бұзушылық айқындалған күні қолданыста болған Қазақстан Республикасының кеден зандағы қолданылады.

6-бап. Қазақстан Республикасының кедендік аумағы мен кедендік шекарасы

1. Қазақстан Республикасының кедендік аумағын құрғақтағы аумак, аумақтық сулар (теңіз) және ішкі сулар, олардың үстіндегі әуе кеңістігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрлықтық қайрақында орналасқан жасанды аралдар, қондырғылар, ғимараттар және кеден ісі саласында Қазақстан Республикасының юрисдикциясындаған болатын өзге де объектілер құрайды.

2. Қазақстан Республикасының аумағында құрылған арнайы экономикалық аймақтың аумағы Қазақстан Республикасының кедендік аумағының бір бөлігі болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы кедендік аумағының шектері, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтардың периметрлері Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы болып табылады. Кедендік шекара - Қазақстан Республикасының кедендік аумағының шектерін белгілейтін сызық пен осы сызық бойынша өтетін вертикальды бет.

4. Кедендік шекара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына дәл келуі мүмкін.

7-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бірлескен бақылау – бақылау рәсімін жеңілдету үшін, шектес

мемлекеттердің кеден және бақылаушы органдары бірлесіп және келісіп қолданатын және жүзеге асыратын, көрсетілген мемлекеттердің кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты іс-әрекеттердің, шаралардың, бақылау әдістерінің, құралдары мен нысандарының жиһнитығы;

2) декларант – тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші тұлға не тауарлар мен көлік құралдарын өз атынан декларациялайтын, білдіретін және ұсынатын кеден брокері;

3) декларациялау – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін және (немесе) кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдары туралы мәліметтерді мәлімдеу;

4) жөнелтуші кеден органы – тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаумен тасымалдау басталатын Қазақстан Республикасының кеден органы;

5) жүк операциялары – кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау, тиеу, түсіру, қайта тиеу, орамның зақымданған жерлерін жөндеу, орау, қайта орау және тасымалдау үшін қабылдау, мұндай тауарлардың сынамалары мен үлгілерін ірікте алу, көрсетілген тауарлар болуы мүмкін үй-жайлар мен басқа да орындарды ашу;

6) кедендік алымдар – Қазақстан Республикасының кеден органдары тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу, кедендік алып жүру үшін, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының кеден органдары бекітетін қоймаларда сақтау үшін алатын кедендік төлем түрлері;

7) кедендік алып жүру – Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды адамдарының кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын алып жүргізу;

8) кедендік әкімшілік жүргізу – Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асыратын ұйымдық-құқықтық және өзге де іс-әрекеттер мен шаралар жиынтығы;

9) кедендік баж – Қазақстан Республикасының кеден органдары тауарды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелген кезде немесе тауарды атап аумақтан әкеткен кезде алатын және осындағы әкелу немесе әкетудің ажырамас шарты болып табылатын кедендік төлемнің түрі;

10) кедендік бақылау – Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңнамасын сақтау бойынша Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асыратын, оның ішінде тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалана отырып жүзеге асыратын, орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген шаралардың жиынтығы;

11) кедендік бақылаудағы тауарлар – осы Кодекске сәйкес кедендік бақылау жүзеге асырылатын тауарлар;

12) кедендік декларация – тауарлар мен көлік құралдары туралы декларант мәлімдеген мәліметтерді жазбаша және (немесе) электрондық түрде растайтын құжат;

13) кедендік инфрақұрылым – Қазақстан Республикасының кеден органдарының жұмыс істеуіне жағдай жасайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден органдарының лауазымды адамдарына әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған ғимараттар мен құрылыстар;

14) кедендік операциялар – кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты Қазақстан Республикасының кеден органдары да, тұлғалар да Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жасайтын жекелеген іс-әрекеттер;

15) кедендік рәсімдер – Қазақстан Республикасының кеден органдары мен кеден ісі саласындағы тұлғалардың кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты жасайтын іс-әрекеттерінің жиынтығы;

16) кедендік режим – Қазақстан Республикасының кедендік аумағында не одан тыс жерлерде өткізу, пайдалану мақсаттарына қарай тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы өткізу кезіндегі олардың кеден ісі саласындағы мәртебесін айқындайтын, осы Кодексте белгіленген нормалардың жиынтығы;

17) кедендік ресімдеу – тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуге байланысты тұлғалар және Қазақстан Республикасының кеден органдары жасайтын іс-әрекеттер мен ресімдердің жиынтығы;

18) кедендік тариф – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қолданылатын кедендік баж ставкаларының Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес жүйеленген тізбесі;

19) кеден терминалы – Қазақстан Республикасы кеден органдарының қызмет аймағындағы Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлармен және көлік құралдарымен кедендік ресімдеу және (немесе) кедендік операциялар жасауға арнап арнайы жайластырылған, техникамен жарақтандырылған және жабдықталған орын;

20) кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз ету – осы Кодексте көзделген кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындаудың осы Кодексте белгіленген тәсілдері;

21) коммерциялық құжаттар – шот-фактуралар, арнайы тізбелер, тиеу және орау парактары, сондай-ақ тауарлар туралы мәліметтерді, оның ішінде тауарлардың құнын растайтын және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес пайдаланылатын басқа да құжаттар;

22) көлік құжаттары – халықаралық автомобиль жүк құжаттамасы, темір жол

көліктік жүк құжаттамасы, багаж тізімдемесі, багаж түбіртегі, әуе жүк құжаттамасы, коносамент, сондай-ақ тауарларды құбыр тасымалымен және электр беру желілері арқылы өткізу кезінде пайдаланылатын құжаттар мен Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамалық актілерінде және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген тасымалдар кезінде тауарлар мен көлік құралдарына ілесе жүретін өзге де құжаттар;

23) көлік құралы – халықаралық тасымалдарды жүзеге асыру үшін қолданылатын және осы көлік құралдарымен бірге тасымалданатын болса, олар үшін техникалық паспортпен немесе техникалық формулярмен көзделген қосалқы бөлшектерді, керек-жараптары мен жабдықтарды, олардың конструкциясында көзделген май қую ыдыстарындағы жанар-жағармай материалдары мен салқыннату сұйықтарын қоса алғанда, теңіз, ішкі су, әуе кемесі, механикалық көлік құралы;

24) қазақстандық тауар – толығымен Қазақстан Республикасында өндірілген, жеткілікті қайта өндеу өлшемдеріне сәйкес Қазақстан Республикасында қайта өнделген, Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналыс үшін шығарылған, осы Кодекске сәйкес мемлекеттің меншігіне айналдырылған тауар;

25) қазақстандық тұлға – Қазақстан Республикасының азаматы, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын жері бар, азаматтығы жоқ адам, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында тіркелген дара кесіпкер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құралы заңды тұлға;

26) мамандандырылған кеден мекемелері – кеден ісі саласындағы міндеттерді шешу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын мемлекеттік мекемелер ;

27) межелі кеден органы – тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаумен тасымалдау аяқталатын Қазақстан Республикасының кеден органы;

28) өткізу пункті – адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының мемлекеттік (кедендік) шекарасы арқылы өткізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары белгілеген автомобиль, темір жол вокзалдарының, станцияның, әуежайдың, аэродромның, теңіз, өзен порттарының не өзге де жабдықталған орынның шегіндегі аумақ (аумақтың бір бөлігі);

29) салықтар – тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуге байланысты алынуы Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген қосылған құн салығы мен акциз ;

30) сыртқы экономикалық қызметке қатысушы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруши тұлға;

31) тарифтік емес реттеу шаралары – тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салулар мен шектеулер, квоталау, лицензиялау, тауарлардың қауіпсіздігі бойынша стандарттар мен талаптарға (оның ішінде техникалық, фармакологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық, фитосанитарлық, радиациялық, экологиялық стандарттар) сәйкестігін растау және Қазақстан Республикасының заң актілерімен және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулыларымен белгіленетін өзге де т а л а п т а р ;

32) тарифтік реттеу шаралары – тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендейк шекарасы арқылы өткізу кезінде кедендейк тарифті пайдалана отырып, сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметті мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Үкіметі **белгілеген шаралар** ;

33) тасымалдаушы – тауарларды іс жүзінде өткізуши не көлік құралын пайдаланғаны үшін жауапты болып табылатын тұлға;

34) тауар – Қазақстан Республикасының кедендейк шекарасы арқылы өткізілетін мүлік, оның ішінде ақпарат жеткізгіштер, валюталық құндылықтар, энергияның электр, жылу және өзге де түрлері, сондай-ақ осы баптың 23) тармақшасында көрсетілген көлік құралдарынан басқа көлік құралдары;

35) тауарларды алушы – кедендейк бақылаудағы тауарларды жеткізуғе тасымалдаушы міндепті болатын тауардың ілеспе құжаттарында аталған тұлға;

36) тауарлар мен көлік құралдарын жіберу – Қазақстан Республикасы кеден органдарының тұлғаларға белгілі бір кедендейк режимнің шарттарына сәйкес тауарлар мен көлік құралдарын пайдалануға және (немесе) оларға билік етуге рұқсат **беру жөніндегі іс-әрекеті** ;

37) тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендейк шекарасы арқылы өткізу – тауарлар мен көлік құралдарын халықаралық пошта жөнелтімдерімен жіберуді, құбыр тасымалы мен электр беру желілерін пайдалануды қоса алғанда, кез келген тәсілмен Қазақстан Республикасының кедендейк аумағына әкелу немесе Қазақстан Республикасының кедендейк аумағынан әкету жөнінде **іс-әрекеттер жасау** ;

38) тауарларды өткізуши тұлға – өз атынан не басқа тұлғаның тапсырмасы бойынша сыртқы экономикалық мәміле жасаушы тұлға; егер тауарларды Қазақстан Республикасының кедендейк шекарасы арқылы өткізу қазақстандық тұлғаның сыртқы экономикалық мәмілелер жасауынсыз жүзеге асырылатын болса, Қазақстан Республикасының аумағында кедендейк бақылаудағы тауарларды пайдалану мен оларға иелік ету құқығы бар тұлға;

39) тауарларға ілеспе құжаттар – Қазақстан Республикасының кедендейк

шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына арналған коммерциялық және көлік құжаттары;

40) топтасып тасымалдау – бір көлік құралымен бір мезгілде бірнеше жөнелтушінің немесе алушының жүктегі өткізілетін кездегі тасымал;

41) тұлға – жеке және (немесе) заңды тұлға;

42) уәкілдегі орган – кеден ісі саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

43) шартты түрде шығару – тауарлар мен көлік құралдарын шектеп және оларды пайдалану мен оларға билік ету жөніндегі шарттарға орай шығару;

44) шетелдік тауар – осы баптың 24) тармақшасында көрсетілмеген тауар;

45) шетелдік тұлға – осы баптың 25) тармақшасында аталмаған тұлға;

46) ырық бермес күштің әсері – нақты бір жағдайлар кезіндегі Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген белгілі бір әрекеттерді жасауға кедергі келтіретін төтенше және ырық бермейтін оқиға;

47) электрондық құжат – өзіндегі ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

48) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиһизи;

49) электрондық цифрлық қолтаңба құралдары – электрондық цифрлық қолтаңбаны жасау және оның түпнұсқалығын тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдар жиһизи.

2. Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының басқа да арнаулы ұғымдары осы Кодекстің тиісті баптарында айқындалатын мағынада пайдаланылады.

3. Осы Кодексте пайдаланылатын Қазақстан Республикасы заңнамасының азаматтық және басқа да салаларының ұғымдары, егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұл салаларында олар қалай пайдаланылса, сондай мағынада қолданылады.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - КР 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

2-тaraу. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының Кедендік шекарасы арқылы өткізу туралы негізгі ережелері

8-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелу, Қазақстан Республикасынан

әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу құқығы

1. Осы Кодексте және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, барлық тұлғалардың тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге, Қазақстан Республикасынан әкетуге және оларды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге тен негіздерде құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының заң актілерімен және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулыларымен тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге, Қазақстан Республикасынан әкетуге және оларды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге тыйым салулар мен шектеулер, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары белгіленуі мүмкін.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу тәртібі

1. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелу кезінде тауарлар мен көлік құралдарын өткізуудің шарты кедендік шекарадан іс жүзінде өту және Қазақстан Республикасының кеден зандарында белгіленген іс-әрекеттерді жасау болып табылады.

2. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкету кезінде өткізуудің шарты кедендік декларация беру немесе тауарлар мен көлік құралдарын әкетуге бағытталған өзге де іс-әрекеттер болып табылады.

Өзге іс-әрекеттерге:

1) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кететін жеке адамның кедендік бақылау аймағына кіруі (енуі);

2) тауарлар мен көлік құралдарын өткізуши тұлғаның тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкету туралы
х а б р л а м а б е р у і ;

3) автокөлік құралының Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан шығу мақсатымен Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы
өткізу пунктіне енүі;

4) Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерге жөнелту үшін тауарларды көлік саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруши тұлғаларға не халықаралық почта жөнелтімдерін халықаралық почта қызметтін көрсетуші ұйымдарға тапсыру жатады.

3. Валюталық құндылықтарды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу Қазақстан Республикасының валюталық зандарына және осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

10-бап. Кедендік ресімдеу

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кеден зандарында көзделген тәртіпте және шарттарда кедендік ресімделуге тиіс.

11-бап. Кедендік режимді таңдау және өзгерту

1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары тұлғаның таңдауы бойынша осы Кодексте көзделген тәртіпте және шарттарда белгілі бір кедендік режимге орналастырылады.

2. Тауарлар мен көлік құралдарының кедендік режимін тұлға осы Кодексте көзделген тәртіпте және шарттарда Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілген тауарлар мен көлік құралдарының арналуы мен пайдалану мақсатына қарай басқа кедендік режимге өзгертуі мүмкін.

12-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан

Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу кезінде тарифтік емес реттеу шараларын сақтау

1. Тарифтік емес реттеуге жататын тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу кезінде, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда, декларант Қазақстан Республикасының кеден органдарына тарифтік емес реттеу шараларының сақталғандығын растайтын құжаттарды табыс етуге міндетті.

2. Әкелуге және әкетуге тыйым салынған тауарлар мен көлік құралдары, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осындай тауарлар мен көлік құралдарын тәркілеу көзделмесе, Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерге дереу әкетілуге не тиісінше аталған аумаққа қайтарылуға жатады.

Тауарлар мен көлік құралдарын әкетуді немесе қайтаруды тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші адам не тасымалдаушы жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелуге немесе аталған аумақ шегінен тыс жерлерге әкетуге шектеу қойылған тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының заң актілерінде немесе халықаралық шарттарында белгіленген талаптар сақталған жағдайда Қазақстан Республикасының кеден органдары жібереді.

13-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын пайдалану және оларға билік ету

1. Тауарлар мен көлік құралдары жіберілгенге дейін оларды пайдалану мен оларға билік ету осы Кодексте көзделген тәртіпте және жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Тауарлар мен көлік құралдары жіберілгеннен кейін оларды пайдалану және оларға билік ету мәлімделген кедендік режимнің шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

14-бап. Шартты түрде жіберу

Ескерту. 14-бап алыш тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. № 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-бап. Кедендік бақылау

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары кедендік бақылауға жатады.

Кедендік бақылауды Қазақстан Республикасының кеден органдары осы Кодексте белгіленген тәртіп пен нысандарда жүзеге асырады.

Бірлескен бақылауды шектес мемлекеттердің кеден және бақылаушы органдары Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-б. қараныз) Заңымен.

2-Бөлім. Қазақстан Республикасының Кеден органдары

3-тaraу. Қазақстан Республикасы Кеден органдарының құрылымы мен қызметі

16-бап. Қазақстан Республикасының кеден органдары

Қазақстан Республикасының кеден органдары - өз құзыretі шегінде Қазақстан Республикасында кеден саясатын іске асыруға қатысатын және кеден ісін, Қазақстан Республикасының жедел-іздестіру қызметі туралы зандарына сәйкес жедел іздестіру қызметін тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді атқаратын мемлекеттік органдар.

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 592 Заңымен.

17-бап. Қазақстан Республикасы кеден органдарының жүйесі

1. Қазақстан Республикасы кеден органдарының бірыңғай жүйесін (бұдан әрі кеден органдары) :

1) уәкілетті орган;

2) уәкілетті органның облыстар (респубикалық маңызы бар қалалар, астана) бойынша аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері);

3) кедендер;

4) кеден бекеттері;

5) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы бақылау-өткізу пункттері;

6) мамандандырылған кеден мекемелері құрайды.

2. Кеден ісі саласындағы міндеттерді шешу үшін уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен кеден зертханаларын, кинология, оқу, есептеу орталықтарын және басқа да мамандандырылған кеден мекемелерін құрады.

P 0 4 1 4 7 0

3. Уәкілетті орган заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ережелер негізінде іс-әрекет жасайды.

4. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері және кедендер заңды тұлғалар болып табылады және уәкілетті орган бекітетін ережелер негізінде іс-әрекет жасайды.

5. Кеден бекеттері мен бақылау-өткізу пункттері заңды тұлғалар болып табылмайды және уәкілетті орган бекітетін ережелер негізінде іс-әрекет жасайды.

6. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерін құру, қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Кеден органдарының құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат саны лимитінің шегінде уәкілетті орган бекітеді.

8. Кеден органдары мен олардың қарауындағы теңіз және ішкі су кемелерінде кеден органдарының танылу жалауы мен танылу белгісі болады. Кеден органдарының қарауындағы автокөлік қуралдары мен әуе кемелеріне кеден органдарының танылу белгісі қойылады. Кеден органдарының танылу жалауының және танылу белгісінің сипаттамасы мен қолданылу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

9. Кеден органдарының тиісті кедендік инфрақұрылымы болады.

Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-1-бап. Уәкілетті органның функциялары

Уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасындағы кеден саясатын жүргізеді;

2) осы Кодексте көзделген нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

3) кеден органдарына басшылықты жүзеге асырады;

4) оның құрамына кіретін ведомствоның өкілеттігін айқындайды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді, байланыс жүйелерін және деректер беру жүйелерін, кедендік бақылаудың техникалық құралдарын, сондай-ақ ақпаратты қорғау құралдарын әзірлейді және жасайды;

6) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде лицензиаттардың лицензиялық талаптарды қамтамасыз ету жөніндегі қызметін лицензиялау мен бақылауды жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыруға шешімдер, рұқсаттар беру туралы шешім қабылдайды;

8) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік әкімшілік жүргізу ді жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарының өткізілуіне кедендік бақылауды жүзеге асырады;

10) осы Кодексте белгіленген тәртіппен сыртқы экономикалық және өзге де қызметтің қатысушыларын кеден ісі саласындағы, оның ішінде Қазақстан Республикасының кеден заңнамасындағы өзгерістер мен толықтырулар туралы тұрақты негізде уақытын хабардар етуді қамтамасыз етеді;

11) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулар жоспарларын әзірлейді және бекітеді.

Ескеरту. 17-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV Заңдарымен.

18-бап. Кеден органдары қызметінің принциптері

Кеден органдарының қызметі:
1) заңдылық;

2) заң алдындағы қорғалу мен тенденциялық қызметтің қамтамасыз ету, сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушылардың құқықтарын құрметтеу мен сақтау;

3) жариялыштық принциптерінде құрылады.

19-бап. Кеден органдарының міндеттері

Кеден органдарының міндеттері:

- 1) Қазақстан Республикасының кеден саясатын өзірлеуге және іске асыруға қатысу;
 - 2) өз құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының егемендігі мен экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
 - 3) орындалуын бақылау кеден органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңдарының сақталуын қамтамасыз ету;
 - 4) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларының сақталуын қамтамасыз ету;
 - 5) сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушылардың құқықтары мен мұдделерін қорғау;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кеден ісі саласындағы құқық бұзушылыққа қарсы құресу;
 - 7) кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүзеге асыру және жетілдіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдетуге жәрдемдесетін жағдайлар жасау;
 - 8) өз құзыretі шегінде валюталық бақылауды жүзеге асыру;
 - 9) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы халықаралық шарттарын өзірлеуге қатысу; шет мемлекеттердің кеден және өзге де құзыретті органдарымен, халықаралық ұйымдармен кеден ісі мәселелері бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыру;
 - 9-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыретінің шегінде зияткерлік меншік құқықтарын қорғау;
 - 10) бірыңғай бюджет саясатын іске асыруға, кеден органдарының материалдық-техникалық және әлеуметтік базасын дамытуға қатысу;
 - 11) өз құзыretі шегінде ұлттық қауіпсіздікті қорғау, адамның өмірі мен денсаулығын қорғау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;
 - 12) Қазақстан Республикасының мемлекеттік (кедендік) шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу пункттерінде радиациялық бақылау жүргізу;
- V 0 4 3 1 1 6
- 12-1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік (кедендік) шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың кеден органдарына іс-сапарларға жіберілген өкілдерімен бірлесіп (көліктік және санитариялық-карантиндік бақылауды қоспағанда) көліктік, санитариялық-карантиндік, ветеринариялық-санитариялық бақылау және

өсімдіктер карантині бойынша бақылауды жүргізу;

13) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындау болып табылады.

Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.08 N 224-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

20-бап. Кеден органдарының орналасатын жерлері

1. Кеден органдарының орналасатын жерлерін жолаушылар және тауарлар ағынының көлемін, жекелеген аймақтардың және (немесе) сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардың сыртқы экономикалық байланыстарының даму қарқынын негізге ала отырып уәкілетті орган белгілейді.

2. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден органдары тікелей кеден органдарына тиесілі үй-жайларда орналасады.

3. Кеден органдары осы Кодексте көзделген жағдайларда кедендік брокер, кедендік тасымалдаушы ретіндегі қызметті жүзеге асыруши тұлғаларға, уақытша сақтау қоймаларының иелеріне тиесілі кеден қоймасы және (немесе) еркін қоймалардың аумағында және (немесе) үй-жайларында, сондай-ақ кеден терминалдарының, әуежайлардың, порттардың, темір жол және автомобиль станцияларының, вокзалдарының және сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың аумағында және (немесе) үй-жайларында орналасуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда қажетті аумақтар және (немесе) үй-жайлар кеден органдарына Қазақстан Республикасының азаматтық зандарында көзделген тәртіппен шарт негізінде беріледі.

4. Кеден органдарына арналған жер участекері Қазақстан Республикасының жер зандарына сәйкес жер пайдалануға беріледі.

21-бап. Кедендік ресімдерді жүргізетін орындар

Тауарлармен және көлік құралдарымен кедендік ресімдер, осы Кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедендік бақылау аймақтарында жүзеге асырылады.

22-бап. Кеден органдарының жұмыс уақыты

1. Кеден органдарының жұмыс уақытын осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларды ескере отырып, Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес уәкілетті орган белгілейді.

2. Порттардағы, әуежайлардағы, темір жол станцияларындағы және Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің өзге де пункттеріндегі кеден органдарының жұмыс уақыты осы жерлердегі басқа бақылаушы органдар мен қызметтердің жұмыс уақытымен келісілуге тиіс.

3. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу

пункттеріндегі кеден органдарының жұмыс уақыты Қазақстан Республикасымен бірлескен кедендік шекарасы бар шет мемлекеттер кеден органдарының жұмыс уақытымен мүмкіндігінше сәйкес келуге тиіс.

4-тaraу. Кеден органдарының өкілеттігі

23-бап. Кеден органдарының құқықтары

Кеден органдары:

- 1) өз өкілеттігі шегінде осы Кодексте көзделген нормативтік құқықтық актілерді шығаруға; V 0 3 2 2 9 5
- 2) мемлекеттік органдардан және шет мемлекеттер органдарынан, сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардан кеден ісі саласына қатысты қажетті ақпаратты, құжаттарды, мәліметтерді сұратуға және алуға;
- 3) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында белгіленген өз құзыреті шегінде лицензиялауды және лицензиаттардың лицензиялық талаптарды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің бақылауды жүзеге асыруға;
- 4) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес соттарға талап қоюға;
- 5) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес құқық бұзушылықтар жасаған немесе қылмыс жасаған деп күдік келтірілген адамдарды ұстауға және Қазақстан Республикасының кеден немесе құқық қорғау органдарының қызметтік үй-жайларына жеткізуғе;
- 6) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес фактілер мен оқиғаларға құжаттама жүргізуғе, бейне және дыбыс жазбасын жасауға, оларды киноға және фотосуретке түсіруге;
- 7) кеден органдарының ресми өкілдерін Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық шарттары негізінде шет мемлекеттерге жіберуге;
- 8) ақпараттық жүйелерді, байланыс жүйелерін және деректерді беру жүйелерін, кедендік бақылаудың техникалық құралдарын, сондай-ақ ақпаратты қорғау құралдарын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірлеуге, жасауға және пайдалануға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кеден органдарына жүктелген функцияларды орындау үшін қаруды, арнаулы техникалық және өзге де құралдарды қоса алғанда, тауарлар сатып алуға;
- 10) Қазақстан Республикасының жедел-іздестіру қызметі туралы заңдарына сәйкес жедел-іздестіру қызметтің жүзеге асыруға;
- 11) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шектес мемлекеттердің кеден және бақылаушы органдарымен бірлескен бақылауды жүзеге асыруға құқылыш.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 592, 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

24-бап. Кеден органдарының міндеттері

1. Кеден органдары:

1) сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардың кеден ісі саласындағы занды құқықтарын сактауға және мемлекеттің мұдделерін қорғауға;

2) төмен түрған кеден органдарының және кеден органдарының лауазымды адамдарының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарауға;

3) өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы мен экономикасын дамытуға жәрдемдесуге, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдетуге ықпал етуге;

4) тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуіне кедендік бақылау жасауды жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу зандарында көзделген тәртіппен кеден ісі саласындағы қылмыстар туралы істер бойынша анықтау жүргізу ді жүзеге асыруға;

6) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы зандарында көзделген тәртіппен кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға;

7) өз өкілеттігі шегінде сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардың өз құқықтарын іске асыруына жәрдем көрсетуге;

8) кедендік төлемдердің және салықтардың толық өндіріп алынуын және бюджетке уақтылы аударылуын қамтамасыз етуге;

9) бюджетке белгіленген мерзімдерде төленбеген кедендік төлемдердің және салықтардың сомаларын, сондай-ақ олар бойынша өсімақыны осы Кодексте белгіленген тәртіппен өндіріп алуға;

10) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген мерзімдерде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялар, шешімдер, рұқсаттар, біліктілік аттестаттарын беру туралы шешім қабылдауға;

11) Қазақстан Республикасының сыртқы саудасының кедендік статистикасын және арнаулы кедендік статистикасын жүргізу ді жүзеге асыруға;

12) мемлекеттің меншігіне айналдырылған тауарлар мен көлік құралдарының сакталуын қамтамасыз етуге;

13) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасын құзетуді және кедендік бақылау аймағы режимінің сакталуын бақылауды қамтамасыз етуге;

14) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес кеден органдары қызметінің қауіпсіздігін, кеден органдарының лауазымды адамдары мен олардың

отбасы мүшелерін құқыққа қарсы әрекеттерден қорғауды қамтамасыз етуге;

15) өз құзыреті шегінде кеден органдарылауазымды адамдарының тарапынан болған құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу жөніндегі жұмысты жүргізуғе;

16) кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтардың жасалғандығы турага ақпарат жинауды және талдауды жүзеге асыруға;

РҚАО-ның ескертпесі!

17) тармақшаға өзгерту енгізу көзделген - ҚР 2010.04.02 № 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17) өз құзыреті шегінде сот актілерін, прокурорлардың, сондай-ақ құқық қорғау органдарының басқа да адамдарының жазбаша тапсырмаларын орындауға, оларға жекелеген іс жүргізу іс-әрекеттерін жасауға жәрдем көрсетуге;

18) ұлттық қауіпсіздік органдарымен және басқа да тиісті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

19) Қазақстан Республикасының салық, валюталық және өзге де зандары саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтауда, олардың алдын алуда және жолын кесуде салық қызметі органдарына және басқа да мемлекеттік органдарға жәрдем көрсетуге;

20) осы Кодексте белгіленген тәртіппен сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушыларды тұрақты негізде, оның ішінде Қазақстан Республикасының кеден зандарындағы өзгерістер мен толықтырулар турагында үақтылы хабарландырып отыруды қамтамасыз етуге;

21) кеден ісі саласында келіп түскен сауалдар мен ұсыныстардың үақтылы қаралуын және оларға жауап қайтарылуын немесе олардан туындастырын өзге де іс-әрекеттердің жасалуын қамтамасыз етуге;

22) кеден ісі саласында өтеусіз кенес беруді жүзеге асыруға;

23) Қазақстан Республикасының кеден зандарына сәйкес кедендік әкімшілік жүргізуі жүзеге асыруға;

24) қаржы мониторингі жөніндегі үәкілетті органның сұратуы бойынша зансыз жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл турагы Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес өздерінің ақпараттық жүйелерінен мәліметтерді табыс етуге міндетті .

2. Кеден органдары Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа мемлекеттік органдардың құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, кеден органдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген мерзімдерде материалдарды тиісті мемлекеттік органдарға

Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.08.28 N 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

25-бап. Кеден органдарының талаптарын орындаудың міндеттілігі

1. Кеден органдары мен олардың лауазымды адамдарының талаптары Қазақстан Республикасының кеден зандарына сәйкес аталған талаптар өздеріне қатысты қойылатын барлық адамдардың орындауы үшін міндетті.

2. Кеден органдары мен олардың лауазымды адамдарының талаптарын орындамау, сондай-ақ кеден органдарының лауазымды адамдарына жүктелген міндеттерді орындауға кедегі жасайтын басқа да іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жауапкершілікке әкеп соқтырады.

26-бап. Кеден ісі саласындағы ақпаратқа қатынас

1. Кеден органдарына басқа мемлекеттік органдар, сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушылар табыс еткен мәліметтер Қазақстан Республикасының кеден зандарына сәйкес кеден саласындағы ғана пайдаланылады.

2. Мемлекеттік құпиялардан, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиядан тұратын, оның ішінде тәуекелдерді бағалауға және басқаруға қатысты және сол кезде пайдаланылатын мәліметті, сондай-ақ сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушыларға қатысты құпия ақпаратты, осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жария етуге, кеден органдары лауазымды адамдарының жеке мақсаттарына пайдалануына, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беруге болмайды.

3. Кеден органдары ресми сұрату бойынша мәліметтерді Қазақстан Республикасының мынадай мемлекеттік органдарына:

1) құқық қорғау органдарына - кеден ісі саласында құқық бұзушылық жасаған адамдарды заң бойынша қудалау мақсатында;

2) соттарға - олардың талап етуі бойынша;

3) жедел-іздестіру қызметінің субъектілеріне - уәкілетті орган мен тиісті жедел-іздестіру қызметі субъектілерінің бірлескен актілерімен белгіленетін тәртіппен олардың іс жүргізуіндегі материалдар бойынша;

3-1) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға - заңсыз жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес;

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і !

3-2) тармақшамен толықтыру көзделген - КР 2010.04.02 № 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4) Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарына - Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес табыс етеді.

4. Кеден органдары мәліметтерді басқа мемлекеттердің кеден немесе құқық қорғау органдарына және халықаралық ұйымдарға Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес табыс етеді.

5. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өздері алған ақпараттың құпиялышының қамтамасыз етеді.

Ескерту. 26-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.08.28 N 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

3-Бөлім. Кеден органдарының мемлекеттік органдармен, сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушылармен өзара қатынастары

5-тaraу. Кеден органдарының мемлекеттік органдармен, сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушылармен өзара қатынастары

27-бап. Кеден органдарының мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы

1. Кеден органдары өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен дербес және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен актілерінің негізінде немесе көрсетілген органдармен келісе отырып жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік (кедендік) шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және өсімдіктер карантині бойынша бақылауды ветеринария және өсімдіктер карантині саласындағы үәкілетті мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен кеден органдарына іссапарға жіберілген мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары мен өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

3. Кеден органдары тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуге байланысты іс-әрекеттердің үйлестірілуін қамтамасыз етеді.

4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден органдарының қызметіне араласуға тыйым

с а л ы н а д ы .

Ескеरту. 27-бап жаңа редакцияда - КР 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараныз) Заңымен.

28-бап. Кеден органдарының сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылармен, қоғамдық бірлестіктермен және кеден ісі саласындағы өзге де мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимылы

1. Қазақстан Республикасында кеден ісін жетілдіру және кедендік әкімшілік жүргізуудің тиімді әдістерін енгізу мақсатында кеден органдары сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылармен, қоғамдық бірлестіктермен және кеден ісі саласындағы өзге де мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимылы жа с а й д ы .

2. Уәкілетті орган сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды, қоғамдық бірлестіктер мен кеден ісі саласындағы өзге де мүдделі тұлғаларды Қазақстан Республикасының кеден ісі мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысуға тартуына құқығы бар.

3. Сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылар, қоғамдық бірлестіктер мен кеден ісі саласындағы өзге де мүдделі тұлғалар осы Кодекстің 43-тaraуында белгіленген талаптарға сәйкес міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін тұлғалар ретінде әрекет ете алады.

29-бап. Кеден органдарының шет мемлекеттердің кеден және өзге де органдарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы

Кеден органдары өз функцияларын жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттердің кеден және өзге де органдарымен әрі халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасап отырады.

6-тaraу. Кеден ісі саласында ақпарат және кеңес беру

30-бап. Кеден ісі саласында ақпарат беру

1. Кеден ісі саласында ақпарат беру уәкілетті органның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мерзімді баспасөз басылымдарында Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау жолымен жүзеге асырылады.

2. Кеден ісі саласында ақпарат беру ауызша түсіндірuler мен хабарландыруларды, ақпараттық стенділерді, таблоларды, буклеттерді және өзге де баспасөз материалдарын, сондай-ақ бейне, дыбыс және ақпаратты тарату үшін

қолданылатын, оның ішінде жалпы қол жеткізілетін және тегін танысуға арналған басқа да техникалық құралдарды пайдалану арқылы да мынадай орындарада:

- 1) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде;
- 2) әуежайларда, темір жол және автомобиль станцияларында, су порттарында;
- 3) халықаралық тасымалдарды орындайтын автокөлік құралдарының, әуе және су кемелерінің бортында;

4) осы Кодексте белгіленетін кедендік бақылау аймақтарында, сондай-ақ кеден органдары белгілейтін өзге де жерлерде жүзеге асырылады.

3. Кеден органдары сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардың уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

31-бап. Кеден ісі саласында кеңес беру

1. Кеден ісі саласында кеңес беру кеден органдарының сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларға Қазақстан Республикасының кеден заңдарының ережелерін түсіндіруі болып табылады.

2. Кеден ісі саласында кеңес беру кеден органдарының орналасқан жері бойынша және кеден органдарының жұмыс уақыты кезеңінде жүзеге асырылады.

3. Кеден органдары кеңес беруді сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардан жазбаша өтініш алынған кезде, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жазбаша нысанда жүргізеді. Келіп түскен өтініштер кеден органдарында міндettі түрде тіркелуге тиіс. Жазбаша өтінішті қарау мерзімі, осы баптың 4-тармағында аталған жағдайларды қоспағанда, ол тіркелген күннен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

4. Берілетін кеңестің дұрыстығы және объективтілігі үшін қосымша құжаттар мен материалдар табыс етуді талап ететін өтініштерге қатысты, сондай-ақ кеден органдарының сол өтінішті қарау үшін айтарлықтай мәні бар ақпаратты алуға басқа мемлекеттік органдарға және өзге де ұйымдарға өтініш жасауы қажет болған жағдайда кеңес берудің мерзімі жазбаша өтініш тіркелген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

32-бап. Кеден ісі саласында толық емес немесе көрінеу жалған ақпарат бергені үшін жауапкершілік

Кеден органдарының лауазымды адамдары кеден ісі саласында толық емес немесе көрінеу жалған ақпарат бергені не ақпарат беруден заңсыз бас тартқаны үшін Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапты болады.

2. Ерекше Бөлім

4-Бөлім. Тауарлардың шығарылған елі. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы.

Алдын-ала шешім

7-тарау. Тауарлардың шығарылған елін анықтау

33-бап. Тауардың шығарылған елін анықтау

1. Тауардың шығарылған елі тауарды Қазақстан Республикасының кедендейк аумағына әкелу және тауарды бұл аумақтан әкету жөніндегі демпингке қарсы, өтемдік және қорғау шараларын қоса алғанда, тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсатымен анықталады.

2. Тауар толық өндірілген немесе осы Кодекстің 35-бабында белгіленген жеткілікті дәрежеде қайта өндеу өлшемдеріне сәйкес жеткілікті дәрежеде қайта өнделген ел тауардың шығарылған елі болып есептеледі. Тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсаты үшін елдер тобы және елдердің кеден одақтары тауардың шығарылған елі деп есептелуі мүмкін.

Ескерту. 33-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

34-бап. Белгілі бір елде толық өндірілген тауарлар

Мыналар белгілі бір елде толық өндірілген тауарлар болып есептеледі:

1) елдің жер қойнауынан, оның аумақтық суларында (теңіздерінде) немесе оның құрлықтық қайрақында өндірілген пайдалы қазбалар;

2) белгілі бір елде өсірілген немесе жиналған өсімдік тектес өнім;

3) белгілі бір елде туған және (немесе) өсірілген тірі жануарлар;

4) белгілі бір елде өсірілген жануарлардан алынған өнім;

5) белгілі бір елде аңшылық немесе балық аулау кәсіпшілігінің нәтижесінде алынған өнім;

6) белгілі бір елдің кемесімен не ол жалға алған (кіреге алған) кемемен алынған теңіз балық аулау кәсіпшілігі өнімі мен теңіз кәсіпшілігінің басқа да өнімі;

7) белгілі бір елдің қайта өндеуші кемесінің бортында осы баптың 6) тармақшасында аталған өнімнен ғана алынған өнім;

8) белгілі бір елдің, сол теңіз түбін немесе сол теңіздің қойнауын өндеуге арналған ерекше құқықтары болған жағдайда, осы елдің аумақтық сularынан (теңізінен) тыс жерлердегі теңіз түбінен немесе теңіз қойнауынан алынған өнім;

9) өндірістік немесе қайта өндеу жөніндегі өзге де операциялар нәтижесінде алынған қалдықтар мен металл сыйықтары (қайталама шикізат), сондай-ақ сол елде жиналған және тек шикізат күйінде қайта өндеу үшін ғана жарамды, пайдалануда болған бұйымдар;

10) белгілі бір елге тиесілі не ол жалға алған (кіреге алған) ғарыш кемелерінде ашиқ ғарышта алынған жоғары технологиялар өнімі;

11) белгілі бір елде осы баптың 1)-10) тармақшаларында аталған өнімнен ғана дайындалған тауарлар;

12) белгілі бір елдің аумағында өндірілген электр энергиясы.

35-бап. Тауарды жеткілікті дәрежеде қайта өндеу өлшемдері

1. Егер тауарларды өндіруге екі және одан көп елдер қатысса, осы баптың ережелеріне сәйкес жеткілікті дәрежеде қайта өндеу өлшемдеріне сай келетін тауарларды қайта өндеу немесе дайындау жөніндегі соңғы операцияларды жүзеге асырған ел тауарлардың шығарылған елі болып есептеледі.

2. Тауарды белгілі бір елде жеткілікті дәрежеде қайта өндеудің өлшемдері мыналар болып табалады:

1) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша тауар кодының тауарды қайта өндеу нәтижесінде болған алғашқы кез келген төрт белгінің деңгейінде өзгеруі;

2) бұл операциялар орын алған ел тауарлардың шығарылған елі болып есептелуі үшін жеткілікті өндірістік немесе технологиялық операцияларды орындау;

3) құнының проценттік үлесі түпкі өнімнің бағасында тіркелген үлесіне жеткен кездегі тауар құнының өзгеруі (адвалорлық үлес ережесі).

3. Накты тауарларға қатысты осы баптың 2-тармағының 2) және 3) тармақшаларында аталған жеткілікті дәрежеде қайта өндеу өлшемдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Адвалорлық үлес ережесі қолданылған жағдайда құн көрсеткіштері:

1) импортталған тауарлар үшін - бұл тауарлардың оларды түпкі өнім өндіру жүзеге асырылатын елге әкелу кезіндегі кедендік құны бойынша немесе импортталған тауарлардың шығу тегі белгісіз болған жағдайда олардың түпкі өнім өндіру жүзеге асырылатын елдің аумағында алғашқы сатылуының құжат арқылы расталған бағасы бойынша;

2) түпкі өнім үшін - сатушының тауарды тиеу, кедендік ресімдеу және экспорт елінен әкету шығыны қосылмайтын зауыт (қойма) бағасы ("франко-зауыт" жағдайларындағы баға) бойынша есептеп шығарылады.

5. Тауардың белгілі бір елде жеткілікті дәрежеде қайта өндеу өлшеміне:

1) тауарларды сақтау немесе тасымалдау кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі операциялар;

2) тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау жөніндегі операциялар (лекті бөлшектеу, жөнелтуді қалыптастыру, сұрыптау, қайта орау);

3) бекіту материалдарының (бұрандалардың, гайкалардың, болттардың және басқаларының) көмегімен не жапсыру, пісіру, дәнекерлеу немесе желімдеу арқылы тауар компоненттерін құрастыру деп түсінілетін қарапайым құрастыру операциялары;

4) егер түпкі өнімнің сипаттамалары араластырылатын тауарлардың сипаттамаларынан ерекшеленбейтін болса, әр түрлі елдерде шығарылатын тауарларды (компоненттерді) араластыру;

5) мал сою ;

6) жоғарыда аталған операциялардың екі немесе одан да көп санының құрамдастырылуы сай келмейді деп есептеледі.

6. Егер тауарлардың жекелеген түрлеріне немесе Қазақстан Республикасы тарифтік преференциялар беретін қандай да бір елге қатысты Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың шығарылған елін анықтаудың ерекшеліктері өзгеше ескертілмесе, жалпы тәртіп қолданылады:

егер тауарларды қайта өндеу немесе дайындау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша коды алғашқы кез келген төрт белгінің деңгейінде өзгерген болса, тауар сол елде шығарылған болып есептеледі.

36-бап. Бөлшектелген немесе құрастырылмаған түрде жеткізілетін тауарлардың шығарылған елін анықтау

1. Бірнеше лек етіп жеткізілетін бөлшектелген немесе құрастырылмаған түрдегі тауарлардың шығарылған елін анықтау кезінде, егер өндірістік немесе көліктік жағдайлары бойынша оларды бір лек етіп тиесін мүмкін болмаса, сондай-ақ тауарлар легі қателік салдарынан бірнеше лекке бөлінген жағдайларда, біртұтас тауар ретінде қарастырылады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері мына шарттар сақталған кезде қолданылады :

1) мұнданың жеткізуіндегі себептерін көрсетіп, лек-легімен жеткізілетін бөлшектелген немесе құрастырылмаған түрдегі тауарлар туралы кеден органын алдын ала хабардар ету және Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша тауарлардың кодтарын, әр лекке кіретін тауарлардың құны мен шығарылған елін көрсетіп әр лектің сипаттамасын табыс ету. Қателіктің немесе мекен-жайына дұрыс жолданбаудың салдарынан тауарды

бірнеше лекке бөлу жағдайларында тауарды бөлудің қателігін құжатпен растау
қосымша табыс етіледі;

2) тауарлардың барлық легін бір елден бір келісім-шарттың шенберінде бір
жеткізу шінің беруі;

3) тауарлардың барлық легін бір кеден органында декларациялау;

4) тауарлардың барлық легін Қазақстан Республикасының кедендік аумағына
кеден органы тауарлардың алғашқы легіне қатысты жүк кедендік декларациясын
қабылдаған күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімде әкелу. Тауарлар
алушыға байланысты емес себептер бойынша тауарларды жеткізіп беру мүмкін
болмаған жағдайда кеден органы декларанттың дәлелді өтініші бойынша
тауардың қалған легін әкелу мерзімін ұзартуы мүмкін. Бұл орайда аталған ұзарту
тауардың алғашқы легі әкелінген күннен бастап бір жылдан аспауы керек.

37-бап. Тауарлардың шығарылған елін анықтау кезіндегі ерекшеліктер

1. Тауарлардың шығарылған елін анықтау кезінде оларды өндіру немесе
қайта өндеу үшін пайдаланылатын энергия, машиналар, жабдықтар мен аспаптар
есепке алынбайды.

2. Машиналармен, жабдықтармен, аппараттармен немесе көлік құралдарымен
пайдалануға арналған құрал-саймандар, керек-жарактар, қосалқы бөлшектер мен
аспаптар, егер құрал-саймандар, керек-жарактар, қосалқы бөлшектер мен
аспаптар жоғарыда аталған машиналармен, жабдықтармен, аппараттармен
немесе көлік құралдарымен жиынтықта және техникалық ілеспе паспортында,
техникалық формуляр мен басқа да техникалық құжаттарда көрсетілген
мөлшерде әкелінсе және сатылса, сол машиналар, жабдықтар, аппараттар немесе
көлік құралдары әкелінген елде шығарылған деп есептеледі.

3. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына тауар әкелінетін орама
және (немесе) ыдыс сол тауардың елінде шығарылған деп есептеледі, бұған
орама және (немесе) ыдыс Сыртқы экономикалық қызметтің тауар
номенклатурасына сәйкес тауардан бөлек қаралатын жағдайлар қосылмайды. Бұл
жағдайларда орама және (немесе) ыдыс шығарылған ел тауар шығарылған елден
бөлек анықталады.

4. Тауардың шығарылған елін анықтау мақсаты үшін, оның ішінде
адвалорлық үлес тәртібін қолдану кезінде, егер Қазақстан Республикасының
кедендік аумағына тауар әкелінетін орама және (немесе) ыдыс сол тауардың
елінде шығарылған деп есептелсе, тауардың бөлшек саудада сатылатын орамасы
және (немесе) ыдысығана есепке алынады.

**Ескерту. 37-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2007.07.26. N 312 (ресми
жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа
енгізіледі) Заңымен.**

38-бап. Тауардың шығарылған елін растау

Тауардың шығарылуы туралы сертификат не тауардың шығарылуы туралы декларация тауардың шығарылған елін растау болып табылады.

39-бап. Тауардың шығарылуы туралы сертификат

1. Тауардың шығарылуы туралы сертификат - тауар шығарылған елді күеландыратын және сол мемлекеттің немесе, егер әкетілетін мемлекетте сертификат тауар шығарылған елден алынған мәліметтер негізінде берілсе, әкетілетін мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген құжат.

2. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан, сондай-ақ еркін қойма аумағынан Қазақстан Республикасының кедендік аумағының басқа бөлігіне әкету кезінде, егер тауардың шығарылуы туралы сертификат келісімшарттың талаптары бойынша, тауар әкелінген елдің ұлттық ережелері бойынша қажет болса немесе аталған сертификаттың болуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделсе, осы аталған сертификат та б ы с

е т і л е д і .

3. Егер тауардың шығарылуы туралы сертификатта тауардың шығарылған елі туралы мәліметтер Қазақстан Республикасында қолданылатынға қарағанда жеткілікті дәрежеде қайта өндеудің өзгеше өлшемдеріне негізделген болса, тауардың шығарылған елі осы Кодекстің 35-бабында аталған өлшемдерге сәйкес анықталауды.

Ескерту. 39-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.11 N 184-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Зандарымен

40-бап. Тауардың шығарылуы туралы декларация

1. Тауардың шығарылуы туралы декларация дайындаушының немесе сатушының тауарға қатысты тауардың ілеспе құжатында тауардың шығарылған елі туралы жасаған мәлімдемесі болып табылады.

2. Егер тауардың шығарылуы туралы декларацияда тауардың шығарылған елі туралы мәліметтер Қазақстан Республикасында қолданылатынға қарағанда жеткілікті дәрежеде қайта өндеудің өзгеше өлшемдеріне негізделген болса, тауардың шығарылған елі осы Кодекстің 35-бабында аталған өлшемдерге сәйкес анықталады.

41-бап. Тауардың шығарылуы туралы сертификат беру шарттары

1. Тауарды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасына әкелу кезінде, е г е р :

1) сол тауардың шығарылған еліне Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес тарифтік артықшылықтар берілген;

2) кеден органында тауардың тауарларды әкелу тарифтік емес реттеу

шараларымен реттелетін елдерде шығарылғаны туралы негізделген ұйғарымдар
б о л ғ а н ;

3) Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда бұл көзделген жағдайларда, тауардың шығарылуы туралы сертификат та б ы с е т і л е д і .

2. Осы баптың 1-тармағында аталған жағдайларда тауардың шығарылуы туралы сертификат Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген белгілі бір нысан бойынша табыс етіледі.

3. Осы баптың 1-тармағы 1) тармақшасының ережелеріне қарамастан, егер:

1) Қазақстан Республикасының кедендейк аумағына әкелінетін тауарлар таңдал алынған кедендейк режимнің шарттарына сәйкес кедендейк баждарды және салықтарды төлеуден босатылса;

2) бір келісім-шарттың шенберінде көп рет жеткізіп беруді, сондай-ақ нақ сол тауарды бір жөнелтуші нақ сол алушының атына әртүрлі келісім-шарттар бойынша қайталап жеткізіп беруін қоспағанда, әкелінетін тауарлар легінің кедендейк құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген тоғыз жүз айлық есептік көрсеткішке балама сомадан аспайттын б о л с а ;

3) жеке адамдар Қазақстан Республикасының кедендейк шекарасы арқылы өткізетін тауарларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар мен шарттар сақталатын болса;

4) бұл Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделсе, тауардың шығарылуы туралы сертификатты табыс ету талап етілмейді.

4. Тауардың шығарылуы туралы сертификаттың түпнұсқасы, тауарды кедендейк ресімдеу алдын ала және уақытша декларациялау ресімі бойынша жүргізілетін жағдайларды қоспағанда, кеден декларациясымен және кедендейк ресімдеуді жүзеге асыруға қажетті басқа да құжаттармен бір мезгілде табыс етіледі. Сертификат жоғалған жағдайда оның ресми расталған көшірмесі қа б ы л д а н а д ы .

5. Тауарлардың шығарылуын сертификатта көрсетілген мәліметтерді тауардың ілеспе құжаттарында бар мәліметтермен бірдейлендіргеннен кейін кеден органдары белгілейді. Тауардың жоғалуы, кем шығуы жағдайларын қоспағанда, оның іс жүзінде жеткізіп берілген мәлшері мен сертификатта көрсетілген мәлшері арасындағы алшақтық бес проценттен аспауға тиіс. Бұл ретте тәуелсіз сараптама актісі (корытындысы) мен кедендейк тексеру актісі тауардың жоғалуы, кем шығуы фактісін растайтын құжаттар болып табылады. Өзге жағдайларда тауардың шығарылуы туралы сертификат қате ресімделген болып е с е п т е л е д і .

6. Сертификаттың немесе ондағы мәліметтердің түпнұсқалығына қатысты

күмән туындаған жағдайда кеден органы тауар шығарылған елдің сертификатты қуәландырған, мемлекет уәкілеттік берген органына, сертификаттарды іріктеп тексеруді жүзеге асыруды қоса алғанда, қосымша не нақтылаушы мәліметтерді хабарлау жөнінде дәлелді өтінішпен шыға алады. Бұл орайда тауардың шығарылуын растайтын құжаттар табыс етілгенге дейін тауар сол елде **шығарылған** болып **есептелмейді.**

7. Кеден органдарында уәкілетті орган арқылы ресми түрде табыс етілген бланктер үлгілерінің, мөртаңбаларының, тұлғалар қойған қолдардың, сондай-ақ тауарлардың шығарылуы туралы сертификаттарды растауға және беруге уәкілетті ұйымдардың мекен-жайларының болуы тауарлардың шығарылуы туралы сертификаттарды кеден органдары қабылдауының шарттары болып та б ы л а д ы .

8. Егер тауардың шығарылуы туралы сертификатты табыс ету талап етілмесе, онда тауардың шығарылған елі тауардың шығарылуы туралы декларациямен **расталады.**

Ескерту. 41-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

42-бап. Тауардың шығарылуу себептері бойынша тауарды жіберуден бас тарту үшін негіздемелер

1. Егер тауардың шығарылған елі Қазақстан Республикасының заңдарына немесе Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес тауарлары Қазақстан Республикасына әкелуге жатпайтын ел болып табылатын жағдайда кеден органы тауарларды жіберуден бас тартады. Кеден органының бұл бас тартуы декларантқа жазбаша түрде табыс етіледі.

2. Тауардың шығарылуы туралы сертификатты немесе тауардың шығарылуы туралы декларацияны дұрыс ресімдемей табыс ету немесе оларды табыс етпеу, осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, оларды жіберуден бас тарту үшін негіздеме болмайды.

3. алып тасталды

4. Осы баптың 2-тармағында аталған тауарларға қатысты кеден органы кедендейтік декларация тіркелген күннен бастап бір жыл өткенге дейін сол тауарлардың шығарылған елін растауды алған жағдайда артықшылық режимі немесе ең қолайлы режим қолданылады (қалпына келтіріледі).

Ескерту. 42-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.08. N 211 Заңдарымен.

43-бап. Тауарлардың шығарылған елін анықтауға қатысты қосымша ережелер

1. Қазақстан Республикасының тарифтік артықшылықтары "тікелей тиеп жіберу" ережелері сақталған жағдайда беріледі. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда белгіленген жағдайларда, қатысушы елдер үшін тарифтік артықшылықтар беру шарты ретінде "тікелей сатып алу" ережелерінің орындалуы қажет.

2. Белгілі бір тауарлар транзит елдерінде болған жағдайда, соның ішінде бұл елдердің аумағында олар қоймаға уақытша қойылған немесе кедендік қоймаға қойылған кезінде кедендік бақылауда болған жағдайда, экономикалық, географиялық, техникалық немесе көліктік себептердің салдарынан тауарлар бір немесе бірнеше елдің аумағы арқылы өткізілетін реттерді қоспағанда, тауарды өзге мемлекеттің аумағы арқылы тасымалдамай (алып жүрмей), тауарды ол шығарылған елден Қазақстан Республикасына жеткізу "тікелей тиеп жіберу" деп үғынылады.

3. Мынадай шарттар орындалған:

1) тауарлар өздері шығарылған елдің аумағынан көрмелер немесе жәрменқелер өткізілетін елдің аумағына жеткізілген және оларды өткізу кезінде кедендік бақылауда болған;

2) тауарлар оларды көрмеге немесе жәрменкеге жөнелткен кезден бастап көрсетуден басқа қандай да бір өзге мақсаттарға пайдаланылмаған;

3) табиғи тозу не тасымалдаудың (алып жүрудің) және сактаудың қалыпты жағдайларындағы табиғи кему салдарынан болған тауарлардың жай-күйіндегі өзгерістер ескеріле отырып, тауарлар Қазақстан Республикасына олардың көрмеге немесе жәрменкеге қойылған күйінде жеткізілген жағдайда көрмелерде немесе жәрменқелерде сатып алынған тауарлар да "тікелей тиеп жіберу" ережелеріне жатады.

4. Қазақстандық тұлға мен Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шартқа қатысушы ел резидентінің арасындағы шарт негізінде тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілуі "тікелей сатып алу" ережелеріне жатады.

8-тарау. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы

44-бап. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы

1. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы - цифрлық белгі немесе цифрлық белгілер тобы (кодтары) түріндегі тауар топтарын, позицияларын, субпозицияларын, кіші субпозицияларын қамтитын тауарлар жіктеушісі. Жіктеудің кез келген деңгейіндегі позицияларға ескертулер,

сондай-ақ Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын түсіндірудің негізгі ережелері Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы тарифтік және тарифтік емес реттеу, Қазақстан Республикасының кедендейк статистикасын жүргізу үшін қолданылады.

3. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

4. Қазақстан Республикасында қолданылатын Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы Дүниежүзілік кеден үйымының Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес келеді.

45-бап. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын жүргізу

Уәкілетті орган Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын жүргізу ді үзете асырады.

Уәкілетті орган:

1) халықаралық үйымдарда халықаралық негізді әзірлеу, өзгерту, толықтыру, түсіндіру және қолдану бөлігінде қазақстандық тараптан өкілдік етеді;

2) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы халықаралық негізінің өзгерістері мен толықтыруларын, бұл негізді түсіндіру жөнінде халықаралық анықтаулар мен шешімдерді қадағалауды қамтамасыз етеді;

3) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын оның халықаралық негізіне сәйкес келтіру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізеді;

4) мұдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын әзірлеу, өзгерту және толықтыру туралы ұсыныстар дайындауды қамтамасыз етеді;

5) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының эталон данасын әзірлейді және оны сайма-сай қалыпта ұстап отырады;

6) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын, халықаралық түсініктемелер мен халықаралық негізді түсіндіру жөніндегі шешімдердің жариялануын қамтамасыз етеді;

7) жекелеген тауарларды жіктеу бойынша орындау үшін міндетті шешімдерді әзірлейді, бекітеді және жариялауды қамтамасыз етеді;

8) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын жүргізуге қажетті өзге де функцияларды жүзеге асырады.

46-бап. Тауарларды жіктеу

1. Тауарларды декларациялау кезінде олар жіктелуге тиіс, яғни тауарларға қатысты Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша коды (кодтары) **белгіленеді.**

2. Тауарларды декларациялау кезінде декларант олардың Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша кодын дұрыс көрсетпеген жағдайда бақылау өткізу пункттері мен мамандандырылған кеден мекемелерінен басқа, кеден органы мүндай тауарды өз бетінше жіктеуге құқылы.

Бақылау өткізу пункттері мен мамандандырылған кеден мекемелерінен басқа, кеден органының тауарларды жіктеу жөнінде шешім қабылдау тәртібі мен шешім нысанын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

3. Бақылау өткізу пункттері мен мамандандырылған кеден мекемелерінен басқа, кеден органдарының тауарларды жіктеу жөніндегі шешімдері міндетті болып табылады. Бақылау өткізу пункттері мен мамандандырылған кеден мекемелерінен басқа, Кеден органдарының шешімдеріне осы Кодексте белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

4. Тауарларды жіктеу кезінде бақылау өткізу пункттері мен мамандандырылған кеден мекемелерінен басқа, кеден органдары тауарлар кодтарын Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес қолданады. Тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілетін мәліметтер, сондай-ақ сараптама ұйымдары беретін қорытындылар, анықтамалар, сараптама актілері көмекші (ақпараттық) сипатта болады және тауарларды жіктеу кезінде назарға алынады.

5. Тұлғаның сұратуы бойынша бақылау өткізу пункттері мен мамандандырылған кеден мекемелерінен басқа, кеден органы осы бөлімге сәйкес тауардың жіктемесі бойынша алдын ала шешім қабылдайды.

Ескерту. 46-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-тaraу. Алдын ала шешім

47-бап. Алдын ала шешім қабылдау

1. Мамандандырылған кеден мекемелері мен бақылау өткізу пункттерін қоспағанда, кеден органдары тұлғаның (өтініш берушінің) өтініші бойынша нақты тауар жөнінде Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес тауарлардың жіктемесіне қатысты алдын ала шешім қабылдайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген кеден органдары тұлғаның (өтініш берушінің) өтініші бойынша осы Кодекстің 48-бабына сәйкес тауар туралы табыс етілген мәліметтер болған кезде тауардың шығарылған елін анықтауға қатысты алдын ала шешім қабылдайды. Тауардың шығарылған елін анықтауға қатысты алдын ала шешімдер артықшылықты және артықшылықты емес режимдерін қолдану кезінде қабылданады. Көрсетілген мәселелер бойынша алдын ала шешім қабылдау тәртібі мен нысанын кеден ісі жөніндегі уәкілетті орган айқындайды .

3. Аталған шешімді қабылдағаны үшін осы Кодекстің 299-бабына сәйкес алдын ала шешім үшін ақы алынаады.

Ескерту. 47-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.08. N 211 , 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

48-бап. Алдын ала шешім қабылдау туралы өтініш

1. Өтініш беруші осы Кодекстің 47-бабында көрсетілген кеден органдына жазбаша нысанда жазылған өтініш жолдайды. V032295

2. Өтініште тауар туралы алдын ала шешім қабылдау үшін қажетті мәліметтер болуға тиіс. Өтініш берумен бір мезгілде тауарлардың сипаттамасы, олардың фотолары, суреттері, сызбалары, коммерциялық, техникалық не алдын ала шешім қабылдау үшін қажетті өзге де құжаттар табыс етіледі. Мүмкін болған жағдайда өтініш беруші алдын ала шешім қабылданатын тауарлардың сынамаларын немесе үлгілерін де табыс етеді.

3. Өтінішті кеден органы қарайды және өзге де ақпарат не сараптама жүргізу талап етілмесе, алдын ала шешім, өтініш тіркелген күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде беріледі.

4. Егер өтініш беруші табыс еткен мәліметтер алдын ала шешім қабылдау үшін жеткіліксіз болса, кеден органы табыс ету мерзімін белгілей отырып, қосымша ақпарат беру қажет екендігі туралы тұлғаны хабардар етеді. Егер ақпарат белгіленген мерзімде берілмесе, алдын ала шешім қабылдау туралы өтініш қабылданбай тасталады. Қосымша ақпарат берудің жалпы мерзімі өтініш берушіні жазбаша хабардар еткен кезден бастап бір айдан аспауға тиіс.

5. Алдын ала шешім қабылдау туралы өтініш қабылданбаған жағдайда кеден органы өтініш берушіге жазбаша дәлелді бас тартуын жеті жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

Өтінішті қабылдамау өтініштің қабылданбауына негіз болған себептерді жойған жағдайда өтініш берушінің алдын ала шешім қабылдау туралы қайталап жүгінуіне кедергі болмайды .

6. Алдын ала шешімге не кеден органдарының белгіленген мерзімде оны қабылдамауына осы Кодексте белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

49-бап. Алдын ала шешімнің қолданылу мерзімі

Кеден органдарының алдын ала шешімі ол қабылданған кезден бастап үш жыл бойы қолданылады.

Алдын ала шешімнің өзгертілуі оның қолданылу мерзімін ұзартпайды.

50-бап. Алдын ала шешімнің күшін жою немесе өзгерту

1. Уәкілетті орган өзі не уәкілетті органдарының аумақтық бөлімшесі мен кеден қабылдаған алдын ала шешімнің күшін жоюға немесе өзгертуге құқылы.

2. Егер алдын ала шешім өтініш беруші табыс еткен толық емес немесе дұрыс емес ақпарат негізінде қабылданса, ондай шешімнің күші жойылады. Күшін жою жаңадан алдын ала шешім қабылданған қуннен бастап күшіне енеді.

3. Алдын ала шешім:

1) Дүниежүзілік кеден ұйымы Қазақстан Республикасында қолдану үшін міндетті шешімдер қабылдаған;

2) алдын ала шешім Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға қайшы келген;

3) Қазақстан Республикасының кеден заңдары алдын ала шешім қабылдау бөлігінде өзгертілген;

4) алдын ала шешім қабылдау кезінде жол берілген жолсыздықтар анықталған жағдайларда өзгертіледі.

4. Алдын ала шешімді өзгерту өтініш беруші өзгеріс туралы хабарламаны алғаннан кейін күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының кеден заңдары өзгертіліп, соның нәтижесінде алдын ала шешім Қазақстан Республикасының кеден заңдарына қайшы келетін жағдайда, кеден органдарының шешімі Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актісі қолданысқа енгізілген кезден бастап күші жойылған болып танылады.

5. Аталған жағдайларда алдын ала шешімді алушыға жазбаша хабарлама жіберіледі, онда күшін жоюдың немесе өзгертудің себептері көрсетіледі.

6. Алдын ала шешім жойылған немесе өзгертілген жағдайда алдын ала шешім қабылдау үшін алынған кеден алымдары қайтарылмауға тиіс, бұған мұндай жою немесе өзгерту кеден органдары жіберген қатеге байланысты болған жағдайлар қосылмайды.

51-бап. Алдын ала шешімнің жариялышы

Кеден органдары қабылдаған алдын ала шешімдер, қупия болып табылатын ақпаратты қоспағанда, жариялануы және жазбаша сұратуы бойынша кез-келген тұлғаға берілуі мүмкін.

52-бап. Тауарды кедендей ресімдеу кезінде алдын ала шешімді табыс ету

1. Осы Кодекстің 47-бабында аталған, кеден органдары қабылдаған алдын ала шешім кеден органдары үшін міндетті болып табылады.

2. Алдын ала шешім кеден органына кедендік декларациямен бірге табыс етіледі.

3. Кедендік ресімдеу және кедендік бақылау мақсаттары үшін алдын ала шешімнің тұпнұсқасы не осы Кодекстің 47-бабында аталған, осындай шешімді берген кеден органы растиған көшірмесі пайдаланылады.

4. Белгілі бір тауарды әртүрлі уақытта және (немесе) әртүрлі кеден органдарына лектеп жеткізіп беру жүзеге асырылатын жағдайда, тауарды жіктеу жөніндегі алдын ала шешімді тауардың алғашқы легін кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органы қабылдайды, бұл орайда ұқсас тауардың келесі лектерін ресімдеу үшін, осындай шешім қабылдаған кеден органы растиған алдын ала шешімнің көшірмелерін пайдалануға жол беріледі.

5-Бөлім. Тауарлар мен көлік құралдарын өткізуге байланысты алдын ала операциялар, кедендік операциялар мен ресімдер

10-тaraу. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу

53-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағына өткізу кезінде алдын ала операцияларды жүзеге асыру тәртібі

1. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағына өткізу кезіндегі алдын ала операциялар мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өту;
- 2) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өту туралы кеден органдарына хабарлау;
- 3) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктінде алдын ала кедендік ресімдеу;
- 4) тауарларды, көлік құралдарын және оларға арналған құжаттарды межелі кеден органдарына жеткізу;
- 5) тауарлар мен көлік құралдарын жеткізу туралы межелі кеден органына хабарлау;
- 6) тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау.

2. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына құбыр тасымалын пайдалану және электр беру желілері бойынша өткізу кезіндегі алдын

ала операцияларды жүзеге асырудың тәртібін уәкілетті орган айқындайды .

Ескерту. 53-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

54-бап. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өту

1. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағына іс жүзінде өткізу тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өтуі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өтуге осы Кодектің 55-бабына сәйкес айқындалатын өткізу пункттерінде, олардың жұмыс істеу уақытында жол беріледі және тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші тұлғаға тауарларды, көлік құралдарын және оларға арналған құжаттарды өткізу пунктінде орналасқан кеден органына мүмкіндігінше қысқа мерзімде жеткізу міндетін жүктейді.

Ескерту. 54-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

55-бап. Өткізу пунктін анықтау

М ы н а л а р :

1) әуе көлігімен өткізілетін тауарлар үшін, - межелі әуежай немесе тауарлар тасымалдаушы әуе кемесінің Қазақстан Республикасының кедендік аумағындағы қонатын және тауарларды түсіретін алғашқы әуежайы;

2) теңіз көлігімен өткізілетін тауарлар үшін, - Қазақстан Республикасының кедендік аумағындағы алғашқы түсіру порты немесе қайта тиеу порты;

3) көліктің басқа түрлерімен өткізілетін тауарлар үшін - жұру жолындағы бірінші кеден органы ;

4) құбыр тасымалымен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарлар үшін, - уәкілетті органмен келісілген коммерциялық есептеу аспаптары орнатылған жерлер тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пункті болып табылады.

56-бап. Кеден органдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өту туралы хабардар ету

1. Тасымалдаушы не тауарларды өткізуші тұлға өткізу пунктінде орналасқан кеден органын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өтуі туралы хабардар етуге міндетті .

2. Кеден органдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өту туралы хабардар ету - бұл Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктінде орналасқан кеден органына шекарадан өту фактісі туралы хабарлау .

3. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өту кезінде кеден

органын хабардар ету тауарларды, көлік құралдарын және оларға арналған тауарға ілеспе құжаттарды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктінде орналасқан кеден органына табыс ету арқылы жүргізіледі.

4. Кеден органының лауазымды адамдары осы баптың 3-тармағында көзделген құжаттарды қабылдаудан бас тартуға құқылы емес.

**57-бап. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы
арқылы өткізу пунктінде алдын ала кедендік
ресімдеу**

1. Негізгі кедендік ресімдеу алдындағы және тыйым салынған тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына өткізуге жол бермеу үшін жүзеге асырылатын іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктінде алдын ала кедендік ресімдеу болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктінде алдын ала кедендік ресімдеу кезінде:

1) орналасуы кеден органдарымен келісілген тиеу-түсіру операцияларын жүргізу үшін арнайы бөлінген және жабдықталған орындарда тауарлармен және көлік құралдарымен тиеу-түсіру операцияларын жүзеге асыруға;

2) тауарлармен және көлік құралдарымен тиеу-түсіру операцияларын жүзеге асыруши тұлғаның сұрауы бойынша тауарлар тиеу-түсіру операцияларын жүзеге асыруға қажетті мерзім ішінде уақытша сақтау орнына қойылмастан мұндай операцияларды жүргізу орындарында болуына жол беріледі. Бұл тауарларды сақтаудың жалпы мерзімі тауарларды уақытша сақтаудың осы Кодексте белгіленген мерзімінен аспауы керек. Бұл ретте тауарлар жоғалған не олар кеден органдарының рұқсатынсыз басқа тұлғаларға берілген жағдайда, аталған тұлғалар кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу бойынша жауапты болады.

3. Тауарларды негізгі кедендік ресімдеу кедендік ресімдеу үшін қажетті жағдайлар болған кезде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктінде не осы Кодекске сәйкес басқа да кеден органында жүргізілуі мүмкін.

**58-бап. Тауарларды, көлік құралдарын және оларға
арналған құжаттарды межелі кеден органына
жеткізу**

1. Тауарларды, көлік құралдарын және оларға арналған құжаттарды жеткізу осы Кодекстің 12-тарауында көзделген ішкі кедендік транзит рәсіміне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Тасымалдаушы тауарларды, көлік құралдарын және оларға арналған құжаттарды, тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі табиғи

тозуы немесе табиғи кемуі салдарынан өзгеруін қоспағанда, өзгөрмеген күйінде кеден органы белгілеген орынға және мерзімінде жеткізуге міндетті.

59-бап. Тауарлар мен көлік құралдарының межелі кеден органына жеткізілгендердің туралы хабардар ету

Тауарлар мен көлік құралдарын межелі кеден органына жеткізген кезде тасымалдаушы немесе тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші тұлға:

1) жеткізуді бақылау құжаттарын;

2) көлік және коммерциялық құжаттарын;

3) әкелінген тауарлар мен көлік құралдарын табыс ету арқылы тауарлардың жеткізілгендердің туралы хабардар етеді.

60-бап. Авария немесе ырық бермес қүштің әсері кезінде қолданылатын шаралар

1. Авария немесе ырық бермес қүштің әсері жағдайларында, сондай-ақ теңіз, ішкі су не әуе кемесі Қазақстан Республикасының аумағында мәжбүрлі түрде аялдама жасаса немесе қонса, тасымалдаушы тауарлар мен көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдануға және ең жақын кеден органына осы мән-жайлар мен тауарлардың түрған жері туралы деруеу х а б р а у ғ а м і н д е т т і .

2. Оқиға туралы хабарлама алған кеден органы оқиғаның сипатына, тауар сапасын жоғалтуы дәрежесіне және көлік құралының техникалық жай-күйіне қарай кедендік бақылауды қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды белгілейді.

3. Тасымалдаушыларда осы баптың талаптарын сақтауға байланысты туындаған шығыстарды кеден органдары өтемейді.

11-тарау. Кедендік тасымалдаушы

61-бап. Кедендік тасымалдаушы

Меншік құқығымен немесе өзге де занды негіздерде көлік құралдарын иеленуші, ақы алып немесе жалдану арқылы тауарларды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін, тиісті уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен берілген тиісті лицензиясы бар және қызметін кедендік тасымалдаушы ретінде жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензиясын алған қазақстандық тұлға кедендік тасымалдаушы бола алады.

62-бап. Кедендік тасымалдаушының қызметі

1. Кедендік тасымалдаушының қызметі кедендік бақылаудағы тауарларды осы Кодексте көзделген нормаларды сақтай отырып тасымалдау болып табылады

2. Кедендік тасымалдаушының тауарларды өткізуші тұлғамен қатынастары шартпен реттеледі.

63-бап. Кедендік тасымалдаушының қызметіне қойылатын біліктілік талаптары

Қызметін кедендік тасымалдаушы ретінде жүзеге асыру үшін қазақстандық тұлға мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуге:

- 1) тауарларды тасымалдауға арнап тиісті уәкілетті мемлекеттік орган белгіленген тәртіппен берген лицензиясы болуға;
- 2) осы Кодекстің 43-тарауында көзделген тәртіппен тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген он мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі сомаға кедендік төлемдер және салықтар төлеуді қамтамасыз етуге;
- 3) меншігінде осы Кодекстің 81-бабында белгіленген талаптарға сәйкес жабдықталған көлік құралдары болуға;
- 4) кедендік бақылаудағы тасымалданатын тауарлардың есебін жүргізуіді және олар бойынша есептілікті қамтамасыз;
- 5) әрбір көлік құралында оның орнын сигнал беру арқылы анықтауға мүмкіндік беретін техникалық жабдық болуға тиіс.

Ескерту. 63-бапқа өзгерту енгізілді - 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі)
Зандарымен.

64-бап. Қызметін кедендік тасымалдаушы ретінде жүзеге асыруға лицензия беру тәртібі

1. Лицензия алу үшін:

- 1) тұлғаның белгіленген нысан бойынша лицензия алуға өтініші;
- 2) тіркеу құжаттарының нотариаттық куәландырылған көшірмелері;
- 3) лицензия беру үшін алым төленгендігін растайтын құжаттар;
- 4) осы Кодекстің 63-бабында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар қажет.

2. Өтінішті уәкілетті орган ол тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

Осы бапта белгіленген өтініште және құжаттарда көрсетілген мәліметтер өзгерген және (немесе) толықтырылған жағдайда, кеден тасымалдаушысы өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей тиісті өзгерістер туралы уәкілетті органға хабарлайды.

3. Тауарларды тасымалдауға арналған лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған, одан айырылған немесе ол тоқтатылған жағдайда тиісті уәкілетті мемлекеттік орган бұл туралы күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде уәкілетті органды хабарлайды

хабардар етеді.

4. Уәкілетті орган кедендік тасымалдаушылардың тізілімін жүргізеді және оны баспасөз басылымдарында жариялауды жүзеге асырады.

Ескерту. 64-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

65-бап. Кедендік тасымалдаушының міндеттері

Кедендік тасымалдаушы:

- 1) осы Кодексте белгіленген шарттар мен талаптарды сақтауға;
- 2) кедендік бақылаудағы тасымалданатын тауарлардың есебін жүргізуге және мұндай тауарларды тасымалдау туралы кеден органдарына есеп беруге;
- 3) кедендік бақылаудағы тауарлармен бірге бір мезгілде өзге де тауарларды тасымалдамауға;
- 4) тауарлар мен оларға арналған құжаттарды межелі кеден органына көрсетуғе;
- 5) тауарларды кедендік бақылау аймағына орналастыруға;
- 6) осы Кодекстің 81-бабына сәйкес көлік құралдарын тиісті техникалық жағдайда ұстауға және олардың кеден бақылауындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын жабдықтауға қойылатын талаптарға сай келуін қамтамасыз етуғе;
- 7) тауарлар мен оларға арналған құжаттарды жеткізудің жөнелтүші кеден органы белгілеген мерзімі мен жүру маршрутын сақтауға;
- 8) тасымалдаудың және сактаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі табиғи тозу мен табиғи кему салдарынан болатын өзгерістерді қоспағанда, тауарлар мен көлік құралдарын өзгермеген күйінде, қандай да болсын өзге мақсаттарға пайдаланбай жеткізуғе;
- 9) тауарларды жеткізгеннен кейін оларды межелі кеден органының рұқсатынсыз қараусыз қалдырмауға, тауарлардың бастапқы тұрған жерін өзгертпеуге, ораманы ашпауға, тауарларды орамауға және қайта орамауға, сондай-ақ кедендік бірдейлендіру құралдарын өзгертпеуге, алып тастамауға және жоюмайға;
- 10) тауарлар жоғалған не олар кеден органдарының рұқсатынсыз басқа тұлғаларға берілген жағдайда кедендік төлемдерді және салықтарды төлеуге;
- 11) кедендік тасымалдаушы ретіндегі қызметі тоқтатылған жағдайда лицензияны он бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға қайтаруға міндетті.

66-бап. Кедендік тасымалдаушы ретіндегі қызметті жүзеге асыру лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру

1. Лицензияның қолданылуын уәкілетті орган, лицензиясының қолданылуы сот шешімі бойынша тоқтатыла тұратын шағын кәсіпкерлік субъектілерін

қоспағанда, тоқтата тұрудың себептерін көрсете отырып:

1) тұлғаның кедендік тасымалдаушы ретіндегі қызметті уақытша тоқтату туралы өтінішінің негізінде;

2) кедендік тасымалдаушы осы Кодекстің 65-бабында көзделген өз міндеттерін орындаған жағдайларда, кедендік тасымалдаушы тіркелген кеден органы қорытындысының негізінде;

3) тауарларды тасымалдауға тиісті уәкілетті мемлекеттік орган берген лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған кезде, алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрғу мүмкін.

2. Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған кезде тұлғаның кедендік тасымалдаушы ретіндегі қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ. Лицензияны тоқтата тұру кедендік тасымалдаушы ретіндегі қызметті тоқтата тұру туралы бұйрық қабылданған күннен бастап қолданылады.

3. Лицензияның қолданылуы оның тоқтатыла тұруына негіз болған себептер жойылғаннан кейін уәкілетті орган басшысының тиісті бұйрығымен жаңғыртылады.

67-бап. Кедендік тасымалдаушы ретіндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиядан айыру

Лицензиядан айыру үшін:

1) тиісті уәкілетті мемлекеттік орган тауарларды тасымалдауға берген лицензиядан айыру;

2) кедендік тасымалдаушы табыс еткен дұрыс емес мәліметтер негізінде лицензия береу;

3) осы тарауда айқындалған шарттардың сақталмауы;

4) лицензияның қолданылуы бұрын тоқтатыла тұрған себептердің осы Кодекстің 66-бабында белгіленген мерзім ішінде жойылмауы негіз болып табылады.

Ескерту. 67-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 222 (жарияланған күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

68-бап. Кедендік тасымалдаушы тасымалдайтын кедендік бақылаудағы тауарлардың есебі

Кедендік тасымалдаушы кедендік бақылаудағы тасымалданатын тауарлардың есебін жүргізеді және уәкілетті орган белгілеген тәртіппен олар бойынша есептілік табыс етеді.

69-бап. Кедендік тасымалдаушының жауапкершілігі

1. Тауарлар жоғалған не олар кеден органының рұқсатынсыз берілген жағдайда, кедендік тасымалдаушы кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу бойынша жарапты болады.

2. Тауарлар, көлік құралдары және оларға арналған құжаттар межелі кеден органына жеткізілмеген жағдайда, кедендік тасымалдаушы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

70-бап. Кедендік тасымалдаушы ретіндегі қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтату

1. Лицензияның қолданылуы мынадай жағдайларда:

1) тауарларды тасымалдауға тиісті уәкілдегі мемлекеттік орган берген лицензиядан айрылада;

2) кедендік тасымалдаушы ретіндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиядан айрылада;

3) кедендік тасымалдаушы қызметтің тоқтататыны туралы өтініш бергенде;

4) заңды тұлға болып табылатын кедендік тасымалдаушы қайта ұйымдастырылғанда немесе таратылғанда тоқтатылады.

2. Лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда, тұлға он бес жұмыс күні ішінде кедендік бақылаумен тасымалданатын тауарлардың есебін жүргізетін кеден органына өзі кедендік тасымалдаушы ретінде орындаған тасымалдар туралы есеп беруге міндетті.

3. Лицензияның қолданылуын тоқтату кедендік тасымалдаушы ретіндегі қызметті тоқтату себептері көрсетіле отырып, уәкілдегі орган басшысының бүйрек мен ресімделеді.

Ескерту. 70-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-тарау. Ішкі кедендік транзит

71-бап. Осы тарауда пайдаланылатын ұғымдар

Осы тарауда пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) ішкі кедендік транзит ресімі - тауарлар мен көлік құралдарын жөнелтуші кеден органынан межелі кеден органына дейін кедендік бақылаумен өткізуудің осы Кодексте және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда белгіленген тәртібі;

2) аралық кеден органы - ішкі кедендік транзит ресімі бойынша өткізілетін тауарларды ішінера түсіру жүргізілетін кеден органы.

72-бап. Жалпы ережелер

Осы тараудың ережелері, уақытша сақтау орындарының, еркін және кеден қоймаларының, арнайы экономикалық аймақтардың арасындағы өткізууді қоса алғанда, кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағы немесе шет мемлекеттің кедендік аумағы

бойынша өткізудің барлық жағдайларында қолданылады.

Осы тараудың ережелері құбыр тасымалымен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларға, сондай-ақ әуе кемесі тұрақты халықаралық рейс жасау кезінде тауарлар келетін жерде тауарларды ішінара түсірмesten аралық немесе мәжбүрлі (техникалық) турде қонса, әуе көлігімен тасымалданатын тауарларға қолданылмайды.

73-бап. Ішкі кедендік транзит

1. Ішкі кедендік транзит - кедендік бақылаудағы тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағы бойынша, сондай-ақ осы тарауда белгіленген шарттар сақталған жағдайда, шет мемлекеттің аумағы арқылы өткізілетін кездегі кедендік рәсім .

2. Ішкі кедендік транзит кезінде тауарлар жөнелтуші кеден органынан межелі кеден органына дейін тасымалдаушының және (немесе) тауарлар мен көлік құралдарын өткізуі тұлғаның жауапкершілігімен өткізіледі.

3. Тауарларды бірдейлендіру құралдарын, тасымалдаушылар мен жөнелтушілердің пломбаларын пайдалана отырып, ішкі транзит рәсімі бойынша темір жол көлігімен өткізуге жол беріледі.

4. Транзиттік тауарларды ішкі кедендік транзит рәсімі бойынша Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу осы Кодекстің 74-бабының 2-тармағында аталған шаралардың бірі сақталған жағдайда жүзеге асырылады.

74-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын ішкі кедендік транзит рәсіміне сәйкес өткізу шарттары

1. Тауарлар мен көлік құралдарын ішкі кедендік транзит рәсіміне сәйкес өткізуге мынадай шарттар сақталған жағдайда:

1) тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге тыйым салынбаған;

2) жеткізуді бақылау құжаты осы Кодекстің 76-бабына сәйкес ресімделген;

3) осы баптың 2-тармағына сәйкес тауарлар мен көлік құралдарын жеткізуді қамтамасыз ету шараларының бірі сақталған жағдайда жол беріледі.

2. Ішкі кедендік транзиттің рәсіміне сәйкес тауарлар мен көлік құралдарын жеткізуді қамтамасыз ету шараларына:

1) тауарларды алушының осы баптың 6-тармағына сәйкес жеткізіп беру жөніндегі кепілдік міндеттемесін табыс етуі;

2) кез келген кеден органында кедендік төлемдердің және салықтардың төлеңүін қамтамасыз ету;

3) тауарларды кедендік тасымалдаушының өткізуі;

4) тауарларды кедендік алып жүру жатады.

Тасымалдаушы және (немесе) тауарлар мен көлік құралдарын өткізуі тұлға

аталған шаралардың кез келгенін таңдауға құқылы.

3. Тауарларды ішкі кедендік транзит рәсіміне сәйкес темір жол көлігімен өткізу кезінде осы баптың 2-тармағының 1) және 4) тармақшаларының ережелері қолданылады.

Тауарлар мен көлік құралдарын жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар, осы баптың 5-тармағына сәйкес өткізілетін тауарларды қоспағанда, тауарларды осы Кодекстің 470-бабына сәйкес ең төменгі деңгейдегі тәуекел санатына жатқызылған сыртқы экономикалық қызметке қатысуышылар өткізген кезде қолданылады.

4. Ішкі кедендік транзит кезінде тауарлар мен көлік құралдарын жеткізуді қамтамасыз ету шаралары Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес тауарларды өткізу кезінде және әуе көлігімен тасымалдау кезінде қолданылады.

5. Кеден төлемдерін және салықтарды төлеуді міндетті түрде қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өткізілетін тауарлар тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Тауарларды жеткізіп беру жөніндегі кепілдік міндеттемені алушы толтырады және оны межелі кеден органы тіркейді және байланыс құралдары арқылы жөнелтуші кеден органына жіберіледі. Тауарларды жеткізіп беру жөніндегі кепілдік міндеттеменің нысаны мен тіркеу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 74-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

75-бап. Ішкі кедендік транзитті қолдану үшін табыс етілетін құжаттар

1. Тасымалдаушы тауарларды жеткізуді бақылау құжатын ресімдеуді жүргізу үшін жөнелтуші кеден органына тауарға ілеспе құжаттарды табыс етеді.

2. Табыс етілген құжаттарды жеткізуді бақылау құжатының тіркеу нөмірін көрсете отырып, жөнелтуші кеден органының лауазымды адамы куәландырады.

76-бап. Тауарлардың жеткізілуін бақылау құжаты

1. Тауарлардың жеткізілуін бақылау құжаты – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар туралы мәліметтерді қамтитын, кеден органдарының тауарлардың жеткізілуін бақылауды жүзеге асыруы үшін қажетті құжат.

2. Уәкілетті орган айқындаған жағдайларда тауарлардың жеткізілуін бақылау құжаты ретінде тауарларға ілеспе құжаттар пайдаланылады.

3. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда тауарлардың жеткізілуін бақылау құжаты ретінде осындаш шарттармен айқындалған құжаттар пайдаланылады.

4. Тауарлардың жеткізілуін бақылау құжатын ресімдеу, қалыптастыру және пайдалану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 76-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

77-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік төлемдер және салықтар төлеудің қамтамасыз етілгенін растайтын құжатты пайдаланып жеткізу

1. Кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдары ішкі кедендік транзит рәсіміне сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік аумағы бойынша кедендік төлемдер және салықтар төлеудің қамтамасыз етілгенін растайтын құжатты пайдаланып откізілуі мүмкін.

2. Кедендік төлемдерді және салықтарды төлеудің қамтамасыз етілгенін растайтын құжатты толтырудың және кеден органына табыс етудің нысанын, тәртібін уәкілетті орган белгілейді .

78-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын ішкі кедендік транзит кезінде кедендік алыш жүру

1. Кедендік алыш жүру рәсімі - кеден органдары лауазымды адамдарының кедендік бақылаудағы тауарларды, көлік құралдарын және оларға арналған құжаттарды жөнелтуші кеден органынан межелі кеден органына дейін, сондай-ақ бір кеден органының қызмет аймағында алыш жүруі. V032490

2. Кедендік алыш жүруді кеден органдары, осы Кодекстің 74-бабының 2-тармағының 1)-3) тармақшаларында көзделген шаралар сақталмаған жағдайда, кеден органы лауазымды адамының жазбаша шешімі бойынша Қазақстан Республикасының кедендік аумағы бойынша откізілетін тауарларды, көлік құралдарын және оларға арналған құжаттарды жеткізуді қамтамасыз етудің айрықша шарасы ретінде қолданады .

3. Кедендік алыш жүру бір көлік құралына да, бірнеше (оннан аспайтын) көлік құралына да жүргізуі мүмкін.

4. Кедендік алыш жүру алым төленген кезден бастап бір тәуліктен кешіктірілмей кедендік алыш жүру басталады.

5. Кедендік алыш жүру тәртібін уәкілетті орган белгілейді .

Ескерту. 78-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

79-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын ішкі кедендік транзит кезінде межелі кеден органдарына дейін жеткізу мерзімі

Ішкі кедендік транзит кезінде тауарлар мен көлік құралдарын межелі кеден органдарына дейін жеткізу мерзімін көлік құралының, белгіленген маршруттың мүмкіндіктеріне және басқа да тасымалдау шарттарына сүйене отырып, дағдылы

жеткізу мерзімдеріне сәйкес жөнелтуші кеден органы белгілейді, бірақ ол бір айға екі мың километр есебімен белгіленетін шекті мерзімнен аспауға тиіс.

Тауарларды өткізетін тұлғаның дәлелді сауал салуы бойынша кеден органы ішкі кеден транзитінің белгіленген мерзімін ұзартады, ол осы баптың бірінші бөлігінде айқындалған шекті мерзімнен аспауға тиіс.

Ескерту. 79-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

80-бап. Ішкі кедендік транзит кезінде тауарлар мен көлік құралдарын бірдейлендіруді қамтамасыз ету

1. Жөнелтуші кеден органы тауарлар мен көлік құралдарын бірдейлендіруді қамтамасыз етеді, ал межелі кеден органы ішкі кедендік транзитке сәйкес оларды өткізген кезде тауарлар мен көлік құралдарын бірдейлендіру құралдарының сақталуын тексереді. Аралық кеден органдары тауарға ілеспе құжаттарға жаңа бірдейлендіру құралдарының қойылғаны туралы белгі соғады.

2. Кеден органдары бірдейлендіру құралдары ретінде осы Кодекстің 81-бабына сәйкес көлік құралдарына қойылған кедендік пломбаларды және мөрлерді пайдаланады.

3. Осы Кодекстің 81-бабына сәйкес кедендік пломбалар мен басқа да бірдейлендіру құралдары жеткіліксіз немесе сенімсіз деп қарастырылатын жағдайларды қоспағанда, кеден органдары шет мемлекеттердің кеден органдарының кедендік пломбалары мен басқа да бірдейлендіру құралдарын мойындайды.

81-бап. Кедендік пломбалары және мөрлері бар тауарларды тасымалдау кезінде көлік құралдарын жабдықтау

1. Кедендік пломбалары және мөрлері бар тауарларды тасымалдау үшін көлік құралдары мыйнадай талаптарды:

- 1) кедендік пломбаларды және мөрлерді қою мүмкіндігін;
- 2) тауарды көлік құралының пломбаланған бөлігінен кедендік пломбаларды және мөрлерді бүлдірмesten алу немесе оған қою мүмкіндігінің болмауын;
- 3) тауарларды жасырып қалуға арналған жасырын орындардың болмауын;
- 4) тауарларды кедендік тексеруге еркін қол жеткізілуін қамтамасыз етуді сақтай отырып құрастырылуға және жабдықталуға тиіс.

2. Кедендік пломбаларды және мөрлерді пайдалану мүмкін болмаған кезде тауарларды бірдейлендіру осы Кодекстің 476-бабына сәйкес жүргізіледі.

82-бап. Ішкі кедендік транзит кезінде тауарлармен жасалатын операциялар

1. Ішкі кедендік транзитке сәйкес тасымалданатын тауарлармен жүк операцияларын жүргізуге қызмет аймағында осы операцияларды жүзеге асыру

қажеттігі туындаған кеден органының бақылауымен жол беріледі.

2. Тауарларды бір көлік құралынан екіншісіне қайта тиеуге қызмет аймағында осы операция жүргізілетін кеден органына алдын ала жазбаша хабарлау арқылы жол беріледі. Тауарларды жеткізудің технологиялық процесі жүру жолында тауарларды түсірмesten көлік түрін өзгертуді көздейтін жағдайларды қоспағанда, тауарларды қайта тиеу кедендік пломбалар мен мөрлерді бұза отырып жүзеге асырылған жағдайда тауарлардың жеткізілуін бақылаудың жаңа құжаты ресімделеді.

3. Тұлғаның өтініші бойынша кеден органы кедендік бақылаудағы тауарлармен жүк операцияларын кеден органының жұмыс уақытынан тыс кезде жүргізуғе рұқсат етеді.

Ескерту. 82-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

83-бап. Тасымалдаушының ішкі кедендік транзит кезіндегі міндеттері

Тауарларды ішкі кедендік транзит рәсіміне сәйкес тасымалдау кезінде тасымалдаушы :

1) тауарлар мен оларға арналған құжаттарды жөнелтуші кеден органы белгілеген мерзімде тауарлардың жеткізілуін бақылау құжаттарында көрсетілген межелі кеден органына жеткізуғе;

2) тауарлар, сондай-ақ кедендік пломбалар және мөрлер не өзге де бірдейлендіру құралдары пайдаланылған болса, олардың сақталуын қамтамасыз етуғе ;

3) осы Кодекстің 82-бабында көзделген жағдайда, тауарларды басқа көлік құралына қайта тиеуді қоспағанда, кеден органдарының рұқсатынсыз тауарлармен жүк операцияларын жасауға жол бермеуге міндетті.

84-бап. Тасымалдаушының ішкі кедендік транзит кезіндегі жауапкершілігі

1. Тауарлар, көлік құралдары және оларға арналған құжаттар межелі кеден органына жеткізілмеген жағдайда тасымалдаушы Қазақстан Республикасының Зандарына сәйкес жауапты болады.

2. Тасымалдаушы кедендік төлемдердің және салықтардың төленуі үшін, сондай-ақ осы Кодекстің 85-бабында көзделген жағдайларда тауарларды түсіргені, қайта тиегені, орамаларын ашқаны немесе қайта орағаны, бірдейлендіру құралдарын өзгерткені, алып тастағаны, жойғаны немесе зақымдағаны үшін жауапты болмайды. Бұл орайда тасымалдаушы мұндай операцияларды жасауды жолаушылар мен көлік құралы экипажының өмірі мен

денсаулығына нақты қатер төнгенін, тауарлар мен көлік құралдарының жойылуы, жоғалуы, біржола жоғалуы немесе елеулі түрде бүлінуі туғызғанын растайтын тиісті үәкілетті мемлекеттік орган берген құжаттарды табыс етеді.

3. Тауарларды ішкі кедендік транзитке сәйкес тасымалдау кезінде кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу бойынша, осы баптың 2-тармағын қоспағанда, тауарларды жоғалтқан не оларды кеден органының рұқсатынсыз берген тасымалдаушы жаупты болады.

Ескерту. 84-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

85-бап. Ішкі кедендік транзит кезінде тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдауға кедергі жасайтын авария және (немесе) ырық бермес күштердің әсері кезінде қолданылатын шаралар

Авария және (немесе) ырық бермес күштердің әсері кезінде тасымалдаушы:

1) тауарлар мен көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралардың бәрін қолдануға;

2) ең жақын кеден органын кейіннен хабардар ете отырып, тиісті үәкілетті мемлекеттік органға аталған оқиға туралы дереу хабарлауға міндепті. Хабарламаны алған кеден органы жөнелтуші және межелі кеден органдарына дереу хабарлауға, сондай-ақ ішкі кедендік транзит рәсімдерін сақтай отырып, тауарларды одан әрі тасымалдау мүмкіндіктері туралы шешім қабылдауға міндетті.

Осы бапта көзделген шаралардың қолданылуына байланысты тасымалдаушы шеккен шығындарды кеден органдары өтемейді.

86-бап. Ішкі кедендік транзит рәсімінің аяқталуы

1. Ішкі кедендік транзит рәсіміне сәйкес өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары көлік құралының келгендігі межелі кеден органында тіркелген кезден бастап жеткізілді деп есептеледі.

2. Межелі кеден органы көлік құралының келгендігін және ішкі транзит рәсімінің аяқталғанығын осы Кодекстің 59-бабына сәйкес тауарлар мен көлік құралдарының жеткізілгендері туралы хабарланған кезден бастап үш сағаттың ішінде тіркейді.

Тауарлар мен көлік құралдарын жеткізу туралы хабарламаны кеден органы жеткізуді бақылау құжаттары мен көлік, сондай-ақ коммерциялық құжаттарды растау немесе олардың электрондық форматын электрондық цифрлық қолтаңбамен тіркеу жолымен жүзеге асырады.

3. Тауарлар мен көлік құралдары тауарларды жеткізу рәсімі аяқталғанға дейін межелі кеден органының қызмет аймағындағы уақытша сақтау орнында

Ескерту. 86-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-тарау. Уақытша сақтау

87-бап. Уақытша сақтау

Уақытша сақтау - әкелінген тауарлар белгілі бір кедендік режимге сәйкес межелі кеден органына табыс етілген кезден бастап олар шығарылғанға дейін не осы Кодексте белгіленген тәртіппен мемлекет меншігіне айналдырылғанға дейін, не тауар мен көлік құралы кеден ісі саласындағы қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заттай дәлелдеме болып табылған жағдайда, кедендік бақылауда сақталатын кедендік рәсім.

Ескерту. 87-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

88-бап. Уақытша сақтау орындары

1. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау, уақытша сақтау орындарына қойылатын талаптар сақталған жағдайда тауар өткізетін тұлғаның таңдауы бойынша, арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларда, ашық аландарда, көлік құралдарында, сондай-ақ уақытша сақтау қоймаларында, кеден қоймаларында, еркін қоймаларда, алушының қоймаларында жүзеге асырылады.

2. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау орындары мыналар болып та б ы л а д ы :

1) топтастырылған жүктөрді жеткізу жағдайларын қоспағанда, тауарлар жеткізілген көлік құралдары;

2) ашық алаңдар - тауар иелерінің:

әуежайлардың, теңіз және өзен порттарының, темір жол станцияларының, өнеркәсіп орындарының осы тұлғалардың тауарларын уақытша сақтауға арналған күзетілетін аумақтарында;

осы тұлғалардың өз тауарларын уақытша сақтау үшін арнайы бөлінген және күзетілетін аумақтарында орналасқан аландары.

Көлік құралдарындағы тауарларды ашық аланда сақтауға жол беріледі;

3) арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайлар - тауарлар иесінің өз тауарларын уақытша сақтауға арналған үй-жайлары немесе үй-жайдың арнайы бөлінген және жайластырылған бөлігі, сондай-ақ мамандандырылған көлік-экспедиция үйымдары тасымалдайтын экспресс-жүктөрді сұрыптауға және

өндeуге

арналған

үй-жайлар;

4) уақытша сақтау қоймалары - тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтауға арнайы арналған, уәкілетті орган беретін лицензия негізінде жұмыс істейтін қоймалар;

5) кеден қоймалары мен еркін қоймалар - бір бөлігі уақытша сақтау үшін пайдаланылатын, кеден қоймасының және еркін қойманың кедендік режимдеріне сәйкес тауарлар мен көлік құралдарын орналастыруға арнайы арналған, уәкілетті орган беретін кеден қоймасын құруға арналған лицензия және еркін қойма құруға арналған шешім негізінде жұмыс істейтін қоймалар;

6) осы Кодекстің 95-бабында көзделген тәртіппен тауар алушылардың қоймалары.

3. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жай немесе ашық алаңша, тиісті орын біртұтас және бөлінбейтін кешен болып табылатын және бір мекен-жайда орналасқан жағдайда уақытша сақтау орны деп танылады.

Осы Кодекстің 96-бабына сәйкес кеден органы беретін уақытша сақтау орны деп тану туралы шешім арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайлар мен ашық алаңдарды уақытша сақтау орны ретінде тануға растама болып табылады.

4. Тауарларды алдын ала және мерзімдік декларациялау рәсімі бойынша тауарларды өткізген кезде, осы Кодекстің 371-бабында көзделген оқайлатылған кедендік ресімдеу тәртібін пайдалану кезінде және осы Кодексте белгіленген өзге де жағдайларда уақытша сақтау рәсімі қолданылмайды.

Ескерту. 88-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай откеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

89-бап. Уақытша сақтау орындарына қойылатын талаптар

1. Осы Кодекстің 104-бабының 2), 3), 4), 6) және 7) тармақшаларында белгіленген талаптарды қоспағанда, арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жай уақытша сақтау қоймасын құруға қойылатын талаптарға сай келуге тиіс.

2. Кеден немесе еркін қойма үй-жайының бір бөлігі уақытша сақтау орны ретінде пайдаланылған жағдайда ол үй-жайдың қалған бөліктерінен темірбетоннан, бетоннан, кірпіштен, металқұрылымынан не сол материалдарды араластырып жасалған тұтас қоршаумен оқшаулануға тиіс.

3. Ашық алаңшандың аумағы:

1) бүкіл периметрі бойынша белгіленуге және қоршалуға тиіс. Ашық алаңшалардың аумағының қоршауы темірбетоннан, бетоннан, кірпіштен, металқұрылымынан не осы материалдарды араластырып жасалған және биіктігі кемінде 2,2 метр тұтас құрылыш болуға тиіс;

2) тауардың сипатына қарай қажетті тиесінде және таразы жабдығымен қамтамасыз етілуге тиіс;

3) осы Кодекстің 104-бабының 1), 3)-5), 7) тармақшаларында белгіленген талаптарға сай келуге тиіс.

Әуежайлардың, теңіз және өзен порттарының, темір жол станцияларының аумағындағы ашық алаңшаларға арналған кедендік бақылау аймақтарын белгілеу мүдделі тұлғалармен (әуежайлардың, теңіз және өзен порттарының, темір жол станцияларының әкімшілігімен) келісу арқылы жүзеге асырылады.

4. Мынадай шарттардың бірі:

кеден төлемдері мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету;

бірдейлендіру құралдарының бүтіндігі сақталған кезде тауарлар тасымалданған және жеткізілген жағдайда уақытша сақтау орны ретінде көлік құралдары пайдаланылуы мүмкін.

Көлік құралдарындағы тауарлардың сақталуы, бірдейлендіру құралдарының бүтіндігі үшін жауапкершілік кедендік ресімдеу рәсімі аяқталғанға дейін және тауар алушыға берілгенге дейін тасымалдаушыға жүктеледі.

5. Уақытша сақтау орындары оларды уақытша сақтау орны ретінде пайдаланудың бүкіл мерзімі бойында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Ескерту. 89-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілді), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізілді) Зандарымен.

90-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау орындарына орналастыруға қажетті құжаттар

1. Қысқаша декларация тауарлар мен көлік құралдарының уақытша сақтау орындарына орналастырылғанын растайтын құжат болып табылады.

2. Қысқаша декларацияны тасымалдаушы не тауарларға қатысты өкілеттіктері бар тұлға немесе тауарды сақтауға қабылдаған уақытша сақтау қоймасының өкілі тауарлар мен көлік құралдарын кеден органына ұсынғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Егер тауарлар осы мерзім ішінде белгілі бір кедендік режиммен мәлімделсе, қысқаша декларация берілмейді.

3. Қысқаша декларация тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілген және тауарларды бірдейлендіру үшін қажетті мәліметтерді, сондай-ақ әкелінген тауарлардың мәлімделген уақытша сақтау орны туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

4. Қысқаша декларацияның нысаны мен оны толтырудың тәртібін үәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 90-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26.

N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

91-бап. Уақытша сақтау мерзімі

1. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау орындарында уақытша сақтау мерзімі қысқаша декларация тіркелген күннен бастап қоса алғанда, күнтізбелік алпыс күннен аспауға тиіс.

2. Кеден ісі саласындағы қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заттай дәлелдемелер болып табылатын тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау мерзімі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалады.

3. Осы бапта көзделген уақытша сақтау мерзімдері біткеннен кейін тауарлар мен көлік құралдарына билік ету Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

4. Тауарларды көлік құралдарында уақытша сақтау мерзімі он күннен аспауға тиіс.

5. Осы баптың 4-тармағына сәйкес уақытша сақтау кедендік төлемдер және салықтар төленген не оларды төлеу қамтамасыз етілген жағдайда жүзеге асырылады. Тауарларды халықаралық жол тасымалы рәсімін пайдалана отырып келген көлік құралында сақтау кезінде төлеуді қамтамасыз ету қолданылмайды.

Ескерту. 91-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

92-бап. Уақытша сақтаудағы тауарлармен жасалатын операциялар

1. Уақытша сақтау қоймасы және өзге де уақытша сақтау орындары иесінің, тауарларды алушының, кедендік брокердің, тауарларға қатысты өкілеттігі бар өзге де тұлғаның және олардың өкілдерінің уақытша сақтау орындарындағы тауарларды тексеруі мен өлшеуіне және кеден органының рұқсатымен тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алуына болады.

2. Уақытша сақтаудағы тауарларға, бұлінген орамаларын жөндеуді қоса алғанда, олардың өзгеріссіз жағдайда сақталуын қамтамасыз ету үшін кеден органының рұқсатымен қажетті операциялар жасалуы мүмкін.

3. Уақытша сақталуы кезеңінде ырық бермес күштің әсері салдарынан жарамсыз болған, бұлінген немесе зақымданған тауарлар декларант айқындаған, егер олар жарамсыз, бұлінген немесе зақымданған жағдайда әкелінгендей болса, кедендік режимге орналастырылуға тиіс.

4. Көлік құралдарында уақытша сақтаудағы тауарлармен қандай да бір жүк операцияларын жүргізу (түсіру, тауарлардың салмағын, санын нақтылау,

сараптама жүргізу мақсатында сынамалар мен үлгілерін алу) қажет болатын жағдайда, олар бірдейлендіру құралдарын пайдалану арқылы не тауарлар өзге де уақытша сақтау орындарына орналастырылған жағдайда кеден органылауазымды адамының қатысуымен кедендік уақытша бақылау аймағында жүргізіледі.

93-бап. Уақытша сақтау орындарына орналастыруға болатын тауарлар

1. Уақытша сақтау орындарына, құбыр тасымалымен және электр беру желілері бойынша өткізілетіндерден басқа кез келген тауарларды, сондай-ақ осы Кодекстің 470-бабына сәйкес ең төменгі деңгейдегі тәуекел санатына жатқызылған сыртқы экономикалық қызметке қатысуышылар өткізген тауарларды орналастыруға б о л а д ы .

2. Басқа тауарларға зиян келтіруі мүмкін немесе сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін тауарлар мұндай тауарларды сақтау үшін арнайы лайықталған уақытша сақтау қоймаларында немесе осы Кодекстің 43-тарауына сәйкес кедендік төлемдер мен салықтардың төленуі қамтамасыз етілген жағдайда көлік құралында сақталуға тиіс.

Ескерту. 93-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

94-бап. Темір жол көлігімен тасымалданатын тауарларды уақытша сақтаудың ерекшеліктері

1. Кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу қамтамасыз етілген жағдайда, темір жол көлігімен тасымалданатын ерекше тауарлар мен сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін тауарларды қарауында темір жол учаскесі бар тұлғаның сұратуы бойынша уақытша сақтауға жол беріледі.

2. Тауарларды уақытша сақтау оларды түсіргенге дейін орналасатын жері кеден органдарымен келісілген, аталған тұлғалардың темір жолдарындағы тікелей көлік құралдарында жүзеге асырылады.

3. Аталған орындар уақытша кедендік бақылау аймағы болып табылады.

4. Тауарларды түсіруге және оларды кез келген басқа жерге ауыстыруға кеден органының рұқсатымен ғана жол беріледі.

5. Қарауында темір жол учаскесі бар тұлға:

1) уақытша сақтаудағы тауарларды кедендік бақылаудан тыс, көлік құралынан алып қою мүмкіндігін болдырмауға;

2) уақытша сақтаудағы тауарлардың сақталуын қамтамасыз етуге;

3) кедендік бақылаудың жүзеге асырылуына жәрдемдесуге;

4) уәкілетті орган айқындастын тәртіппен көлік құралында сақтаулы тауарлар

туралы есеп жүргізуге және есептілікті кеден органына табыс етуге;

5) бөгде адамдардың сақтаудағы тауарларға кеден органдарының рұқсатынсыз қолжетімділігін болдырмауға;

6) тауарлар жоғалған не кеден органының рұқсатынсыз басқа тұлғаларға берілген жағдайда кедендік төлемдерді және салықтарды төлеуге міндettі.

95-бап. Тауарларды алушының қоймасында уақытша сақтау

1. Уақытша сақтау қоймасын құруға лицензиясы және уақытша сақтау орны деп тану туралы шешім болмағанда кеден органының рұқсатымен:

1) ерекше тауарларды немесе ерекше жағдайда сақтауды талап ететін тауарларды уақытша сақтау қажет болған жағдайда;

2) тауарлар жеткізілген жерде уақытша сақтау қоймасы болмаған жағдайда, кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу қамтамасыз етілген шартпен тауарларды алушының қоймасында уақытша сақтау жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Тауарларды алушы сақтау кезінде кеден органдарының рұқсатынсыз бөгде адамдардың сақтаудағы тауарларға қолжетімділігін болдырмауға міндettі.

3. Тауарларды алушының қоймасында басқа тұлғаларға тиесілі тауарларды сақтауға жол берілмейді.

96-бап. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңшаларды уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімдерді беру

тәртібі

1. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайлар мен ашық алаңшаларды уақытша сақтау орны деп тану туралы кеден органының шешімі меншігінде немесе пайдалануында үй-жай немесе ашық алаңша бар тұлғага беріледі.

2. Иеленуші үй-жайларды немесе ашық алаңшаларды уақытша сақтау орны деп тану туралы шешім алу үшін, тұлға және үй-жайдың немесе алаңшаның орналасқан жері туралы мәліметтерді көрсете отырып, кеден органына еркін нысандада өтініш береді.

3. Иеленуші өтінішпен бірге:

1) үй-жай немесе ашық алаңша иесінің тіркеу құжаттарының нотариаттық куәландырылған көшірмелерін табыс етуге;

2) уақытша сақтау орындарына арналған аумақтың жоспарларын, үй-жайдың немесе ашық алаңшаның жоспарлары мен сызбаларын табыс етуге;

3) уақытша сақтау орындарына арналған үй-жайға немесе ашық алаңшага меншік құқығын немесе пайдалану құқығын растайтын құжаттардың нотариаттық куәландырылған көшірмелерін табыс етуге;

4) кеден органдарында сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың есебінде тұрға тиіс.

4. Кеден органы өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде

қ а р а й д ы .

5. Мәлімделген мәліметтер, үй-жайлар мен ашық алаңшалардың жайластырылуы мен жабдықталуы уақытша сақтау орындарына қойылатын қажетті талаптарға сәйкес келмейтін жағдайларда кеден органы уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімді беруден бас тартуы мүмкін.

6. Тұлғаны қайта тіркеу кезінде уақытша сақтау орны деп тану туралы шешім өз күшін сақтайды. Бұл жағдайда уақытша сақтау орнының иесі кеден органын қайта тіркеу фактісі туралы хабардар етуге міндетті. Қажет болған жағдайда кеден органы қайта тіркеудің күнін көрсете отырып, уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімге өзгерістер енгізеді.

Ескерту. 96-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

97-бап. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайлар, ашық алаңшалар иелерінің міндеттері

Уақытша сақтау орындарының иелері:

1) осы Кодекстің 89-бабында белгіленген талаптарға сәйкес үй-жайды немесе ашық алаңшаны кедендік бақылауды қамтамасыз ету үшін қажетті тиісінше тұрғыда жайластыруға;

2) уақытша сақтаудағы тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаудан тыс, үй-жайдан немесе ашық алаңшадан алу мүмкіндігін болдырмауға;

3) үй-жайдағы немесе ашық алаңшадағы тауарлардың және (немесе) көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз етуге;

4) кедендік бақылаудың жүзеге асырылуына жәрдемдесуге;

5) үекілетті орган белгілейтін тәртіппен келіп түсken, сақтаулы, әкетілген тауарлар және (немесе) көлік құралдары туралы есеп жүргізуге (оның ішінде бақылау мен есепке алудың автоматтандырылған нысандарын пайдалану арқылы)

) және ол туралы есептілікті кеден органына табыс етуге;

6) бөгде адамдардың сақтаудағы тауарларға және (немесе) көлік құралдарына кеден органдарының рұқсатынсыз қолжетімділігін болдырмауға;

7) арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңшаларды уақытша сақтау орны деп тану туралы шешім беру шарттарының сақталуын және кеден органдары лауазымды адамдарының сақтаудағы тауарларға және (немесе) көлік құралдарына олардың талап етуі бойынша қолжетімділікті қамтамасыз етуді қоса алғанда, кеден органдарының талаптарын орындауға;

8) тауарлар жоғалған не кеден органдарының рұқсатынсыз басқа тұлғаларға берілген жағдайда кедендік төлемдерді және салықтарды төлеуге;

9) уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімнің қолданылуын тоқтату рәсімімен байланысты барлық шығыстарды көтеруге;

10) жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы, уақытша сақтау орны алаңын

ұлғайту не кішірейту туралы, осы жұмыстарды орындаудың жоспарланған мерзімін көрсете отырып, кеден органын жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

98-бап. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңшаларды уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімнің қолданылуын тоқтата тұру

1. Уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімнің қолданылуын кеден о р г а н ы :

1) уақытша сақтау орны иесінің жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы, уақытша сақтау орны алаңын ұлғайту не кішірейту туралы өтініші бойынша - уақытша сақтау орнының иесі айқындаған мерзімге;

2) уақытша сақтау орнының иесі осы Кодексте белгіленген уақытша сақтау орнына қойылатын талаптар мен міндеттерді сақтамаған жағдайда - бір айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрады.

2. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңшаларды уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімнің қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім мұндай тоқтата тұрудың себептері көрсетіле отырып, кеден органы басшысының бүйрекімен ресімделеді.

3. Уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімнің қолданылуы ол қойылатын талаптарға сәйкес болған жағдайда жаңғыртылады.

99-бап. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңшаларды уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімді қайтарып алу

1. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңшаларды уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімді кеден органы:

1) осы Кодексте белгіленген талаптар мен міндеттер алты айдың ішінде қайталап бұзылған жағдайларда;

2) шешімнің қолданылуы бұрын тоқтатыла түрғандығы бойынша себептер осы Кодекстің 98-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген мерзім ішінде жоғылмаған жағдайда;

3) уақытша сақтау орнына қатысты мұліктік құқықтар тоқтатылған немесе өзгертілген кездегі;

4) уақытша сақтау орны иесінің өтініші бойынша қайтарып алады.

2. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңшаларды уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімді қайтарып алу жөніндегі шешім мұндай қайтарып алушың себептері көрсетіле отырып, кеден органы басшысының бүйрекімен ресімделеді.

3. Уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімді қайтарып алу кезінде

уақытша сақтау орнының иесі қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей шешімді кеден органына қайтаруға тиіс.

4. Шешім беру туралы қайталап жасалған өтінішті кеден органы оны қайтарып алу үшін негіз болған себептер жойылған жағдайда белгіленген тәртіппен қаруы мүмкін.

100-бап. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңшаларды уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімнің қолданылуын тоқтату

1. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңшаларды уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімнің қолданылуы:

1) шешім қайтарып алынған кезде;

2) уақытша сақтау орнының иесі болып табылатын тұлға таратылған не қайта үйымдастырылған кезде тоқтатылады.

2. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңшаларды уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімнің қолданылуын тоқтату туралы шешім мұндай тоқтатудың себептері көрсетіле отырып, кеден органы басшысының бүйрекімен ресімделеді.

3. Уақытша сақтау орнының иесі болып табылатын тұлға таратылған не қайта үйымдастырылған кезде, арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңшаларды уақытша сақтау орны деп тану туралы шешім күнтізбелік он бес күн ішінде кеден органына қайтарылуға тиіс.

4. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңшаларды уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімнің қолданылуы тоқтатылған кезде, ондағы сақтаулы тауарлар лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылданған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде уақытша сақтау қоймасына ауыстырылуға тиіс.

101-бап. Уақытша сақтау қоймаларының түрлері

1. Тауарларды уақытша сақтау рәсімдерін жүзеге асыруға арналып арнайы белгіленген және жайластырылған үй-жай, аумақ немесе орын уақытша сақтау қоймасы деп танылады.

2. Уақытша сақтау қоймалары, осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кез келген тауарларды уақытша сақтау рәсімдерін жүзеге асыру және кез келген тұлғалар пайдалану үшін қолжетімді ашық түрдегі қоймалар болып табылады.

3. Кеден органдары құратын уақытша сақтау қоймалары ашық түрдегі қоймалар болып табылады.

4. Жабық түрдегі уақытша сақтау қоймалары белгілі бір тауарларды немесе

белгілі бір тұлғалардың тауарларын сақтауға арналған. Жабық түрдегі уақытша сақтау қоймаларын айналымы шектелген және сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін ерекше тауарларды өкелуді жүзеге асыратын тұлғалар құрады не жабық түрдегі қойманы құру сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың немесе көлік ұйымдарының қажеттеріне сай келген кезде құрылады.

102-бап. Уақытша сақтау қоймасы иесінің міндеттері

Уақытша сақтау қоймасының иесі:

1) осы Кодекстің 104-бабында белгіленген талаптарға сәйкес қойманы кедендей бақылауды қамтамасыз етуге қажетті тиісінше түрғыда жайластыруға;

2) кеден органының жұмыс уақытынан тыс кезде келген тауарлар мен көлік құралдарын қоймада не қоймаға жапсарлас, кедендей бақылау аймағы болып табылатын аумақта орналастыруды қамтамасыз етуге;

3) уақытша сақтау қоймасындағы не оған жапсарлас, кедендей бақылау аймағы болып табылатын аумақтағы тауарлардың және көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз етуге;

4) кедендей бақылаудың жүзеге асырылуына жәрдемдесуге және кедендей бақылау үшін қажетті жүк операцияларын тауарлар мен көлік құралдары уақытша сақтауға орналастырылған кезден бастап жұмыс күні ішінде аяқтауды қамтамасыз етуге;

5) уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен уақытша сақтау қоймасына келіп түскен, сақтаулы және одан әкетілген тауарлар мен көлік құралдары туралы есеп жүргізуға (оның ішінде бақылау мен есепке алушының автоматтандырылған нысандарын пайдалану арқылы) және ол туралы есептілікті кеден органына табыс етуге;

6) қойма қызметкерлері болып табылмайтын және тауарларға қатысты өкілдіктері жоқ бөгде адамдардың сақтаудағы тауарлар мен көлік құралдарына кеден органдарының рұқсатынсыз қолжетімділігін болдырмауға;

7) уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензияның шарттарын сақтауға және кеден органдары лауазымды адамдарының сақтаудағы тауарлар мен көлік құралдарына қолжетімділігін қамтамасыз етуді және бұл адамдарға кедендей бақылау мен кедендей ресімдеуді жүзеге асыру үшін үй-жайларды, уақытша сақтау қоймасындағы жабдықтар мен байланыс құралдарын Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен беруді қоса алғанда, кеден органдарының талаптарын орындауға;

8) сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін тауарларды сақтау жағдайында тауарларды сақтаудың арнаулы талаптарын орындауды қамтамасыз етуге;

9) осы Кодекстің 92-бабында көзделген қоймадағы тауарлармен операцияларды жүзеге асырудың мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

10) тауарлар жоғалған не кеден органдының рұқсатынсыз басқа тұлғаларға берілген жағдайда кедендік төлемдерді және салықтарды төлеуге;

10-1) оларға қатысты кедендік ресімдеу аяқталған тауарларды тауарлар шығарылғаннан кейінгі келесі жұмыс күні аяқталуынан кешіктірілмеген мерзімде әкетуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға;

11) уақытша сақтау қоймасының қызметін тоқтату рәсіміне байланысты барлық шығыстарды көтеруге міндettі.

Ескерту. 102-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

103-бап. Уақытша сақтау қоймасын құруға берілетін лицензия

1. Уақытша сақтау қоймаларын уәкілетті орган берген лицензияны алғаннан кейін қазақстандық тұлғалар құра алады.

2. Егер уақытша сақтау қоймасын кеден органдары құратын болса, аталған лицензияны алу талап етілмейді.

3. Лицензиялауға байланысты және осы тарауда аталмаған қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы зандарымен реттеледі.

4. Уақытша сақтау қоймасын құруға берілетін лицензияны басқа тұлғага беруге болмайды.

5. Уәкілетті орган жұмыс істеп тұрған уақытша сақтау қоймалары туралы ақпаратты, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жариялады тұруды қамтамасыз етеді.

104-бап. Уақытша сақтау қоймасын құру кезінде қойылатын біліктілік талаптары

Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған үй-жай немесе орын мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс: V032319

1) қойма иесінің меншігінде болуы не оны ол үш жылдан кем емес мерзімге жалага алызы;

2) жапсарлас түсіру аландарын (олардың орналасқан жері бір мекен-жай бойынша біртұтас аумақта болған жағдайда бір немесе бірнеше қоймалық үй-жайлар мен аландарды) қоса алғанда, уақытша сақтау қоймасының аумағы бүкіл периметрі бойынша белгіленген және қоршалған болуға және оларда көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін қатты жабылғы болуға тиіс. Қойма аумағының қоршауы, қойма тауарлардың сақталуын қамтамасыз ететін іргелі ғимараттың (құрылыштың) ішінде орналасатын жағдайларды қоспағанда, темірбетоннан, бетоннан, кірпіштен, металқұрылымнан не аталған материалдарды араластырып жасалған тұтас құрылыш болуға және оның биіктігі кемінде 2,2 метр болуға тиіс;

3) қойманың аумағында қойманың бөлігі болып табылмайтын үйлер (

құрылыстар) мен ғимараттар болмауға тиіс;

4) техникалық жарамды кірме жолдары, сондай-ақ жабық тексеру аландары
б о л у ғ а ;

5) өрт қауіпсіздігі талаптарына, санитарлық-эпидемиологиялық және
техникалық нормаларға сәйкес келуге;

6) қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес қажетті тиегілдіру
т е х н и к а с ы б о л у ғ а ;

7) уақытша сақтауға қойылған тауарлар мен көлік құралдарының сипатына
сәйкес келетін сертификатталған таразы қондырылары;

8) келіп түсетін, сакталатын, әкетілетін тауарлардың автоматтандырылған
есепке алынуын жүргізу үшін осы Кодекстің 424-бабының 6-тармағына сәйкес
кеден органдары пайдаланатын бағдарламалық өнімдермен үйлесімді
бағдарламалық өнімдерді орнату және міндепті түрде пайдалану үшін
компьютерлік құрал-жабдық болуға тиіс.

**Ескерту. 104-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26
. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін
қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**105-бап. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған
лицензияны алуға қажетті құжаттар**

1. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензияны алу үшін:

- 1) белгіленген нысан бойынша лицензия беру туралы өтініш;
- 2) тіркеу құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелері;

3) уақытша сақтау қоймасы ретінде мәлімделетін үй-жайлар мен аумақтардың
ж о с п а р л а р ы , с ы з б а л а р ы ;

4) тиісті уәкілдегі мемлекеттік органдар берген өрт қауіпсіздігі талаптарына,
санитарлық және техникалық нормаларға сәйкес келуін растайтын құжаттар;

5) лицензияны бергені үшін алым төленгендігін растайтын құжаттар;

6) тиісті үй-жайларға немесе орындарға қатысты меншік немесе пайдалану
құқығын растайтын құжаттар;

7) осы Кодекстің 104-бабының 7) және 8) тармақшаларымен белгіленген
біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар;

8) жабық түрдегі уақытша сақтау қоймасын құру жағдайында тауарларды
сақтауды жүзеге асыратын тұлғалардың тізімі табыс етілуі қажет.

2. Осы бапта белгіленген өтініш пен құжаттарда көрсетілген мәліметтер
өзгерген жағдайда уақытша сақтау қоймасының іесі уәкілдегі органды тиісті
өзгерістер туралы өзгерістер енгізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен
к е ш і к т і р м е й х а б а р д а р е т е д і .

3. Уақытша сақтау қоймалары олардың жұмыс істеп тұрған мерзімі ішінде
белгіленген талаптарға сай болуға тиіс.

106-бап. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтата тұру

1. Уақытша сақтау қоймасының иесі осы Кодексте белгіленген талаптар мен міндеттерді сақтамаған жағдайда, лицензиясының қолданылуы сот шешімі бойынша тоқтатыла тұратын шағын бизнес субъектілерін қоспағанда, лицензияның қолданылуы уәкілетті органның шешімі бойынша, тоқтата тұру себептері көрсетіле отырып, алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімді мұндай шешімді негіздей отырып, уәкілетті органның басшысы бұйрық нысанында қабылдайды.

3. Лицензияның қолданылуы тиісті бұйрықта көрсетілген күннен бастап тоқтатыла тұрады. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру кезінде тауарларды уақытша сақтау қоймасына қоюға рұқсат етілмейді. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұрганға дейін уақытша сақтау қоймасына қойылған тауарлар кеден органының қызмет аймағындағы өзге уақытша сақтау орындарына орналастырылуға кедендік режиммен орналастырылуға не тиісті кедендердің жаңғыртады.

4. Лицензияның қолданылуы оның тоқтата тұру себептері жойылғаннан кейін , уәкілетті орган лицензияның қолданылуын жаңғырту туралы шешім қабылдаған күннен бастап жаңғыртады .

Ескерту. 106-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

107-бап. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензиядан айыру

Лицензиядан айыру үшін:

- 1) көрінеу дұрыс емес мәліметтер беру;
- 2) лицензиаттың лицензиядағы талаптарды орындауы;
- 3) лицензияның қолданылуы бұрын тоқтатыла тұрған себептердің жойылмасуы ;
- 4) соттың лицензиатқа уақытша сақтау қоймасы қызметтерін көрсету жөніндегі қызметпен айналысуға тыйым салуы негіз болып табылады.

Ескерту. 107-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 222 (жарияланған күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

108-бап. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату

1. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензия:

- 1) лицензиядан айырылған ;
- 2) занды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;

3) уәкілетті органға уақытша сақтау қоймасы иесінің жазбаша мәлімдеме беруі арқылы уақытша сақтау қоймасының қызметтерін көрсету жөніндегі қызмет тоқтатылған жағдайларда уәкілетті органның шешімі бойынша өзінің
қ о л д а н ы л у ы н т о қ т а т а д ы .

2. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешім мүндай шешімнің себептері көрсетіле отырып, уәкілетті орган басшысының бұйрығымен ресімделеді.

3. Уақытша сақтау қоймасының қызметтерін көрсету жөніндегі қызмет тоқтатылған, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған кезде уақытша сақтау қоймасының иесі күнтізбелік он бес күн ішінде лицензияны уәкілетті органға қайтаруға міндетті.

4. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда онда сақталып тұрған тауарлар лицензияның қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде басқа уақытша сақтау қоймасына ауыстырылуға тиіс.

Ескерту. 107-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12 . N 222 (жарияланған күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

109-бап. Кеден органдарының уақытша сақтау қоймаларын құру ерекшеліктері

1. Кеден органдары уақытша сақтау қоймасын осы Кодекстің 104-бабында көзделген талаптар орындалған жағдайда лицензия алмай-ақ уәкілетті орган шешімінің негізінде құрады .

2. Кеден органдары құрған уақытша сақтау қоймаларында тауарларды сақтау үшін осы Кодекстің 296-бабына сәйкес кедендік алым алынады.

3. Уақытша сақтау қоймасын құрған кеден органдары тауарлар мен көлік құралдарының есебін жүргізеді .

4. Уақытша сақтау қоймасын құрған кеден органдары қойманың құрылымына, сақталатын тауарлардың, көлік құралдарының түрлеріне, қойманың өткізу қабілетіне және сол қойманың жұмыс істеуіне әсер ететін басқа да факторларға байланысты қойманы пайдаланудың регламентін әзірлейді және бекітеді.

Р е г л а м е н т т е :

1) уақытша сақтау қоймасының жұмыс режимі;

2) уақытша сақтау қоймасындағы тауарлар мен көлік құралдарын орналастыру мен берудің мерзімдері, сондай-ақ оларды есепке алу тәртібі;

3) тауарларды уақытша сақтау қоймасында сақтау үшін алынатын кедендік алымның мөлшері, сондай-ақ мүндай қоймаларға орналастырылатын тауарларды тиесу , түсірү бағалары ;

4) жекелеген санаттағы тауарларды сақтаудың ерекше шарттары;

5) уақытша сақтау қоймасының жұмыс істеуіне байланысты басқа да талаптар мен шарттар көрсетілуге тиіс.

5. Уақытша сақтау қоймасын пайдалану регламенті кеден органдары орналасқан жерлерде және қойманың үй-жайларында жалпы жүрттың танысусы үшін қойылады.

110-бап. Уақытша сақтау қоймасы иесінің тауарларды уақытша сақтау қоймасына орналастыруши тұлғалармен өзара қарым-қатынасы

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, уақытша сақтау қоймасы иесінің тауарларды уақытша сақтау қоймасына орналастыруши тұлғалармен өзара қарым-қатынасы шарт негізінде жасалады.

Тауар және көлік құралы кеден ісі саласындағы қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заттай дәлелдемелер болып табылған жағдайда, уақытша сақтау қоймасындағы жүкті ұстауды, есепке қоюды, орналастыруды жүзеге асырған орган қойманың иесімен шарт жасасады.

2. Тауарларды кеден органдары құрған уақытша сақтау қоймаларында сақтау кезінде кеден органдарының тауарларды қоймаға орналастыруши тұлғалармен өзара қарым-қатынасы осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

Кеден органдарының тауарларды сақтауға қабылдауы тауарларды қоймаға орналастыруши тұлғаға уәкілетті орган айқындайтын нысан бойынша құжат берумен **куәландылады**.

Ескерту. 110-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

111-бап. Уақытша сақтау қоймаларындағы, өзге де уақытша сақтау орындарындағы тауарларға қатысты кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу жөніндегі жауаптылық

1. Уақытша сақтау қоймасында сақтаудағы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу жөнінде, олар жоғалған не кеден органының рұқсатынсыз басқа тұлғаларға берілген жағдайда, осындай қойманың иесі жауапты болады.

2. Өзге де уақытша сақтау орындарында сақтаудағы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу жөнінде, олар жоғалған не кеден органының рұқсатынсыз басқа тұлғаларға берілген жағдайда, тауарлардың өзге де уақытша сақтау орындарында сақталуы үшін жауапты тұлға жауапты болады.

14-тарау. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендейк аумағынан тысқары жерлерге әкету кезіндегі кедендейк рәсімдер

112-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендейк аумағынан тысқары жерлерге әкету

1. Тауарлар мен көлік құралдарын әкету - тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендейк аумағынан тысқары жерлерге өткізуге бағытталған іс-әрекеттерді жасау.

2. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендейк аумағынан тысқары жерлерге әкетуге осы Кодекстің 6-бөліміне сәйкес әкетілетін тауарларға қолданылатын мәлімделген кедендейк режимге сәйкес тауарларды шығарғаннан кейін жол беріледі.

3. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендейк аумағынан тысқары жерлерге әкету кезіндегі кедендейк рәсімдер мынадай кедендейк операцияларды қамтиды:

1) тауарларды өткізуши тұлғаның оларды Қазақстан Республикасының кедендейк аумағынан тысқары жерлерге әкету ниеті туралы жөнелтуші кеден органын хабардар ету, ол кеден декларациясын, құжаттар мен мәліметтерді ұсыну жолымен жүзеге асырылады;

2) кедендейк ресімдеуді жүзеге асуру;

3) тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендейк шекарасындағы өткізу пунктіне дейін жеткізу;

4) тасымалдаушының тауарларды, көлік құралдарын және кеден мақсаттары үшін қажетті құжаттарды табыс ету жолымен межелі кеден органын хабардар ету;

5) тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендейк аумағынан тысқары жерлерге нақты әкету.

4. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендейк аумағынан тысқары жерлерге әкетуге тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын Қазақстан Республикасының кедендейк шекарасы арқылы өткізу пункттерінде жол беріледі.

5. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан портта немесе әуежайда аялдамастан Қазақстан Республикасының кедендейк шекарасын кесіп өтетін теңіз және әуе кемелерімен тасымалданатын тауарларға қолданылмайды.

6. Тауарларды құбыр тасымалымен және электр желілері бойынша Қазақстан

Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкету кезінде кедендік операциялар жасаудың тәртібін уәкілетті орган айқындаиды .

113-бап. Құжаттар мен мәліметтерді табыс ету

1. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкету кезінде, тауарды өткізуші тұлға, жөнелтуші кеден органына мәлімделген кедендік режимге сәйкес өздері өткізетін тауарлар мен көлік құралдарын бірдейлендіру үшін қажетті осы Кодекстің 383-бабында көзделген құжаттар мен мәліметтерді табыс етуге міндетті.

2. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкету кезінде жүктің кедендік декларациясы тауарларды жеткізуін бақылау құжаты болып табылады, оған тауарлар мен көлік құралдарын жеткізетін жер мен жеткізу мерзімін көрсетіп тиісті мөртаңба қойылады. Мерзімі осы Кодекстің 79-бабына сәйкес айқындалады.

3. Құжаттарды беру және транзиттік кеден режимімен орналастырылған тауарлар мен көлік құралдарын өткізу осы Кодекстің 12 және 27-тарауларына сәйкес жүзеге асырылады және оларға осы баптың 2-тармағы қолданылмайды.

114-бап. Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетілетін тауарларды көлік құралдарына тиеу

1. Қазақстан Республикасы кедендік аумағының шегінен тысқары жерлерге әкетілетін тауарларды көлік құралына тиеуге, мынадай:

1) кедендік ресімдеу кезінде кеден органы тауарларды табыс етуді талап етпейтін ;

2) тауарларды тиеу жүзеге асырылғаннан кейін ғана олар белгілі бір кедендік режимге мәлімделуі мүмкін болатын;

3) тауарлар транзиттік кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін жағдайларды қоспағанда, тауарларды белгілі бір кедендік режимде орналастырғаннан кейін жол беріледі.

2. Тауарларды көлік құралына тиеу кеден органдарымен келісілген жерлерде, қажет болған жағдайда кеден органы лауазымды тұлғасының қатысуымен кедендік тексеру актісін жасай отырып жүзеге асырылады.

3. Тұлғаның өтініші бойынша кеден органы осы Кодекстің 22-бабына сәйкес бұл органның жұмыс кезінен тыс уақытта тиеуді жүргізуге рұқсат беруге құқылы .

Ескерту. 114-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған қунінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

115-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары

жерлерге әкету кезінде оларға

қойылатын талаптар

1. Тауарларды тасымалдаудың, көлікпен тасудың және сактаудың қалыпты жағдайында тауарлардың табиғи тозуының немесе табиғи кемуінің салдарынан олардың саны мен жай-күйінің өзгеруінен, көлік құралында төгілмей қалатын қалдықтардың болуы салдарынан тауарлар мөлшерінің өзгеруінен, ал құбыр тасымалымен әкетілетін тауарларға қатысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын нормалар мен стандарттарға сәйкес тауарларды тасымалдаудың технологиялық ерекшеліктері мен айрықша сипаттамасы салдарынан тауарлар жай-күйінің өзгеруінен басқа кезде, тауарлар белгілі бір кедендік режимге орналастырылған кездегі мөлшері мен қалпында Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге нақты әкетілуге тиіс.

2. Өткізу пункті арқылы шыққан құн көрсетілетін жеткізуді бақылау құжаттарындағы межелі кеден органы лауазымды тұлғасының жеке нөмірлі мөрімен куәландырылған кедендік мөртаңбалар тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге нақты әкетуді **растау болып табылады.**

3. Межелі кеден органы тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасы кедендік аумағының шегінен тысқары жерлерге әкетілген фактісі туралы бес жұмыс құнінен аспайтын мерзімде жөнелтуші кеден органын хабардар етіп, жеткізуді бақылау құжаттарын жөнелтуші кеден органына береді, бұл оны кедендік бақылаудан шығару үшін негіз болып табылады.

Жөнелтуші кеден органы жеткізуді бақылау құжаттарын алғаннан және кедендік бақылаудан шығарғаннан кейін бір жұмыс құнінен аспайтын мерзімде сыртқы экономикалық қызметке қатысуышыға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан кеден органының белгілері қойылған жүк кеден декларациясының түпнұсқа данасын береді. Лауазымды адамның жеке нөмірін мөрімен куәландырылған аталған дананың көшірмесі кеден органының істерінде Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген

мерзім ішінде сақталады.

4. Егер тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкету жүзеге асырылмаса, онда тауарды өткізуши тұлға не тасымалдаушы, ырық бермес күш әсерінің не аварияның салдарынан болған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес

жаупты болады.

Ескерту. 115-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған құнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-Бөлім. Тауарлардың кедендейк режимдері

15-тарау. Кедендейк режимдерге жататын жалпы ережелер

116-бап. Кедендейк режимдердің түрлері

Қазақстан Республикасының кеден зандарын қолдану мақсатында кедендейк режимдердің мынадай түрлері белгіленеді:

- 1) тауарларды еркін айналыс үшін шығару;
- 2) тауарлардың кері импорты;
- 3) кеден қоймасы;
- 4) бажсыз сауда дүкені;
- 5) тауарларды кедендейк аумақта қайта өндеу;
- 6) тауарларды еркін айналыс үшін қайта өндеу;
- 7) тауарларды кедендейк аумақтан тыс жерлерде қайта өндеу;
- 8) тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу;
- 9) тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкету;
- 10) тауарлардың экспорты;
- 11) тауарлардың кері экспорты;
- 12) тауарлар транзиті;
- 13) тауарларды жою;
- 14) мемлекет пайдасына тауардан бас тарту;
- 15) еркін кеден аймағы;
- 16) еркін қойма;

17) арнайы кедендейк режим.

117-бап. Тауарларды кедендейк режимде мәлімдеу және орналастыру

1. Кеден органы кеден декларациясын тіркеген күн тауарларды белгілі бір кедендейк режимде мәлімдеген күн болып есептеледі.

2. Осы Кодексте белгіленген тәртіппен кеден органының тауарларды шығарған күні тауарларды кедендейк режимде орналастырған күн болып есептеледі.

118-бап. Кедендейк режимнің шарттары мен талаптарын сақтамағандық үшін жауапкершілік

1. Декларант кедендейк режимнің осы Кодексте белгіленген шарттары мен талаптарын сақтамағандығы үшін Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жаупты болады.

Тұлғалар кедендейк режимнің шарттары мен талаптары кедендейк бақылаудағы тауарлардың олар еркін айналысқа шығарылғанға дейін не олар Қазақстан

Республикасының кедендейк аумағынан тыс жерлерге іс-жүзінде әкетілгенге дейін апаттың не ырық бермес құштің әсері салдарынан біржола жоғалуы, зақымдануы немесе жойылуы себепті сақталмайтын, сондай-ақ тауарлардың саны немесе жай-күйі тасымалдаудың, көлікпен тасудың, сақтаудың және пайдаланудың (қолданудың) қалыпты жағдайлары кезінде тауарлардың табиғи тозуының немесе табиғи кемуінің салдарынан өзгерген жағдайларда жауапты болмайды.

2. Тұлғалар Қазақстан Республикасының кедендейк аумағынан тысқары жерлерге қайта өндеу үшін әкетілген тауарларға немесе олардың қайта өнделген өнімдеріне қатысты мынадай мән-жайларда жауаптылықта болмайды:

1) тауарлардың немесе олардың қайта өнделген өнімдерінің апаттың немесе ырық бермес құштің әрекеті салдарынан біржола жоғалуы немесе жойылуы себепті **қ айт ары л мауы**;

2) тауарлардың немесе олардың қайта өнделген өнімдері санының тасымалдаудың, сақтаудың және пайдаланудың (қолданудың) қалыпты жағдайлары кезінде олардың табиғи тозуының немесе табиғи кемуінің салдарынан **өзгеруі**;

3) тауарлардың немесе олардың қайта өнделген өнімдерінің шетел мемлекеті мемлекеттік органдарының немесе лауазымды адамдарының іс-әрекеттері салдарынан **и ел іктен шығуы**.

3. Тауарлардың біржола жоғалуына, бұлінуіне немесе жойылуына, олардың саны мен жай-күйінің өзгеруіне әкеп соқтырған мән-жайларды растау міндеті осы бөлімде айқындалған тұлғаларға жүктеледі. Шет мемлекеттердің аумағында болған мән-жайларды Қазақстан Республикасының шетелдердегі консулдық мекемелері немесе жоғарыда аталған мән-жайлар болған мемлекеттің құзыретті органдары растайды.

16-тaraу. Тауарларды еркін айналыс үшін шығару

119-бап. Тауарларды еркін айналыс үшін шығарудың кедендейк режимін тағайындау

Тауарларды еркін айналыс үшін шығару - Қазақстан Республикасының кедендейк аумағына әкелінетін тауарларды тұрақты пайдалану мен тұтынуға арналған кедендейк режим.

120-бап. Тауарларды еркін айналыс үшін шығарудың кедендейк режиміне тауарларды орналастырудың шарттары

Тауарларды еркін айналыс үшін шығару:

- 1) кедендейк баждар және салықтар төленген;
- 2) тарифтік емес реттеу шаралары сақталған;

- 3) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген басқа да талаптар орындалған;
- 4) кедендей ресімдеу аяқталған жағдайларда жүзеге асырылады.

17-тарау. Тауарлардың кері импорты

121-бап. Тауарлардың кері импортына кедендей режимді тағайындау

Тауарлардың кері импорты - бұрын Қазақстан Республикасының кедендей аумағынан тауарлар экспорттың кедендей режиміне сәйкес әкетілген тауарлар осы Кодекстің 122-бабында белгіленген мерзімдерде, тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай, тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды және экспорттың бақылау саласындағы шараларды қоспағанда, кедендей баждардан және салықтардан босатыла отырып, кері әкелінетін кездегі кедендей режим.

122-бап. Тауарлардың кері импортының кедендей режиміне тауарларды орналастырудың шарттары

1. Тауарлардың кері импортының кедендей режиміне тауарларды орналастыру үшін тауарлардың:

1) Қазақстан Республикасының кедендей аумағынан әкетілуі кезінде қазақстандық тауарлар мәртебесі болуы;

2) әкету сәтінен бастап үш жылдың ішінде тауарлардың кері импортының кедендей режиміне мәлімделуі;

3) тасымалдаудың, сақтаудың немесе пайдаланудың (қолданудың) қалыпты жағдайлары кезінде табиғи тозудың немесе табиғи кемудің салдарынан өзгеруді қоспағанда, олар өзгеріссіз жағдайда болуы;

4) кеден органдары тарапынан бірдейлендірілген болуы тиіс.

2. Тауарларды Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде кәсіпкерлік мақсаттарға пайдалану, сондай-ақ олармен ұсақ жөндеу операцияларын, техникалық қызмет көрсету және тауарларды қалыпты ұсташа үшін қажетті басқа да операцияларды қоса алғанда, олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті операциялар жасау, жөндеуге байланысты операциялар олардың әкетілген сәттегі құнымен салыстырғанда тауарлар құнының өсуіне әкелетін жағдайларды қоспағанда, тауарларды тауарлардың кері импортының кедендей режиміне орналастыруға кедергі келтірмейді. Бұл ретте әкетілген құнгі құн мен әкелінген құнгі құнның арақатынасы тауарлардың кедендей декларациясында көрсетілетін статистикалық құнның негізінде айқындалады.

3. Тауарлар экспорттың кедендей режиміне сәйкес әкетілген, тауарлардың кері импортының кедендей режиміне орналастырылатын тауарлар жағдайының тұрақтылығы, олардың әкетілу фактісі, әкетілген құні құжаттамамен расталуы

т и і с .

4. Тауарлардың көрі импорттының кедендік режиміне тауарларды орналастыруға осы баптың 1-тармағының талаптары сақталған кезде және, егер әкетілген тауарлардың бөлігі ғана көрі әкелінетін жағдайда да жол беріледі.

Ескерту. 122-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

123-бап. Әкетілімдік кедендік баждарды қайтару

1. Тауарлардың көрі импорттың жүзеге асыратын тұлғаға бұрын төленген кедендік баждар, егер әкету кезінде кедендік шекарарадан өткен сэтте тауарларға қатысты олардың ақаулары болса не тұлғаға қатысты емес мән-жайлар бойынша сыртқы экономикалық мәмілелер аяқталмаған жағдайда және осы себептер бойынша тауарлар жеткізушіге не ол атап көрсеткен өзге тұлғаға қайтарылған болса,

м ы н а д а й :

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқық мирасқорлығы жағдайларын қоспағанда, тауарларды әкеткен адамның өзі тауарларды әкелген;

2) тауарларды пайдалану ақауларды немесе тауарларды қайтаруға әкеп соққан өзге де мән-жайларды анықтау үшін қажетті жағдайларды қоспағанда, тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерде пайдаланылмаған және жөндөлмеген;

3) (алып тасталды - 2005.06.20. N 62 Заңымен)

4) тауарлардың әкетілуі кезінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өткен күннен бастап алты айдың ішінде көрі импортталған жағдайлар сақталғанда қайтарылады.

2. Экспортталған тауарлар легінің бір бөлігін тауарлардың көрі иморттының кедендік режиміне орналастыру кезінде, төленген сомалардың қайтарылуы осы бөліктің экспортталған тауарлардың легіне сандық қатынасы бойынша жүргізіледі.

3. Әкетілімдік кедендік баждарды қайтару осы Кодекстің 44-тaraуында белгіленген тәртіппен көрі импорттауды жүзеге асырған тұлғаға жүргізіледі.

Ескерту. 123-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-тарау. Кеден қоймасы

124-бап. Кеден қоймасының кедендік режимін тағайындау

Кеден қоймасы - тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда, әкелінген тауарларды кедендік баждар, салықтар алмай және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай, кеден қоймасы мәртебесі бар арнайы үй-жайларда немесе орындарда кедендік бақылауда сақтауға арналған кедендік режим.

125-бап. Тауарларды кеден қоймасының кедендік режиміне орналастырудың шарттары

1. Кеден қоймасының кедендік режиміне, тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тауарларды қоспағанда, кез келген тауарлар орналастырылуы мүмкін.

2. Басқа тауарларға зиян келтіруі мүмкін немесе сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін тауарлар мұндай тауарларды сақтаудың талаптарына сәйкес жабдықталған кеден қоймаларына орналастырылуы тиіс.

3. Тауарлардың кедендік құны осы Кодекстің 39-тарауында әкелінетін тауарлар үшін белгіленген тәртіппен айқындалады.

Ескерту. 125-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

126-бап. Тауарларды кеден қоймасында сақтаудың мерзімі

1. Тауарларды кеден қоймасында сақтаудың мерзімін тауарларды кеден қоймасына орналастыруши тұлға белгілейді, бірақ ол тауарлар кеден қоймасының кедендік режиміне орналастырылған күннен бастап үш жылдан аспауы керек.

2. Сақтау, тұтыну және сату үшін шектеулі жарамдылық мерзімі бар тауарлар өзге кедендік режимге мәлімделуі және аталған мерзімдер аяқталғанға дейінгі күнтізбелік алпыс күннен кешіктірілмей кеден қоймасынан әкетілуі тиіс.

127-бап. Кеден қоймасында сақталған кезеңде жарамсыз болған, бүлінген немесе зақымданған тауарларды өзге кедендік режимге орналастыру

Кеден қоймасындағы сақталу кезеңінде ырық бермес күштің әсері салдарынан жарамсыз болған, бүлінген немесе зақымданған тауарлар, егер олар жарамсыз, бүлінген немесе зақымданған жағдайларда әкелінгенде болса, декларант таңдаған кедендік режимге орналастырылуға жатады.

128-бап. Кеден қоймасы кедендік режимі күшінің аяқталуы

1. Кеден қоймасының кедендік режимі тауарларды өзге кедендік режимге орналастырумен аяқталады. Кеден қоймасының кедендік режиміне орналастырылған тауарлар өзге кедендік режимге толық немесе ішінара мәлімделіне алады.

Бұл ретте тауардың кедендік құны кеден қоймасының кедендік режимімен орналастырған кезде мәлімделгеннен төмен болмауы тиіс.

2. Тауарлар өзге кедендік режимге орналастырылған сәттен бастап үш тәулік ішінде кеден қоймасынан әкетілуге жатады.

Ескерту. 128-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26

. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

129-бап. Кеден қоймалары және олардың түрлері

1. Кеден қоймасының кедендік режиміне сәйкес тауарларды сақтау үшін арнайы белгіленген және жайластырылған үй-жай немесе орын кеден қоймасы болып танылады.

2. Кеден қоймасы тауарларға қатысты өкілеттіктерді иеленген тұлғаның пайдалануы үшін қолжетімді ашық түрде және қойма иесінің немесе қойма иесі айқындаған жекелеген тұлғалардың тауарларын сақтауға арналған жабық түрде болуы мүмкін. Жабық түрдегі кеден қоймасы оның иесінің өтініші бойынша лицензияға тиісті өзгерістер енгізіле отырып, ашық түрдегі кеден қоймасы болып қайта құралы мүмкін.

3. Кеден органдары құрған кеден қоймалары ашық түрдегі қоймалар болып табылады.

130-бап. Кеден қоймаларының қызметіне қойылатын біліктілік талаптары

1. Кеден қоймасын құруға арналған үй-жай немесе орын мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

1) кеден қоймасы иесінің меншігінде болуы не ол лицензия беруге өтініш берген сәттен бастап кемінде үш жыл мерзімге жалға алынуы;

2) жапсарлас жүк түсіру алаңдарын қоса алғанда (олардың бір мекен-жай бойынша бірыңғай аумақта орналасу шарты жағдайында бір немесе бірнеше қойма үй-жайлары және алаңдары), кеден қоймасының аумағы бүкіл периметрі бойынша белгіленген және қоршалған болуға, көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін қатты жабылғы төселеуі тиіс. Қойма аумағының қоршауы, қойма тауарлардың сақталуын қамтамасыз ететін іргелі ғимараттың (құрылыштың) ішінде орналасқан жағдайларды қоспағанда, темірбетоннан, бетоннан, кірпіштен, металқұрылымнан не аталған материалдарды араластырып жасалған тұтас құрылыш болуға және оның биіктігі 2,2 метрден кем болмауға тиіс;

3) кеден қоймасының аумағында қойманың бөлігі болып табылмайтын үйлер (құрылыштар) мен ғимараттар болмауға;

4) техникалық жарамды кірме жолдары, сондай-ақ жабық тексеру алаңдары болуға;

5) өрт қауіпсіздігі талаптарына, санитарлық және техникалық нормаларға сәйкес келуғе;

6) қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келетін қажетті тиегі-түсіру техникасы болуға;

7) сақтауға орналастырылатын тауарлар мен көлік құралдарының сипатына

сәйкес келетін сертификатталған таразы қондырғылары;

8) келіп түсетін, сақталатын, әкетілетін тауарлардың автоматтандырылған есепке алынуын жүргізу үшін осы Кодекстің 424-бабының 6-тармағына сәйкес кеден органдары пайдаланатын бағдарламалық өнімдермен үйлесімді бағдарламалық өнімдерді орнату және міндettі түрде пайдалану үшін компьютерлік құрал-жабдық болуға тиіс.

2. Кеден қоймалары олардың бүкіл қызмет мерзімі бойы белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес болуы тиіс. V032319

Ескерту. 130-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

131-бап. Кеден қоймасы иесінің міндегтері

Кеден қоймасының иесі:

1) осы Кодекстің 130-бабында белгіленген талаптарға сәйкес қойманы кеден бақылауын қамтамасыз ету үшін қажетті, тиісінше түрғыда жайластыруға;

2) кеден органының жұмыс уақытынан тыс келген тауарлар мен көлік құралдарын қоймада не кедендік бақылау аймағы болып табылатын қоймага жапсарлас аумақта орналастыруды қамтамасыз етуге;

3) кеден қоймасында не кедендік бақылау аймағы болып табылатын оған жапсарлас аумақта орналасқан тауарлар мен көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз етуге;

4) кедендік бақылаудың жүзеге асырылуына жәрдемдесуге;

5) осы Кодекстің 132-бабында белгіленген тәртіппен сақталудағы тауарлар мен олардың айналымы туралы есепті жүргізуге және есептілікті кеден органдарына табыс етуге;

6) бөгде тұлғалардың (қойма қызметкерлері болып табылмайтын және тауарларға қатысты өкілеттіктерді иеленбеген) кеден органдарының рұқсатынсыз сақталудағы тауарлар мен көлік құралдарына қолжетімділігін болдырмауға;

7) кеден қоймасын құруға арналған лицензияның шарттарын сақтауға және кеден органдары лауазымды адамдарының сақталудағы тауарлар мен көлік құралдарына қолжетімділігін қамтамасыз етуді қоса алғанда, кеден органдарының талаптарын орындауға және осы тұлғаларға кедендік бақылау мен кедендік ресімдеуді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен үй-жайларды, кеден қоймасындағы жабдықтарды және байланыс құралдарын беруге;

8) сақтаудың ерекше шарттарын талап ететін тауарларды сақтаған жағдайда, олардың орындалуын қамтамасыз етуге;

9) осы Кодекстің 133-бабының 2-тармағымен көзделген жағдайларда кедендік баждарды және салықтарды төлеуге;

10) кеден қоймасы қызметінің тоқтатылу рәсіміне байланысты барлық шығындарды көтеруге міндettі.

132-бап. Кеден қоймасы арқылы айналысқа түсетін тауарлар туралы есеп пен есептілік

1. Кеден қоймасы арқылы айналысқа түсетін тауарлар кеден қоймасының кедендік режиміне сәйкес есепке алынуға жатады.

2. Тауарлар кеден қоймасына орналастырылған кезде қойманың иесі тауарларды қойманың есеп құжаттарында тіркеуі тиіс, онда мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) тауардың қоймаға орналастырылған күні;
- 2) тауардың атауы;
- 3) орындардың саны мен брутто салмағы (кг);
- 4) тауардың ілеспе құжатының нөмірі;
- 5) жүктің кедендік декларациясының нөмірі және шығарылған күні.

3. Кеден қоймаларының иелері уәкілетті орган белгілеген нысанда және тәртіппен кеден органдарына кеден қоймасында сақталуда жатқан тауарлар туралы есептілікті табыс етуге тиіс. Бұл ретте есепке алу жүйесіне:

- 1) есепке алу кітабы;
- 2) есепке алудың кедендік құжаты кіреді.

Кедендік декларация кедендік есепке алу құжаты болып табылуы мүмкін.

4. Есепке алу кітабы есептің автоматтандырылған жүйесінен тәуелсіз түрде белгіленген нысанға сәйкес жүргізіледі.

5. Кеден органы кеден қоймасындағы тауарлар мен көлік құралдарына түгендегү жүргізу құқылы.

6. Кеден қоймасындағы тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу құжаттары бес жыл сақталады.

133-бап. Кеден қоймасы арқылы айналысқа түсетін тауарларға қатысты кедендік баждарды және салықтарды төлеу жөніндегі жауптылық

1. Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, тауарларды кеден қоймасының кедендік режиміне орналастырған тұлға кеден қоймасы арқылы айналысқа түсетін тауарларға қатысты кедендік баждарды және салықтарды төлеу жөнінде жауптылықта болады.

2. Кеден қоймасының иесі тауарларды жоғалтқан не оларды кеден органының руқсатынсыз берген жағдайда кедендік баждарды және салықтарды төлеу жөнінде жауптылықта болады.

3. Иесі кеден органы болып табылатын кеден қоймасындағы тауарлар жоғалған жағдайда, тауарларды кеден қоймасының кедендік режиміне орналастырған тұлға кедендік баждарды және салықтарды төлеуден босатылады.

134-бап. Кеден қоймасында сақтау кезінде тауарлармен жүргізілетін операциялар

1. Кеден қоймасының кедендік режиміне орналастырылған тауарлармен кеден органының рұқсатымен:

- 1) тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі;
- 2) тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау жөніндегі (ұсақтау, сұрыптау, орау, қайта орау, таңбалалау, оның ішінде акциздік таңбалармен немесе есепке алу-бақылау таңбалармен таңбалалау, тауардың түрін жақсарту жөніндегі операциялар жүргізу);
- 3) сынамалар мен ұлгілерді іріктеп алу жөніндегі операциялар жүргізуі мүмкін.

2. Кеден қоймасында тауарлармен жүргізілетін барлық операциялар бұл тауарлардың Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша жіктеу кодының өзгеруіне байланысты сипатын (сапасын) өзгертуеуі тиіс.

3. Тауарларды бір кеден қоймасынан екіншісіне ауыстыруға осы Кодекстің 12-тарауында белгіленген тәртіпте кедендік бақылау жасаумен жол беріледі. Бұл орайда кеден қоймасы кедендік режимінің қолданылуында үзіліс болмайды және тоқтатыла тұрамайды.

4. Кеден қоймасындағы тауарларды не олардың бір бөлігін осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес жаңа кеден декларациясын беру шартымен иеліктен шығаруға, оларға қатысты иелену, пайдалану және (немесе) билік ету құқықтарын беруге жол беріледі.

Ескерту. 134-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 , 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

135-бап. Кеден қоймасы иесінің тауарларды кеден қоймасына орналастыруши тұлғалармен өзара қарым-қатынасы

1. Кеден қоймасы иесінің тауарларды кеден қоймасына орналастыруши тұлғалармен өзара қарым-қатынасы шарт негізінде құрылады.

2. Тауарларды кеден органы құрылтайшысы болып табылатын кеден қоймасында сақтау үшін осы Кодекстің 296-бабына сәйкес кедендік алым алынады.

3. Кеден органдары құрған кеден қоймаларындағы тауарлар жоғалған жағдайда, кеден органдары Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапты болады.

136-бап. Кеден қоймасын құруға арналған лицензия

1. Кеден қоймасын уәкілетті орган берген лицензияны алғаннан кейін қазақстандық тұлға құрапады.

2. Егер кеден қоймасын үәкілетті органның шешімі негізінде кеден органдары құратын болса, кеден қоймасын құруға арналған лицензияны алу талап етілмейді.

3. Лицензиялауға байланысты және осы тарауда реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарымен реттеледі.

4. Кеден органы жұмыс істеп тұрған кеден қоймалары туралы ақпаратты жариялада тұруды қамтамасыз етеді.

137-бап. Кеден қоймасын құруға арналған лицензияны алу үшін қажетті құжаттар

1. Кеден қоймасын құруға арналған лицензияны алу үшін мынадай құжаттар табыс етілуі қажет:

1) белгіленген нысан бойынша лицензия беру туралы тұлғаның өтініші;

2) тіркеу құжаттарының нотариат қуәландырған көшірмелері;

3) тиісті үәкілетті мемлекеттік органдар берген өрт қауіпсіздігі талаптарына, санитарлық және техникалық нормаларға сәйкестікті растайтын құжаттар;

4) лицензияның берілгені үшін алым төлегендігін растайтын құжаттар;

5) тиісті үй-жайларға немесе орындарға қатысты меншік немесе иелік ету және пайдалану құқығын растайтын құжаттар;

6) кеден қоймасы ретінде мәлімделген үй-жайлар мен аумақтардың жоспарлары, сызбалары;

7) лицензия беру туралы өтініш берген тұлғаның мөрімен расталған қолда бар тиеу-түсіру техникасының және таразы қондырғысының тізбесі;

8) жабық түрдегі кеден қоймасын құру кезінде тауарларды сақтауды жүзеге асыратын тұлғалардың тізімі;

9) (алып тасталды - 2005.06.20. N 62 Заңымен)

2. Өтініште және осы баптың 1-тармағының 5) және 6) тармақшаларында белгіленген құжаттарда көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде лицензиат тиісті өзгерістер туралы өзгерістер енгізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей кеден органын хабардар етеді.

Ескерту. 137-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

138-бап. Кеден қоймасын құруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтата тұру

1. Кеден қоймасының иесі осы Кодексте белгіленген талаптар мен міндеттерді сақтамаған жағдайда, лицензиясының қолданылуы соттың шешімі бойынша тоқтатыла тұратын шағын кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себебі көрсетіле отырып, алты айға дейінгі мерзімге үәкілетті органның шешімі бойынша тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Лицензияның қолданылуы кеден қоймасы иесінің дәлелді өтініші бойынша

т о қ т а т ы л а

тұрұы

мұмкін.

3. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім тоқтатыла тұру себебі көрсетіле отырып, орган басшысының бұйрығымен қабылданады.

4. Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрган кезде тауарларды кеден қоймасына орналастыруға жол берілмейді. Кеден қоймасына лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрганға дейін орналастырылған тауарлар кедендік бақылаумен басқа кеден қоймасына ауыстырылуы не өзге кедендік режимдерге орналастырылуы

тиіс.

5. Лицензияның қолданылуы оның қолданылуын тоқтата тұрудың себептері жойылғаннан кейін лицензияның қолданылуын жаңғырту туралы шешім қабылданған күнінен бастап уәкілетті орган басшысының бұйрығымен жаңғыртылады.

139-бап. Кеден қоймасын құруға арналған лицензиядан айыру

Лицензиядан айыру үшін:

- 1) көрінеу дұрыс емес мәліметтер беру;
- 2) лицензиаттың лицензиядағы талаптарды орындамауы;
- 3) лицензияның қолданылуы бұрын тоқтатыла тұрган себептердің жоғайламауы;
- 4) соттың лицензиатқа кеден қоймасы қызметтерін көрсету жөніндегі қызметпен айналысуға тыйым салуы негіз болып табылады.

Ескерту. 139-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. № 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

140-бап. Кеден қоймасын құруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату

1. Кеден қоймасын құруға арналған лицензия:

- 1) кеден қоймасын құруға арналған лицензиядан айырылған;
- 2) кеден қоймасы иесінің уәкілетті органға жазбаша өтініш беруімен кеден қоймасының қызметтерін көрсету жөніндегі қызметі тоқтатылған;
- 3) кеден қоймасын құруға арналған лицензиясы бар заңды тұлға қайта үйымдастырылған немесе таратылған жағдайларда уәкілетті органның шешімі бойынша өзінің қолданылуын тоқтатады.

2. Кеден қоймасын құруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешім, мұндай тоқтатудың себептері көрсетіле отырып, уәкілетті орган басшысының бұйрығымен ресімделеді.

3. Кеден қоймасының қызметтерін көрсету жөніндегі қызмет тоқтатылған, заңды тұлға қайта үйымдастырылған немесе таратылған кезде кеден қоймасының иесі күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей лицензияны уәкілетті органға

4. Кеден қоймасының қызметін көрсету жөніндегі қызмет тоқтатылған кезде, кеден қоймасының кедендік режиміне орналастырылған тауарлар лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылданғанға дейін осы Кодекстің 12-тарауында белгіленген тәртіпте басқа кеден қоймасына ауыстырылуы мүмкін не осы тауарларға қатысты кеден қоймасы кедендік режимінің қолданылуы лицензияның қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде аяқталуы тиіс.

5. Кеден органы құрған кеден қоймасының алдағы уақытта таратылатыны туралы кеден органы тауарларын сақтауға орналастырган тұлғаларды мұндай таратылуға дейін бір айдан кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

6. Кеден органы құрған кеден қоймасының қызмет көрсету жөніндегі қызметінің тоқтатылуына байланысты тауарларды беру кезінде осы кеден органы тауарларды сақтауға орналастырган тұлғаға нақты сақталған мерзімнің тауарлар сақтауға орналастырылған кезде белгіленген мерзімге қатынасына қарай сақтау үшін төленген кедендік алымдар сомаларының бір бөлігін қайтарып береді.

7. Кеден органы құрған кеден қоймасының қызметтерін көрсету жөніндегі қызметтің тоқтатылуына байланысты тұлғада пайда болған шығыстарды кеден органдары Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес өтейді.

Ескерту. 140-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12 . N 222 (жарияланған күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-тарау. Бажсыз сауда дүкені

141-бап. Бажсыз сауда дүкенінің кедендік режимін тағайындау

Бажсыз сауда дүкені - тауарлардың кейін Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетілуі жағдайында, тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда, тауарлар жеке тұлғаларға кедендік баждар, салықтар алынбай және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмай сатылатын кедендік режим.

142-бап. Тауарларды бажсыз сауда дүкенінің кедендік режиміне орналастырудың талаптары

1. Бажсыз сауда дүкенінің кедендік режиміне Қазақстан Республикасына әкелінуге және Қазақстан Республикасынан әкетілуге тыйым салынған, Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық айналымнан алынған тауарларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген өзге де тауарларды қоспағанда, кез келген тауарлар орналастырылуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының аумағында сатылуы шектелген тауарлар бажсыз сауда дүкенінің кедендік режимінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптар сақталған жағдайда сатылады.

3. Бажсыз сауда дүкенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын тауарлар бажсыз сауда дүкенінің кедендік режиміне орналастыруға жатпайды.

4. Тауарлардың кедендік құны осы Кодекстің 39-тарауында әкелінетін тауарлар үшін белгіленген тәртіппен айқындалады.

Ескерту. 142-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

143-бап. Тауарларды бажсыз сауда дүкенінде сату

1. Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге кететін жеке тұлғаларға тауарларды бажсыз сауда дүкенінде сату, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес, фискалдық жады бар бақылау-касса машиналарын міндettі түрде қолдану арқылы жүзеге асырылады.

2. Бажсыз сауда дүкенінде сатылатын тауарлардың кеден органымен келісілген арнайы таңбасы болуы және сату үшін алдын ала оралуы тиіс.

3. Бажсыз сауда дүкендерінде тауарларды сату Қазақстан Республикасының кедендік аумағында Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде, сондай-ақ халықаралық тасымалдауды орындайтын әуе және теңіз кемелерінің бортында кедендік бақылаумен жүргізіледі.

Ескерту. 143-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

144-бап. Бажсыз сауда дүкеніне түсетін және сатылатын тауарлар туралы есеп пен есептілік

1. Бажсыз сауда дүкенінің кедендік режиміне орналастырылған тауарлар бажсыз сауда дүкені иесінің міндettі есепке алудына жатады.

2. Бажсыз сауда дүкеніне түсетін және сатылатын тауарлардың есебі мен есептілігі нысанын уәкілетті орган белгілейді. Бұл ретте тауарларды есепке алу міндettі түрде:

1) есеп кітабын;

2) кедендік есеп құжатын жүргізу арқылы жүргізіледі.

Жүктің кедендік декларациясы кедендік есеп құжаты болып табылуы мүмкін.

3. Бажсыз сауда дүкенінің иесі осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген есеп кітабынан өзге, есепке алудың басқа, оның ішінде

автоматтандырылған жүйелерін пайдалануға құқылы.

4. Кеден органы бажсыз сауда дүкенінің сауда залдарындағы, қосалқы үй-жайларындағы және қоймасындағы тауарларға түгендеу жүргізуге құқылы.
V032319

145-бап. Бажсыз сауда дүкенінің қызметіне қойылатын біліктілік талаптары

1. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған үй-жай мынадай талаптарға сәйкес
б о л у ы тиіс:

1) ол дүкен иесінің меншігінде болуы не кемінде үш жыл мерзімге жалға
а л ы н у ы к е р е к ;

2) сауда залы жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы жол жүрген кезде әкететін тауарларын кедендік ресімдеуді жүргізу үшін белгіленген орыннан тыс жерде болуы тиіс;

3) өрт қауіпсіздігі талаптарына, санитарлық және техникалық нормаларға сәйкес болуы к е р е к .

2. Бажсыз сауда дүкенінің аумағында сауда операцияларын, сондай-ақ тауарларды сақтауды қамтамасыз ету және тауарларды сатуға әзірлеу (орамасын ашу, ыдысынан босату және басқалары) жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға арналған орындар болуы тиіс.

Осы мақсаттар үшін бажсыз сауда дүкенінің аумағында қоршалған орындар:

1) сауда залы (сауда залдары);

2) бажсыз сауда дүкенінің қоймасы (қоймалары) болуы тиіс.

3. Бажсыз сауда дүкенінің сауда залы және қоймасы тек бажсыз сауда дүкенінің кедендік режимі талаптарына ғана сәйкес пайдаланылуға тиіс. Аталған орындарды өзге мақсаттар үшін пайдалануға жол берілмейді.

146-бап. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған шешім

1. Бажсыз сауда дүкенін қазақстандық тұлға уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша осы орган беретін шешімді алғаннан кейін құрады.

2. Уәкілетті орган жұмыс істеп жатқан бажсыз сауда дүкендері туралы, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдаланып отырып, ақпарат жариялауды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Ескерту. 146-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

147-бап. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған шешімді алу үшін қажетті құжаттар

1. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған шешімді алу үшін мынадай құжаттарды тапсыру қажет:

1) белгіленген нысан бойынша шешім беру туралы тұлғаның өтініші;

- 2) тіркеу құжаттарының нотариат қуәландырған көшірмелері;
- 3) тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар берген өрт қауіпсіздігі талаптарына, санитарлық және техникалық нормаларға сәйкестікті растайтын құжаттар;

4) алып тасталды

5) тиісті үй-жайларға қатысты меншік немесе иелік ету және пайдалану құқығын растайтын құжаттар;

6) бажсыз сауда дүкені ретінде мәлімделген үй-жайлардың жоспарлары, сыйзбалары .

2. Отініште және осы баптың 1-тармағының 5) және 6) тармақшаларында белгіленген құжаттарда көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде, бажсыз сауда дүкенінің иесі тиісті өзгерістер туралы өзгерістер енгізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей кеден органын хабардар етеді.

Ескерту. 147-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12 N 222 (жарияланған күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

148-бап. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған шешімнің қолданылуын тоқтата тұру

1. Бажсыз сауда дүкенінің иесі өз міндеттерін және бажсыз сауда дүкенінің қызметіне қойылатын талаптарды орындамаған жағдайларда, шешімнің қолданылуы уәкілетті органның шешімі бойынша тоқтата тұру себептері көрсетіле отырып, алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Шешімнің қолданылуын тоқтата тұру кезінде бажсыз сауда дүкенінің кедендік режиміне тауарларды орналастыруға жол берілмейді. Шешімнің қолданылуын тоқтата тұруға дейін бажсыз сауда дүкенінің кедендік режиміне орналастырылған тауарлар өзге кедендік режимге орналастырылуға тиіс.

3. Шешімнің қолданылуы оның қолданылуын тоқтата тұрудың себептері жойылғаннан кейін мұндай шешім қабылданған күннен бастап уәкілетті орган басшысының бүйрекімен қайта жаңғыртылады.

Ескерту. 148-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.01.12 N 222 (жарияланған күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

149-бап. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған шешімді қайтарып алу

1. Шешімді уәкілетті орган:

- 1) көрінеу жалған мәліметтер берілген;
- 2) бажсыз сауда дүкенінің иесі шешімдегі талаптарды орындамаған;
- 3) шешімнің қолданылуы бұрын тоқтатыла тұрған себептері жойылмаған;
- 4) сот бажсыз сауда дүкенінің иесіне бажсыз сауда дүкені қызметін көрсету жөніндегі қызметпен айналысуға тыйым салған жағдайларда қайтарып алуы

М Ү М К И Н .

2. Қайтарып алу туралы шешім, мұндай шешім негізделе отырып, уәкілетті орган басшысының бұйрығымен ресімделеді.

3 . а л ы п т а с т а л д ы

4. Шешімді қайтарып алу уәкілетті орган басшысының қайтарып алу туралы бұйрығы қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданылады.

5. Шешім қайтарып алынған жағдайда, бажсыз сауда дүкенінің иесі қайтарып алу туралы шешімді алған күннен бастап қүнтізбелік он бес күннен кешіктірмей шешімді уәкілетті органға қайтаруға міндетті.

6. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған шешімді беру туралы қайталама өтініш оны қайтарып алуға негіз болған себептер жойылған жағдайда, белгіленген тәртіппен қаралуы мүмкін.

Ескерту. 149-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12

. N 222 (жарияланған күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

150-бап. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған шешімнің қолданылуын тоқтату

1. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған шешім:

1) шешім қайтарып алынған;

2) бажсыз сауда дүкенінің қызметі бажсыз сауда дүкені иесінің уәкілетті органға жазбаша өтініш беруімен тоқтатылған;

3) бажсыз сауда дүкенін құруға арналған шешімі бар заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайларда уәкілетті органның шешімі бойынша өзінің қолданылуын тоқтатады.

2. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған шешімнің қолданылуын тоқтату туралы шешім, мұндай тоқтатудың себептері көрсетіле отырып, уәкілетті орган басшысының бұйрығымен ресімделеді.

3. Бажсыз сауда дүкенінің қызметі тоқтатылған, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған кезде бажсыз сауда дүкенінің иесі қүнтізбелік он бес күн ішінде шешімді уәкілетті органға қайтаруға міндетті.

4. Бажсыз сауда дүкенінің қызметі тоқтатылған кезде бажсыз сауда дүкенінің кедендейк режиміне шешімнің қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылданғанға дейін орналастырылған тауарлар, шешімнің қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап қүнтізбелік отыз күн ішінде өзге кедендейк режимге орналастырылуға жатады.

5. Бажсыз сауда дүкенінің иесі бажсыз сауда дүкенінің қызметін тоқтату туралы хабарлама алынған күннен бастап қүнтізбелік үш күннен кешіктірмей кеден органына осы Кодекстің 144-бабына сәйкес тауарлар туралы есептілікті беруге міндетті .

6. Бажсыз сауда дүкенінің қызметі тоқтатылған кезде бажсыз сауда дүкенінің иесі есеп табыс еткеннен кейін кеден органы құнтізбелік жеті құннен кешіктірмей тауарларға түгендеу жүргізеді.

Ескерту. 150-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12 N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

151-бап. Бажсыз сауда дүкені иесінің міндеттері

Бажсыз сауда дүкенінің иесі:

1) бажсыз сауда дүкенінің қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтауға;

2) бажсыз сауда дүкенінің үй-жайында орналасқан тауарлардың сақталуын қамтамасыз етуге;

3) қоймаларда, қосалқы үй-жайларда орналасқан тауарларға бөгде адамдардың қолжетімділігін болдырмауға;

4) сауда залдарына Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге кететін жеке тұлғалардың ғана кіруін қамтамасыз етуге;

5) түсетін және сатылатын тауарлардың осы Кодекстің 144-бабына сәйкес есебін жүргізуге және кеден органдарына олар туралы есептілікті табыс етуге;

6) шетелдік тауарлар жоғалған не олар бажсыз сауда дүкенінде сатудан өзгеше мақсаттарда пайдаланылған жағдайда кедендік баждар және салықтар төлеуге міндетті.

20-тaraу. Тауарларды кедендік аумақта қайта өндіу

152-бап. Тауарларды кедендік аумақта кедендік қайта өндіу режимін тағайындау

1. Тауарларды кедендік аумақта қайта өндіу - тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай және кедендік баждарды және салықтарды алмай, қайта өндіу өнімдерін кейіннен Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерге әкете отырып, Қазақстан Республикасының кедендік аумағында шетелдік тауарларды қайта өндіу үшін пайдалануға арналған кедендік режим.

2. Осы тарауда белгіленген жағдайларда кедендік аумақта тауарларды кедендік қайта өндіу режиміне орналастырылған шетел тауарларын қазақстандық тауарлармен ауыстыруға жол беріледі.

153-бап. Тауарларды кедендік аумақта кедендік қайта өндіу режиміне тауарларды орналастыру

талаптары

1. Тауарларды кедендік аумақта кедендік қайта өндіу режиміне тауарларды орналастыруға:

1) осы Кодекстің 157-бабында белгіленген тәртіппен кедендік аумақта тауарларды қайта өндеудің талаптары туралы тиісті уәкілетті мемлекеттік органның қорытындысы берілген жағдайда жол беріледі. Егер қайта өндеудің мақсаты жөндеу болса, аталған қорытындыны беру талап етілмейді;

2) кедендік режим осы Кодекстің 160-бабына сәйкес қайта өндеу өнімдерін, балама тауарларды әкетумен аяқталатын жағдайды қоспағанда, кеден органдары шетел тауарларын қайта өндеу өнімдерінде бірдейлендірген жағдайда жол беріледі.

2. Егер тауарларды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша кедендік қайта өндеу режиміне орналастыруға тыым салынса, кедендік аумақта тауарларды кедендік қайта өндеу режимін пайдалануға жол берілмейді.

3. Кедендік аумақта тауарларды кедендік қайта өндеу режимін осы Кодекстің 374-бабына сәйкес декларант ретінде болуы мүмкін тұлға мәлімдеуі мүмкін.

4. Шетел тауарларын қайта өндеу жөніндегі операцияларды жүзеге асыру кезінде қазақстандық тауарлар пайдаланыла алады.

154-бап. Қайта өндеу өнімдеріндегі шетел тауарларын бірдейлендіру

1. Әкелінген тауарларды қайта өндеу фактісін белгілеу мақсатында мынадай тәсілдердің бірін пайдалана отырып қайта өндеу өнімдеріндегі әкелінген тауарларды бірдейлендіру жүргізіледі:

1) тиісті уәкілетті мемлекеттік орган берген қорытындыда аталмаған тауарларды өндірістік процесте пайдалануға жол бермеу мақсатында, белгілі бір технологиялық операцияларды орындайтын қойма үй-жайларына, технологиялық желілер участекеріне пломба түрінде кедендік қамтамасыз етуді орнату;

2) декларанттың, қайта өндеушінің немесе кеден органдары лауазымды адамдарының қайта өндеуге арналған шетел және (немесе) қазақстандық бастапқы тауарларға мөрлер, мөртабандар, цифрлық және басқа да таңбаларды қоюы;

3) өндірісте пайдаланылатын шикізат, материалдар және жинақтаушы заттар туралы мәліметтерді қоса алғанда, қайта өндеуге арналған тауарларды сипаттау;

4) қайта өндеуге арналған тауарларды ауқымында суретке түсіру, кескіндеу;

5) тауарлардың алдын ала ірікеп алынған сынамаларын, үлгілерін қайта өндеу өнімдерімен салыстыру;

6) тауарлардағы (двигательдердің, шанақ бөлшектерінің және басқаларының) зауыт нөмірлері түріндегі бар таңбаларды пайдалану.

2 . Е г е р :

1) қайта өндеу үшін өндірістің үздіксіз циклына жататын технологиялық

2) қайта өндеуші Қазақстан Республикасының аумағында қайта өндеудің ұқсас өнімдерін өндіруді болдырмайтын бірегей технологиялық процесті пайдаланса, қайта өндеу өнімдеріндегі тауарларды бірдейлендіру талап етілмейді .

Аталған технологиялық процестердің тізбесін тиісті уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

155-бап. Кедендік аумақтағы тауарларды қайта өндеу жөніндегі операциялар

1. Тауарларды қайта өндеу жөніндегі операциялар:

1) бірдейлендіру қайта өндеудің міндетті шарты болып табылатын кезде, шетел тауарлары қайта өндеу өнімдеріндегі әкелінген тауарларды бірдейлендіруге мүмкіндік беретін қайта өндеу өнімдеріндегі сипаттамаларды сақтай отырып жеке сипатын жоғалтатын, тауарларды қайта өндеуді немесе өндедеу ді ;

2) әкелінген тауарлардың негізгі сипаттамасы сақталатын монтаждау, жинау мен шақтауды қоса алғанда, тауарларды дайындауды;

3) тауарды, оны қалпына келтіруді, құрамдас бөлшектерін ауыстыруды қоса алғанда , жөндеуді ;

4) егер бұл тауарлар қайта өндеу процесінде толық немесе ішінара тұтынылса да, қайта өндеу өнімдерінің өндірісіне жәрдемдесетін немесе оны жеңілдететін тауарларды шикізат ретінде пайдалануды қамтиды. Бұл операция осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген операциялардың біреуімен бір мезгілде орындауы тиіс .

2. Тауарларды қайта өндеу операцияларына:

1) тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі, сатуға және тасымалдауға даярлау жөніндегі операциялар;

2) төл алу, малдарды, құстарды, балықтарды өсіру және бордақылау, сондай-ак шаян тәріздестер мен моллюскілерді өсіру;

3) ағаштар мен өсімдіктер өсіру;

4) пайдалы қазбаларды өндіру;

5) балықты, шаян тәріздестер мен моллюскілерді аулау; 6) аңшылық ;

7) саңырауқұлақтар мен өсімдіктер жинау;

8) ақпаратты, дыбыс- және бейне жазбаларды ақпарат жеткізуші көздердің кез келген түрлеріне көшіру және көбейту;

9) шетел тауарларын технологиялық процесте көмекші құралдар ретінде (жабдық, станоктар, тетіктер және басқаларын) пайдалану жатпайды.

156-бап. Тауарларды кедендік аумақта қайта өндеудің мерзімдері

1. Тауарларды кедендік аумақта қайта өндеу осы баптың 2-тармағына сәйкес белгіленген, бірақ тауарлар кедендік режимге орналастырылған күннен бастап үш жылдан аспайтын мерзімде жүргізіледі.

2. Қайта өндеу мерзімін декларант немесе қайта өндеуді жүзеге асыратын тұлға белгілеуді және ол:

- 1) тауарларды қайта өндеудің өндірістік процесінің ұзақтығын;
- 2) қайта өндеу өнімдерін нақты әкету үшін қажетті уақытты қамтиды.

3. Тауарларды қайта өндеу мерзімін үш жыл шегінде ұлғайту туралы мәселені шешу үшін декларант бақылауды жүзеге асыруши кеден органына қайта өндеу мерзімінің аяқталуына дейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей, тиісті уәкілетті мемлекеттік органның қайта өндеу мерзімін ұлғайтудың орындылығы туралы қорытындысын қоса тіркеп, осында ұзартудың қажеттілігі туралы өтініш береді.

4. Қайта өндеу мерзімін ұлғайту туралы өтінішті қарау мерзімі өтінішті алған күннен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

5. Егер мерзімді мұндай ұзартуды тиісті уәкілетті мемлекеттік орган орынсыз деп таныған жағдайда, сондай-ақ декларант кедендік ережелерді бұзған жағдайда, қайта өндеудің мерзімін ұлғайтудан бас тартылуы мүмкін.

6. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағында қайта өндеу мерзімін ұлғайту туралы кеден органының шешімі өтініш берушінің назарына жазбаша нысандада жеткізіледі.

7. Қайта өндеу мерзімін ұзартудан бас тартылған жағдайда кедендік аумақта кедендік қайта өндеу режиміне орналастырылған тауарлар өзге кедендік режимге мәлімделу ге жатады.

Ескерту. 156-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

157-бап. Тиісті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды кедендік аумақта қайта өндеу талаптары туралы қорытындысы

Тиісті уәкілетті мемлекеттік органның кеден аумағындағы тауарларды қайта өндеу талаптары туралы қорытындысында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) тауарлар мен қайта өндеу өнімдерінің Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес атаяу, жіктемесі, олардың саны және құны;

2) шарттардың (келісім шарттардың) және олардың негізінде тауардың өндеу жүргізілетін басқа да құжаттардың күні мен нөмірі, өндеудің өндірістік процесінің мерзімі;

3) қайта өндеу өнімдерінің шығарылу нормасы;

- 4) қайта өндеудің сипаты;
- 5) бірдейлендіру тәсілдері;
- 6) қайта өндеуді жүзеге асыратын декларант пен тұлға туралы мәліметтер;
- 7) қалдықтар мен артық қалдықтарды пайдалану мүмкіндігі.

Әкету кезінде тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын және (немесе) кеден баждары өндіріп алынатын қазақстандық тауарлар пайдаланылған жағдайда тауарларды кедендік аумақта қайта өндеудің талаптары туралы тиісті уәкілетті мемлекеттік органның қорытындысында олардың Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес атаулары, тауарлардың жіктемесі, саны және құны көрсетілуі тиіс.

Кедендік аумақта тауарларды қайта өндеу талаптары туралы қорытындының нысанын тиісті уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді .

Ескерту. 157-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

158-бап. Кедендік аумақта тауарларды қайта өндеу өнімдерінің шығарылу нормасы

1. Қайта өндеу өнімдерінің шығарылу нормасы деп қайта өндеу процесінде абсолюттік мәнде немесе проценттік қатынаста пайдаланылатын тауарлар санының бір бірлігінен өндірістік процеске сәйкес алынатын қайта өндеу өнімдерінің саны түсініледі .

2. Қазақстан Республикасының кедендік аумағында әкелінген тауарларды қайта өндеу нәтижесінде пайда болған қайта өндеу өнімдерінің шығарылу нормасын тиісті уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

159-бап. Тауарларды кедендік аумақта қайта өндеу нәтижесінде алынған қалдықтар мен артық қалдықтар

Өнделмей әкелінген шетелдік тауарлардың қалдықтары мен қайта өндеу нәтижесінде пайда болған артық қалдықтар, аталған қалдықтар мен артық қалдықтар оларды одан әрі пайдалануға жарамсыз қүйде өнделген жағдайды қоспағанда, өзге кедендік режимге орналастыруға жатады.

160-бап. Балама тауарлар

1. Кедендік аумақта кедендік қайта өндеу режиміне орналастырылған шетел тауарларын тұлғаның жазбаша өтініші бойынша балама тауарлармен ауыстыруға жол беріледі .

2. Өзінің сипаты, сапасы және техникалық сипаттамалары бойынша шетел тауарларымен сәйкес келетін қазақстандық тауарлар балама тауарлар ретінде түсініледі .

3. Балама тауарларды қайта өндеу нәтижесінде алынған өнімдер осы тараудың ережелеріне сәйкес шетел тауарларын қайта өндеу өнімдері ретінде қаралады.

4. Балама тауарлар - шетел тауарларының мәртебесін, ал оларды ауыстырған тауарлар - қазақстандық тауарлар мәртебесін алады.

Ескерту. 160-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

161-бап. Кедендік аумақта тауарларды қайта өндеу кезіндегі кедендік бақылау ерекшеліктері

1. Кедендік аумақта тауарларды қайта өндеудің кедендік режимін қолдануға кедендік бақылауды өзінің қызмет аймағында тауарларды қайта өндеу жүзеге асырылатын кеден органы жүзеге асырады.

2. Кедендік аумақта тауарларды қайта өндеудің кедендік режиміне тауарларды орналастырған тұлға қайта өндеу мерзімі аяқталған күннен бастап құнтізбелік жиырма күн ішінде кеден органына кедендік аумақта тауарларды қайта өндеудің кедендік режимін пайдаланғандығы туралы толық есеп беруге міндетті. Есеп беру нысанын уәкілетті орган белгілейді .

3. Қайта өндеу өнімдерін дайындау кезіндегі өндірістік процесс нәтижесінде құралатын өндірістік шығындар кедендік ресімдеуге жатпайды.

162-бап. Қайта өндеу өнімдеріне кедендік баждарды, салықтарды және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану

Шетел тауарларының қайта өндеу өнімдері әкетілімдік кеден баждарынан босатылады. Аталған өнімдерге тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмайды.

Қайта өндеу өнімдерін еркін айналыс үшін шығарудың кедендік режиміне орналастырған жағдайда, кедендік баждар және салықтар, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шаралары қайта өндеу өнімдеріне қолданылады.

Бұл ретте тауарды қайта өндеу өнімдерінің кедендік құны қайта өндеу үшін әкелінген тауардың құны ретінде айқындалады.

Ескерту. 162-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

163-бап. Кедендік аумақта тауарларды кедендік қайта өндеу режимін аяқтау

1. Осы Кодекстің 156-бабына сәйкес белгіленген кедендік аумақта қайта өндеу мерзімінің аяқталу күнінен кешіктірілмей, қайта өндеу өнімдері Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетілуі немесе өзге

кедендейк режимге мәлімделуі тиіс.

2. Қазақстан Республикасының кедендейк аумақынан тысқары жерлерге әкетілетін қайта өндеу өнімдерін кедендейк ресімдеу уәкілдегі орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Егер қайта өндеу өнімдері кедендейк аумақтан тысқары жерлерге бірнеше лекпен әкетілсе, қайта өндеу өнімдері санының сәйкестігін түпкілікті салыстыра тексеру қайта өндеу өнімдерін әкетуден кейін мезгіл-мезгіл, бірақ үш айда бір реттен жиі емес және тауарлардың соңғы легін әкеткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жүргізілуі мүмкін.

4. Кедендейк аумақта тауарларды қайта өндеудің кедендейк режимінде мәлімделген шетелдік тауарлар, оның ішінде оларды қайта өндеу өнімдері осы режимнің талаптарын сақтау шартымен өзге кедендейк режимге орналастырылуы мүмкін. Кедендейк аумақта тауарларды кедендейк қайта өндеу режимінің қолданылуы осы Кодекске сәйкес аталған кедендейк режимнің қолданылу мерзіміне аяқталады.

21-тaraу. Тауарларды еркін айналыс үшін қайта өндеу

164-бап. Тауарларды еркін айналыс үшін қайта өндеудің кедендейк режимін тағайындау

Тауарларды еркін айналыс үшін қайта өндеу - қайта өндеу өнімдерін тауарларды еркін айналыс үшін шығарудың кедендейк режиміне кейіннен орналастыра отырып, кедендейк баждар, салықтар алынбастан және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмай, кедендейк бақылаумен кедендейк аумақта шетел тауарлары қайта өндеу жөніндегі операцияларға ұшырайтын кедендейк режим.

165-бап. Тауарларды еркін айналыс үшін қайта өндеудің кедендейк режиміне тауарларды орналастыру талаптары

1. Тауарларды еркін айналыс үшін қайта өндеудің кедендейк режиміне тауарларды орналастыруға:

1) тауарларды еркін айналыс үшін қайта өндеудің талаптары туралы осы Кодекстің 168-бабында белгіленген тәртіппен тиісті уәкілдегі мемлекеттік орган қорытындысы үсінілған;

2) кеден органдары шетел тауарларының қайта өндеу өнімдерінде бірдейлендірген;

3) кедендейк бақылаудан тыс, тауарлар мен қайта өндеу өнімдерін алып қою мүмкіндігін болдырмауды қамтамасыз етуді, кедендейк бақылауды жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауды, тауарларға кеден органдарының қол-жетімділігін қамтамасыз етуді, тауарларды есепке алу және олармен операцияларды жүргізуі

, сондай-ақ есептілік беруді қоса алғанда, Қазақстан Республикасы кеден заңдарының талаптарын орындау қамтамасыз етілген;

4) қайта өндеу өнімдерін экономикалық тиімді тәсілмен бастапқы жағдайдағы қалпына келтіру мүмкін болмаған;

5) қайта өндеу жөніндегі операцияны тікелей жүзеге асыратын тұлға тауарларды қайта өндеу үшін әкелген жағдайда жол беріледі.

2. Тауарларды еркін айналыс үшін қайта өндеудің кедендік режимін осы Кодекстің 374-бабына сәйкес декларант ретінде өкілдік ете алатын тұлға мәлімдесу мүмкін.

3. Тауарларды еркін айналыс үшін қайта өндеудің кедендік режиміне бұрын өзге кедендік режимдерге орналастырылған шетелдік тауарлар орналастырыла алады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі тауарларды еркін айналыс үшін кедендік қайта өндеу режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлар тізбесін белгілейді.

166-бап. Қайта өндеу өнімдеріндегі шетел тауарларын бірдейлендіру

Шетел тауарларын еркін айналыс үшін қайта өндеу фактісін белгілеу мақсатында осы Кодекстің 154-бабына сәйкес бір немесе бірнеше тәсілді пайдалана отырып, қайта өндеу өнімдеріндегі шетел тауарларын бірдейлендіру жүргізіледі.

167-бап. Тауарларды қайта өндеу жөніндегі операциялар

1. Тауарларды қайта өндеу жөніндегі операциялар:

1) бірдейлендіру қайта өндеудің міндетті шарты болып табылатын жағдайда, қайта өндеу өнімдеріндегі әкелінген тауарларды бірдейлендіруге мүмкіндік беретін қайта өндеу өнімдеріндегі сипаттамаларды сақтай отырып, шетел тауарлары жеке сипатын жоғалтатын тауарларды қайта өндеуді немесе өндеуді;

2) әкелінген тауарлардың негізгі сипаты сақталатын монтаждау, жинау және шақтауды қоса алғанда тауарларды дайындауды;

3) қайта өндеу процесінде бұл тауарлар толық немесе ішінара тұтынылған жағдайларда, қайта өндеу өнімдерінің өндірісіне жәрдемдесетін немесе оны женілдететін тауарларды шикізат ретінде пайдалануды қамтиды.

Аталған операция осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілгендердің біреуімен бір мезгілде орындалуы тиіс.

2. Тауарларды қайта өндеу операцияларына:

1) тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі, сатуға және тасымалдауға даярлау жөніндегі операциялар;

2) төл алу, малдарды, құстарды, балықтарды өсіру және бордақылау, сондай-ақ шаян тәріздестер мен моллюскілерді өсіру;

- 3) ағаштар мен өсімдіктер өсіру;
- 4) пайдалы қазбаларды өндіру;
- 5) балықты, шаян тәріздестер мен моллюскілерді аулау;
- 6) аңшылық;
- 7) саңырауқұлақтар мен өсімдіктер жинау;
- 8) ақпаратты, дыбыс- және бейне жазбаларды ақпарат жеткізуі көздердің кез келген түрлеріне көшіру және көбейту;
- 9) шетел тауарларын технологиялық процесте көмекші құралдар ретінде (жабдық, станоктар, тетіктер және басқаларын) пайдалану жатпайды.

168-бап. Тиісті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды Еркін айналыс үшін қайта өндеу талаптары туралы қорытындысы

Тиісті уәкілетті мемлекеттік органның еркін айналыс үшін қайта өндеу талаптары туралы қорытындысында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) тауарлар мен қайта өндеу өнімдерінің Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес атаяу, жіктемесі, олардың саны және құны;
- 2) қайта өндеу шартының (келісім-шартының) күні мен нөмірі, қайта өндеу мерзімі;
- 3) қайта өндеу өнімдерінің шығарылу нормасы;
- 4) қайта өндеудің сипаты;
- 5) бірдейлендіру тәсілдері;
- 6) қайта өндеуді жүзеге асыратын декларант пен тұлға туралы мәліметтер.

Тауарларды еркін айналыс үшін қайта өндеу талаптары туралы қорытындының нысанын тиісті уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді .

169-бап. Қайта өндеу өнімдерінің шығарылу нормалары

1. Шығарылу нормасы деп абсолюттік мәнде немесе проценттік қатынаста қайта өндеу процесінде пайдаланылатын тауарлар санының бір бірлігінен өндірістік процеске сәйкес алынатын қайта өндеу өнімдерінің саны түсініледі.

2. Тауарларды еркін айналыс үшін қайта өндеу нәтижесінде пайда болған қайта өндеу өнімдерінің шығарылу нормасын тиісті уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

170-бап. Тауарларды еркін айналыс үшін қайта өндеу мерзімі

1. Еркін айналыс үшін тауарларды қайта өндеу осы баптың 2-тармағына сәйкес белгіленетін, бірақ кедендейк режимге тауарларды орналастырған қуннен бастап бір жылдан аспайтын мерзімде жүргізіледі.

2. Қайта өндеу мерзімін декларант немесе қайта өндеуді жүзеге асыратын тұлға бірдейледі және ол :

- 1) тауарларды қайта өндеудің өндірістік процесінің тиісті уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген ұзақтығын;
- 2) еркін айналыс үшін тауарларды шығарудың кедендік режиміне қайта өндеу өнімдерін орналастыруға қажетті уақытты қамтиды.

3. Тауарларды қайта өндеу мерзімін бір жыл шегінде ұлғайту туралы мәселені шешу үшін декларант қайта өндеу мерзімінің аяқталуына дейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей кеден органына растаушы құжаттарды қоса тіркең, мұндай ұзартудың қажеттілігі туралы өтініш береді.

4. Қайта өндеу мерзімін ұлғайту туралы өтінішті қарау мерзімі өтінішті алған күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

5. Еркін айналыс үшін тауарларды қайта өндеу мерзімін ұлғайту туралы кеден органының шешімі өтініш берушінің назарына жазбаша нысанда жеткізіледі.

6. Қайта өндеу мерзімін ұлғайтудан бас тартылған жағдайда еркін айналыс үшін тауарларды қайта өндеудің кедендік режиміне орналастырылған тауарлар езге кедендік режимге мәлімделуге жатады, ал алынған қайта өндеу өнімдері еркін айналыс үшін тауарларды шығарудың кедендік режиміне орналастыруға жатады.

Ескерту. 170-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

171-бап. Қайта өндеу нәтижесінде алынған қалдықтар мен артық қалдықтар

Қайта өнделмеген шетелдік тауарлардың қалдықтары, сондай-ақ қайта өндеу нәтижесінде пайда болған артық қалдықтар, аталған қалдықтар мен артық қалдықтар оларды одан әрі пайдалануға жарамсыз күйінде қайта өнделген жағдайды қоспағанда, осындай қалпында Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінген шетел тауарлары ретінде кедендік бақылауға және кедендік ресімдеуге жатады.

172-бап. Еркін айналыс үшін тауарларды қайта өндеудің кедендік режимін аяқтау

Еркін айналыс үшін тауарларды қайта өндеудің кедендік режимі еркін айналыс үшін тауарларды шығарудың кедендік режиміне қайта өндеу өнімдерін орналастырумен аяқталады. Қайта өндеу өнімдерін еркін айналыс үшін шығару кезінде кедендік баждар және салықтар қайта өндеу өнімдеріне қолданылатын ставкаларды негізге ала отырып есептеледі. Қайта өндеу өнімдерінің құны мен мөлшері оларды еркін айналыс үшін шығарудың кедендік режиміне өтініш берген күнге орай белгіленеді.

Бұл ретте тауарды қайта өндеу өнімдерінің кедендік құны қайта өндеу үшін әкелінген тауардың құны ретінде айқындалады.

Ескерту. 172-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-тарау. Тауарларды кедендік аумақтан тыс қайта өндеу

173-бап. Тауарларды кедендік аумақтан тыс кедендік қайта өндеу режимін тағайындау

Тауарларды кедендік аумақтан тыс қайта өндеу - экспорттық бақылау шараларын қоспағанда, қазақстандық тауарларды тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай, кедендік баждардан және салықтардан толық немесе ішінара босата отырып, Қазақстан Республикасының кедендік аумағында қайта өндеу өнімдерін өндеу және оларды кейіннен әкелу мақсатында Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс әкетуге және пайдалануға арналған кедендік режим.

P 0 8 0 0 7 0

Осы тарауда белгіленген жағдайларда тауарларды кедендік аумақтан тыс кедендік қайта өндеу режиміне орналастырылған қазақстандық тауарлардың қайта өндеу өнімдерін шетелдік тауарлармен ауыстыруға жол беріледі.

174-бап. Кедендік аумақтан тыс кедендік қайта өндеу режиміне тауарларды орналастыру талаптары

1. Кедендік аумақтан тыс кедендік қайта өндеу режиміне тауарларды орналастыруға:

1) кедендік аумақтан тыс қайта өндеу талаптары туралы осы Кодекстің 177-бабында белгіленген тәртіппен тиісті уәкілетті мемлекеттік органның қорытындысы берілген жағдайда жол беріледі. Егер қайта өндеу мақсаты жөндеу болып табылса, аталған қорытындыны беру талап етілмейді;

2) осы Кодекстің 179 және 180-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 181-бабына сәйкес кеден органдарының қайта өндеу өнімдеріндегі қазақстандық тауарларды бірдейлендіргенде;

3) әкетілімдік кеден баждарын төлеу қамтамасыз етілгенде жол беріледі.

2. Кедендік аумақтан тыс қайта өндеудің кедендік режимін осы Кодекстің 374-бабына сәйкес декларант ретінде өкілдік етуге құқылы тұлға мәлімдеуі мүмкін.

3. Кедендік аумақтан тыс тауарларды қайта өндеудің кедендік режимі мұнадай жағдайларда:

1) белгіленген шектеулерді, талаптарды немесе шарттарды сақтау міндеттемесімен ұштасқан кедендік баждардан және (немесе) салықтардан босатыла отырып еркін айналысқа бұрын шығарылған тауарлар үшін - тауарларды жөндеуге әкетуді қоспағанда, осындаш шектеулер, талаптар мен шарттардың қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін;

2) егер тауарлар сатып алу-сату шарты бойынша әкетілсе;
3) осы Кодекстің 179 және 180-баптарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, егер қайта өндеу өнімдері әкетілген тауарларды қайта өндеу нәтижесінде құралғандығын белгілеу мүмкін болмаса, пайдаланылмайды.

Ескерту. 174-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

175-бап. Тауарларды кедендік аумақтан тыс қайта өндеу жөніндегі операциялар

1. Тауарларды қайта өндеу жөніндегі операциялар:

1) бірдейлендіру қайта өндеудің міндетті шарты болып табылатын кезде қайта өндеу өнімдеріндегі әкетілген тауарларды бірдейлендіруге мүмкіндік беретін қазақстандық тауарлар қайта өндеу өнімдеріндегі сипаттамаларды сақтай отырып жеке сипатын жоғалтатын тауарларды қайта өндеуді немесе өндеуді;

2) әкетілген тауарлардың негізгі сипаты сақталатын монтаждау, жинау және шақтауды қоса алғанда, басқа тауарды дайындауды (өндеуді);

3) зақымданған немесе тозған тауарларды қайта өндеу үшін қалпына келтіру немесе ауыстыру жүргізілетін қалпына келтіруді қоса алғанда, тауарды жөндеуді, кінәрат бойынша ақауды жоюды қамтиды.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс тауарларды қайта өндеу жөніндегі жекелеген операцияларға шектеулер белгілеуге құқылы.

176-бап. Тауарларды кедендік аумақтан тыс қайта өндеу мерзімі

1. Тауарларды кедендік аумақтан тыс қайта өндеу осы баптың 2-тармағына сәйкес белгіленетін, бірақ тауарларды кедендік режимге орналастырған күнінен бастап екі жылдан аспайтын мерзімде жүргізіледі.

2. Қайта өндеу мерзімін декларант белгілейді және ол:

1) тауарларды қайта өндеудің тиісті уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген өндірістік процесінің ұзактығын;

2) Қазақстан Республикасының кедендік аумағына қайта өндеу өнімдерін нақты әкелу үшін қажетті уақытты қамтиды.

3. Тауарларды қайта өндеу мерзімін екі жыл шегінде ұлғайту туралы мәселені шешу үшін декларант қайта өндеу мерзімінде аяқталуына дейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей, кеден органына растаушы құжаттарды қоса тіркеп, осындаидан ұзартудың қажеттілігі туралы өтініш береді.

4. Қайта өндеу мерзімін ұлғайту туралы өтінішті қарау мерзімі өтінішті алған күнінен бастап он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

5. Тауарларды қайта өндеу мерзімін ұлғайту туралы кеден органының шешімі

өтініш берушінің назарына жазбаша нысанда жеткізіледі.

6. Қайта өндеу мерзімін ұлғайтудан бас тартылған жағдайда тауарларды кедендей аумақтан тыс кедендей қайта өндеу режиміне орналастырылған тауарлар өзге кедендей режимге мәлімделуге жатады.

Ескерту. 176-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

177-бап. Тиісті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды кедендей аумақтан тыс қайта өндеу талаптары туралы қорытындысы

Тиісті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды кедендей аумақтан тыс қайта өндеу талаптары туралы қорытындысында мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

1) тауарлар мен қайта өндеу өнімдерінің Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес атауы, жіктемесі, олардың саны және құны;

2) қайта өндеуге арналған шарттың (келісім-шарттың) күні мен нөмірі, қайта өндеудің м е р з і м і ;

3) қайта өндеу өнімінің шығарылу нормалары;

4) қайта өндеу сипаты;

5) бірдейлендіру тәсілдері;

6) қайта өндеуді жүзеге асыратын декларант пен тұлға туралы мәліметтер.

Тауарларды кедендей аумақтан тыс қайта өндеу талаптары туралы қорытындының нысанын тиісті уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді.

178-бап. Қайта өнімдерінің шығарылу нормалары

1. Қайта өндеу өнімдерінің шығарылу нормасы деп қайта өндеу процесінде абсолюттік мәнде немесе проценттік қатынаста пайдаланылатын тауарлар санының бір бірлігінен өндірістік процеске сәйкес алынатын қайта өндеу өнімдерінің саны түсініледі.

2. Әкетілген тауарларды Қазақстан Республикасының кедендей аумағынан тыс қайта өндеудің нәтижесінде пайда болған қайта өндеу өнімдерінің шығарылу нормаларын тиісті уәкілетті мемлекеттік орган айқындаиды.

179-бап. Қайта өнімдерін шетел тауарларымен ауыстыру

Егер олар өз сипаты, саны, құны, сапасы мен техникалық сипаттамасы бойынша қайта өндеу өнімдерімен сәйкес келсе, тұлғаның дәлелді сұратуы бойынша уәкілетті органның рұқсатымен қайта өндеу өнімдерін шетел тауарларымен ауыстыруға жол беріледі.

180-бап. Тауарларды кедендей аумақтан тыс қайта өндеудің кедендей режимінде тауарларды

жөндеу кезіндегі қайта өңдеу өнімдерін ауыстыру тәртібі

1. Тауарларды жөндеу кезінде қайта өңдеу өнімдерін ауыстыруға қайта өңдеу өнімдерін ауыстыратын тауарлар кедендік аумақтан тыс тауарларды қайта өңдеудің кедендік режиміне сәйкес жөндеуге арналған тауарларға қатысты алғанда ұқсас немесе біртекті болып табылған жағдайда жол беріледі. Бұл ретте тауарлардың ауыстыратын бөліктері жаңа да, бұрын қолданылған да болуы мүмкін.

2. Мұндай жөндеу алынған өнімге бастапқы өнімнен елеулі айырмашылығы бар сипат беретін болса, тауарларды жөндеу кезінде қайта өңдеу өнімдерін ауыстыруға жол берілмейді.

3. Тауарларды жөндеу кезінде қайта өңдеу өнімдерін ауыстыру үшін шарттың (келісім-шарттың) тиісті ережелері мен тауарларды жөндеуді жүзеге асыратын тұлғаның кепілдік міндеттемелері негіз болып табылады.

181-бап. Қайта өңдеу өнімдеріндегі әкетілген тауарларды бірдейлендіру

1. Әкетілген тауарларды қайта өңдеу фактісін анықтау мақсатында мынадай тәсілдердің біреуін немесе бірнешеуін пайдалана отырып, қайта өңдеу өнімдеріндегі әкетілген тауарларға бірдейлендіру жүргізіледі:

1) өтініш берушінің, қайта өңдеушінің немесе кеден органдары лауазымды адамдарының қайта өңдеуге әкетілетін бастапқы тауарларға мөрлер, мөртабандар, цифрлық және (немесе) өзге де таңбаларды қоюы;

2) қайта өңдеуге арналған тауарларды сипаттау;

3) қайта өңдеуге арналған тауарларды суретке түсіру, ауқымында бейнелеу;

4) тауарлардың алдын ала ірікten алынған сынамаларын, үлгілерін қайта өңдеу өнімдерімен салыстыру;

5) тауарлардағы (двигательдердегі, шанақ бөлшектеріндегі және басқаларындағы) зауыт нөмірлері түріндегі бар таңбаларды пайдалану.

2. Егер қайта өңдеу үшін өндірістің үздіксіз циклына жататын технологиялық процесс пайдаланылса, қайта өңдеу өнімдеріндегі тауарларды бірдейлендіру талап етілмейді.

182-бап. Тауарларды кедендік аумақтан тыс қайта өңдеудің кедендік режимімен орналастыруға тыйым салынатын тауарлар

Қайта өңдеудің нәтижесінде қайта өңдеу өнімдері ретінде алынуы мүмкін:

1) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша тауарлық позицияларда 2203-2206, 2208 болып жіктелетін алкогольдік ішімдіктерді;

2) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша

тауарлық позицияларда 2402 және 2403 болып жіктелетін темекі өнімдерін;

3) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша 42-топта жіктелетін табиғи теріден жасалған бұйымдарды;

4) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша тауарлық позицияларда 7113-7116 болып жіктелетін зергерлік бұйымдарды, алтын және күміс істері шеберлерінің бұйымдарын тауарларды кедендік аумақтан тыс қайта өндеудің кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі тауарларды кедендік аумақтан тыс қайта өндеудің кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынатын тауарлардың қосымша тізбесін белгілеуге құқылы.

183-бап. Кедендік баждарды және салықтарды қолдану

Егер қайта өндеудің мақсаты әкетілген тауарларды кепілді (өтеусіз) жөндеу болса, кедендік баждарды және салықтарды төлеуден толық босату қайта өндеу өнімдеріне қатысты беріледі.

Кедендік баждарды және салықтарды төлеуден ішінara босату әкетілген тауардың өтеулі жөндеуі кезінде немесе қайта өндеу бойынша өзге де операцияларды жүзеге асыру кезінде беріледі.

Есеп-қисап кезінде кедендік баждардың және салықтардың адвалорлық ставкалары қолданылған жағдайда әкелінген қайта өндеу өнімдері бойынша кедендік құнды айқындау үшін негіз ретінде тауарларды қайта өндеу (жөндеу) жөніндегі операциялардың құны алынады.

Кедендік баждардың және салықтардың арнайы ставкаларын қолдану кезінде тауарларды қайта өндеу (жөндеу) жөніндегі операциялардың құнына барабар болатын өлшеу бірліктерінде көрінетін қайта өндеу өнімдерінің мөлшері есеп-қисап үшін негіздеме болып табылады.

Кедендік баждардың және салықтардың сомасы қайта өндеу өнімдеріне қолданылатын кедендік баждардың және салықтардың ставкаларын негізге ала отырып айқындалады.

184-бап. Әкетілімдік кедендік баждарды төлеуді қамтамасыз етудің қолданылуын тоқтату

1. Осы Кодекс ережелері сақталған жағдайда қайта өндеу өнімдерін Қазақстан Республикасының кедендік аумағына экелу кезінде кедендік баждарды және салықтарды қамтамасыз ету өз қолданылуын тоқтатады.

2. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына қайта өндеу өнімдері қайтарылмаған кезде әкетілімдік кедендік баждар белгіленген тәртіппен алынады.

185-бап. Тауарларды кедендік аумақтан тыс қайта өндеу кезіндегі кедендік бақылаудың ерекшеліктері

1. Тауарларды кедендік аумақтан тыс қайта өндеудің кедендік режимін қолдануға кедендік бақылауды кедендік аумақтан тыс қайта өндеу үшін тауарларды әкетудің кедендік ресімдеуін жүзеге асырған кеден органы жүргізеді.

2. Кедендік аумақтан тыс кедендік қайта өндеу режиміне тауарларды орналастырған тұлға қайта өндеу мерзімінің аяқталуынан бастап құнтізбелік жиырма күннің ішінде кеден органына Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс тауарларды қайта өндеудің кедендік режимін қолдану туралы толық есептілікті кедендік жүк декларацияларының көшірмелерімен бірге табыс етуге міндettі. Есептіліктің нысанын уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

186-бап. Қайта өндеу үшін әкетілген тауарларды не қайта өндеу өнімдерін қайтармау

Қайта өндеу үшін әкетілген тауарларды не қайта өндеу өнімдерін белгіленген мерзімдерде қайтармау мынадай жағдайларда:

1) аварияның немесе ырық бермес күш әсерінің салдарынан тауарлар не қайта өндеу өнімдері жойылғанда немесе қайтарымсыз жоғалғанда;

2) тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайларында табиғи тозуга немесе табиғи кемуге байланысты жетіспегендеге;

3) шет мемлекеттің мемлекеттік органдарының немесе лауазымды адамдарының іс-әрекеттері салдарынан иеліктен шыққанда ғана мүмкін болады.

187-бап. Тауарларды кедендік аумақтан тыс қайта өндеудің кедендік режимін аяқтау

1. Қайта өндеу өнімдері осы Кодекстің 176-бабына сәйкес белгіленген тауарларды кедендік аумақтан тыс қайта өндеу мерзімінің аяқталу күнінен кешіктірілмей Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінуге немесе тауарлар экспортының кедендік режиміне орналастырылуға тиіс. Кедендік ресімдеу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

2. Тауарларды кедендік аумақтан тыс қайта өндеудің кедендік режимін өзгертуге тауарларды немесе қайта өндеу өнімдерін кеден органына нақты табыс етпестен жол беріледі.

3. Қайта өнделмеген тауарлардың қалдықтары мен қайта өндеу нәтижесінде пайда болған қоқыстары кері әкетілуге не экспорттың кедендік режиміне орналастырылуға жатады.

Ескерту. 187-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23-тaraу. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу

188-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режимін тағайындау

Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу - шетелдік тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кедендік аумағында, тауарлар қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда, тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан, кедендік әкелу баждарын және салықтарды төлеуден толық немесе ішінана босатыла отырып пайдаланылатын, тауарлар мен көлік құралдары кейіннен Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерге әкетілетін кездегі кедендік режим.

189-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режиміне тауарлар мен көлік құралдарын орналастыру талаптары

1. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режиміне тауарлар мен көлік құралдары:

- 1) тауарлар мен көлік құралдарын бірдейлендіру қамтамасыз етілген;
- 2) уәкілетті орган белгілейтін нысан бойынша тауарлар мен көлік құралдарын белгіленген мерзімдерде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкету туралы міндеттеме берілген;
- 3) осы Кодекстің 191-бабына сәйкес кедендік баждар және салықтар төленген жағдайларда орналастырылады.

2. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режиміне:

1) жекелеген даналарын жарнама және (немесе) көрсету мақсатында уақытша әкелуді қоспағанда, қосалқы бөлшектер мен жинақтаушы заттарды (олар уақытша әкелінген көлік құралдарына арналмаған жағдайда), шығыс материалдарын және үлгілерді, шикізатты, жартылай фабрикаттарды;

2) жекелеген даналарын жарнама және (немесе) көрсету мақсатында уақытша әкелуді қоспағанда, алкоголь, темекі өнімдерін қоса алғанда, тамақ өнімдерін, сусындарды;

3) өндіріс қалдықтарын;

4) Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелуге тыйым салынған тауарларды орналастыруға жол берілмейді.

190-бап. Уақытша әкелінген тауарларды пайдалану және оларға билік ету жөніндегі шектеулер

1. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режимі аяқталғанға дейін Қазақстан Республикасының кедендік аумағында уақытша әкелінген тауарды басқа тұлғаға пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығын беруге не иеліктен шығаруға бұл тұлға кедендік режимді мәлімдеген тұлғаның міндеттемелерін өзіне қабылдаған жағдайда жол беріледі.

1-1. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режимі

аяқталғанға дейін жер қойнауын пайдаланушы уақытша әкелінген тауарды басқа тұлғаға пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығын беруге не иеліктен шығаруға Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығы берілген және (немесе) әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен жер қойнауын пайдалану құқығы аудисқан жағдайда жол беріледі.

2. Уақытша әкелінген тауарлар, тасудың (тасымалдаудың), сақтаудың немесе пайдаланудың (қолданудың) қалыпты жағдайларында табиғи тозу немесе табиғи кему салдарынан өзгеруін қоспағанда, өзгеріссіз қалпында қалуға тиіс. Тауарларды кері әкету кезінде кеден органды оларды бірдейлендіруді қамтамасыз еткен жағдайда, ұсақ жөндеу операцияларын, техникалық қызмет көрсетуді және тауарларды қалыпты жағдайда ұстау үшін қажетті басқа да операцияларды қоса алғанда, олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті операцияларды жасауға ж о л б е р і л е д і .

Ескерту. 190-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

191-бап. Тауарларды уақытша әкелу кезінде кедендік баждарды және салықтарды қолдану

1. Кедендік баждар және салықтар төлеуден толық босатыла отырып уақытша әкелінетін тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген лизинг нысаналары Қазақстан Республикасының қаржы лизингі туралы заңдарының талаптары сақталған жағдайда кедендік баждарды және салықтарды төлеуден т о л ы қ б о с а т ы л а д ы .

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген тізбелерге енгізілмеген тауарларға қатысты кедендік баждарды және салықтарды төлеуден ішінара босату қолданылады. Тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағында болуының әрбір толық және толық емес күнтізбелік айы үшін кедендік баждарды және салықтарды төлеуден ішінара босату кезінде тауарлар еркін айналыс үшін шығарылғандағы төленуге тиіс соманың үш проценті төлеңеді .

4. Ішінара босату кезінде төлеуге жататын кедендік баждардың және салықтардың сомасын есептеу кеден декларациясын тіркеу күніне орайлас келісім-шарт валютасымен жүргізіледі. Кедендік баждардың және салықтардың сомасын төлеу кезеңділігін декларант белгілейді. Бұл ретте кедендік баждар және салықтар сомасын төлеудің нақты мерзімдері бұл соманы төлеудің тиісті кезеңі басталғанға дейін жүргізуға тиіс екендігіне орай белгіленеді.

5. Уақытша әкелінген тауарлар еркін айналыс үшін тауарлар шығарудың кедендік режиміне орналастырылған жағдайда кедендік баждарды және

салықтарды төлеуден ішінара босату кезінде төленген кедендік баждардың және салықтардың сомасы еркін айналыс үшін тауарлар шығарудың кедендік режиміне сәйкес төленуге жататын кедендік баждардың және салықтардың сомасына есепке жатқызылады.

6. Осы Кодекстің 190-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда осы баптың 3-тармағына сәйкес төленген кедендік баждардың және салықтардың сомасын уақытша әкелінген тауарларға қатысты құқықтық мирасқор болып табылатын тұлға төлеген болып саналады.

7. Кедендік баждарды және салықтарды төлеуден ішінара босата отырып, тауарларды уақытша әкелу кезінде алынатын кедендік баждардың және салықтардың жалпы сомасы тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режиміне орналастырған кезде тауарлар еркін айналыс үшін шығарылғандағы төленуге тиіс кедендік баждардың және салықтардың сомасынан аспауға тиіс.

8. Тауарларды өзге кедендік режимдерге орналастырған жағдайда кедендік баждарды және салықтарды төлеуден ішінара босату кезінде төленген кедендік баждардың және салықтардың сомасы қайтарылуға жатпайды.

192-бап. Тауарларды уақытша әкелу мерзімдері

1. Тауарды уақытша әкелу мерзімдерін декларант мұндай әкелудің мақсаттары мен мән-жайларына сәйкес белгілейді, бірақ оны осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарларды уақытша әкелудің кедендік режиміне орналастыру күнінен бастап үш жылдан асуруға болмайды.

Декларанттың жазбаша өтініші бойынша тауарларды уақытша әкелу мерзімдерін кеден органы ұзартуы мүмкін. Декларант тауарларды уақытша әкелу мерзімдерін ұзарту туралы мәселені шешу үшін аталған мерзімдердің аяқталуына дейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей кеден органына растаушы құжаттарын қоса тіркеп, мұндай ұзартудың қажеттілігі туралы өтініш табыс етеді. Тауарларды уақытша әкелу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қарau мерзімі өтініш алынған күннен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Тауарларды уақытша әкелудің мерзімдерін ұзарту кезінде кедендік ресімдеу үшін кедендік алымдар алынбайды, кедендік декларация берілмейді.

Кеден органының уақытша әкелу мерзімін ұзарту туралы шешімі декларантқа жазбаша нысанда беріледі, шешімнің екінші данасы кедендік жүк декларациясымен бірге кеден органында сақталады.

Тауарларды уақытша әкелу мерзімін ұзарту туралы өтініш берген кезде декларант кедендік тексеріп қарau үшін кеден органына осы тауарларды, ал тауарлар кедендік ресімдеуді жүзеге асуған кеден органының қызмет аймағынан тыс жерде болған жағдайда, өздері тұрган қызмет аймағында тауарлардың бар-жоғы және өзгеріссіз қалыпта тұргандығы туралы кеден

органының қорытындысын ұсынуға міндettі.

2. Осы Кодекстің 190-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда уақытша әкелу мерзімі Қазақстан Республикасының кедендей аумағына тауарларды нақты әкелу кезінен бастап есептеледі. Уақытша әкелу мерзімдерін үш жылдан аса уақытқа өзгерту осы баптың 1-тармағының екінші бөлігіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы Кодекстің 191-бабында аталған тізбеге енгізілген лизинг нысаналары үшін тауарларды уақытша әкелу мерзімдері лизинг шартының талаптарына сәйкес белгіленеді. Аталған лизинг нысаналары үшін уақытша әкелу мерзімдерін кеден органдары Қазақстан Республикасының қаржы лизингі туралы заңдарының талаптары сақталған жағдайда лизинг шартына ұсынылып, енгізілген өзгерістер негізінде лизинг нысанасын уақытша әкелген тұлға жүгінген жағдайда өзгереді.

4. Шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің, сондай-ақ бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, олардың қызметкерлерінің ресми және жеке пайдалануы үшін әкелінетін тауарларды олардың Қазақстан Республикасында аккредиттелуінің бүкіл мерзіміне Қазақстан Республикасына уақытша әкелуге жол беріледі.

Ескерту. 192-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

193-бап. Уақытша әкелінген тауарларды кедендей бақылаудың ерекшеліктері

1. Уақытша әкелінген тауарларды кедендей бақылауды уақытша әкелінген тауарлардың кедендей ресімделуін жүргізген кеден органы жүзеге асырады.

2. Уақытша әкелінген тауарларды уақытша әкелінген тауарлардың кедендей ресімделуін жүзеге асырған кеден органы қызметінің аймағынан басқа кеден органы қызметінің аймағына үш айға және одан астам мерзімге өткізу жағдайында тауарды уақытша әкелген тұлға уақытша әкелінген тауарлардың кедендей ресімделуін жүзеге асырған кеден органын басқа кеден органы қызметінің аймағына оны әкету ниеті туралы хабардар етуге тиіс.

Хабарлама тауарлардың межелі орнын және уақытша әкелінген тауарлардың кедендей ресімделуін жүзеге асырған кеден органының қызмет аймағынан тыс жерде орналасу мерзімін көрсете отырып еркін нысанда жазбаша жүргізіледі. Ұқсас хабарлама өз қызметі аймағына уақытша әкелінген тауарлардың өткізілуі жүргізілетін кеден органына беріледі.

3. Тауарлар Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге кері әкетілген жағдайда уақытша әкелінген тауарлардың кедендей ресімделуін жүзеге асырған кеден органының қызмет аймағынан тыс кедендей ресімдеу уақытша әкелінген

тауарларды кедендік бақылауды жүзеге асырған кеден органының уақытша әкелінген тауарларға қатысты кедендік баждар және салықтар бойынша берешегі жоқтығы туралы растауы болған жағдайда жүргізіледі.

Тауарларды кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін және оларды Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге нақты әкеткеннен кейін кедендік ресімдеуді жүзеге асырушы кеден органы уақытша әкелінген тауарлардың кедендік ресімделуін жүзеге асырған кеден органын бұл туралы хабардар етеді.

4. Осы Кодекстің 190-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда жаңа кедендік декларацияны ресімдеуді ресімдеу кезінде қызметі аймағына тауарлар орналасқан кеден органында, уақытша әкелінген тауарларға қатысты құқықтық мирасқор болып табылатын тұлға жүргізеді. Уақытша әкелінген тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге асырған кеден органының уақытша әкелінген тауарларға қатысты кедендік баждар және салықтар бойынша берешегі жоқтығы туралы растауы мұндай ресімдеудің міндетті шарты болып табылады.

Жаңа кедендік декларация уақытша әкелінген тауарды пайдалану және (немесе) оған билік ету не иеліктен шығару құқықтары берілген күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмей беріледі.

Жаңа кедендік декларацияны ресімдеу жүргізілген кеден органы уақытша әкелінген тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге асырған кеден органына оның көшірмесін бақылаудан алып тастау үшін жібереді және одан кейін мұндай бақылауды өз бетімен жүзеге асырады.

Ескерту. 193-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

194-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режимін қолдануды аяқтау және тоқтата түру

1. Декларант белгілеген тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу мерзімінің өтуінен кешіктірмей тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс әкетілуге не осы Кодекске сәйкес өзге кедендік режимге мәлімделуге тиіс. Уақытша әкелінген тауарлар мен көлік құралдарының кері әкетілуі не бір немесе бірнеше лекпен өзге кедендік режимге мәлімделуі мұмкін.

2. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режимі уақытша әкелінген тауарларды әкету жолымен аяқталған жағдайда, уақытша әкелінген тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге нақты әкетілгенін растайтын тауарларды жеткізуді бақылау құжаты мұндай аяқтауды растау болып табылады.

3. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режимі еркін айналыс үшін тауарларды шығарудың кедендік режиміне тауарларды

орналастырумен аяқталуы мүмкін. Бұл ретте кедендік баждардың және салықтардың сомасын есептеу келісім-шарт валютасында жүргізіледі. Еркін айналыс үшін тауарларды шығару кезінде тауарларды уақытша әкелудің кедендік режиміне тауарлар мәлімделген құнгі тауарлардың кедендік құны мен саны, ал кедендік баждардың және салықтардың ставкалары - еркін айналыс үшін тауарларды шығарудың кедендік режимінің талаптарына сәйкес кедендік декларацияны тіркеу күніне қолданылады.

4. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режимінің қолданылуы:

1) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес уақытша әкелінген тауарлар мен көлік құралдарына тыйым салу немесе оларды алып қою кезінде;

2) декларанттың өтініші бойынша уақытша әкелінген тауарларды кеден қоймасының кедендік режимінің шарттарына сәйкес кеден қоймасына орналастыру кезінде тоқтатыла тұрады.

5. Бұрын тауарларды уақытша әкелудің кедендік режиміне орналастырылған тауарларды оларды осы режимге сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік аумағында одан әрі пайдалану мақсатымен кеден қоймасынан шығару кезінде уақытша әкелу мерзімінің өту ағымы жаңартылады.

Бұл ретте кеден қоймасы режимін аяқтау және тауарларды уақытша әкелу мерзімін жаңарту үшін пайдаланылмаған мерзімге жаңа кедендік жүк декларациясы ресімделеді.

Ескерту. 194-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

195-бап. Көлік құралдарын тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режиміне орналастырудың ерекшеліктері

Көлік құралдарын тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режиміне орналастырудың ерекшеліктері, уақытша әкелінген көлік құралдарын пайдалану және оларға билік ету жөніндегі шектеулер, кедендік баждарды қолдану, уақытша әкелудің мерзімдері, көлік құралдарын кедендік бақылау мен кедендік ресімдеудің ерекшеліктері, сондай-ақ кедендік режимді аяқтау осы Кодекстің 33-тaraуында белгіленеді.

196-бап. Уақытша әкелінген тауарлар мен көлік құралдарын әкетпеу

Уақытша әкелінген тауарлар мен көлік құралдарын белгіленген мерзімдерде әкетпеу тауарлар мен көлік құралдары аварияның немесе ырық бермес күш әсерінің салдарынан жойылған немесе қайтарымсыз жоғалған не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының немесе олардың лауазымды

адамдарының заңсыз іс-әрекеттерінің салдарынан иеліктен шыққан жағдайда ғана мүмкін болады. Бұл фактілер бойынша декларант тиісті уәкілетті мемлекеттік орган берген растау құжатын табыс етуге тиіс.

24-тарау. Тауарлар мен көлік құралдарын үақытша әкету

197-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын үақытша әкетудің кедендік режимін тағайындау

Тауарлар мен көлік құралдарын үақытша әкету - қазақстандық тауарлар мен көлік құралдары кедендік әкету баждарын төлеуден толық немесе ішінара босатыла отырып, тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан, Қазақстан Республикасының кедендік аумағына тауарлар мен көлік құралдарын кейіннен әкеле отырып Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан тыс жерлерде пайдаланылатын кедендік режим.

198-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын тауарлар мен көлік құралдарын үақытша әкетудің кедендік режиміне орналастыру жағдайлары

1. Тауарлар мен көлік құралдары тауарлар мен көлік құралдарын үақытша әкетудің кедендік режиміне:

- 1) тауарлар мен көлік құралдарын бірдейлендіру қамтамасыз етілген;
- 2) тауарлар мен көлік құралдарын уәкілетті орган бекітken нысан бойынша қайта әкелу туралы міндеттеме берілген;
- 3) осы Кодекстің 200-бабына сәйкес кедендік баждар төленген жағдайда орналастырылады .

2. Тауарлар мен көлік құралдарын үақытша әкетудің кедендік режиміне:

1) жекелеген даналарын жарнама және (немесе) көрсету мақсатында үақытша әкетуді қоспағанда, қосалқы бөлшектер мен жинақтаушы бұйымдарды (олар үақытша әкетілген көлік құралдарына арналмаған жағдайда), шығыс материалдары мен үлгілерін, шикізатты, жартылай фабрикаттарды;

2) жекелеген даналарын жарнама және (немесе) көрсету мақсатында үақытша әкетуді қоспағанда, алкоголь, темекі өнімдерін қоса алғанда, тамақ өнімдерін, сусындарды ;

3) Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетуге тыйым салынған тауарларды орналастыруға жол берілмейді.

3. Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасының ережелері олардың жай-күйінің өзгермеуін анықтау үшін тиісті уәкілетті мемлекеттік орган

растайтын баламалылықты сақтау өлшемдері қолданылуға тиіс бастапқы және бөлінетін радиоактивті материалдарды уақытша әкету жағдайларына қолданылмайды.

199-бап. Уақытша әкетілген тауарларды пайдалану және оларға билік ету жөніндегі шектеулер

1. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің режимі аяқталғанға дейін басқа тұлғаға уақытша әкетілген тауарларды пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқығын беруге не иеліктен шығаруға бұл тұлға тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимін мәлімдеген тұлғаның міндеттемелерін өзіне қабылдаған жағдайда жол беріледі.

2. Уақытша әкетілген тауарлар тасудың (тасымалдаудың), сақтаудың немесе пайдаланудың (қолданудың) қалыпты жағдайлары кезіндегі табиғи тозу немесе табиғи кему салдарынан болатын өзгерістерді қоспағанда, өзгеріссіз қалпында қалуға тиіс.

200-бап. Тауарларды уақытша әкету кезінде кедендік баждарды қолдану

1. Кедендік баждарды төлеуден толық босатыла отырып уақытша әкетілетін тауарлар санаттарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді .

2. Осы баптың 1-тармағымен көзделмеген тауарлар санаттарына қатысты, сондай-ақ кедендік баждарды төлеуден толық босату жағдайлары сақталмаған кезде кедендік баждарды төлеуден ішінара босату қолданылады. Кедендік баждарды төлеуден ішінара босату кезінде тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерде болуының әрбір толық және толық емес күнтізбелік айы үшін егер тауарлар экспортталар болса төленуге тиіс соманың үш проценті төленеді.

3. Ішінара босату кезінде төлеуге жататын кедендік баждардың сомасын есептеу келісім-шарт валютасында жүргізіледі. Кедендік баждардың сомалары тауарларды тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режиміне орналастырған кезде немесе декларанттың тандауы бойынша кезең-кезеңмен төленеді. Бұл ретте кедендік баждардың сомаларын төлеудің нақты мерзімдері бұл сомаларды төлеу тиісті кезеңнің басталуына дейін жүргізілуге тиіс екендігіне орай

б е л г і л е н е д і .

4. Уақытша әкетілген тауарларды тауарлар экспорттының кедендік режиміне орналастырған жағдайда, кедендік баждар төлеуден ішінара босатылған кезде төленген кедендік баждардың сомасы тауарлар экспорттының кедендік режиміне сәйкес төленуге жататын кедендік баждардың сомасына есепке жатқызылады.

5. Осы Кодекстің 199-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда, осы баптың 3-тармағына сәйкес төленген кедендік баждардың сомаларын уақытша

әкетілген тауарларға құқықтық мирасқор болып табылатын тұлға төлеген болып саналады.

Тауарларды уақытша әкету кезінде кедендік баждарды төлеуден ішінара босатыла отырып алынатын кедендік баждардың жалпы сомасы, егер тауарлар экспортталар болса, тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режиміне орналастыру кезінде төленуге тиіс кедендік баждардың сомасынан аспауға тиіс.

201-бап. Тауарларды уақытша әкету мерзімдері

Тауарларды уақытша әкету мерзімдерін мұндай әкетудің мақсаттары мен мән-жағдайларына сәйкес декларант белгілейді, бірақ оны тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерге әкетілу күнінен бастап үш жылда на асыруға болмайды.

Декларанттың дәлелді өтініші бойынша уақытша әкету мерзімдерін кеден органы ұзартуы мүмкін. Декларант тауарларды уақытша әкетудің мерзімдерін ұзарту туралы мәселені шешу үшін, аталған мерзімдердің аяқталуына дейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей кеден органына растау құжаттарын қоса тіркең, осында ұзартудың қажеттілігі туралы өтініш табыс етеді. Тауарларды уақытша әкету мерзімін ұзарту туралы өтінішті қарау мерзімі өтініш алынған күннен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Тауарларды уақытша әкетудің мерзімдерін ұзарту кезінде кедендік ресімдеу үшін кедендік алымдар алынбайды, кедендік декларация берілмейді.

Тауарларды уақытша әкету мерзімдерін үш жылдан аса уақытқа өзгерту осы баптың екінші бөлігіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 201-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен.

202-бап. Уақытша әкетілген тауарларды кедендік бақылаудың ерекшеліктері

1. Уақытша әкетілген тауарларды кедендік бақылауды кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органы жүзеге асырады.

2. Уақытша әкетілген тауарларды кедендік бақылауды жүзеге асырған кеден органы қызметінің аймағынан тыс уақытша әкетілген тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына қайта әкелуді кедендік ресімдеген жағдайда кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін кедендік ресімдеуді жүзеге асырған кеден органы осы баптың 1-тармағында аталған кеден органын бұл туралы хабардар етеді.

203-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимінің аяқталуы

1. Уақытша әкетілген тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кедендік аумағына қайта әкелуге жатады не мәлімделген

уақытша әкету мерзімінің аяқталуынан кешіктірілмей өзге кедендік режимге мәлімделуге тиіс.

2. Уақытша әкетілген тауарларға меншік құқығын шетелдік тұлғаға берген жағдайда, уақытша әкетілген тауарлар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндепті түрде қайта әкелуге жататын жағдайларды қоспағанда, тауарларды уақытша әкетуді жүзеге асырған тұлға тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимін осы Кодексте белгіленген тәртіппен тауарлар экспортының кедендік режиміне өзгертуге міндепті.

3. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимін тауарлар экспортының кедендік режиміне өзгерту кезінде кедендік баждардың сомаларын есептеу келісім-шарттың валютасында жүргізіледі. Экспорт кезінде тауарлардың кедендік құны мен саны - тауарларды тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режиміне орналастыру күніне орай, ал кедендік баждардың ставкалары - тауарлар экспортының кедендік режимінің талаптарына сәйкес кедендік декларацияны тіркеу күніне орай анықталады.

4. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимін тауарлар экспортының кедендік режиміне өзгертуге тауарларды кеден органына нақты табыс етпестен жол беріледі.

204-бап. Көлік құралдарын тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режиміне орналастырудың ерекшеліктері

Көлік құралдарын тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режиміне орналастырудың ерекшеліктері, уақытша әкетілген көлік құралдарын пайдалану және оларға билік ету жөніндегі шектеулер, кедендік баждарды қолдану, уақытша әкетудің мерзімдері, көлік құралдарын кедендік бақылау мен кедендік ресімдеудің ерекшеліктері, сондай-ақ кедендік режимді аяқтау осы Кодекстің 33-тaraуында белгіленеді.

205-бап. Уақытша әкетілген тауарлар мен көлік құралдарын қайтармау

Уақытша әкетілген тауарлар мен көлік құралдарын белгіленген мерзімдерде қайтармау:

1) тауарлар мен көлік құралдары аварияның немесе ырық бермес күш әсерінің салдарынан жойылған немесе қайтарымсыз жоғалған;

2) тауарлар мен көлік құралдары болған мемлекеттің мемлекеттік органдарының немесе лауазымды адамдарының іс-әрекеттері салдарынан иеліктен шыққан жағдайларда ғана мүмкін болады.

25-тарау. Тауарлар экспорты

206-бап. Тауарлар экспортының кедендік режимін тағайындау

Тауарлар экспорты - Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге осы аумақтан тыс жерде тұрақты болу немесе тұтынылу мақсатында тауарлар әкетілетін кедендік режим.

207-бап. Тауарларды тауарлар экспортының кедендік режиміне орналастыру жағдайлары

Тауарлар экспорты:

- 1) кедендік әкету баждары төленген;
- 2) тарифтік емес реттеу шаралары сакталған;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптар мен жағдайлар орындалған жағдайда жүзеге асырылады.

208-бап. Экспорт үшін шығару

1. Экспорт үшін шығарылған тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге нақты әкетілуге тиіс. Бұл орайда олар тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі табиғи тозу немесе табиғи кему салдарынан болатын өзгерістерді қоспағанда, кедендік декларация қабылданған күнгі қалпында болуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерге экспорттау үшін шығарылған тауарлар әкетілмеген кезде тауарларды өткізуі тұлға жауапты болады.

3. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкету осы Кодекстің 14-тaraуына сәйкес жүзеге асырылады.

26-тарау. Тауарлардың кері экспорты

209-бап. Тауарлардың кері экспортының кедендік режимін тағайындау

Тауарлардың кері экспорты - бұрын Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлар кедендік әкелу баждарын және салықтарды төлеместен немесе төленген сомаларды қайтара отырып, экспорттық бақылау саласындағы шараларды қоспағанда, тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан осы аумақтан әкетілетін кедендік режим.

210-бап. Тауарларды тауарлардың кері экспортының кедендік режиміне орналастыру жағдайлары

1. Тауарлардың кері экспорты:

1) м ы н а д а й :

егер сыртқы сауда мәмілесінің шарттары кері экспортты көздеген; тауарлар сыртқы экономикалық мәміленің шарттарына сәйкес келмеуі себепті

берушіге не ол көрсеткен өзге тұлғаға әкетілген жағдайларда, уақытша сақтау орындарындағы тауарлар белгілі бір кедендік режимге орналастырғанға дейін
ә к е т і л г е н ;

2) бұрын еркін айналыс үшін тауар шығарудың кедендік режимінде ресімделген тауарлар осы Кодекстің 211-бабында көзделген жағдайларды сақтай
о т ы р ы п ә к е т і л г е н ;

3) бұрын кедендік аумақта тауарларды қайта өндөудің және еркін айналыс үшін тауарларды қайта өндөудің кедендік режимдеріне орналастырылған, қайта өндөу жөніндегі операцияларда болмаған шетелдік тауарлар әкетілген;

4) е г е р :

сыртқы сауда мәмілесінің шарттары кері экспортты көздеген; тауарлар сыртқы экономикалық мәміленің шарттарына сәйкес келмеуі себепті берушіге не ол көрсеткен өзге тұлғаға қайтарылған жағдайларда, бұрын кеден қоймасының, еркін қойманың, еркін кеден аймағының кедендік режимдеріне орналастырылған шетелдік тауарлар әкетілген жағдайда жүзеге асырылады.

1-1. Тауарлардың кері экспортты кезінде алдыңғы кедендік режиммен орналастырылған күнгі кедендік құн қолданылады.

2. (алып тасталды - 2005.06.20. N 62 Заңымен)

3. Акцизделетін тауарлардың кері экспортты кедендік әкелу баждарын және салықтарды төлеу не кедендік алып жүру қамтамасыз етілген жағдайда жүзеге асырылады. Кедендік әкелу баждарын және салықтарды төлеудің қамтамасыз етілуін қайтару тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге нақты әкетілуі расталғаннан кейін жүзеге асырылады.

4. Осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптар сақталған кезде тауарлардың кері экспорттының кедендік режиміне тауарларды орналастыруға, егер әкелінген тауарлардың бір бөлігі ғана кері әкетілген жағдайда да, жол беріледі .

Ескерту. 210-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

211-бап. Тауарлардың кері экспорттының кедендік режимін еркін айналыс үшін шығарылған тауарларға қолдану

1. Еркін айналыс үшін шығарылған тауарларға қатысты тауарлардың кері экспорттына, егер алушы тауарларды алған кезде оларда ақаулардың болғаны не олардың өзгедей түрде сыртқы экономикалық мәміле жағдайларына сәйкес келмегені және осы себептер бойынша тауарлар жеткізушиге не ол көрсеткен өзге тұлғаға м ы на д а й жағдайларды :

1) егер келісім шарттың талаптарында басқа мерзім көзделмесе, тауарларды әкету олар еркін айналыс үшін шығарылған күннен бастап алты ай ішінде жүзеге асырылатын;

2) тауарларды кеден органдары бірдейлендіре алатын;

3) тауарларды пайдалану ақауларды немесе тауарларды қайтаруға әкеп соққан өзге де мән-жайларды анықтау үшін қажетті жағдайларды қоспағанда, тауарлар Қазақстан Республикасында пайдаланылмаған жағдайларды сақтай отырып қайтарылғаны анықталса жол беріледі.

2. Тауарлардың кері экспортты кезінде осы баптың 1-тармағына сәйкес кедендік баждардың және салықтардың төленген сомаларын қайтару жүргізіледі.

Әкелінген тауарлар легінің бір бөлігін тауарлардың кері экспорттының кедендік режиміне орналастыру кезінде төленген сомалардың қайтарылуы осы бөліктің әкелінген тауарлар легіне сандық арақатынасы бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 211-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Занымен.

27-тaraу. Тауарлар транзиті

212-бап. Тауарлар транзитінің кедендік режимін тағайындау

Тауарлардың транзиті дегеніміз:

1) шетелдік тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағы бойынша кедендік бақылаумен олардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағына келген жері мен олардың осы аумақтан әкетілген жерінің арасында тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды және экспорттық бақылау саласындағы шараларды қоспағанда, тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан, кедендік баждарды және салықтарды төлеместен өткізілетін;

2) қазақстанның тауарлар шет мемлекеттің аумағы бойынша олардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетілген жері мен олардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағына келген жерінің арасында кедендік баждарды төлеместен және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан өткізілетін кедендік режим.

Ескерту. 212-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен.

213-бап. Тауарларды тауарлар транзитінің кедендік режиміне орналастыру жағдайлары

1. Тауарлар транзитінің кедендік режиміне кез-келген тауарлар:

1) осы тауарлар Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге тыйым салынған тауарлар тізбесіне енгізілмеген;

2) егер Қазақстан Республикасының Үкіметі транзиттің жолдары мен бағыттарын белгілеген болса, тауарлар олар бойынша тасымалданатын;

3) тауарлар көлік құралының, белгіленген маршруттың мүмкіндіктерін және тасымалдаудың басқа жағдайларын негізге ала отырып, бірақ бір айға екі мың шақырым деп есептелген шекті мерзімнен аспайтын, кеден органы әдеттегі жеткізу мерзімдеріне сәйкес белгілеген мерзімде тасымалданған;

4) тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі табиғи тозу немесе табиғи кему салдарынан болған өзгерістерді қоспағанда, тауарлар өзгеріссіз қалпында жеткізілген жағдайда орналастырылуы мүмкін.

2. Шетелдік тауарлардың Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтایтын тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы транзитіне кедендік баждарды және салықтарды төлеу қамтамасыз етілген жағдай да ж о л беріледі .

Ескерту. 213-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

214-бап. Қазақстан Республикасының кедендік аумағы бойынша транзит

Шетелдік тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы транзитінің тәртібі осы тарауда белгіленген ережелерді ескере отырып, осы Кодекстің 12-тарауына сәйкес белгіленеді.

215-бап. Қайта тиеу және тауарлар транзитінің кедендік режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік аумағы бойынша өткізілетін тауарлармен өзге

де операциялар

1. Осы бапта белгіленген жағдайларда және тәртіппен транзиттік тауарлармен мынадай операцияларды жасауға жол беріледі:

1) бір көлік құралынан екінші көлік құралына қайта тиеу;

2) түсіру және кедендік бақылаумен қоймаға уақытша қою.

2. Транзиттік тауарларды тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралы бұзылған кезде ондай тауарларды түсіруге және Қазақстан Республикасының кедендік аумағындағы қоймада уақытша сақтауға жол беріледі.

Транзиттік тауарларды қоймада уақытша сақтау кеден органы құрған уақытша сақтау қоймасында, ал ол болмаған жағдайда, осы Кодексте белгіленген тауарларды уақытша сақтауға қойылатын жағдайлар мен талаптарды сақтай отырып, өзге де уақытша сақтау орындарында жүзеге асырылады.

Транзиттік тауарларды уақытша қоймада сақтау мерзімін тасымалдаушы жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін қажетті, бірақ тауарларды уақытша сақтаудың шекті мерзімінен аспайтын уақытты негізге ала отырып белгілеуді.

Кызметі аймағында транзиттік тауарларды уақытша сақтау жүзеге асырылатын кеден органы жөнелтуші және межелі кеден органдарын тауарларды жеткізу мерзімін ұзарту мақсатында көлік құралының бұзылу жайлары туралы хабардар етеді.

3. Транзиттік тауарлардың жойылуына, жоғалуына немесе елеулі түрде бұлінуіне нақты қауіп туындаған және транзиттік тауарлармен операциялар жасау кезінде белгіленген талаптарды сақтау мүмкіндігі болмаған жағдайда тасымалдаушы өз қалауы бойынша қажетті іс-әрекеттерді:

1) тауарлардың сақталуын қамтамасыз етуге қажетті шаралар қолданылған және оларды заңсыз пайдалануға жол берілмеген;

2) жақын орналасқан кеден органына транзиттік тауарларды тасымалдаудың тоқтатылуының мән-жайлары туралы дереке хабарланған жағдайда жүргізуге құқылы.

4. Қазақстандық тауарларды шет мемлекеттің аумағы арқылы тауарлар транзитінің кедендік режиміне сәйкес тасымалдау аумағы арқылы транзит жүргізілеттің мемлекеттің заңдарына сәйкес, транзит мерзімдері мен транзиттік тауарлардың жай-күйін өзгертуе жағдайлары сақтала отырып жүзеге асырылады.

216-бап. Тауарлар транзитінің кедендік режимінің аяқталуы

Тауарлар транзитінің кедендік режимі:

1) шетелдік тауарлардың Қазақстан Республикасынан тыскары жерлерге әкетілуімен не қазақстандық тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелинуімен;

2) тауарларды:

егер тасымалдаушы транзиттік тауарларды одан әрі өткізуге мүмкіндік бермейтін не тиімсіз ететін аварияның немесе ырық бермес күш әсерінің салдарынан тауарларды транзиттеудің кедендік режимінің шарттары мен талаптарының орындалуын қамтамасыз ете алмаған;

транзиттік тауарлардың меншік иелері болып табылатын тұлғалар өз ниеттерін өзгерткен жағдайда өзге кедендік режимдерге орналастыруымен аяқталады.

217-бап. Тауарлар транзитінің кедендік режимін қолданудың ерекшеліктері

Тауарлар транзитінің кедендік режимін қолданудың ерекшеліктерін уәкілетті орган белгілейді .

218-бап. Халықаралық пошта жөнелтімдерінің транзиті

Қазақстан Республикасының кедендік аумағы бойынша транзитпен өткізілетін халықаралық пошта жөнелтімдерін кедендік ресімдеу жүргізілмейді.

219-бап. Құбыр тасымалы мен электр беру желілері бойынша өтетін тауарлардың транзиті

Құбыр тасымалы мен электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарлардың транзитін кедендік ресімдеу уәкілетті орган белгілейтін оңайлатылған тәртіппен жүзеге асырылады .

Қазақстан Республикасында белгіленген нормалар мен стандарттарға сәйкес тауарлар тасымалдаудың технологиялық ерекшеліктеріне және өзіндік сипаттамаларына орай Қазақстан Республикасының кедендік аумағы бойынша құбыр тасымалымен өтетін транзиттік тауарлардың жай-күйінің өзгеруіне жол беріледі.

28-тaraу. Тауарларды жою

220-бап. Тауарларды жоюдың кедендік режимін тағайындау

Тауарларды жою - кедендік баждарды және салықтарды төлеместен, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан шетелдік тауарлар кедендік бақылаумен жойылатын, оның ішінде пайдалану үшін жарамсыз қалыпқа келтірілетін кедендік режим.

221-бап. Тауарларды тауарлар жоюдың кедендік режиміне орналастыру жағдайлары

1. Тауарларды тауарлар жоюдың кедендік режиміне орналастыруға уәкілетті мемлекеттік органның жою тәсілі мен орны көрсетілетін жою мүмкіндігі туралы қорытындысының негізінде жол беріледі.

2. Тауарларды жоюдың кедендік режиміне:

1) пайдалануға жарамсыз деп танылған дәрілік заттар мен тамақ өнімдерін, сондай-ақ адамның денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін бұйымдарды қоспағанда, бұйымдар және (немесе) материалдар ретінде пайдаланылуы мүмкін тауарларды;

2) мәдени, археологиялық, тарихи құндылықтарды;

3) індептер мен эпизоотиялардың және карантиндік объектілердің таралу жолын кесу мақсатымен оларды жою талап етілетін жағдайларды қоспағанда, жойылып кету қаупіндегі жануарлар мен өсімдіктер түрлерін, олардың бөлшектері мен дериваттарын;

4) кепілдік қатынастар тоқтатылғанға дейін кеден органдары кепілдік зат

ретінде қабылдаған тауарлар мен көлік құралдарын;

5) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес алып қойылған тауарларды немесе тыйым салынған тауарларды, оның ішінде заттай дәлелдемелер болып табылатын тауарларды орналастыруға жол берілмейді.

3. Тауарларды жою аталған кедендейк режимді мәлімдеген тұлғаның есебінен жүзеге асырылады әрі Қазақстан Республикасының кеден және өзге де мемлекеттік органдары үшін қандай да бір шығыстар келтірмеуі тиіс.

4. Егер тауарларды жоюдьың кедендейк режиміне мәлімделген тауарлар экономикалық тиімді тәсілмен бастапқы жай-қүйіне келтірілуі мүмкін болмаса, жоюға жо л беріледі.

5. Кеден қоймасында сақталатын тауарларға қатысты тауарларды жоюдьың кедендейк режимін кеден қоймасына тауарлар өткізген тұлғаның келісімі бойынша кеден қоймасының иесі мәлімдеуі мүмкін.

222-бап. Тауарларды жою мерзімдері

Тауарларды жою тәсілін және оны жүргізу орнын негізге ала отырып, тауарларды іс жүзінде жою үшін кеден органы белгілейтін мерзімдерде тауарлар кедендейк бақылаумен жойылады.

223-бап. Тауарларды жою тәртібі

1. Тауарларды жою :

1) нәтижесінде тауарлар толығымен жойылатын термиялық, химиялық, механикалық не өзге де ықпал ету (өртеу, бұзу, көму және тағы басқа) жолымен жою. Тауарды жою тәсілі оларды мақсаты бойынша пайдалану үшін қалпына келтіру, бастапқы жай-қүйіне келтіру мүмкіндіктерін болдырмауды қамтамасыз етуғе тиіс;

2) мұндай бұлдірулер тауарларды кейіннен қалпына келтіруді және оларды пайдалану мүмкіндігін болдырмау шартымен, тесіп тастауды, жарықтар салуды, өзге де тәсілдермен бұлдіруді қоса алғанда, бөлшектеу, бұзу, механикалық бұлдіру жолымен жүргізіледі.

2. Сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін, технологиялық себептерге байланысты сақталу орындарынан алынуы және пайдаланылуы мүмкін болмайтын тауарларды жою тиісті үәкілетті мемлекеттік органның тауарларды сақталу орындарынан алушың және оларды одан әрі пайдаланудың мүмкін еместігі туралы қорытындысы негізінде жүргізілген болып саналады.

3. Тауарларды жою нәтижесінде пайда болған қалдықтар оларды одан әрі пайдалану мүмкін болатын жағдайда кедендейк бақылаудағы шетел тауарлары ретінде тиісті кедендейк режимге орналастырылуы тиіс.

Бұл ретте тауарлардың кедендейк құны тиісті кедендейк режиммен орналастыру кезінде кедендейк құнды айқындау ерекшеліктеріне сәйкес белгіленеді.

4. Тауарларды жою тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі

а й қ ы н д а й д ы

Ескерту. 223-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

224-бап. Тауарларды жоюдың кедендік режимін аяқтау

Тауарларды жоюдың кедендік режимі тауарларды іс жүзінде жоюмен аяқталады.

29-тарау. Тауардан мемлекет пайдасына бас тарту

225-бап. Тауардан мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режимін тағайындау

Тауардан мемлекет пайдасына бас тарту - тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда, шетелдік тауарлар кедендік төлемдерді, салықтарды төлеместен және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан мемлекет меншігіне өтеусіз берілетін кедендік режим.

Ескерту. 225-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

226-бап. Тауарларды тауардан мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне орналастыру жағдайлары

1. Тауардан мемлекет пайдасына бас тарту кеден органдары үшін қандай да бір шығыс келтірмей ге тиіс.

2. Тауардан мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне:

1) қару-жаракты, олардың оқ-дәрілерін, әскери техниканы, қосалқы бөлшектерді, жинақтаушы бұйымдар мен олардың құралдарын;

2) әскерилендірілген ұйымдар жеке құрамының арнайы жабдықтарын және оларды өндіру мен пайдалануға арналған нормативтік-техникалық өнімдерін;

3) жарылғыш заттарды, жару құралдарын;

4) зымырандық-ғарыштық кешендерді, әскери мақсаттағы байланыс пен басқару жүйелерін және оларды өндіру мен пайдалануға арналған нормативтік-техникалық құжаттамасын;

5) зымырандық отынның барлық түрлерін, сондай-ақ олардың өндірісі үшін арнайы материалдар мен арнайы жабдықтарды;

6) әскери уландырғыш заттарды, олардан қорғану құралдарын және оларды өндіру мен пайдалануға арналған нормативтік-техникалық құжаттамасын;

7) уранды, басқа да ыдырайтын материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды;

8) қару-жарақ пен әскери техника жасау жөніндегі ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарының, сондай-ақ іргелі іздестірушілік зерттеулер нәтижелерін;

9) шифрлау техникасын және оларды өндіру мен пайдалануға арналған нормативтік-техникалық құжаттамасын;

10) есірткі құралдарын, психотроптық, күшті әсер ететін, улы заттарды, сондай-ақ прокурорларды;

11) радиоактивті материалдардың қалдықтарын;

12) жарылғыш заттардың қалдықтарын;

13) өнеркәсіп қалдықтарын;

14) энергияның электрлік, жылулық және өзге де түрлерін;

15) тұтыну мерзімі өткен тауарларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген мемлекеттік стандартқа сәйкес келмейтін тауарларды орналастыруға жол берілмейді.

227-бап. Тауардан мемлекет пайдасына бас тартудың кедендейк режимінің аяқталуы

1. Тауардан мемлекет пайдасына бас тартудың кедендейк режимі осы Кодекспен айқындалған тәртіппен және жағдайларда кедендейк ресімдеумен аяқталады, бұл ретте кедендейк ресімдеу аяқталғаннан кейін көрсетілген кедендейк режимді өзгертуге жол берілмейді.

2. Тауардан мемлекет пайдасына бас тарту кедендейк режимге орналастырылған тауарларды кедендейк ресімдеу аяқталғаннан кейін мұндай тауарлар осы Кодектің 64-тaraуына сәйкес мемлекеттік меншікке айналады.

228-бап.

Ескерту. 228-бап алынып тасталды - ҚР 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

30-тарау. Еркін кеден аймағы

229-бап. Еркін кеден аймағының кедендейк режимін тағайындау

Еркін кеден аймағы - бұл тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптардан басқа, кедендейк баждар алынбастан, тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан шетелдік және қазақстандық тауарлар арнайы экономикалық аймақтың тиісті аумақтық шекараларында орналасатын және пайдаланылатын кедендейк режим.

Ескерту. 229-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.11.16 200-IV (2010 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

230-бап. Еркін кеден аймағының кедендік режиміне орналастыруға рұқсат етілетін тауарлар

Арнайы экономикалық аймақ құру мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті тауарларды, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, арнайы экономикалық аймақ аумағына еркін кеден аймағының кедендік режиміне орналастыруға рұқсат етіледі. Р050737

Арнайы экономикалық аймақ құру мақсатына қол жеткізу үшін қажетті тауарлардың тізбесі Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес бекітілетін арнайы экономикалық аймақ туралы ережемен белгіленеді. U020853

231-бап. Еркін кеден аймағының кедендік режиміне орналастырылған тауарлармен жүргізілетін операциялар

Еркін кеден аймағының кедендік режиміне орналастырылған тауарлармен операциялар арнайы экономикалық аймақ туралы ережемен белгіленген тізбе бойынша жасалады.

232-бап. Тауарлардың еркін кеден аймағының кедендік режимінде болу мерзімі

Арнайы экономикалық аймақ жұмыс істеген жағдайда тауарлар мерзімдері шектелмesten еркін кеден аймағының кедендік режимінде бола алады.

Арнайы экономикалық аймақ таратылған жағдайда, қайта өндөу жөніндегі операциялар жүргізілген және арнайы экономикалық аймақ құру мақсатына жету үшін пайдаланылған тауарларды қоспағанда, бұрын еркін кеден аймағының кедендік режиміне орналастырылған тауарлар Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалған арнайы экономикалық аймақты тарату рәсімдерін жүзеге асыру мерзімі ішінде өзге кедендік режимге мәлімделуге тиіс.

233-бап. Арнайы экономикалық аймақтарда Қазақстан Республикасының кеден заңдарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

Кеден органдары арнайы экономикалық аймақ аумағындағы еркін кеден аймағының кедендік режиміне орналастырылған тауарларды кедендік бақылауды жүзеге асырады.

234-бап. Арнайы экономикалық аймақтардағы тауарлардың есебін жүргізу

Арнайы экономикалық аймақтарда қызметін жүзеге асыратын тұлғалар еркін кеден аймағының кедендік режиміне орналастырылған тауарлардың және олармен жүргізілген операциялардың есебін жүргізеді және уәкілетті орган белгілеген тәртіппен кеден органдарына олар туралы есептеме ұсынады.

235-бап. Кедендік баждар, салықтар алу және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану

1. Шетелдік тауарларды еркін кеден аймағының кедендік режиміне орналастыру кезінде кедендік баждар алынбайды және тауарлар қауіпсіздігі жөніндегі талаптардан басқа, тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмайды. Көрсетілген тауарларды арнайы экономикалық аймақтың аумағынан Қазақстан Республикасының кеден аумағының қалған бөлігіне әкету кезінде мәлімделген кедендік режимнің шарттарына сәйкес кедендік баждар алынады және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылады.

2. Еркін кеден аймағының кедендік режимінің шарттары мен талаптарын сақтай отырып, қазақстандық тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағының қалған бөлігінен арнайы экономикалық аймақтың аумағына әкелу, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтың аумағынан Қазақстан Республикасының қалған кедендік аумағының бір бөлігіне әкету кезінде кедендік баждар алынбайды және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмайды. Көрсетілген тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерге әкету таңдалған кедендік режимнің шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Арнайы экономикалық аймақтың аумағына еркін кеден аймағының кедендік режиміне орналастырылатын тауарлар кедендік төлемдер алу мақсатында Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс орналасқан дәп қарастырылады.

4. Тауарлардың арнайы экономикалық аймақтың аумағынан шығуы тауардың шыққан жері туралы сертификатпен расталады. Көрсетілген сертификат болмаған жағдайда, тауар:

1) Қазақстан Республикасынан тыскары жерлерге әкету кезінде кедендік әкету баждарын алу және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсатында - қазақстандық тауар ретінде;

2) Қазақстан Республикасының кедендік аумағының қалған бөлігіне әкелу кезінде кедендік әкелу баждарын алу, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсатында - шетелдік тауар ретінде қаралады.

Ескерту. 235-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2009.11.16 200-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

236-бап. Еркін кеден аймағының кедендік режиміне тауарларды кедендік ресімдеудің ерекшеліктері

1. Арнайы экономикалық аймақтың аумағына әкелінетін және еркін кеден аймағының кедендік режиміне орналастырылатын тауарлар, сондай-ақ өздеріне қатысты еркін кеден аймағының кедендік режимі өзгертілетін тауарлар уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен кедендік ресімдеуге жатады.

2. Еркін кеден аймағының кедендік режимі өзге кедендік режимге өзгертілген жағдайда шетелдік тауарларды кедендік ресімдеу, тарифтік емес реттеу

шараларын қолдану, кедендік баждарды және салықтарды төлеу таңдалған кедендік режимнің шарттары мен талаптарына сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте қолданылатын (пайдаланылатын) тауарларға қатысты тауарлардың кедендік құны Қазақстан Республикасының салық зандарымен белгіленген қолдану (пайдалану) уақыты ішіндегі амортизация нормаларын ескере отырып, еркін кеден аймағының кедендік режиміне сәйкес айқындалады.

237-бап. Еркін кеден аймағының кедендік режимінің аяқталуы

Еркін кеден аймағының кедендік режимі:

- 1) тауарларды өзге кедендік режимде кедендік ресімдеумен;
- 2) тауарлармен қайта өндеу жөніндегі операциялар жасалған және алынған тауарлар арнайы экономикалық аймақ құру мақсатына қол жеткізу үшін пайдаланылған жағдайда аяқталады.

31-тарау. Еркін қойма

238-бап. Еркін қойманың кедендік режимін тағайындау

Еркін қойма - бұл тауарлар қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда, шетелдік және қазақстандық тауарлар еркін қойма ретінде танылған тиісті үй-жайларда (орындарда) кедендік баждар, салықтар алынбастан және тарифтік емес реттеу шаралары қолданбастан орналасатын және пайдаланылатын кедендік режим.

239-бап. Еркін қоймаға орналастыруға жол берілетін тауарлар

Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тауарларды қоспағанда, қайта өндеуге арналған тауарларды, сондай-ақ олардың көмегімен тауарларды қайта өндеу жөніндегі операциялар жүзеге асырылатын тауарларды еркін қойманың кедендік режиміне орналастыруға жол беріледі.

240-бап. Еркін қоймалардағы тауарлармен жүргізілетін операциялар

1. Еркін қоймаларда қайта өндеуге арналған тауарлар үшін қайта өндеу жөніндегі :

әкелінген тауарлардың негізгі сипаттамалары сақталатын монтаждауды, жинауды және шақтауды қоса алғанда, басқа тауарды дайындау (өндеу), бірдейлендіру қайта өндеудің міндетті шарты болып табылатын жағдайда, әкелінген тауарларды қайта өндеу өнімдерінде бірдейлендіруге мүмкіндік беретін сипаттамалар сақтала отырып, бұл ретте шетелдік тауарлар жеке сипатын жоғалтатын тауардың өзін қайта өндеу; оларды қалпына келтіруді қоса алғанда,

оларды жөндеу, қайта өңдеу процесінде тауарларды толық немесе ішінара тұтына отырып, қайта өңдеу өнімдері өндірісін жеңілдетуге арналған кейбір тауарларды пайдалану операцияларын жасауға жол беріледі.

2. Олардың көмегімен тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар жүзеге асырылатын тауарлар үшін технологиялық жабдық және оған қосалқы бөлшектер ретінде тиеу-түсіру техникасын, еркін қоймада пайдаланылатын өзге де техникалық құралдарды пайдалануға жол беріледі.

3. Қайта өңдеу өнімдері үшін тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау жөніндегі:

тауарлар партияларын бөлшектеу, жөнелтімдерді түзу, сұрыптау, орау, қайта орау, таңбалау, тиеу, түсіру, қайта тиеу, жеткізе жинақтаумен немесе жұмыс жағдайына келтірумен байланысты қарапайым операциялар, тиімді орналастыру мақсатында қойма шегінде тауарлардың орнын ауыстыру, тауарларды көрсету стендтеріне орналастыру, тестілеу операцияларын жасауға жол беріледі.

4. Қайта өңдеуге арналған тауарлар және қайта өңдеу өнімдері үшін бұл тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі:

тазалау, желдету, кептіру (оның ішінде жылу ағынын келтірумен), сақтаудың қолайлы температуралық режимін жасау (сұыту, мұздату, жылтыту), қорғайтын орамаға орналастыру, қорғаныш майын және консерванттар жағу, коррозиядан қорғайтын жабынды жасау, сақтандырғыш заттарды енгізу операцияларын жасауға жол беріледі.

5. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында көрсетілген еркін қоймаға орналастырылған тауарлармен операциялар кеден органына хабарлана отырып жүргізіледі және Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша тауарлардың кодын өзгертуге тиіс.

Ескерту. 240-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

241-бап. Тауарлардың еркін қоймаларда болу мерзімдері

Еркін қойма жұмыс істеп тұрған жағдайда тауарлар мерзімдері шектелмesten еркін қоймаларда бола алады.

242-бап. Еркін қойманың кедендейк режиміне орналастырылатын тауарларды кедендейк бақылау және кедендейк ресімдеу

Еркін қоймаларға орналастырылатын, сондай-ақ еркін қоймалардан әкетілетін тауарларды кедендейк бақылау мен кедендейк ресімдеу уәкілетті орган айқындастын тәртіппен жүзеге асырылады.

243-бап. Еркін қоймалардағы тауарлардың есебі

1. Еркін қоймалардың иелері еркін қоймаларға орналастырылатын тауарлардың, сондай-ақ мұндай тауарлармен жүргізілетін операциялардың есебін жүргізеді және уәкілетті орган белгілеген тәртіппен кеден органдарына олар туралы есептеме ұсынады.

2. Еркін қоймадағы тауарлардың және олармен жасалған операциялардың есебін жүргізу үшін, мұндай құжаттарда тауарлардың атауы мен бірдейлендіру белгілері, олардың саны, тауарлардың еркін қойма шегіндегі қозғалысы туралы мәліметтер, еркін қоймада болған олардың кез келген өзгерістері көрініс тапқан жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік жасау үшін қолданылатын құжаттар пайдаланылуы мүмкін.

Ескерту. 243-бапқа өзгертулер енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

244-бап. Еркін қойма иесінің міндеттері

Еркін қойманың иесі:

1) еркін қойма жұмыс істеп тұрған барлық мерзім ішінде оның белгіленген талаптарға сәйкес болуын қамтамасыз етуге;

2) тауарлардың сақталуын және олармен жүргізілетін операциялардың Қазақстан Республикасының кеден зандарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) кеден бақылауын жүзеге асыруға жәрдемдесуге;

4) қоймада тұрған тауарлардың кеден бақылауынсыз алып қойылмауын қамтамасыз етуге;

5) еркін қойма құру үшін шешім шарттарын сақтауға және тауарларға қол жеткізуді қоса алғанда, кеден органдарының талаптарын орындауға;

6) кеден бақылауы мен кеден ресімдеуін жүзеге асыру үшін кеден органдарына Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен үй-жайларды, еркін қоймадағы жабдықтар мен байланыс құралдарын беруге;

7) Осы Кодекстің 243-бабында белгіленген тәртіппен еркін қоймаларға орналастырылған тауарлардың және олармен жасалған операциялардың есебін жүргізуға және кеден органдарына олар туралы есептілікті ұсынуға міндетті.

Ескерту. 244-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12 . N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

245-бап. Кедендік баждар, салықтар алу және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану

Тауарлар қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда, шетелдік және қазақстандық тауарларды еркін қоймаларға орналастыру кезінде кедендік баждар және салықтар алынбайды және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмайды.

Тауарларды еркін қоймалардан Қазақстан Республикасының кедендей аумағының қалған бөлігіне әкелу кезінде, қазақстандық тауарларды әкелуді қоспағанда, мәлімделген кедендей режимнің шарттарына сәйкес кедендей баждар және салықтар алынады және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылады.

Тауарларды еркін қоймалардан Қазақстан Республикасының кедендей аумағынан тысқары жерлерге әкету кезінде кедендей баждар мен тарифтік емес реттеу

ш а р а л а р ы :

1) ш е т е л д і к ;

2) еркін қоймаларда өндірілген;

3) еркін қоймаларда қайта өндеп тауарларға қолданылмайды.

Тауарлардың еркін қоймалардан шығуы тауарлардың шығуы туралы сертификатпен расталады. Көрсетілген сертификат болмаған жағдайда, тауар:

1) Қазақстан Республикасының кедендей аумағынан тысқары жерлерге әкету кезінде кедендей әкету баждарын алу және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсатында - қазақстандық тауар ретінде;

2) Қазақстан Республикасының кедендей аумағының қалған бөлігіне әкелу кезінде кедендей әкелу баждарын және салықтарды алу, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсатында - шетелдік тауар ретінде қаралады.

Бұл ретте қайта өндеп тауарлардың кедендей құны қайта өндеу үшін әкелінген тауардың құны ретінде айқындалады.

Ескерту. 245-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

246-бап. Еркін қойма қызметіне қойылатын біліктілік талаптары

1. Еркін қойма құруға арналған үй-жай мынадай талаптарға сай келуге:

1) қойма иесінің меншігінде болуға не шешім алуға өтініш берілген кезден бастап кемінде үш жыл мерзімге жалға алынуына;

2) периметрі бойынша белгіленуге және қоршалуға;

3) еркін қойманың аумағында оның бөлігі болып табылмайтын үйлер (құрылыштар) мен ғимараттар орналаспауға;

4) тауарларды тексеруге арналған орындар болуға;

5) тауарларды қайта өндеу жөніндегі операциялар жасау үшін жайластырулауға және жабдықталуға;

6) келіп түсетін, сақталатын, әкетілетін тауарлардың автоматтандырылған есепке алынуын жүргізу үшін осы Кодекстің 424-бабының 6-тармағына сәйкес кеден органдары пайдаланатын бағдарламалық өнімдермен үйлесімді бағдарламалық өнімдерді орнату және міндетті түрде пайдалану үшін компьютерлік құрал-жабдық болуға;

7) өрт қауіпсіздігі талаптарына, санитарлық-эпидемиологиялық және техникалық нормаларға сәйкес келуге тиіс.

2. Еркін қоймалар олар жұмыс істеп тұрған барлық мерзім ішінде белгіленген талаптарға сәйкес болуға тиіс. V032319

Ескерту. 246-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12 . N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

247-бап. Еркін қойманы құруға арналған шешім

1. Еркін қойма уәкілетті орган берген шешім алынғаннан кейін құрылады. Мұндай шешім еркін қойма құруға арналған алаңдардың меншік иесі немесе оларға шаруашылық жүргізу мен жедел басқару құқығында иелік етуші болып табылатын қазақстандық тұлғаға беріледі.

2. Уәкілетті органның еркін қойма құру туралы шешімі осы орган белгілеген нысан бойынша ресімделеді.

3. Уәкілетті орган құрылған және жұмыс істеп тұрған еркін қоймалар туралы ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.

4 . а л ы п т а с т а л д ы

Ескерту. 247-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12 . N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

248-бап. Еркін қойманы құруға шешім алу үшін қажетті құжаттар

1. Еркін қойманы құруға арналған шешім алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) тұлғаның шешім беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініші;

2) өрт қауіпсіздігі талаптарына, санитарлық және техникалық нормаларға сәйкестілікті растайтын құжаттар;

3) тіркеу құжаттарының нотариалды куәландырған көшірмелері;

4) а л ы п т а с т а л д ы

5) сәйкес келетін үй-жайлар мен орындарға қатысты меншік немесе иелік ету және пайдалану құқығын растайтын құжаттар;

6) еркін қойма ретінде мәлімделетін үй-жайлар және аумақтардың жоспарлары , сызбалары ;

7) қызмет аймағында еркін қойма құрылатын кеден органының ол қойманың біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы қорытындысы.

2. Осы баптың 1-тармағының 5) және 6) тармақшаларында айқындалған өтініштерде және құжаттарда көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде, еркін қойманың иесі кеден органын тиісті өзгерістер туралы өзгерістер енгізілген күннен бастап құнтізбелік отыз күннен кешіктірмей хабардар етеді.

Ескерту. 248-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12 . N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

249-бап. Еркін қойма құруға берілген шешімнің қолданылуын тоқтата тұру

1. Еркін қойманың иесі осы Кодексте белгіленген талаптар мен міндеттерді сақтамаған жағдайда, шешімнің қолданылуы уәкілетті органның шешімі бойынша тоқтата тұру себептері көрсетіле отырып, алты айға дейінгі мерзімге

тоқтатыла тұрғу мүкін.

2. Шешімнің қолданылуын тоқтата тұру кезінде тауарларды еркін қоймаға орналастыруға жол берілмейді. Шешімнің қолданылуы тоқтатыла тұрғанға дейін еркін қоймаға орналастырылған тауарлар кедендей бақылаумен басқа еркін қоймаға ауыстырылуға немесе өзге кедендей режимдерге орналастырылуға тиіс.

3. Шешімнің қолданылуы оның қолданылуын тоқтата тұру себептері жойылғаннан кейін мұндай шешім қабылданған күннен бастап уәкілетті орган басшысының бүйрекімен қайта жаңғыртылады.

Ескерту. 249-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

250-бап. Еркін қойманы құруға арналған шешімді қайтарып алу

1. Уәкілетті орган:

- 1) көрінеу жалған мәліметтер берілген;
- 2) еркін қойманың иесі шешімдегі талаптарды орындаған;
- 3) шешімді қолданудың бұрын тоқтатыла тұрған себептері жойылмаған;
- 4) сот еркін қойманың иесіне еркін қойма қызметін көрсету жөніндегі қызметпен айналысуына тыйым салған жағдайларда шешімді қайтарып алуы

мүкін.

2. Шешімді қайтарып алу мұндай шешімді дәйектей отырып уәкілетті орган басшысының бүйрекімен ресімделеді және қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап қолданылады.

3. алып тасталды

4. алып тасталды

5. Шешім қайтарылған жағдайда, еркін қойманың иесі қайтарып алу туралы шешімді алған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей шешімді уәкілетті органға қайтаруға міндетті.

6. Еркін қойманы құруға шешім беру туралы қайта өтініш қайтарып алуға негіздеме болған себептер жойылған жағдайда белгіленген тәртіппен қаралуы

М Ү М К И Н .

Ескерту. 250-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12 . N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

251-бап. Еркін қойманы құруға берілген шешімнің қолданылуын тоқтату

1. Уәкілетті органның шешімі бойынша:

1) шешім қайтарып алынған;

2) уәкілетті органға еркін қойма иесінің жазбаша өтініш беруімен еркін қойманың қызметі тоқтатылған;

3) еркін қойма иесі болып табылатын заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайларда еркін қойманы құруға берілген шешім өзінің қолданылуын тоқтатады.

2. Еркін қойманы құруға арналған шешімнің қолданылуын тоқтату мұндай тоқтатудың себептері көрсетіле отырып, уәкілетті орган басшысының бұйрығымен ресімдеді.

3. Еркін қойманың қызметі тоқтатылған, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда еркін қойманың иесі шешімнің қолданылуы тоқтатылған кезден бастап күнтізбелік он бес күн ішінде шешімді уәкілетті органға қайтаруға міндетті.

4. Еркін қойманың қызметі тоқтатылған жағдайда, шешімнің қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылданғанға дейін еркін қойманың кедендей режиміне орналастырылған тауарлар осы Кодекстің 12-тарауында айқындалған тәртіппен басқа еркін қоймага ауыстырылуы мүмкін не осы тауарларға қатысты еркін қойманың кедендей режимінің қолданылуы шешімнің қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде аяқталуы тиіс.

Егер қайта өндеу жөніндегі операцияларға жататын тауарлар еркін қоймада болған жағдайда кеден органы оның таратылатындығы туралы осы тауарларды еркін қоймага орналастырған тұлғаны хабардар етеді. Бұл ретте осы тауарларға қатысты еркін қойманың кедендей режимі қайта өндеудің соңғы операциясы аяқталғанға дейін сақталады.

Ескерту. 251-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12 . N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

32-тарау. Арнайы кедендей режим

252-бап. Арнайы кедендей режимді тағайындау

Арнайы кедендік режим - экспорттық бақылау саласындағы талаптарды қоспағанда, тауарлардың жекелеген санаттары кедендік баждар және салықтар алынбастан және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін кедендік режим.

Ескерту. 252-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

253-бап. Арнайы кедендік режимге орналастырылатын тауарлар

Кеден істері мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін мынадай тауарлар арнайы кедендік режимге орналастыруға жатады:

1) Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетілетін және Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінің және езге де ресми өкілдіктерінің жұмысын қамтамасыз етуге арналған тауарлар;

2) Қазақстан Республикасының кедендік аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан Қазақстан Республикасының әскери мекемелерінің арасындағы кедендік шекара арқылы өткізілетін тауарлар;

3) теңіз, әуе және темір жол көлігі түрлерімен өткізілетін аталған көлік құралдарының қалыпты жұмыс істеуі мен оларға техникалық қызмет көрсетілуін қамтамасыз етуге, олардың әкипажы мен жолаушыларының тіршілік қызметін қамтамасыз етуге арналған борттық запастар мен кеме қорлары;

4) кедендік шекара арқылы өткізілетін, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуға және жоюға арналған тауарлар, оның ішінде төтенше оқигалардың нәтижесінде зардал шеккен адамдарға тегін тарату үшін, не осы мақсаттарда коммерциялық емес қайырымдылық ұйымдарына беруге арналған тауарлар; құтқару, авариялық-қалпына келтіру және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге қажетті тауарлар және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шараларға қатысатын азаматтық қорғаныс күштерінің тауарлары;

5) шикізаттың не өнеркәсіп өнімінің ықтимал сұранысын айқындау мақсатында зерттеулер (сертификаттау) жүргізу үшін Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін сол шикізаттың не өнеркәсіп өнімдерінің үлгілері. Бұл ретте мұндай зерттеулерді жүргізу үшін жеткілікті, коммерциялық құндылығы жоқ, шикізаттың не өнеркәсіп өнімінің ең аз саны үлгі деп ұғынылады.

7-Бөлім. Арнайы кедендік рәсімдер

33-тарау. Көлік құралдарын өткізу

254-бап. Көлік құралдарына қолданылатын кедендік режимдер

Осы Кодекстің 262, 267-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін көлік құралдары (бостарын қоса алғанда) кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шараларын қолданbastan uaқытша әкелу мен uaқытша әкетудің режимдеріне сәйкес осы тарауда көзделген оңайлатылған тәртіппен кедендік ресімдеуге жатады.

255-бап. Көлік құралдарын өткізу тәртібі

1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтетін көлік құралдары өткізу пункттері арқылы ғана өткізіледі және олар осы Кодексте көзделген кедендік ресімдерді жүзеге асыру үшін аялдауға және тоқтауға тиіс.

2. Кедендік ресімдердің басталуы мен аяқталуы кеден органдарына қатысы жоқ себептер бойынша жүзеге асырылмайтын жағдайларды қоспағанда, осы баптың 1-тармағында аталған көлік құралдарының тұру ұзактығы өте қысқа болуы және ұлттық теміржол компаниясымен келісім бойынша уәкілетті орган және шекара бақылау органдары белгілеген темір жол көлігіне арналған uaқыттан, автомобиль көлігі үшін - бес сағатқа дейінгі, теңіз, ішкі су көлігі үшін бір тәулікке дейінгі uaқыттан аспауы тиіс.

3. Көлік құралдарының тұрған орындарынан жөнелтілуі Қазақстан Республикасының кедендік аумағына кіруі кезінде - осы Кодекстің 10-тарауында, ал Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан шығуы кезінде - осы Кодекстің 14-тарауында көзделген кедендік ресімдер аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

256-бап. Көлік құралдарын uaқытша әкелу мен uaқытша әкетуді оңайлатылған тәртіппен кедендік ресімдеу

1. Тасымалдаушы көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктіне көлік құралдары тікелей келген кезде Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделген тасымалдаушының көлік құжаттарын кеден органына ұсынуы арқылы д е к л а р а ц и я л а й д ы .

2. Көлік құралдарын uaқытша әкелуді немесе uaқытша әкетуді кедендік ресімдеу тасымалдаушы берген көлік құжатына кеден органының тиісті белгілерін қою жолымен жүзеге асырылады.

257-бап. Автокөлік құралдарын кедендік ресімдеудің ерекшелігі

1. Бос автокөлік құралын уақытша әкелу кезінде кеден органы шетелдік бос автокөлік құралының әкелу күелігін ресімдеуді жүргізеді, оны толтырудың нысаны мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан автокөлік құралын кері әкету кезінде кеден органына автокөлік құралының Қазақстан Республикасының кедендік аумағына уақытша әкелінгендігін раставитын құжаттар берілуі тиіс.

258-бап. Уақытша әкелінген және уақытша әкетілген көлік құралдарымен жасалатын операциялар

1. Уақытша әкелінген және уақытша әкетілген көлік құралдарымен олардың шетелдік мемлекеттің аумағында болған не Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылған кезде оларға қажет болған техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жөніндегі әдеттегі операцияларды жасауға жол беріледі.

2. Уақытша әкетілген көлік құралының Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарында есепке алынуға жататын бөлшектерін ауыстыруға байланысты көлік құралын жөндеген кезде Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жасалған шарттың талаптарына сәйкес тегін жөндеу жүзеге асырылған не оның Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерде орын алған апаттың немесе ырық бермес күштер әсерінің салдарынан закымдануынан кейін көлік құралын қалпына келтіру үшін қажетті жөндеу жүзеге асырылған жағдайларды қоспағанда, ауыстырылған бөлшек кедендік ресімдеуге жатады. Әуе кемелерінің техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу кезінде ауыстырылған бөлшектерін кедендік ресімдеу ерекшеліктерін тиісті уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша уәкілетті орган айқындаиды.

3. Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетілмеген уақытша әкелінген көлік құралдарының немесе Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінбеген уақытша әкетілген көлік құралдарының ауыстырылған қосалқы бөлшектері мен жабдықтары осы Кодексте көзделген тәртіппен кедендік ресімдеуге жатады.

4. Уақытша әкелінген көлік құралын пайдалану және (немесе) оларға билік ету не иеліктен шығару құқығы қазақстандық тұлғаға не уақытша әкетілген көлік құралы шетелдік тұлғаға берілген жағдайда, көлік құралын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы іс жүзінде өткізуі жүзеге асырған тұлға тиісті кедендік режимін мәлімдеуге міндетті.

259-бап. Көлік құралдарын уақытша әкелу мен уақытша әкетудің мерзімдері

1. Уақытша әкелінген көлік құралын қайта әкету, осы Кодекстің 79-бабында көзделген тауарлар мен көлік құралдарын жеткізуін мерзімдері ескеріле отырып, оларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының кедендік аумағына

әкелінген тасымалдау операциялары аяқталғаннан кейін дереу жүзеге асырылуы тиіс.

Уақытша әкелінген көлік құралын оны әкелуді жүзеге асырған тұлғага қатысы жоқ себептер бойынша белгіленген мерзімдерде әкету мүмкін болмаған жағдайда, оны пайдалану құқығын берместен, көлік құралын уақытша қайта әкетудің мерзімі көлік құралын Қазақстан Республикасының аумағынан нақты әкету басталғанға дейін кеден органы ұзартуы мүмкін. Көлік құралын уақытша әкелудің жалпы мерзімі ұзарту мерзімі ескеріле отырып, бір жылдан аспауы тиіс.

2. Уақытша әкетілген көлік құралын қайта әкелу оны Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан нақты әкеткен кезден бастап бір жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

260-бап. Көлік құралдарын қайта әкелу және қайта әкету

1. Осы Кодекстің 259-бабында белгіленген мерзім өткенге дейін уақытша әкетілген көлік құралдары Қазақстан Республикасының кедендік аумағына қайтарылуы тиіс, ал уақытша әкелінген көлік құралдары Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетілуі не тауарлар үшін көзделген өзге кедендік режимге мәлімделуі тиіс.

Бұл ретте уақытша әкетілген көлік құралын кеден органына нақты ұсынбастан тауарлар экспортының не тауарларды уақытша әкетудің кедендік режиміне мәлімдеуге жол беріледі.

2. Көлік құралдарын қайта әкету және қайта әкелу кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмай оңайлатылған тәртіппен жүзеге асырылады.

261-бап. Халықаралық тасымалдар үшін пайдаланылмайтын су және әуе кемелерін кедендік шекара арқылы өткізу

1. Судың биологиялық ресурстарының кәсібі, теңіз тұбі мен оның жер қойнауларының минералдық және басқа да жансыз ресурстарын барлау мен өндеу, лоцмандық өткізу, іздестіру, құтқару және тіркеуге алу операциялары, теңізге батқан мұлікті көтеру, гидротехникалық, су асты-техникалық және басқа да осыған ұқсас жұмыстар, санитарлық, карантиндік және басқа да бақылау, теңіздің аумағын қорғау мен сақтау, теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізу, оқу, спорт және мәдени мақсаттарында, сондай-ақ сауда мақсатында теңізде жүзуге байланысты өзге де мақсаттарда оларды пайдалану үшін Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге уақытша әкетілетін теңіз, ішкі су кемелері оларды уақытша әкету мен қайта әкелу кезінде осы тарауда белгіленген тәртіпке және шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізіледі, бұған жеке тұлғалар өткізетін көлік

2. Әскери әуе кемелерін қоспағанда, тауарлар мен жолаушыларды халықаралық тасымалдау үшін пайдаланылмайтын әуе кемелері оларды осы тарауда көзделген тәртіппен уақытша әкету мен қайта әкелу кезінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізіледі.

262-бап. Көлік құралдарын тауар ретінде өткізу

1. Уақытша немесе тұрақты пайдалануға, иеленуге немесе билік етуге берілуіне байланысты Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін және Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетілетін көлік құралдары кедендік режимдерге сәйкес кедендік ресімдеуге жатады.

2. Бір шетелдік тұлғадан екінші шетелдік тұлғаға уақытша немесе тұрақты пайдалануға, иеленуге немесе билік етуге берілуіне байланысты Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы транзитпен өткізілетін көлік құралдары тауарлар транзитінің кедендік режимдеріне сәйкес кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауға жатады.

3. Ишкі тасымалдарды (Қазақстан Республикасының кедендік аумағындағы тиеу және түсіру не жолаушыларды отырғызу мен түсіру пункттерінің арасындағы тасымалдарды) жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы қайта өндөу мақсаттары үшін өткізілетін көлік құралдары тауарларға қолданылатын кедендік режимдерге сәйкес кедендік бақылау мен кедендік ресімдеуге жатады.

34-тaraу. Жеке тұлғалардың тауарлар мен көлік құралдарын өткізуі

263-бап. Осы тарауда қолданылатын ұғымдар

Осы тарауды қолданудың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады :

1) өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызметке арналмаған тауарлар - жеке тұлға пайда табу мақсатында пайдаланылмайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу сипатына, кезеңділігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшеріне және өзге де өлшемдеріне сәйкес келмейтін тауарлар;

2) иесімен бірге жөнелтілетін багаж - Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтетін жеке тұлға тікелей өткізетін тауарлар;

3) иесімен бірге жөнелтілмейтін багаж - тауар өткізуши жеке тұлғамен жасалған тасымалдау шарты бойынша (багаж түбіртегі, жөнелту құжаты, коносамент және басқа да құжаттар бойынша) тасымалдаушы Қазақстан

Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізетін тауарлар;

4) көлік құралы - Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы осы көлік құралын өткізетін жеке тұлғаның меншігіндегі немесе уақытша иелігіндегі қосалқы бөлшектерімен және әдеттегі керек-жарақтарымен, жабдықтарымен бірге, дағдылы бактарында жанар-жағар майы мен отыны бар авто-, мотокөлік құралы, тіркеме, теңіз және ішкі су немесе әуе кемесі;

5) декларациялаудың конклюденттік нысаны - жеке тұлғаның қол жүгінде және иесімен бірге жөнелтілетін багажында міндетті жазбаша декларациялануға жататын тауарлардың жоқ екендігін куэландыратын іс-әрекеттер жасауы.

264-бап. Жеке тұлғалардың тауарларды өткізу тәртібі

1. Қазақстан Республикасына әкелуге немесе Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынғандарын қоспағанда, өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызметке арналмаған тауарларды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шарттар мен нормалар сақталған жағдайда, жеке тұлғалар осы тарауда көзделген оңайлатылған тәртіpte Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген салмақтық және құндық нормалардың шегіндегі, оларға қатысты жеңілдетілген тәртіп көзделмеген тауарларды жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы осы тарауда көзделген оңайлатылған тәртіппен өткізеді.

3. Шетел мемлекеттерінде үздіксіз болу мерзімі алты айдан асатын Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі жеке құрамының Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелеріндегі жұмысының аяқталуына орай, келген елінен жеке пайдалануға арналған тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыскары жерде бүкіл жұмыс істеу кезеңі ішінде алған жалақы сомасының шегінде кедендік баждар төлеместен әкелуге құқығы бар.

4. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің оңайлатылған немесе жеңілдетілген тәртібі көзделмеген тауарларға кедендік ресімдеудің осы Кодекспен белгіленген жалпы тәртібі қолданылады.

Ескерту. 264-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

265-бап. Жеке тұлғалардың тауарларды міндетті жазбаша декларациялауы

1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өтетін жеке тұлға міндетті жазбаша декларациялауға жататын тауарларды өткізу кезінде олар туралы өтініш, тауарлар осы Кодексте көзделген тәртіппен кедендік ресімдеуге жататын жағдайларды қоспағанда, жолаушылардың кедендік декларациясын толтыру жолымен жүргізіледі. V032355

2. Тауарларды жазбаша нысанда міндетті декларациялауға мынадай тауарлар жағатады:

- 1) қару, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттар;
- 2) есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар;
- 3) мемлекет үшін тарихи, көркем, ғылыми немесе мәдени құндылыққа ие, әкетілетін өнер туындылары, коллекциялық және антиквариат бұйымдары;
- 4) улы және күшті әсер ететін заттар;
- 5) радиациялық материалдар;
- 6) Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылуы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының тарапынан бақылауға жататын жоғары жиілікті құрылғылар мен радио-электрондық байланыс құралдары;
- 7) флора мен фаунаның сирек кездесетін коллекциялары мен үлгілері, олардың бөлшектері мен олардан алынған өнім;
- 8) Қазақстан Республикасының валюталық заңдарымен шектеулер немесе оларды Қазақстан Республикасына әкелудің және Қазақстан Республикасынан әкетудің шарттары белгіленген валюталық құндылықтар;
- 9) Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының кедендей шекарасы арқылы өткізудің жеңілдетілген тәртібін белгілеген жеке зергерлік бұйымдарды қоспағанда, бағалы металдар мен асыл тастар;
- 10) Қазақстан Республикасының аумағына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалардан тыс әкелінетін акцизделетін тауарлар;
- 11) Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін адамдардың жолда, не емделу үшін жеке өзінің ғана пайдалануына арналған дәрілік құралдарды қоспағанда, фармацевтік өнімдер;
- 12) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша тауарлық позицияларда 9018-9022 болып жіктелетін тауарлар;
- 13) өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызметке арналған тауарлар;
- 14) өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызметке арналмаған, саны немесе құны Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалардан асатын тауарлар;
- 15) иесімен бірге жөнелтілмейтін багажben өткізілетін тауарлар;
- 16) әкелу және әкету кезінде тауарларды жеңілдікпен өткізу көзделмеген уақытша әкелінетін (әкетілетін) тауарлар;
- 17) көлік құралдары;

18) жеке тұлғаның шетел мемлекетінен Қазақстан Республикасына не Қазақстан Республикасынан шетел мемлекетіне тұрақты тұруға қоныс аударуына байланысты Қазақстан Республикасының кедендей шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар.

3. Жолаушылардың кедендей декларациясының нысанын уәкілетті орган

а й қ ы н д а й д ы

4. Он алты жасқа толмаған адам өткізетін тауарларды жазбаша декларациялауды оны алып жүрген адам жүзеге асырады.

5. Иесімен бірге жөнелтілмейтін бағажбен өткізілетін тауарларға қатысты жолаушылардың кедендік декларациясы тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелу кезінде және сонымен бір мезгілде тауарларды кеден органына көрсете отырып, оларды әкету кезінде тауарларды кеден органына көрсеткен күннен бастап күнтізбелік он бес күннің ішінде берілуі тиіс.

6. Иесімен бірге жөнелтілмейтін бағаждағы тауарларды тауар өткізуі адам немесе тауар өткізуі адамның сенімхаты бойынша әрекет ететін басқа адам декларациялай алады. Кеден органына мәлімделетін мәліметтердің дұрыстығына тауарларды декларациялаушы адам жауапты болады.

7. Он алты жасқа толмаған адамның иесімен бірге жөнелтілмейтін бағаждағы тауарлар оның ата-аналары немесе қамқоршылары, не ата-аналарының немесе қамқоршыларының сенімхаттары бойынша әрекет ететін адамдардың декларациялауына жатады.

266-бап. Жеке тұлғалардың тауарларды уақытша әкелуі және уақытша әкетуі

1. Тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалар өздерінің шетелдік мемлекетте уақытша болуы мерзіміне кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан уақытша әкете алады.

2. Тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан тыскары жерлерде тұрақты тұратын жеке тұлғалар өздерінің Қазақстан Республикасында уақытша болуы мерзіміне кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан уақытша әкеле алады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының кедендік аумағына жеке тұлғалар уақытша әкелетін тауарлардың жекелеген санаттарына қатысты жеңілдетілген тәртіппен уақытша әкелудің шектелген мерзімдерін б е л г і л е у і м ү м к і н .

4. Жеңілдетілген тәртіппен уақытша әкелінетін және уақытша әкетілетін тауарлар, осы тауарлардың өткізілуіне қатысты ауызша декларациялау көзделген жағдайларды қоспағанда, жолаушылардың кедендік декларациясын толтыру жолымен жазбаша нысанда декларацияланады.

5. Уақытша әкелінетін және уақытша әкетілетін тауарлар табиғи тозудың немесе табиғи кемудің салдарынан болатын өзгерістерден басқа, өзгеріссіз

күйінде қайта әкетуге және қайта әкелуге жатады.

6. Тауарлар кез келген кеден органы арқылы қайта әкетілуі және қайта әкелінүі

мұмкін.

7. Қайта әкетілетін және қайта әкелінетін тауарлар әкету және әкелу кезінде тиісінше ресімделген жолаушылардың кедендік декларациясында бұл тауарлар туралы мәліметтер болған жағдайда кедендік төлемдерден, салықтардан және тарифтік емес реттеу шараларын қолданудан босатылады.

267-бап. Жеке тұлғалардың көлік құралдарын үақытша әкелуі және үақытша әкетуі

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалар өздеріне тиесілі не өздеріне үақытша пайдалануға, билік етуге берілген, Қазақстан Республикасында тіркелген көлік құралдарын кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан үақытша әкетуге және қайта әкелуге құқылы.

2. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде тұрақты тұратын жеке тұлғалар өздеріне тиесілі не өздеріне үақытша пайдалануға, билік етуге берілген, шетел мемлекеттерінде тіркелген көлік құралдарын кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан үақытша әкелуге және қайта әкетуге құқылы.

3. Көлік құралдарын жеңілдетілген тәртіппен үақытша әкетудің мерзімі көлік құралын әкетуді шетел мемлекетінде жүзеге асырған адамның үақытша болу

мерзімін аспауы тиіс.

Көлік құралдарын жеңілдетілген тәртіппен үақытша әкелудің мерзімі кез келген жүйелі он екі айлық кезеңде жиынтықты алты айдан аспауы тиіс.

Көлік құралын әкелуді жүзеге асырған тұлғаға қатысы жоқ себептер бойынша белгіленген мерзімдерде әкету мүмкін болмаған жағдайда, көлік құралын үақытша әкелудің мерзімін кеден органы көлік құралын Қазақстан Республикасының аумағынан нақты әкету басталғанға дейін оны пайдалану құқығын бермей бір айға ұзартуы мүмкін.

4. Белгіленген мерзімдер өткенге дейін үақытша әкелінген көлік құралдары Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерге әкетілуі не тауарлар үшін көзделген кедендік режимдердің біріне мәлімделуі тиіс.

5. Көлік құралдары кез келген кеден органы арқылы қайта әкетілуі және қайта әкелінүі

мұмкін.

6. Бұрын үақытша әкелінген көлік құралын әкету кезінде көлік құралын қайта әкету туралы міндеттеме көлік құралын әкету жүзеге асырылатын кеден

органдада қалауды.

7. Осы баптың 4-тармағының шарттары орындалған жағдайда, көлік құралын тауарлар үшін көзделген кедендік режимде ресімдеуді жүзеге асыратын кеден

органы немесе оның әкетілуі өзі арқылы жүзеге асырылатын кеден органы көлік құралын қайта әкету туралы міндеттемені ресімдеген кеден органын көлік құралын кедендік ресімдеу не Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкету фактісі туралы хабардар етеді.

**268-бап. Жеке тұлғалар жеңілдетілген тәртіппен
уақытша әкелетін және уақытша әкететін
көлік құралдарын декларациялау**

1. Жеңілдетілген тәртіппен уақытша әкелінетін және уақытша әкететін көлік құралдарын декларациялау жолаушылардың кедендік декларациясын толтыру және кеден органына көлік құралын бірдейлендіретін, осы көлік құралын меншіктену немесе иелену құқығын растайтын құжаттарды, сондай-ақ оны өткізетін адам тұрақты тұратын елді растайтын құжаттарды беру жолымен жүзеге асырлады.

2. Көлік құралын уақытша әкелуді декларациялау кезінде кеден органдары нысанын уәкілетті орган белгілейтін көлік құралын қайта әкету туралы міндеттемені ресімдеуді жүргізеді.

3. Жеңілдетілген тәртіппен уақытша әкелінген және уақытша әкетілген көлік құралдарын белгілі бір кедендік режимге орналастырусыз иеліктен шығаруға, басқа тұлғаларға пайдалануға немесе билік етуге беруге болмайды.

Ескерту. 268-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

269-бап. Жеке тұлғалардың тауарларды жеңілдетілген тәртіппен өткізуі

1. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің жеңілдетілген тәртібі, осы бапта көзделген шараларды қоспағанда, кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатуды және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбауды көздейді.

2. Жеңілдетілген тәртіппен өткізілетін тауарларды декларациялауды жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы олардың журуі кезінде, осы Кодекстің 265-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарларды бір мезгілде ауызша немесе конклюденттік нысанда кеден органына табыс ете отырып жүзеге асырады.

Он алты жасқа толмаған адамның өткізетін тауарларын декларациялаудың нысанын таңдауды оны ертіп жүрген тұлға жүргізеді.

3. Иесімен бірге жөнелтілмейтін багажды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасына әкелу кезінде өткізудің жеңілдетілген тәртібін қолданудың міндетті шарты жеке тұлғаның өту фактісін растайтын жолаушылардың кедендік декларациясын кеден органына табыс ету болып табылады.

4. Ауызша декларациялау кезінде жеке тұлға қол жүгінде немесе иесімен бірге жөнелтілетін бағажды жазбаша декларациялауға жататын тауарлардың жоқтығы туралы мәлімдейді.

5. Жеке тұлға өзінің қалауы бойынша Қазақстан Республикасының кедендей шекарасы арқылы өткізетін, міндепті жазбаша декларациялауға жатпайтын тауарларды жазбаша декларациялауға құқылы.

6. Тауарларды конклюденттік нысанда декларациялау мүмкіндігі мақсатында Қазақстан Республикасының кедендей шекарасы арқылы өткізу пункттерінде жеке тұлғалардың өтуі үшін арнайы белгіленген орындар жайластырылады. Осындай орындарды жайластыру талаптарын кеден ісі жөніндегі уәкілетті орган айқындауды.

7. Жеке тұлғаны қол жүгінде немесе иесімен бірге жөнелтілетін бағажында жазбаша декларациялауға жататын тауарлары жоқ тұлғалардың өтуіне арналған арнайы белгіленген орын арқылы өткізу, көрсетілген тұлғада жазбаша декларациялауға жататын тауарлардың жоқ екендігі туралы кеден органына берілген етініш ретінде қаралады.

8. Ерекше жағдайларда уәкілетті орган декларациялаудың конклюденттік нысанын қолдануға шектеулер белгілеуге құқылы. Мұндай шешім өткізу пунктінде қалыптасқан шұғыл жағдайды, Қазақстан Республикасының кедендей шекарасы арқылы өтетін қандай да бір тұлғалар санатының ерекшеліктері, Қазақстан Республикасына әкелуге не Қазақстан Республикасынан әкетуге Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес тыйым салынған тауарлардың әкелінуі немесе әкетілуі мүмкін мемлекеттердің ерекшеліктері ескеріле отырып қабылданады.

9. Осы Кодекстің 265-бабының 2-тармағының 1)-11) тармақшаларында көрсетілген тауарлар тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының зандарында көзделген рұқсат ету құжаттарының болуы шартымен Қазақстан Республикасының кедендей шекарасы арқылы өткізіледі.

10. Женілдетілген тәртіппен өткізілтін тауарлар ішінәра кедендей тексеруге жагады.

11. Кеден органы тауарларды өткізуши адамнан олардың негізінде женілдіктер берілген шарттарға сәйкестігін растайтын құжаттарды көрсетуін талап етуге құқылы.

12. Жеке тұлғалар тауарларды женілдетілген тәртіппен өткізген кезде, Қазақстан Республикасының кеден зандарын сақтау үшін қажет болатын жағдайларды қоспағанда, кеден органдары көлік құралдарынан шықпай кедендей рәсімдерден өтуге мүмкіндік береді.

269-1-бап. Декларациялаудың конклюденттік нысаны кезінде өткізу пункттерін жайластыруға қатысты жалпы

1. Өткізу пункттерінде декларациялаудың конлюденттік нысанын қолдану мақсаты үшін "жасыл және қызыл дәліздер" жүйесін қолдану үшін орындар жағластырылады.

2. "Жасыл және қызыл дәліздер" жүйесін қолдану Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін жеке тұлғаның декларациялау нысанын және кедендейтік ресімдеу үшін оған сәйкес дәлізді және өзі өткізетін тауарларды кедендейтік бақылауды дербес таңдауын көздейді.

3. Кәмелетке толмаған адамдар өткізетін тауарларды кедендейтік ресімдеу және кедендейтік бақылауды үшін декларациялау нысаны мен оған сәйкес дәлізді таңдауды оларды ертіп жүрген адам жүргізеді.

Ескерту. 269-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

269-2-бап. Халықаралық өткізу пунктінде "жасыл және қызыл дәліздер" жүйесін қолдану

1. "Жасыл дәліз" - Қазақстан Республикасының кеден шекарасындағы халықаралық өткізу пункттері арқылы өтетін және қол жүгінде және алғы келе жатқан багажында осы Кодекстің 289-бабына сәйкес міндепті түрде жазбаша декларациялануға жататын тауарлары жоқ жеке тұлғалардың тауарларды жеңілдікпен өткізу тәртібі.

"Жасыл дәлізде" кедендейтік бақылаудың кейбір нысандарының қолданылмауы адамдардың Қазақстан Республикасының кеден заннамасын сақтау міндептінен босатылуын білдірмейді.

2. "Қызыл дәліз" - қол жүгінде және алғы келе жатқан багажында осы Кодекстің 265-бабына сәйкес міндепті жазбаша декларациялануға жататын тауарлары бар жеке тұлғаларға қолданылатын Қазақстан Республикасының кеден заннамасының сақталуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті кедендейтік бақылауды нысандарын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының кеден шекарасындағы халықаралық өткізу пункттері арқылы жеке тұлғалар өткізетін тауарларды кедендейтік бақылауды тәртібі.

3. "Жасыл және қызыл" дәліздердің басталуы мен аяқталуын кедендейтік бақылауды аймағының шегінде уәкілдемінде органның аумақтық бөлімшесі белгілейді.

Ескерту. 269-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының

2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

269-3-бап. "Жасыл және қызыл дәліздерді" қолдану үшін шекарадағы өткізу пункттеріне қойылатын талаптар

1. "Жасыл және қызыл дәліздер" жүйесі шекарадағы өткізу пунктінің кедендік бақылау аймағында "жасыл дәліз" талаптарына сәйкес жабдықталған кем дегенде бір дәліз және "қызыл дәлізге" қойылатын талаптарды ескеріп жабдықталған кем дегенде бір дәліз болған кезде қолданылады.

2. "Жасыл және қызыл дәліздерді" жайластыруға қолданылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді .

Ескерту. 269-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

270-бап. Жеке тұлғалардың тауарларды оңайлатылған тәртіппен өткізуі

1. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің оңайлатылған тәртібі кедендік төлемдерден, салықтардан босатпастан және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан, осы Кодексте белгіленген тәртіпке сәйкес, тауарларды кедендік ресімдеу кезіндегі кедендік ресімдерді қолданудан босатуды білдіреді.

2. Оңайлатылған тәртіппен өткізілетін тауарларды декларациялау жолаушылардың кедендік декларациясын толтыру, сондай-ақ тауарларды өткізуши адамның жеке басын, тауардың құнын, шығарылған елін, тарифтік емес реттеу шараларының сакталғандығын растайтын құжаттарды көрсету арқылы тауарларды бір мезгілде кеден органына табыс ете отырып жүргізіледі.

3. Оңайлатылған тәртіппен декларациялау кезінде тауарлардың кедендік құны кассалық немесе тауарлық чектерде немесе бөлшек сауда-саттықта пайдаланылатын және тауарға ақы төленгендігін растайтын өзге де құжаттарда аталған тауардың бағасы туралы мәліметтердің негізінде айқындалады.

4. Иесімен бірге жөнелтілмейтін багажын Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелу кезінде кедендік құнға тауарларды әуежайға, теңіз портына немесе тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағына келетін өзге де орындарына жеткізу жөніндегі шығыстар кіреді.

5. Тауарлардың құнын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, кеден органы жолаушылардың кедендік декларациясында мәлімделген тауарлардың кедендік құнын кедендік төлемдерді және салықтарды есептеуге негіз ретінде қабылдайды

6. Мәлімделген кедендік құнның анық еместігі туралы негіздер болған жағдайда, кеден органы тауарлардың кедендік құнын осы Кодекстің 39-тарауына сәйкес өздігінен белгілей алады.

7. Оңайлатылған тәртіппен өткізілетін тауарларға тауарларды осы Кодексте көзделген тәртіппен өткізу кезінде төленуге жататын кедендік төлемдер және салықтар қолданылады.

8. Егер оларда осы тауарлардың шығарылған елі туралы ақпарат болған жағдайда, этикеткалар, таңба-жапсырмалар, бұйымдардың төлкүжаттары және тауарларға қоса берілетін өзге де құжаттар тауарлардың шығарылған елін растайтын құжаттар бола алады.

9. Тауарлардың шығарылған елін растайтын құжаттар болмаған жағдайда, оңайлатылған тәртіппен өткізілетін тауарларға осы Кодексте белгіленген тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылады.

10. Кедендік төлемдерді және салықтарды жеке тұлғалар тікелей тауарларды декларациялау кезінде төлейді. Бұл ретте, кеден органының лауазымды адамы нысанын, толтыру тәртібін және есебін уәкілетті орган айқындайтын, қатаң есептілік бланкісі болып табылатын кедендік кіріс ордерін ресімдеуді жүргізеді.

11. Егер әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеу жеке тұлғаның кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу мүмкіндігінің болмауынан немесе тарифтік емес реттеу шараларының сақталуын растайтын құжаттардың болмауынан деру аяқтау мүмкін болмаса, оларды тасымалдаушы тұлғаның тілегі бойынша тауарлар:

1) Қазақстан Республикасы кедендік аумағының шегінен тыс жерлерге деру қайта әкетілуі;

2) уақытша сақтау қоймаларына орналастырылуы;

3) межелі кеден органында кейіннен кедендік ресімдеу үшін тауарлар жеткізуудің ішкі кедендік транзит ресімдері жөніндегі шарттарын сақтай отырып межелі кеден органына жеткізуі мүмкін.

12. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы оңайлатылған тәртіппен өткізілетін тауарлар тек еркін айналым үшін тауарлар шығару, тауарлардың экспорты немесе тауарлардың транзиті режимдеріне ғана мәлімделеді.

13. Жеке тұлғалар тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуудің оңайлатылған тәртібін қолданудан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда, осы Кодекске сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуудің тәртібі қолданылады.

35-тарау. Тауарларды халықаралық поча жөнелтілімдерімен өткізу

271-бап. Осы тарауда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы тарауда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) халықаралық поча жөнелтімдері - жай немесе Қазақстан Республикасынан тысқары жерге жөнелту үшін қабылданатын не Қазақстан Республикасына келіп түсетін, не Қазақстан Республикасының аумағы арқылы бір шет мемлекеттен екінші шет мемлекетке транзитпен өтетін тіркелетін поча жөнелтімдері;

2) халықаралық поча қызметтерін көрсететін ұйым - Қазақстан Республикасының поча байланысы туралы зандарына және Дүниежүзілік поча одағының актілеріне сәйкес поча байланысы қызметтерін көрсетуші занды тұлға ;

3) халықаралық поча алмасу орны - кедендік ресімдеу жүргізілетін халықаралық ілеспе құжаттарды ресімдей отырып, келіп түсетін және жіберілетін халықаралық поча жөнелтімдерін өндөу міндетіне кіретін поча байланысының бөлімшесі.

272-бап. Халықаралық поча жөнелтімдеріне қатысты жалпы ережелер

1. Осы тараудың ережелері Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы халықаралық поча жөнелтімдерімен өткізілетін тауарларды кедендік бақылау мен кедендік ресімдеудің тәртібін реттейді.

2. Халықаралық поча жөнелтімдеріне мынадай түрлер жатады:

1) хаттар - жай, тапсырысты, құндылығы жарияланған;

2) поча карточкалары - жай, тапсырысты;

3) бандерольдер мен "М" арнайы қапшықтары - жай, тапсырысты;

4) секограммалар - жай, тапсырысты;

5) шағын пакеттер - тапсырысты;

6) сәлемдемелер - кәдімгі, құндылығы жарияланған;

7) экспресс-почтаның халықаралық жөнелтімдері (Дүниежүзілік поча одағының актілеріне сәйкес халықаралық поча жөнелтімін жеделдетіп қабылдау, өндөу, жеткізу).

3. Халықаралық поча жөнелтімдерін жіберу Дүниежүзілік поча одағының актілерінде көзделген құжаттармен қоса жүруі тиіс.

4. Халықаралық поча қызметтерін көрсететін ұйым уәкілетті органмен келісім бойынша халықаралық поча алмасу орындарын айқындаиды.

5. Халықаралық поча қызметтерін көрсететін ұйым шарттық негізде

халықаралық поча алмасу орындарындағы кеден органдарын кедендік бақылауды жүзеге асыруға арналған қызметтік үй-жайлармен қамтамасыз етуі тиіс.

273-бап. Тауарларды халықаралық поча жөнелтімдерімен өткізуіндің ерекшеліктері

1. Халықаралық поча жөнелтімдерімен:

1) Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелуге және осы аумақтан әкетуге тыйым салынған;

2) Дүниежүзілік поча одағының актілеріне сәйкес жіберуге тыйым салынған тауарларды жіберуге жол берілмейді.

2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінуі немесе тиісінше осы аумақтан әкетілуі шектелген тауарларға тарифтік емес реттеу шаралары қолданылады.

3. Жеке тұлғаның мекен-жайына жіберілетін және өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызметке арналмаған тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шарттар мен нормалар сақталған жағдайда, кедендік төлемдерді және салықтар төлеуден толық босатыла отырып және оларға тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан өткізіледі.

4. Халықаралық поча қызметтерін көрсетуші үйым, зағиптарға арналған хаттар, поча карточкалары, секограммаларды қоспағанда, халықаралық поча жөнелтімдерін қарау және кедендік тексеру жүргізу үшін табыс етеді.

5. Халықаралық поча жөнелтімдерін халықаралық поча қызметтерін көрсетуші үйым кеден органдарының рұқсатынсыз оларды алушыларға бермейді не Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге жөнелте а л м а й д ы .

6. Құндылығы жарияланған хаттар, "М" қапшиқтары, бандерольдер ілеспе құжаттарды кедендік ресімдеместен жөнелтімдердің өзіне белгілер қою жолымен кедендік бақылауға жатады.

7. Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған тауарларды алыш қоюды кеден органдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүргізеді.

8. Халықаралық поча қызметтерін көрсетуші үйым халықаралық поча жөнелтімдерін жоғалтқаны, оларды алушыға кеден органдарының рұқсатынсыз бергені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

274-бап. Халықаралық поча жөнелтімдерін кедендік ресімдеу

1. Халықаралық поча жөнелтімдерін кедендік ресімдеу құжаттар мен мәліметтерді тексеруден, техникалық бақылау құралдарының көмегімен жүзеге

асырылатын қарап шығудан, ал қажет болған жағдайда - халықаралық пошта қызметтерін көрсетуші үйым операторларының орамаларды тексеру үстелінде ашып көруінен және кеден органының лауазымды адамына ішіндегілерді көрсете отырып, кедендік тексеруден басталады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің жеңілдетілген тәртібін көздеген тауарларды кедендік ресімдеуді қызмет ету аймағында халықаралық пошта алмасу орны орналасқан кеден органы жүзеге асырады.

3. Жүктің кедендік декларациясы берілетін тауарлардың кедендік ресімделуін қызмет ету аймағында жеткізудің ақырғы пункті не халықаралық пошта жөнелтімінің бастапқы жөнелту пункті болып табылатын пошта байланысының бөлімшесі орналасқан кеден органы жүзеге асырады.

4. Экспресс-почтаның халықаралық жөнелтімдері басымдылық тәртіpte кедендік ресімдеуге жатады.

5. Аудио-, бейнежазбалар мен магниттік және өзге де тасушылардағы ақпараттарды кедендік ресімдеу электронды есептеу машинасының түрі мен пайдаланыла отырып жазба жүргізілген операциялық жүйе туралы мәліметтер болған кезде, бақылаудың техникалық құралдарын пайдалану арқылы кедендік бақылаудан кейін жүзеге асырылады. Мұндай мәліметтер болмаған жағдайда, алушыға осы ақпараттың мағынасын ашу мүмкіндігі беріледі. Мағынасын ашу мүмкін болмаған жағдайда, ақпараттар тасушы жөнелтушіге қайтарылады.

6. Қайтыс болғандардың мәйітін кедендік ресімдеу медициналық мекеменің құжаты мен тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар берген қайтыс болғандығын растау туралы құжаттары болған жағдайда, онайлатылған тәртіппен жүргізіледі. Мәйіт салынған табытты кеден органының лауазымды адамы өзге салымдардың жоқтығы туралы міндетті түрде белгі соға отырып, пломбылайды.

7. Мемлекеттік наградаларды (ордендер, медальдар, белгілер, атаулы заттар) мұндай тауарларды бағасы жарияланған халықаралық пошта жөнелтімдерімен өткізетін адамның меншік құқығын растайтын марапаттау туралы құжаттар бойынша ғана Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы жіберуге жол беріледі.

275-бап. Халықаралық пошта жөнелтімдерін декларациялау

1. Дүниежүзілік пошта одағының актілерінде көзделген және халықаралық пошта жөнелтімдерінің ілеспе құжаттарында кеден органдарына қажетті барлық мәліметтер болған жағдайда, осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жүктің кедендік декларациясын табыс ету талап етілмейді және мұндай жағдайларда кедендік рәсімдеу көлік және коммерциялық құжаттарға кеден органының тиісті белгілерін қою жолымен жүзеге асырылады.

1) халықаралық поча жөнелтімдерін:

тауардың декларацияланатын легінің кедендік құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген тоқсан айлық есептік көрсеткіштен асатын;

атағдан тауарларға қатысты тарифтік емес реттеу шаралары белгіленген жағдайларда заңды тұлғалар жіберсе;

2) тауарлардың құны жеке тұлғалардың тауарларды халықаралық поча жөнелтімдерімен өткізуі үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормадан асып кетсе;

3) жеке тұлға Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан не Қазақстан Республикасының кедендік аумағына жеке тұлғаның мекен-жайына жіберілген тауарлар, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген, тауарлардың қолданылуын айқындау өлшемдеріне сәйкес өндірістік және өзге де кәсіпкерлік қызметке арналса, халықаралық поча жөнелтімдерін жүктің кедендік декларациясын беру арқылы декларациялау талап етіледі.

Ескерту. 275-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

276-бап. Халықаралық поча жөнелтімдерін кедендік бақылау

1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы халықаралық поча жөнелтімдерімен жіберілетін тауарлар кедендік бақылауда болады.

2. Тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына халықаралық поча жөнелтімдерімен жіберу кезінде кедендік бақылау Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан кірген кезден басталады және тауарларды шығару кезінде аяқталады.

3. Тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге халықаралық поча жөнелтімдерімен жіберу кезінде кедендік бақылау тауарларды кеден органдарына табыс еткен кезден басталады және Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өткен кезде аяқталады.

4. Жеткізудің ақырғы пункті болып табылатын поча байланысының бөлімшесіне халықаралық поcha жөнелтімдерін жеткізуді бақылауды уәкілетті орган белгілеген тәртіpte кеден органдары жүзеге асырады.

5. Халықаралық поcha жөнелтімдерін қарау мен кедендік тексеруді жүргізу кезінде кеден органдары кедендік бақылаудың техникалық құралдарын ең жоғары дәрежеде пайдаланады.

6. Халықаралық поcha алмасу орнына бүлінген түрде, салмағында алшақтық бар, ішіндегі бұзылған немесе қажетті ілеспе құжаттарынсыз келіп түскен

халықаралық пошта жөнелтімдері халықаралық пошта қызметтерін көрсетуші үйим ресімдеген актіні қоса бере отырып, кеден органдарына көрсетіледі.

7. Халықаралық пошта жөнелтімін кедендік тексеру кезінде санының алшақтығы және ішіндегілерінің сәйкес келмеуі анықталса кеден органының лауазымды адамы халықаралық пошта қызметтерін көрсетуші үйимның қызметкерімен бірлесіп, кедендік тексерудің актін жасайды.

36-тарау. Шетелдік тұлғалардың жекелеген санаттарының тауарларды өткізуі

277-бап. Осы тараудың қолданылу саласы

Осы тарау дипломатиялық, консулдық және шетел мемлекеттерінің өзге де ресми өкілдіктері, халықаралық үйимдар, осы өкілдіктер мен үйимдардың жеке құрамдары Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізетін тауарларға қатысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктерді пайдаланатын шетелдік тұлғалардың жекелеген санаттарының мүлкіне және жеке бағажына қатысты кедендік бақылаудың тәртібін реттейді.

278-бап. Осы тарауда пайдаланылатын үғымдар

Осы тарауда пайдаланылатын негізгі үғымдар:

1) дипломатиялық өкілдік - жеке құрамы Қазақстан Республикасында тіркелген шетел мемлекетінің өкілдігі;

2) консулдық мекеме - жеке құрамы Қазақстан Республикасында тіркелген кез келген бас консулдық, консулдық, вице-консулдық немесе консулдық агенттік;

3) дипломатиялық өкілдіктің қызметкерлері - өкілдіктің басшысы және өкілдік жеке құрамының мүшелері;

4) дипломатиялық өкілдік жеке құрамының мүшелері - өкілдіктің дипломатиялық, әкімшілік-техникалық және қызмет көрсетуші жеке құрамының мүшелері;

5) консулдық лауазымды адам - консулдық мекеменің басшысын қоса алғанда, консулдық лауазымды адам ретінде консулдық функцияларды атқару тапсырылған адам;

6) консулдық мекеменің қызметкерлері - консулдық лауазымды адамдар, консулдық қызметшілер (әкімшілік-техникалық міндеттерді атқаратын адамдар) және қызмет көрсетуші жеке құрамының қызметкерлері;

7) дипломатиялық өкілдіктерге теңестірілген өкілдіктер - жеке құрамы Қазақстан Республикасында тіркелген халықаралық үйимдардың өкілдіктері;

8) дипломатиялық пошта - мемлекет пен оның шетелдегі дипломатиялық,

консулдық өкілдіктері арасындағы байланыс түрі;

9) консулдық сағдиян - консулдық мекемелердің байланыс түрлерінің бірі;

10) дипломатиялық курьер - Қазақстан Республикасының кедендейшекарасы арқылы дипломатиялық почетаны өткізуге уәкілетті тұлға;

11) консулдық курьер - Қазақстан Республикасының кедендейшекарасы арқылы консулдық сағдиянды өткізуге уәкілетті тұлға.

279-бап. Шетел мемлекеттері дипломатиялық өкілдіктерінің тауарларды өткізуі

Қазақстан Республикасының аумағындағы шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктері өздерінің ресми пайдалануына арналған тауарларды сондай-ақ тауарларды уақытша сақтау қоймаларында немесе кеден органдарының кедендейшекарасында сақтауды жүзеге асыру кезінде кедендейшемдердің және салықтарды төлеуден босатыла отырып және тауарларға тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай Қазақстан Республикасына әкеle алады және Қазақстан Республикасынан әкете алады.

Ескерту. 279-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

280-бап. Шетел мемлекетінің дипломатиялық өкілдігі басшысының және өкілдіктің дипломатиялық жеке құрамы мүшелерінің тауарларды өткізуі

1. Шетел мемлекеті дипломатиялық өкілдігінің басшысы және өкілдіктің дипломатиялық жеке құрамының мүшелері, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелері, егер олар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмаса, бастапқы жайғасуға қажет тауарларды қоса алғанда, өздерінің жеке пайдалануына арналған тауарларды сондай-ақ тауарларды уақытша сақтау қоймаларында немесе кеден органдарының кедендейшекарасында сақтауды жүзеге асыру кезінде кедендейшемдердің және салықтарды төлеуден босатыла отырып және тауарларға тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай Қазақстан Республикасына әкеle алады және Қазақстан Республикасынан әкете алады.

2. Шетел мемлекетінің дипломатиялық өкілдігі басшысының, өкілдіктің дипломатиялық жеке құрамы мүшелерінің, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелерінің, егер олар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмаса, жеке бағажы, егер жеке пайдалануға арналмаған тауарлар немесе әкелуіне не әкетілуіне тыйым салынған, немесе Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині туралы заңдарымен реттелетін тауарлар бар екеніне елеулі негіздемелер болмаса, кедендейшекарасы тексеруден босатылады. Тауарларды мұндай тексеру тек осы адамның немесе оның уәкілетті өкілінің қатысуымен жүргізілуі

қ а ж е т .

Ескерту. 280-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**281-бап. Шетел мемлекеті дипломатиялық өкілдігінің
әкімшілік-техникалық жеке құрамы мүшелерінің
тауарларды өткізуі**

Шетел мемлекеті дипломатиялық өкілдігінің әкімшілік-техникалық жеке құрамының мүшелері және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері, егер олар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмаса, жайғасуға арналған заттарды қоса алғанда, өздерінің жеке пайдалануына арналған тауарларды сондай-ақ тауарларды уақытша сақтау қоймаларында немесе кеден органдарының кедендей қоймаларында сақтауды жүзеге асыру кезінде кедендей төлемдерді және салықтарды төлеуден босатыла отырып және тауарларға тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай, Қазақстан Республикасына әкеle алады және Қазақстан Республикасынан әкете алады.

Ескерту. 281-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**282-бап. Шетел мемлекеті дипломатиялық өкілдігінің
қызмет көрсетуші жеке құрамы мүшелерінің
тауарларды өткізуі**

Шетел мемлекетімен жасалып бекітілген халықаралық шарттың негізінде шетел мемлекеті өкілдігінің дипломатиялық жеке құрамының мүшелеріне, осы Кодексте берілетін кедендей төлемдер бойынша жеңілдіктер әрбір жекелеген шетел мемлекетіне қатысты өзара сыйластық принципін негізге ала отырып, осы дипломатиялық өкілдіктің қызмет көрсетуші жеке құрамының қызметкерлеріне, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне егер олар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмаса, қолданылуы мүмкін.

**283-бап. Шетел мемлекеттерінің консулдық мекемелері
мен олардың қызметкерлерінің тауарларды
өткізуі**

1. Шетел мемлекеттерінің консулдық мекемелеріне, консулдық мекеменің басшысын қоса отырып, консулдықлауазымды адамдарға және консулдық қызметшілерге, сондай-ақ егер Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмаса, олардың отбасы мүшелеріне шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктерінің, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктерінің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық жеке құрамының мүшелері үшін осы Кодексте көзделген кедендей төлемдер бойынша жеңілдіктер беріледі.

2. Консулдық мекеменің қызмет көрсетуші жеке құрамының қызметкерлеріне, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне, егер олар Қазақстан Республикасының

азаматтары болып табылмаса, шетел мемлекетімен жасалып бекітілген халықаралық шарттың негізінде, әрбір жеке шетел мемлекетіне қатысты өзара сыйластық принципін негізге ала отырып, шетел мемлекетінің дипломатиялық өкілдігінің қызмет көрсетуші жеке құрамының мүшелеріне осы Кодексте берілетін кедендейтік төлемдер бойынша жеңілдіктер қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 283-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

284-бап. Шетел мемлекеттерінің дипломатиялық почтасы мен консулдық сағдиянын Қазақстан Республикасының кедендейтік шекарасы арқылы

өткізу

1. Қазақстан Республикасының кедендейтік шекарасы арқылы өткізілетін шетел мемлекеттерінің дипломатиялық почтасы кеден органдарының ашып қарауына да, ұстап қалуына да жатпайды және оларды тек сырттай қарайды. Дипломатиялық почтаны құрайтын барлық орындардың олардың сипатын көрсететін көзге көрінерлік сыртқы белгілері болуға тиіс және оларда тек дипломатиялық құжаттар мен тек қана ресми пайдалануға арналған заттар болуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының кедендейтік шекарасы арқылы өткізілетін шетел мемлекеттерінің консулдық сағдияны кеден органдарының ашып қарауына да, ұстап қалуына да жатпайды және оларды тек сырттай қарайды. Консулдық сағдиянды құрайтын барлық орындардың олардың сипатын көрсететін көзге көрінерлік сыртқы белгілері болуға тиіс және оларда тек ресми хат-хабарлар мен құжаттар немесе тек қана ресми пайдалануға арналған заттар болуға тиіс.

Консулдық сағдияндағы заттардың тек қана ресми пайдалануға арналмағандығы туралы негіздемелер болған жағдайда, кеден органы осы шетел мемлекеті үәкілдеп тұлғаларының кеден органы лауазымды адамдарының қатысуымен сағдиянды ашып көрсетуін талап етуге құқылы. Осы мемлекеттің өкіметі консулдық сағдиянды ашудан бас тартқан жағдайда ол жөнелтілген жеріне

қайтарады.

3. Дипломатиялық пошта және консулдық сағдиян келуіне рұқсат берілген портқа немесе әуежайға бағытталған кеменің капитанына немесе әуе кемесінің командиріне сеніп тапсырылуы мүмкін. Кеменің капитаны немесе әуе кемесінің командирі дипломатиялық пошта мен консулдық сағдиянды құрайтын орындардың саны көрсетілген ресми құжатпен қамтамасыз етілуге тиіс, бұл ретте ол дипломатиялық немесе консулдық курьер болып есептелмейді.

4. Дипломатиялық өкілдік немесе консулдық мекеме өз қызметкерлерінің бірін кеменің капитанынан немесе ұшақтың командирінен дипломатиялық почтаны немесе консулдық сағдиянды тікелей және кедергісіз қабылданап алуға

ж і б е р е

а л а д ы .

5. Егер дипломатиялық почта немесе консулдық сағдиян басқа кеден органының қызметі аймағындағы өкілдікке немесе мекемеге тікелей шетел мемлекетінің автокөлік құралымен жеткізілсе, онда дипломатиялық почта мен консулдық сағдиянды шекаралық кеден органы ресімдейді.

285-бап. Шетелдік дипломатиялық және консулдық курьерлердің тауарларды өткізуі

1. Шетелдік дипломатиялық және консулдық курьерлер өздерінің жеке пайдалануына арналған тауарларды сондай-ақ тауарларды уақытша сақтау қоймаларында немесе кеден органдарының кедендік қоймаларында сақтауды жүзеге асыру кезінде кедендік төлемдерді және салықтарды төлеуден босатыла отырып және тауарларға тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан, Қазақстан Республикасына әкеле алады және Қазақстан Республикасынан әкете а л а д ы .

2. Дипломатиялық және консулдық курьерлерге өздерінің мәртебесі және дипломатиялық почта мен консулдық сағдиянды құрайтын орындардың саны көрсетілген ресми курьерлік парақ берілуге тиіс. Курьерлік парақта дипломатиялық почта мен консулдық сағдиянды жіберген мекеме қол қояды және м ө р б а с а д ы .

3. Дипломатиялық почта мен консулдық сағдиян осы дипломатиялық почта немесе консулдық сағдиянды ғана тасымалдауға белгіленген және курьерлік ресми парақпен қамтамасыз етілген уақытша дипломатиялық немесе консулдық курьерге де сеніп тапсырылуы мүмкін.

4. Уақытша дипломатиялық немесе консулдық курьерге осы баптың 1-тармағында көзделген кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктер беріледі. Мұндай жеңілдіктер дипломатиялық почта мен консулдық сағдиянды мақсаты бойынша жеткізген кезден бастап тоқтатылады.

Ескерту. 285-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

286-бап. Шетел мемлекеттерінің өкілдері мен делегация мүшелерінің тауарларды өткізуі

Шетел мемлекеттерінің өкілдеріне, парламент және үкімет делегацияларының мүшелеріне, сондай-ақ өзара сыйластық негізінде Қазақстан Республикасына мемлекетаралық келіссөздер, халықаралық конференциялар мен кеңестерге қатысу үшін немесе басқа да ресми тапсырмалармен келетін шетел мемлекеттері делегацияларының қызметкерлеріне осы Кодексте көзделген шетел мемлекеті өкілдігінің дипломатиялық жеке құрамының мүшелеріне арналған кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктер беріледі. Дәл сондай жеңілдіктер осы адамдарға еріп жүрген олардың отбасы мүшелеріне де беріледі.

287-бап. Қазақстан Республикасының кедендейк аумағы арқылы транзитпен өтетін шетел мемлекеттері дипломатиялық жеке құрамы мүшелерінің, консулдықлауазымды адамдарының, өкілдерінің және делегациялар мүшелерінің тауарларды өткізуі

1. Шетел мемлекеттері дипломатиялық өкілдігінің мүшелері мен консулдықлауазымды адамдарына, олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кедендейк аумағы арқылы транзитпен өтетін, осы Кодекстің 286-бабында көрсетілген адамдарға шетел мемлекеті өкілдігінің дипломатиялық жеке құрамының мүшелері үшін осы Кодексте көзделген кедендейк төлемдер бойынша жеңілдіктер беріледі.

2. Егер жоғарыда аталған адамдардың, сондай-ақ олармен бірге жүрген отбасы мүшелерінің бағажында әкелінуіне немесе әкетілуіне Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині туралы заңдарымен тыым салынған не реттелетін тауарлар бар деп есептеуге негіздер болмаса, бағажы кедендейк тексеруден босатылады. Тауарларды мұндай тексеру тек осы адамның немесе оның үәкілетті өкілдерінің қатысуымен ғана жүргізілуі тиіс.

288-бап. Дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктер, консулдық мекемелер мен олардың қызметкерлері өткізетін тауарларды ресімдеудің тәртібі

1. Дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктердің, консулдық мекемелердің ресми пайдалануына арналған тауарлар таңдалған кедендейк режимге сәйкес жүктің кедендейк декларациясын кеден органына табыс ету арқылы кедендейк ресімдеуге жатады.

2. Дипломатиялық өкілдік қызметкерлерінің және оларға теңестірілген адамдардың, консулдық мекеме қызметкерлерінің, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелерінің иесімен бірге жөнелтілмейтін жеке жол жүргі таңдалған кедендейк режимге сәйкес кедендейк декларацияны кеден органына табыс ету жолымен кедендейк ресімдеуге жатады.

289-бап. Тауарлардың жекелеген санаттарын кедендейк ресімдеудің ерекшеліктері

1. Қазақстан Республикасында тіркелген тұлғалардың ресми және жеке пайдалануына арналған мынадай тауарлар:

- 1) көлік құралдарының барлық түрлері;
- 2) дербес компьютерлер және олардың керек-жарақтары;
- 3) сателлиталық керек-жарақтармен бірге теле-, радио-, бейне аппаратура;
- 4) шығарылған слайдтарымен және фильмдерімен қоса кинокамералар мен

кинооператорлар;

5) жиһаздардың барлық түрлері;

6) құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы зандада белгіленген жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын тұрмыстық электр аспаптары, спорттық жабдықтар, музикалық аспаптар;

7) бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған жеке зергерлік сән бұйымдары мәлімделген кедендейтік режимге сәйкес кеден органдарында міндепті кедендейтік ресімдеуге және есепке алуға жатады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында кедендейтік төлемдер бойынша жеңілдіктері жоқ басқа тұлғага жоғарыда аталған тауарлардың меншік құқығын беру Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес барлық тиісті кедендейтік төлемдерді және салықтарды төлей отырып, міндепті кедендейтік қайта ресімдеуге жатады.

3. Дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктер, консулдық мекемелер ресми пайдалану үшін тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай, бір тоқсанда бес мың дана әртүрлі темекі өнімдерін (сигар, сигарет және тағы басқалары), бір жүз литр шарап және ликер-арақ өнімдерін Қазақстан Республикасына әкеле алады.

4. Мәдени-тарихи құндылықтары бар шетел тауарлары және олардың құжаттары кедендейтік ресімдеу мен кедендейтік бақылау үшін кеден органына беріледі.

5. Мәдени-тарихи құндылықтары бар және Қазақстан Республикасында сатып алынған тауарлар тиісті уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты негізінде ғана Қазақстан Республикасының аумағынан тыс әкетілуі мүмкін.

8-Бөлім. Кедендейтік төлемдер және салықтар

37-тaraу. Жалпы ережелер

290-бап. Кедендейтік төлемдер және салықтар

1. Қазақстан Республикасында мынадай кедендейтік төлемдер қолданылады:

1) кедендейтік баж;

2) кедендейтік алымдар;

3) алымдар;

4) алдын ала шешім үшін төлемақы.

2. Төлеушілер, кедендейтік төлемдерді есептеу, төлеу, қайтару және өндіріп алу тәртібі, сондай-ақ кедендейтік төлемдер бойынша жеңілдіктер осы Кодексте айқындалады.

3. Кеден органдары демпингке қарсы, қорғау және өтемдік баждарды

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және жағдайларда алады.

4. Төлеушілер, салықтарды есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес айқындалады.

5. Жеке тұлғалар тауарларды оңайлатылған тәртіппен өткізу кезінде кедендік төлемдер және салықтар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жиынтық кедендік төлем түрінде төленуі мүмкін.

6. Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасының кедендік аумағына еркін айналыс үшін шығарған кезде кеден бажы мен акциз Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жиынтық төлем түрінде төленуі мүмкін.

Ескерту. 290-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.11.22. N 89 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

291-бап. Кедендік төлемдер ставкаларының түрлері

Кедендік төлемдердің ставкалары мынадай түрлерге:

1) салық салынатын тауарлардың кедендік құнына процентпен есептелетін -
адвалорлық;

2) салық салынатын тауарлардың бірлігі үшін белгіленген мөлшерде
есептелетін - ерекшелікті;

3) кедендік төлемдер ставкаларының аталған екі түрін де ұштастыратын -
құрамдас болып бөлінеді.

292-бап. Кедендік баждар

1. Кедендік баждар тауарларды кедендік режимдерде декларациялау кезінде төленеді, бұларға орналастыру жағдайы Қазақстан Республикасының Кедендік тарифіне сәйкес кедендік баждар төлеуді белгілейді.

2. Кедендік баждардың ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді және олар ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қүшіне енеді.

293-бап. Кедендік алымдар

1. Кедендік алымдарға:

- 1) кедендік ресімдеу үшін кедендік алым;
- 2) кедендік ілесіп алып журу үшін кедендік алым;
- 3) тауарларды сақтау үшін кедендік алым жатады.

2. Көрсетілген іс-әрекеттерді орындағаны үшін кеден органдары шығындарының құны кеден алымдарының мөлшерін айқындау үшін негіз болып табылады.

294-бап. Кедендік ресімдеу үшін кедендік алым

Тауарлар мен көлік құралдарын негізгі кедендік ресімдеу кезінде кедендік ресімдеу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде кедендік алым алынады.

295-бап. Кедендік ілесіп алым жүру үшін кедендік алым

Кеден органдары тауарларды кедендік ілесіп алым жүру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде кедендік алым алады.

Бірнеше көлік құралын кедендік ілесіп алым жүру кезінде кедендік алымның сомасы ілесіп алым жүргуге қатысушылардың санына барабар бөлінеді.

296-бап. Тауарларды сақтау үшін кедендік алым

Иелері кеден органдары болып табылатын кеден қоймалары мен уақытша сақтау қоймаларында тауарларды сақтау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерлерде кедендік алымдар алынады.

297-бап. Алымдар

1. Кеден органдары алатын алымдарға:

- 1) лицензия бергені үшін алым жатады.
- 2) (алып тасталды - 2007.07.26. N 312)

2. Осы баптың 1-тармағында белгілентген алымдардың мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды .

Ескерту. 297-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

298-бап. Лицензия бергені үшін алым

Лицензия бергені үшін алым:

- 1) кеден қоймасын құрғаны;
- 2) алып тасталды
- 3) алып тасталды

4) уақытша сақтау қоймасын құрғаны;

5) кедендік тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асырғаны;

6) кеден брокері ретінде қызметті жүзеге асырғаны үшін алынады.

Ескерту. 298-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12 . N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

299-бап. Алдын ала шешім үшін төлемақы

Тауардың жіктемесіне, шығарылған елін және кедендік құнын айқындау әдіснамасына қатысты алдын ала шешім қабылдағаны үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде алдын ала шешім үшін төлемақы алынады.

38-тарау. Кедендік төлемдерді және салықтарды есептеу

300-бап. Кедендік баждар салуға арналған база

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарлардың кедендік құны кеден бажын салу үшін база болып табылады.

2. Қазақстан Республикасында қолданылатын Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес өлшем бірлігі кедендік баждың өзіндік ерекше ставкалары белгіленген тауарлар бойынша кедендік баждар салуға арналған база болып табылады.

301-бап. Кедендік төлемдерді және салықтарды есептеудің тәртібі

1. Кедендік төлемдер мен салықтарды осы Кодекстің 270-бабы мен осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кедендік төлемдерді және салықтарды төлеушілер дербес есептейді.

2. Кеден ісі саласында құқық бұзушылық анықталған жағдайда, төленуге тиісті кедендік төлемдерді және салықтарды есептеуді кеден органы жүргізеді.

3. Кедендік төлемдерді және салықтарды есептеу осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүргізіледі.

302-бап. Кедендік төлемдердің және салықтардың ставкаларын қолдану

1. Осы Кодекстің 5 және 386-388-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кедендік төлемдер мен салықтарды есептеу мақсаттары үшін кеден органы кедендік декларацияны тіркеген күні қолданылатын ставкалар пайдаланылады.

2. Кедендік баждарды және салықтарды есептеу мақсаттары үшін осы Кодекстің 290-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Кедендік тарифіне және Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес, Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша тауарлардың кодына және тауарлардың атауына сай келетін ставкалар қолданылады.

303-бап. Кедендік төлемдерді және салықтарды есептеу мақсаттары үшін шетел валютасын қайта есептеу

Кедендік төлемдерді және салықтарды есептеу, соның ішінде тауарлардың кедендік құнын айқындау мақсаттары үшін шетел валютасын қайта есептеу жүргізу талап етілген жағдайларда, кеден органы кедендік декларацияны тіркеген күнге немесе төленуі тауарлардың кедендік ресімделуіне байланысты

емес кедендік төлемдер үшін төлем күніне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген валюта айырбастаудың нарықтық бағамы қолданылады.

304-бап. Кеден ісі саласында құқық бұзушылық жасалған кезде кедендік төлемдерді және салықтарды есептеу

1. Шартты шығарылған тауарлар кедендік төлемдерді және салықтарды төлеуден толық немесе ішінәра босатылғандарға қарағанда өзге мақсаттарда пайдаланылған кезде төленуге тиісті кедендік төлемдерді және салықтарды есептеу үшін кеден органы кедендік декларацияны тіркеген күні қолданылатын кедендік төлемдердің және салықтардың ставкалары пайдаланылады.

2. Кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу мерзімінің бұзылуы болған кезде, кедендік төлемдерді және салықтарды есептеу осы Кодекстің 349-бабына сәйкес кедендік төлемдерді және салықтарды уақтылы төлемегені үшін өсімпұл есептей отырып жүргізіледі.

39-тарау. Тауарлардың кедендік құнын айқындау

305-бап. Тауардың кедендік құны

Тауардың кедендік құны - тауардың Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өткізілетін, осы тарауға сәйкес айқындалатын, мынадай мақсаттарда:

- 1) тауарға кедендік төлемдерді және салықтарды салу;
- 2) Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметтің мемлекеттік реттеудің өзге шараларын қолдану мақсатында пайдаланылатын құны.

306-бап. Әкетілетін тауарлардың кедендік құнын айқындау

1. Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс әкетілетін тауарлардың кедендік құны экспортқа сату кезінде нақты төленген немесе төленуге тиісті мәміле бағасының негізінде айқындалады.

2. Тауардың кедендік құнын айқындау кезінде мәміле бағасына, егер олар бұрын енгізілмеген болса, мынадай шығыстар:

1) тауарды әуежайға, портқа немесе Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкететін өзге орынға дейін жеткізу бойынша шығыстар:

т а с ы м а л д а у қ ұ н ы ;

тауарларды тиеу, түсіру, қайта тиеу және ауыстырып тиеу бойынша шығыстар;

2) с а қ т а н д ы р у қ ұ н ы ;

3) с а т у ш ы ш е к к е н ш ы ғ ы с т а р ;

комиссиялық және брокерлік сыйақылар;

егер Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес олар

бағаланатын тауарлармен біртұтас зат ретінде қаралса, контейнерлердің немесе айналымға көп түсетін басқа да ыдыстардың құны;

буып-тую материалдары мен буып-тую жөніндегі жұмыстардың құнын қоса алғанда, буып-тую құны;

4) сатушы бағаланатын тауарларды сатудың шарты ретінде тікелей немесе жанама түрде төлеуге тиісті, бағаланатын тауарларға байланысты лицензия бергені үшін роялти және алымдар, егер мұндай роялти және алымдар нақты төленген немесе төленуге тиісті бағаға қосылмаған болса;

5) кейіннен қайта сатудан сатушыға тікелей немесе жанама түрде түсетін кірістің бір бөлігі, оның ішінде женілдікпен салық салынатын мемлекеттерде алынған, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық салынатын кіріс;

6) Қазақстан Республикасының кедендік аумағында алынатын салықтар, егер Қазақстан Республикасының салық заңдарына немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес олар Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тауарларды әкетуге байланысты сатушыға өтемге жатпаса, енгізіледі.

3. Тауардың кедендік құнын айқындау кезінде, олар бұрын мәміле құнына енгізілген және құжатпен расталуы мүмкін жағдайда, мынадай төлемдер мен шығыстар:

1) жабдықтарды монтаждау, жинау, ретке келтіру немесе мұндай жабдықтарды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкеткеннен кейінгі техникалық көмек көрсетуге жұмсалатын шығыстар;

2) тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкеткеннен кейін оларды жеткізу бойынша шығыстар;

3) тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкеткеннен кейін оларды жеткізуді сақтандыру құны;

4) импорт елінде төленетін кедендік баждар мен салықтар мәміле бағасынан алғып тасталады.

4. Мәміле бағасы болмаған кезде, әкетілетін тауарлардың кедендік құны әкетілетін тауарды өндіруге немесе сатып алуға, сақтау мен тасымалдауға байланысты шығындар туралы экспорттаушы-сатушының бухгалтерлік құжаттамасының декларант берген үзінді көшірмесі негізге алынып айқындалады. Бұл ретте, осы баптың 2-тармағында тізіп көрсетілген шығыстар да ескеріледі.

5. Әкетілетін тауардың мәлімделген кедендік құнын растайтын мәліметтер болмаған жағдайда, мұндай тауардың кедендік құнын кеден органдары бірдей немесе біртектес тауарлар бойынша қолда бар мәліметтердің негізінде не тәуелсіз сараптама нәтижелерінің негізінде айқынрайды.

Ескерту. 306-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.12.08 N 224-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

307-бап. Әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау

Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың кедендік құны Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің және Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің VII бабын қолдану жөніндегі келісімнің кедендік бағалауының жалпы принциптеріне негізделеді.

Ескерту. 307-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.01.08 N 211 Заңымен.

308-бап. Әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістері

1. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау:

- 1) әкелінетін тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша;
- 2) бірдей тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша;
- 3) біртекtes тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша;

4) құнды шегеру;

5) құнды қосу;

6) резервтік әдістерді қолдану жолымен жүргізіледі.

2. Әкелінетін тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша әдіс тауарлардың кедендік құнын айқындаудың негізгі әдісі болып табылады.

3. Негізгі әдісті пайдалану мүмкін болмаған жағдайда тізіп көрсетілген әдістердің әрқайсысы бірінен кейін бірі қолданылады. Бұл ретте, егер алдыңғы әдісті қолдану арқылы тауарлардың кедендік құнын айқындау мүмкін болмаса, онда әрбір келесі әдіс қолданылады. Декларанттың өтініші бойынша құнды шегеру және қосу әдістері кері ретпен қолданылады.

3-1. Кедендік құнды айқындау әдістерін қолдану ерекшеліктерін уәкілетті орған айқындауды.

4. Осы баптың 1-тармағында көзделген қолданылатын әдістердің қандай да бірі бойынша тауарлардың кедендік құнын айқындауға арналған ақпарат Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жүргізу принциптеріне сәйкес келетін тәсілмен әзірленуге тиіс.

Ескерту. 308-бапқа өзгертулер енгізілді - ҚР 2007.02.28 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.08 N 224-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

309-бап. Әкелінетін тауарлармен жасалатын мәміленің бағасы бойынша кедендік құнды айқындау әдісі

1. Қазақстан Республикасының кедендейк аумағына әкелінетін тауардың кедендейк құны Қазақстан Республикасына экспортқа сату кезінде оған нақты төленген немесе төленуге тиісті баға болып табылады.

2. Тауардың кедендейк құнын айқындау кезінде мәміле бағасына, егер олар бұрын енгізілмеген болса, мынадай шығыстар:

1) тауарды әуежайға, портқа немесе тауарды Қазақстан Республикасының кедендейк аумағына әкелетін өзге орынға дейін жеткізу бойынша шығыстар:

т а с ы м а л д а у қ ұ н ы ;

тауарларды тиеу, түсіру, қайта тиеу және ауыстырып тиеу бойынша шығыстар;

2) қ ұ н ы ;

3) шығыстар;

тауарларды сатып алу жөніндегі комиссиялық сыйақыны қоспағанда, комиссиялық және брокерлік сыйақылар;

егер Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес олар бағаланатын тауарлармен біртұтас зат ретінде қаралса, контейнерлердің немесе айналымға көп түсетін басқа да ыдыстардың құны;

буып-тую материалдары мен буып-тую жөніндегі жұмыстардың құнын қоса алғанда, буып - тую қ ұ н ы ;

4) бағаланатын тауарларды әкетуге арнап өндіруге және сатуға байланысты пайдалану үшін тегін немесе арзандатылған бағамен сатып алушы сатушыға тікелей немесе жанама түрде берген мынадай тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер):

бағаланатын тауарлардың құрамдас бөлігі болып табылатын шикізаттар, материалдар, бөлшектер, жартылай фабрикаттар мен басқа да жинақтаушы бұйымдар;

бағаланатын тауарларды өндіру кезінде пайдаланылған құрал-саймандар, штамптар, қалыптар мен басқа да осы тәріздес заттар;

бағаланатын тауарларды өндіру кезінде жұмсалған материалдар (жағар материалдар, отын және басқалар);

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде жасалған және бағаланатын тауарлар өндіру үшін тікелей қажетті инженерлік талдамалар, тәжірибе-конструкторлық жұмыстар, дизайн, көркем безендіру, нобайлар мен сыйбалар құнының тиісті бөлігі;

5) сатып алушы бағаланатын тауарларды сатудың шарты ретінде тікелей немесе жанама түрде төлеуге тиісті, бағаланатын тауарларға байланысты лицензия бергені үшін роялти және алымдар, егер мұндай роялти және алымдар нақты төленген немесе төленуге тиісті бағаға қосылмаған болса;

6) бағаланатын тауарларды кез келген кейіннен қайта сатудан, беруден

немесе пайдаланудан сатушиның тікелей немесе жанама кірісі бөлігінің шамасы
енгізіледі.

Іс жүзінде төленген немесе төленуге тиіс мәміле бағасына осы тармақтың
бірінші бөлігінде аталмаған шығыстар енгізілмейді.

3. Атауы әр түрлі тауарларды бір лекпен жеткізген кезде, әрбір әкелінген
тауардың кедендік құнына енгізілуге тиісті және тауарлардың барлық тобы үшін
айқындалған шығыстарды айқындау әрбір тауардың құнының тауарлар легінің
құнына қатысымен айқындалатын шамаға барабар түрде жүзеге асырылады.

4. Тауардың кедендік құнын айқындау кезінде мына төлемдер және шығыстар
:

1) жабдықтарды монтаждауға, жинауға, ретке келтіруге немесе мұндай
жабдықтарды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелгеннен кейін
техникалық көмек көрсетуге жұмсалатын шығыстарды;

2) Қазақстан Республикасының кедендік аумағына тауарларды әкелгеннен
кейін жеткізу бойынша шығыстарды;

3) импорт елінде төленетін кеден баждарын және салықтарды импортталатын
тауарлар үшін нақты төленген және төленуге тиісті бағасынан бөліп алынған
жағдайда кедендік құнға енгізуге болмайды.

5 . Е г е р :

1) сатып алушының бағаланатын тауарларға иелік ету немесе пайдалану
құқығына қатысты :

Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген шектеулерді;

тауарлар қайта сатылуы мүмкін географиялық аймақтың шектеулерін;
тауар құнына елеулі әсер етпейтін шектеулерді қоспағанда, шектеулер болса;

2) **Алынып тасталды - ҚР 2009.12.08 N 224-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2
- б . қаралызы)** З а н ы м е н .

3) сату немесе мәміленің бағасы әсер етуін есептеп шығару мүмкін емес
жағдайлардың сақталуымен байланысты болса;

4) кедендік құнды мәлімдеген кезде декларант пайдаланған деректер
құжатпен расталмаса не сан жағынан айқындалатын және дұрыс болып
табылмаса ;

5) мәмілеге қатысушылар өзара байланысты тұлғалар болып табылса және
мәміле бойынша құн осы баптың талаптарына сәйкес кедендік құнды анықтау
үшін негіз ретінде жарамды болып табылмаса, әкелінетін тауарлармен жасалатын
мәміленің бағасы бойынша әдіс тауардың кедендік құнын анықтау үшін
пайдаланылмайды. Бұл ретте мынадай белгілердің біріне сай тұлғалар:

мәмілеге қатысушылардың бірі немесе мәмілеге қатысушылардың біреуінің
лауазымды адамы бір мезгілде мәмілеге басқа бір қатысушының лауазымды
адамы б о л ы п т а б ы л а т ы н ;

мәмілеге қатысушылар кәсіпорынды бірлесіп иеленушілер болып табылатын;

мәмілеге қатысушылар еңбек қатынастарымен байланысты болатын; қандайда бір тұлға әрбір мәмілеге қатысушының айналымында жүрген дауыс беруші акциялардың немесе әрбір мәмілеге қатысушылардың жарғылық капиталындағы салымдардың (пайлардың) бес немесе одан да көп проценттерін тікелей немесе жанама иеленетін не олар бақылауында болатын;

мәмілеге қатысушылар үшінші адамның тікелей немесе жанама бақылауында болатын;

мәмілеге қатысушылар үшінші адамды бірлесіп тікелей немесе жанама түрде бақылайтЫн;

мәмілеге қатысушылардың бірі мәмілеге басқа қатысушының тікелей немесе жанама бақылауында болатын;

мәмілеге қатысушылар немесе олардың лауазымды адамдары жақын туыстар болып табылатын тұлғалар өзара байланысты тұлғалар деп түсініледі.

5-1. Әрқайсында басқасының айрықша құқықтары бар агенттер, дилерлер, дистрибутерлер болып табылатын сыртқы экономикалық қызметтің қатысушылары, егер олар осы баптың 5-тармағының 5) тармақшасында айқындалған белгілердің біріне сай келсе, өзара байланысты болып есептеледі.

6. Мәмілеге қатысушы тұлғалардың өзара байланыстылық фактісі мәміле бағасын жарамсыз деп есептеуге жеткілікті негіз болып табылмайды. Мұндай жағдайда, кеден органы мәмілеге септігін тигізетін мән-жайды зерделеуі тиіс және егер өзара байланыстылық бағаға әсер етпеген болса, оның бағасы тауардың кедендей құнын айқындау үшін пайдаланылуы мүмкін.

7. Кеден органында мәмілеге қатысушы тұлғалардың өзара байланыстылығы тауардың бағасына әсер етті деген негіз туындаған жағдайда, декларантқа тұлғалардың өзара байланыстылығы тауардың бағасына әсер етпегенін растайтын қосымша қажетті ақпарат беру мүмкіндігі туралы ұсыным (декларанттың қалауы бойынша жазбаша нысанда) беріледі.

8. Егер декларант шамамен сол уақытта белгіленген:

1) Қазақстан Республикасына экспорттау кезінде өзара байланысты болып табылмайтын қатысушылар арасындағы бірдей немесе біртекtes тауарлармен мәміле баойнша құнның;

2) бірдей немесе біртекtes тауарлардың құнды шегеру әдісі бойынша айқындалған кедендей құнның;

3) бірдей немесе біртекtes тауарлардың құнды қосу әдісі бойынша айқындалған кедендей құнның біреуіне жақын екендігін дәлелдесе, декларанттың бастамасы бойынша тауардың кедендей құнын айқындау негізіне мәміле құны қабылдануы мүмкін.

9. Салыстыру үшін декларант ұсынған бағалар:

- 1) коммерциялық деңгейдегі (көтерме, бөлшек саудадағы);
2) санындағы;
- 3) осы баптың 2-тармағында тізіп көрсетілген элементтердегі (шығыстардағы);
- 4) егер сатушы өзара байланысты тұлғамен мәміле жасаған кезде мұндай шығындарды шығармаса, өзара байланысты емес тұлғалар арасындағы мәміле кезінде туындастын сатушының өзге де шығындарындағы айырмашылықтар ескеріле отырып түзетіледі.

10. Салыстыру үшін декларант берген бірдей немесе біртектес тауарлардың бағасы тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін мәміле бойынша бағаның орнына пайдаланылады.

11. Қазақстан Республикасының кедендік ақпарат жазылған ақпарат тасығыштарды (магнитті дискілер, магнитті таспалар, компакт-дискілер, флоппи-дискілер және басқалар) әкелген кезде кедендік құнға, мәміленің нысанасы көрсетілген тасығыштарда жазылған ақпарат болып табылатын жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты тасығыштың құны ғана қосылады.

Ескерту. 309-бапқа өзгертулер енгізілді - КР 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.02.28 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.12.08 N 224-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз)
Зандарымен.

310-бап. Бірдей тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша кедендік құнды айқындау әдісі

1. Бірдей тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша бағалау әдісін пайдаланған кезде осы бапта көрсетілген шарттар сакталған кездегі, тауардың кедендік құнын айқындау үшін негіз ретінде, бірдей тауарлармен жасалатын мәміле бағасы қолданылады.

2. Бағаланатын тауарлармен біркелкі, соның ішінде мынадай белгілері:
1) физикалық сипаттамалары;

2) рыноктағы сапасы мен танымдылығы бойынша біркелкі тауарлар бірдей тауарлар деп түсініледі.

3. Осы баптың негізінде кедендік бағалау әдісін пайдаланған кезде:

- 1) егер тауарлар бағаланатын тауарлар өндірілген елде өндірілмеген болса, бағаланатын тауарлармен бірдей деп есептелмейді;
- 2) бағаланатын тауарларды өндіруші емес, басқа тұлға өндірген тауарлар бағаланатын тауарларды өндіруші тұлға өндірген бірдей тауарлар болмаған жағдайда, назарға алынады;
- 3) егер тауарлардың жобалануын, оларға жасалатын

тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, олардың көркемдік безендірілуін, дизайннын, нобайларын немесе сызбаларын:

сатып алушы сатушыға оны өндіруге және Қазақстан Республикасына экспортқа сатуға байланысты пайдалану үшін тегін немесе төмендетілген құны бойынша б е р г е н болса;

олар Қазақстан Республикасында шығарылған, соған байланысты құны осы Кодекстің 309-бабы 2-тармағы 4) тармақшасы бесінші абзацының негізінде тауарлардың кедендей құнына енгізілмеген болса, тауарлар бірдей деп сана майды.

4. Егер тауарлар осы баптың талаптарына сай келсе, сыртқы түріндегі болымсыз өзгешеліктер оларды бірдей тауарлар ретінде қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

5. Егер бұл тауарлар:

1) Қазақстан Республикасының аумағына әкелу үшін сатылса;

2) әкету үшін сатылса және бағаланатын тауарлармен бір немесе соған сәйкес уақыт кезеңінде әкелінсе немесе бағаланатын тауарлар әкелінгенге дейін құнтізбелік тоқсан күннен ерте әкелінбесе;

3) шамамен сол мөлшерде және сол коммерциялық деңгейде (көтерме, бөлшек саудада) әкелінсе, бірдей тауарлармен жасалатын мәміле бағасы кедендей құнды айқындау үшін негіз ретінде алынады.

6. Егер тауарларды сол мөлшерде және сол коммерциялық деңгейде (көтерме, бөлшек саудада) әкелу жағдайлары болмаса, өзге мөлшерде және (немесе) өзге коммерциялық деңгейде (көтерме, бөлшек саудада) әкелінген бірдей тауарлардың осы айырмашылықтары есепке алынып, бағасы түзетіле отырып, құны пайдаланулы мүмкін.

7. Егер бірдей тауарлар үшін осы Кодекстің 309-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген шығыстардың құны арақашықтық пен көлік түрлерінің айырмашылығы себепті бағаланатын тауарлардың мұндай шығыстарының құнынан айтарлықтай ерекшеленетін болса, бірдей тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша айқындалатын кедендей құн тиісті түрде түзетілуе тиіс.

8. Осы баптың 6 және 7-тармақтарында көзделген түзетулер дұрыс және құжаттармен расталған мәліметтер негізінде жүргізілуге тиіс.

9. Егер осы әдісті қолданған кезде бірдей тауарлар бойынша мәміленің біреуден көп бағасы анықталса, онда әкелінетін тауарлардың кедендей құнын айқындау үшін олардың ең төмені қолданылады.

Ескерту. 310-бапқа өзгертулер енгізілді - ҚР 2009.12.08 N 224-IV (колданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

311-бап. Біртектес тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша кедендік құнды айқындау әдісі

1. Біртектес тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша бағалау әдісін пайдаланған кезде, осы бапта көрсетілген шарттар сақталған кезде, тауардың кедендік құнын айқындау үшін негіз ретінде, әкелінетін тауарлармен біртектес тауарлар бойынша мәміле бағасы қолданылады.

2. Бірдей болмаса да, бағаланатын тауарлардың функциясын атқаруға және коммерциялық түрғыда өзара алмастыруға мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамасы бар және ұқсас компоненттерден тұратын тауарлар біртектес деп түсініледі.

3. Тауарлардың біртектестігін айқындау кезінде олардың мынадай белгілері:

- 1) сапасы, тауар таңбасының болуы;
- 2) рыноктағы танымдылығы ескеріледі.

4. **Алынып тасталды - ҚР 2005.06.20 N 62 Зацымен.**

4-1. Егер тауарлар осы баптың талаптарына сәйкес келсе, сыртқы түріндегі болмашы өзгешеліктер мұндай тауарларды біртектес деп қараудан бас тарту үшін негіз болмайды.

4-2. Егер бұл тауарлар:

1) Қазақстан Республикасының аумағына әкелу үшін сатылса;
2) әкету үшін сатылса және бағаланатын тауарлармен бір немесе соған сәйкес уақыт кезеңінде әкелінсе немесе бағаланатын тауарлар әкелінгенге дейін тоқсан құнтізбелік күннен ерте әкелінбесе;

3) шамамен сол мөлшерде және сол коммерциялық деңгейде (көтерме, бөлшек саудада) әкелінсе, біртектес тауарлармен жасалатын мәміленің бағасы кедендік құнды айқындау үшін негіз ретінде алынады.

4-3. Егер тауарларды сол мөлшерде және сол коммерциялық деңгейде (көтерме, бөлшек саудада) әкелу жағдайлары болмаса, өзге мөлшерде және (немесе) өзге коммерциялық деңгейде (көтерме, бөлшек саудада) әкелінген біртектес тауарлардың құны осы айырмашылықтары есепке алынып, бағасы түзетіле отырып пайдаланылуы мүмкін.

4-4. Егер, біртектес тауарлар үшін осы Кодекстің 309-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген шығыстардың құны, арақашықтық пен көлік түрлерінің айырмашылығына байланысты, бағаланатын тауарлардың осындай шығыстарының құнынан айтартылтай ерекшеленетін болса, біртектес тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша айқындалатын кедендік құн тиісті түрде түзетілуге тиіс.

5. Кедендік бағалаудың осы әдісін пайдаланған кезде:

1) егер тауарлар бағаланатын тауарлар өндірілетін елде өндірілмесе, бағаланатын тауарлармен біртектес болып саналмайды;
2) бағаланатын тауарларды өндіруші емес, басқа тұлға өндірген тауарлар

бағаланатын тауарларды өндіруші тұлға өндірген біртекtes тауарлар болмаған жағдайда назарға алынады;

3) егер тауарлардың жобалануын, оларға жасалатын тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, олардың көркемдік безендірілуін, дизайнын, нобайлары мен сызбаларын:

сатып алушы сатушыға оны өндіруге және Қазақстан Республикасына экспортқа сатуға байланысты пайдалану үшін тегін немесе төмендетілген құны бойынша берген болса;

олар Қазақстан Республикасында орындалып, соған байланысты осы Кодекстің 309-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының бесінші абзацы негізінде тауарлардың кедендік құнына енгізілмеген болса, тауарлар біртекті деп сана алмайды.

6. Осы баптың 4-3 және 4-4-баптарында көзделген түзетулер дұрыс және құжаттармен расталған мәліметтер негізінде жүргізілуге тиіс.

7. Егер осы әдісті қолданған кезде біртекtes тауарлар бойынша мәміленің біреуден көп бағасы анықталса, онда әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін олардың ең төменгісі қолданылады.

Ескерту. 311-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.08 N 224-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. караңыз) Зандарымен.

312-бап. Құнды шегеру негізінде кедендік құнды айқындау әдісі

1. Егер бағаланатын (әкелінетін) немесе бірдей немесе біртекtes тауарлар ең алдымен бастапқы қалпы өзгертілмей сатылатын болса, мұндай жағдайда құнды шегеру негізінде бағалау әдісі бойынша тауарлардың кедендік құнын айқындау жүргізіледі.

2. Тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін негіз ретінде құнды шегеру әдісін пайдаланған кезде бағаланатын (әкелінетін) немесе бірдей немесе біртекtes тауарлар сатушымен өзара байланысты болып табылмайтын тұлғаларға бағаланатын тауарлар импортымен бір уақытта ең көп жиынтық мөлшерінде сатылатын тауар бірлігінің бағасы қолданылады.

3. Бұл ретте, сату бағаланатын тауарларды әкелүмен бір уақытта, ал мұндай мерзімдерде сату болмаған кезде - бағаланатын тауарлар әкелінгенен кейін неғұрлым жақын қунде, бірақ бағаланатын тауарларды әкелген кезден бастап құнтізбелік тоқсан қуннен кешіктірмей жүзеге асырылуға тиіс.

4. Тауар бірлігінің бағасынан:

1) төленетін немесе төлеуге келісілген комиссиялық сыйақылар немесе әкелінетін тауарлардың сол класын немесе түрін Қазақстан Республикасында сатуға байланысты пайда табу және жалпы шығыстарды жабу мақсатында

2) Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелуге және (немесе) сатуға байланысты Қазақстан Республикасында төленуге тиісті әкелу бажы, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер сомасы;

3) Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын тасымалдауға, сақтандыруға, тиеу және түсіру жұмыстарына Қазақстан Республикасында төленетін шығыстар шегеріледі.

5. Сол кластағы немесе сондай түрдегі тауарлар дегеніміз өнеркәсіптің белгілі бір саласында өндірілген тауарлардың тобына не разрядына жататын және бірдей немесе біртекtes тауарлар кіретін, бірақ олармен шектелмейтін тауарларды білдіреді.

6. Бағаланатын бірдей немесе біртекtes тауарларды әкелінген кездегідей қалпында сату жағдайлары болмаған кезде, декларанттың өтініші бойынша, қосылған құнды шегере отырып және осы баптың 2-4-тармақтарының ережелері сақталған кезде, қайта өндеуден өткен тауар бірлігінің бағасы пайдаланылуы мүмкін.

7. Алынып тасталды - КР 2009.12.08 N 224-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қаралызы)

ЗАҚЫМЕН.

Ескерту. 312-бапқа өзгертулер енгізілді - КР 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.02.28 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.08 N 224-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

313-бап. Құнды қосу негізінде кедендік құнды айқындау әдісі

1. Құнды қосу негізінде бағалау әдісін пайдалану кезінде тауардың кедендік құнын айқындау үшін негіз ретінде мыналарды:

1) бағаланатын тауарды өндіруге байланысты дайындаушының жұмсаған материалдары мен шығындарының құнын;

2) Қазақстан Республикасына беру үшін экспорт елінде өндірілген, бағаланатын тауарлардың сол сыныбындағы немесе түріндегі тауарларды сату кезінде бағасына енгізілетін пайда мен жалпы шығыстар сомасын;

3) осы Кодекстің 309-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында санамаланған шығыстардың құнын қосу жолымен есептелген тауардың бағасы қабылданады.

2. Кеден органының шетелдік адамнан кедендік құнды растау туралы ақпаратты талап етуге құқығы жоқ. Бұл ретте кеден органдары тауарларды өндірушінің кедендік құнды анықтау мақсатында берген ақпаратын өндірушінің келісімімен және өндіруші елдің үкіметін алдын ала хабардар ету және оның келісімін алу шартымен тексереп алады.

Ескеरту. 313-бап жаңа редакцияда - КР 2009.12.08 N 224-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараныз) Заңымен.

314-бап. Кедендік құнды айқындаудың резервтік әдісі

1. Егер импортталатын тауарлардың кедендік құнын осы Кодекстің қоса алғандағы 309-313-баптарының ережелеріне сәйкес айқындау мүмкін болмаса, онда кедендік құн Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің VII бабын қолдану жөніндегі келісімнің және 1994 жылғы Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің VII бабының жалпы ережелерімен үйлесімді ақылға қонымды принциптерін пайдалану жолымен және импорт елінде бар деректердің негізінде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалады.

2. Осы баптың ережелеріне сәйкес айқындалған кедендік құн бұрын айқындалған кедендік құндарға негізделуі тиіс.

3. Кедендік құнды айқындаудың осы бапқа сәйкес пайдаланылатын әдістері осы Кодекстің 309-313-баптарында көзделгендер болып табылады. Осы бапқа сәйкес кедендік құнды айқындау кезінде осы әдістерді қолдану кезіндегі икемділікке жол беріледі. Атап айтқанда, мыналарға жол беріледі:

бағаланатын тауарлар өндірілген елден өзге елде өндірілген бірдей немесе біртекtes тауарлардың құны әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін негіз ретінде қабылдануы мүмкін;

бірдей немесе біртекtes тауарлармен жасалатын мәміле құнының негізінде бағаланатын (әкелінетін) тауарлардың кедендік құнын айқындау кезінде бірдей немесе біртекtes тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкету үшін сатылуға тиіс және бағаланатын (әкелінетін) тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағына бір немесе соған сәйкес уақыт кезеңінде әкелінуге тиіс немесе бағаланатын (әкелінетін) тауарлар әкелінгенге дейін құнтізбелік тоқсан күннен ерте әкелінбеуге тиіс деген осы Кодекстің 310 немесе 311-баптарында белгіленген талаптардан ауытқушылыққа жол беріледі;

әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін негіз ретінде осы Кодекстің 312 және 313-баптарына сәйкес айқындалған бірдей немесе біртекtes тауарлардың кедендік құны қабылдануы мүмкін.

4. Тауарлардың кедендік құны осы бапқа сәйкес мыналардың:

1) әкелу елінің ішкі нарығындағы, осы елде өндірілген тауарлардың бағасы;

2) кедендік мақсаттар үшін баламалы екі құнның неғұрлым жоғарысын қабылдауды көздөйтін жүйе;

3) әкету елінің ішкі нарығындағы тауарлардың бағасы;

4) осы Кодекстің 313-бабына сәйкес бірдей немесе біртекtes тауарларға қатысты қосу әдісін пайдалана отырып, кедендік құнды айқындау кезінде тауарлардың есепті құнына қосуға жататыннан өзге де шығыстар;

5) оны үшінші елдерге әкетуші елден берілетін тауардың бағасы;

6) ең төменгі кедендік құн;

7) еркін немесе жасанды құн негізінде айқындалмауға тиіс.

Тиісті сұрау салу бойынша декларантты кеден органы осы баптың ережелеріне сәйкес айқындалған кедендік құн туралы және осындай құнды айқындау үшін пайдаланылған әдіс туралы жазбаша хабарландырады.

Ескерту. 314-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.08 N 224-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

315-бап. Тауардың кедендік құнын айқындау және бақылау тәртібі

1. Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын декларант осы тарауға сәйкес мәлімдейді.

2. Тауарлардың кедендік құнын айқындаудың дұрыстығын бақылауды кеден органы жүзеге асырады. Кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде таңдалған әдісті қолданудың және мәлімделген кедендік құн құрылымының дұрыстығы айқындалады.

3. Кедендік құнның декларациясын тексеруді жүзеге асыратын кеден органы ез бастамасы, декларанттың тапсырмасы немесе өтініші бойынша аталған декларацияға мәлімделген кедендік құн туралы қандай да бір дерек жазуға, өзгерістер, толықтырулар және түзетулер енгізуге құқылы емес.

4. Жекелеген кеден режимдерін қолдану және өзгерту кезінде тауарлардың кедендік құнын айқындаудың ерекшеліктері осы Кодекстің 6-бөлімінде көздөлген.

5. Жеке тұлғалар оқайлатылған тәртіпті қолдана отырып өткізетін тауарлардың кедендік құны осы Кодекстің 270-бабына сәйкес айқындалады.

316-бап. Мәлімделген кедендік құнды растау үшін құжаттарды табыс ету

1. Кедендік құн жөніндегі мәлімделген мәліметтерді растау үшін декларант жазбаша және (немесе) электрондық нысанда мына құжаттарды:

1) осы Кодекстің 317-бабының 4-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедендік құн декларациясын;

2) шартты (келісім-шартты) және мәліметтері тауарлардың кедендік құнын айқындауға әсер етуі мүмкін оған қосымша келісімдерді;

3) шот-фактуралы (инвойс) немесе шот-проформаны (сатып алу-сату мәмілесінен бөлек мәмілелер үшін);

4) егер кедендік декларацияны беру қуніндегі мәміле бойынша төлем шарттарына сәйкес ол үшін төлем толық немесе ішінана жүзеге асырылса, тауардың құнын растайтын төлем құжаттарын;

5) егер беру шарттары бойынша тасымалдау және сақтандыру жөніндегі шығыстарды сатып алушы жүзеге асыратын болса, көлік және сақтандыру

құжаттарын;

6) тасымалдағаны үшін шотты немесе көлік шығыстары шот-фактураға енгізілмеген, бірақ сатып алушы шығын шеккен жағдайларда, көлік шығыстары туралы ресми расталған анықтаманы;

7) егер декларанттың жөнелтуші елдің кедендік декларациясының көшірмесін ұсынуға мүмкіндігі болса, оны табыс етуге тиіс.

2. Егер мәлімделген кедендік құнды растау үшін осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда, декларант бұл үшін қажетті жазбаша және (немесе) электрондық нысанда мына қосымша құжаттарды:

- 1) тауарды өткізетін тұлғаның құрылтай құжаттарын;
- 2) мәмілеге қатысы бар үшінші тұлғалармен жасалған келісім-шарттарды;
- 3) сатушының пайдасына үшінші тұлғаларға жасалған төлем шотын;
- 4) бағаланатын тауармен мәмілеге қатысы бар комиссиялық, брокерлік қызмет көрсетулер үшін шотты;

5) сатып алушының тауар құнын растайтын бухгалтерлік құжаттамасынан көширемені;

- 6) лицензиялық немесе авторлық шарттарды;
 - 7) қоймалық түбіртектерді;
 - 8) беруге тапсырыстарды;
- 9) дайындаушы фирмалардың каталогтарын, айрықша тізбелерді, баға прейскуранттарын (прайс-парақтарын);
- 10) бағаланатын тауарға дайындаушы фирмаларынан калькуляциясын;
- 11) кедендік құн декларациясында мәлімделген мәліметтерді растау үшін пайдаланылуы мүмкін өзге де құжаттарды табыс етуге құқылы.

3. Осы баптың 1-тармағының 2) - 6) тармақшаларында, 2-тармағының 1) - 8) тармақшаларында тізіп көрсетілген құжаттардың түпнұсқалары тауарларды шығарғаннан кейін декларантқа қайтарылуға тиіс.

Бұл ретте кедендік ресімдеу мақсаты үшін аталған құжаттардың түпнұсқасымен бірге олардың декларант куәландырған көшірмесі табыс етілуге тиіс.

Ескерту. 316-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.11.27. N 4 Заңдарымен.

317-бап. Тауардың кедендік құнын мәлімдеу шарты

1. Тауарлардың кедендік құнын декларант кедендік құн декларациясын толтыра отырып, тауарларды декларациялау кезінде кеден органына жазбаша және (немесе) электрондық нысанда мәлімдейді. Кедендік құн декларациясын толтырудың нысаны мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді . V032309

2. Декларант мәлімдеген кедендік құн және оны айқындауға қатысты ол ұсынған мәліметтер дұрыс, сан жағынан айқындалған және құжатпен расталған ақпаратқа негізделуғе тиіс.

3. Осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кедендік құн декларациясы еркін айналыс үшін тауарларды шығару немесе тауарлар экспортының кедендік режимінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы өткізілетін барлық тауарларға толтырылады.

4 . Е г е р :

1) бір келісім-шарттың шеңберінде әлденеше рет беруді, сондай-ақ әртүрлі келісім-шарттар бойынша белгілі бір алушының мекен жайына белгілі бір тауарды бір жөнелтушінің қайталап беруін қоспағанда, әкелінетін (әкетілетін) тауарлар легінің кедендік құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы занда белгіленген тоғыз жүз айлық есептік көрсеткішке барабар сомадан аспаса;

2) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы жеке тұлғалар өткізетін тауарларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген норма мен шарттар сақталса, кедендік құн декларациясы толтырылмайды.

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген жағдайларда кедендік құн кедендік декларацияда мәлімделеді.

Ескерту. 317-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он құн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

318-бап. Тауарлардың кедендік құнын түзету

1 . Е г е р :

1) кедендік құнды кедендік ресімдеу және кедендік бақылау барысында: осы баптың 3-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, декларант мәлімдеген тауарлардың кедендік құнын айқындау әдісі, тауарлардың кедендік құнының шамасы және (немесе) құрылымы оларды растау үшін ұсынылған құжаттарға сәйкес келмейтіндігі анықталса;

кедендік құн декларациясының нысандарында мәлімделген кедендік құнның шамасына әсер еткен техникалық қателер анықталса;

осы Кодекстің 321-бабына сәйкес тауар декларанттың пайдалануына берілген және кеден органдарында бар баға ақпараттарын қолдана отырып шартты түрде шығарылған болса;

2) тауар шығарылғаннан кейін:

шартты шығарылған тауарға қатысты тауардың түпкілікті кедендік құнын айқындау кезінде не шартты шығарылған тауарға қатысты кеден органы жүзеге асырған тауардың кедендік бағалауы қабылданған кезде декларант табыс еткен

қ о с ы м ш а

а қ п а р а т

н е г і з і н д е ;

тауарды декларациялау кезінде орын алған, кедендік құнның шамасына және (немесе) құрылымына әсер еткен техникалық қателіктер анықталса;

кейіннен тексеру жүргізу барысында анықталған (кеден органында сақталатын құжаттар пакетін кейіннен бақылау кезінде болсын және сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларға тексеру жүргізу кезінде болсын) дәйектемесіз декларациялау, оның ішінде декларацияланатын тауар шыққан елдің Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы кодының сәйкесіздігі та б ы л с а ;

әкелінген немесе әкетілген тауардың саны және (немесе) сапасы бойынша сыртқы сауда шартының (келісім-шартының) талаптарынан ауытқуларына байланысты тауарлардың нақты құнының мәлімделген кедендік құнына сәйкес кел м е у і а н ы қ т а л с а ;

егер, сатушы кейіннен қайта сатудан тікелей немесе жанама түрде кіріс алса, оның ішінде жеңілдікпен салық салынатын мемлекеттерден алған кірісі болса;

3) трансферттік баға белгілеуге мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға байланысты мәміленің бағасы өзгерсе, тауарлардың кедендік құнын түзету жүзеге а с ы р ы л у ы м ү м к і н .

2. Тауардың саны сәйкес келмейтінін растайтын құжаттар:

1) кедендік төлемдер мен салық салынбайтын тауарлар бойынша экспорттауши (импорттауши) өкілінің қатысуымен, экспорттауши (импорттаушымен) келісілген саны жөніндегі наразылық-талап (қабылдау актісі) Қазақстан Республикасының және кеден органының тексеріп қарау актісі;

2) қалған тауарлар бойынша тәуелсіз сараптаманың қорытындысы (актісі) және кеден органының тексеріп қарау актісі болып табылады.

3. Тауардың жоғалу, кем шығу, зақымдану (бұліну) фактісі кедендік құн мәлімделген кезге дейін анықталған жағдайда декларант мәлімдеген құнның шот-фактурада көрсетілген шамаға сәйкес келмеуі, егер мәлімделген құнның шот-фактурада көрсетілгеннен жоғалған, кем шыққан, зақымданған (бұлінген) тауар мөлшеріне сәйкес шамада айырмашылығы болса, бұл кедендік құнды түзетуге әкеп соқпайды. Тәуелсіз сараптама қорытындысы (актісі) мен кедендік тексеріп қарау актісі жоғалу, кем шығу, зақымдану (бұліну) фактісін растайтын құжаттар болып та б ы л а д ы .

Мөлшері шартта келісілген франшиза сомасының шегінен шықпайтын немесе баға туралы келісімде айтылған саны және сапасы бойынша ауытқуларды кеден органы бағаны төмендету немесе ұлғайту үшін негіз ретінде танымайды.

4. Трансферттік баға белгілеуге мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға байланысты мәміле бағасы өзгерген жағдайда, уәкілетті органның кедендік төлемдер мен салықтардың сомасын есептеу туралы шешімі тауар мәмілесінің

бағасын түзетуді растайтын құжат болып табылады.

Сатушыға кейіннен қайта сатудан тікелей немесе жанама түрде түскен кіріске , оның ішінде жеңілдікпен салық салынатын мемлекеттерде алынған кіріске байланысты мәміле бағасы өзгерген жағдайда, сатып алу-сатудың не айырбастың сыртқы сауда шарты (келісім шарты) және (немесе) жарғылық капиталында мәміленің әрбір қатысуышының айналысында жүрген дауыс беретін акциялары немесе резидент емес заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы салымдардың (пайлардың) 5 немесе одан да көп проценттері тікелей немесе жанама резидентке тиесілі резидент еместің және үшінші тұлғаның шот-фактурасы (инвойсы) тауар мәмілесінің бағасын түзетуді растайтын құжат болып табылады.

Бұл ретте түзетуді резидент емес тұлға өз атынан үшінші тұлғаға түпкілікті қайта сату жөніндегі мәліметтермен ұсынатын құжаттар бойынша резидент жүргізді .

5. Тауарларды кедендік ресімдеуден кейін төленуге тиіс кедендік төлемдер мен салықтарды есептей отырып түзету жасаған кезде (оның ішінде қаржылық тексеру басталғанға дейін декларанттың бастамасы бойынша) есептелген және нақты төленген кедендік төлемдер мен салықтар арасындағы айырмашылыққа Қазақстан Республикасы ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 2,5 еселенген ресми ставкасы мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күнге өсімпұл есептеледі. Өсімпұл кедендік декларация кедендік ресімдеуге тіркелген күннен бастап есептеле ді .

6. Кедендік құнды түзету нысаны кедендік құны және (немесе) кедендік төлемдері және (немесе) салықтары түзетілетін, оның ішінде Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды және шығарылған елі өзгеруіне байланысты тауарларға ғана толтырылады. Кедендік құнды түзетуді толтырудың нысаны мен тәртібін уәкілді орган белгілейді . Кедендік құнды түзетудің көрсетілген нысандары кедендік декларацияның ажырамас бөлігі болып табады .

7. Кедендік ресімдеуге құжаттарды қабылдағаннан кейін кеден органды жүргізетін декларант мәлімдеген кедендік құнды түзетулердің барлығы тауарларды кедендік бағалау ретінде қаралады және оларға декларант белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

8. Кеден органдары кедендік құнды түзетуді тіркеудің мерзімі мен тәртібін осы Кодекстің 384-бабына сәйкес айқынрайды. Кеден органдары осы Кодекстің 440-бабында белгіленген мерзімде кедендік құнды түзетуге тексеру жүргізеді.

Ескерту. 318-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

319-бап. Кедендік құнды айқындау кезіндегі декларанттың құқықтары мен міндеттері

1. Декларанттың:

1) кедендік құнды анықтау үшін табыс еткен мәліметтерінің дұрыстығына кеден органында күмән туындаған жағдайда, олардың дұрыстығын дәлелдеуге;

2) мәлімделген кедендік құнды нақтылау қажеттігі туындаған жағдайда, тауарды кеден органы жүзеге асырған кедендік бағалауға сәйкес кедендік баждар мен салықтардың төленуін қамтамасыз еткен жағдайда, декларацияланған тауарды алуға құқығы бар. Кедендік төлемдер мен салықтар салынбайтын тауарлардың мәлімделген кедендік құнын нақтылау қажет болған жағдайда, кеден органы белгілеген мерзімде қажетті құжаттарды ұсыну жөнінде міндеттеме болған кезде декларацияланған тауарды алуға;

3) тауарлардың мәлімделген кедендік құнын кеден органының қабылдай алмау себебін түсіндіруді кеден органынан жазбаша сұратуға;

4) тауардың кедендік құнын айқындауға қатысты кеден органының шешімімен келіспеген кезде, бұл шешімге Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен шағымдануға құқығы бар.

2. Декларант:

1) кедендік құнды мәлімдеуге және оны айқындауға қатысты дұрыс, сан жағынан айқындалған және құжатпен расталған ақпаратқа негізделген мәліметтерді беруге;

2) мәлімделген кедендік құнды растау қажет болған кезде, кеден органының талап етуі бойынша оған растау үшін керек деректерді табыс етуге;

3) өзі мәлімдеген кедендік құнды нақтылауға не кеден органына қосымша ақпарат табыс етуге байланысты өзінде туындаған барлық қосымша шығыстарды мойнына алуға міндетті.

320-бап. Кеден органының кедендік құнды айқындау жөніндегі құқықтары мен міндеттері

1. Тауарға кедендік ресімдеу жүргізетін кеден органы:

1) декларант тандаған кедендік құнды айқындау әдісін пайдалануға болатындығы және декларант берген құжаттар мен мәліметтер негізінде, сондай-ақ кедендік құнды айқындау кезінде пайдаланылатын өзінде бар ақпараттың негізінде декларант мәлімдеген тауарлардың кедендік құнын айқындаудың дұрыстығы туралы шешім қабылдауға;

2) (алып тасталды - 2007.07.26. N 312)

3) декларант мәлімдеген кедендік құнды айқындаудың дұрыстығын растайтын құжаттар мен мәліметтер болмаған кезде не декларант табыс еткен мәліметтер мен осы Кодекстің 316-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген құжаттар дұрыс емес немесе жеткіліксіз болып табылатындығына негіздеме

болған кезде, осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылатын түзетулермен, өзінде бар мәліметтер (соның ішінде, бірдей немесе біртекtes тауарлар бойынша баға ақпараты) негізінде, осы Кодексте белгіленген тауарлардың кедендік құнын айқындаудың әдістерін бірінен кейін бірін қолдана отырып, декларацияланатын тауардың құнын дербес айқындауға құқылы. Бұл ретте кеден органы қабылданған шешім туралы екі жұмыс құнінен аспайтын мерзімде декларантқа жазбаша хабарлауға міндетті.

2. Кеден органы декларанттың жазбаша сауал салуы бойынша:

1) тауарлардың кедендік құнын кеден органы айқындаған жағдайда, оны айқындау тәртібі мен әдісі туралы ақпаратты;

2) тауарлардың декларант мәлімдеген кедендік құнын кеден органының қабылдай алмау себептерін түсіндіруді жазбаша нысанда беруге міндетті.

Ескерту. 320-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған құнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған құнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

321-бап. Кеден органдарының баға ақпаратын қолдана отырып тауарларды шартты шығару

1. Егер импортталатын тауарлардың кедендік құнын айқындау процесінде әкелінетін тауардың кедендік құнына қатысты түпкілікті шешім қабылдауды кейінге қалдыру қажеттігі туындаса, кеден органы қолда бар баға ақпаратынан ескере отырып, жүзеге асыратын тауардың кедендік бағасына сай декларант осы Кодекстің 43-тарауына сәйкес кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз еткен кезде тауарларды шартты түрде шығаруға құқылы.

2. Кеден органдарында бар баға ақпаратын кеден ісі жөніндегі уәкілетті орган дұрыс, сан жағынан айқындалатын және құжатпен расталған ақпарат негізінде ресімделген жүктің кедендік декларациялары статистикалық деректерінің мәліметтерін пайдалана отырып, сондай-ақ шет мемлекеттермен деректер алмасу және Осы Кодекстің 314-бабының 2-тармағында айқындалған деректердің негізінде қалыптастырады.

3. Растайтын құжаттар ретінде төлем құжаттары табыс етілуге тиіс және мәміле шарттары бойынша төлеу мерзімі көрсетілген мерзімнен асып кеткен жағдайларды қоспағанда, кедендік төлемдер және салықтардың төленуін қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тауар шығарылған құнінен бастап күнтізбелік алпыс құн болады.

4. Әкелінетін тауардың кедендік құнына қатысты түпкілікті шешім шығарылғаннан кейін кеден органы осы Кодекстің 43-тарауына сәйкес кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді қайтаруды (немесе есептемені) кедендік құнды түзету нысанын толтыра отырып, жүзеге асырады.

5. Әкелінетін тауарлар мәмілесінің бағасы бойынша мәлімделген кедендік құнды растайтын қажетті құжаттар ұсынылмаған жағдайда, кеден органы осы Кодекстің 308-бабында белгіленген тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін дәйекті түрде қолдана отырып, тауарлардың кедендік құнын айқындауды.

Күнтізбелік алпыс күн өткеннен кейін кеден органы қабылдаған кедендік құнды айқындаудың тиісті әдісін қолдану туралы түпкілікті шешімді ескере отырып, осы Кодекстің 318-бабына сәйкес кедендік құнды түзету жүргізіледі.

Ескерту. 321-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.12.08 N 224-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараызы) Заңдарымен.

321-1-бап. Тауарлардың кедендік құнын айқындауға қатысты қосымша ережелер

Кеден ісі саласындағы қылмыстық істерді және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарau кезінде кедендік шекара арқылы тауарларды заңсыз өткізуден болатын кедендік төлемдер мен салықтар бойынша залалды белгілеу максатында тауарлардың кедендік құнын айқындау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сарапшыларды тарта отырып жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы осы Кодексте белгіленген талаптар мен шарттарды бұза отырып өткізілген тауарларға қатысты және кедендік төлемдер мен салықтар төленбеген тауарларға қатысты өсімпұлды қоса алғанда, төлеуге жататын кедендік төлемдер мен салықтардың сомасы шекарадан өткен күні, ал егер де мұндай күнді анықтау мүмкін болмаса, кеден органдары осындай тауарларды анықтаған күні қолданылатын ставкалар негізге алына отырып есептелеуді.

Кеден органына тауарлардың сипаты туралы, олардың атаулары туралы, мөлшері, шығарылған елі туралы нақты мәліметтерді ұсынбауға байланысты кедендік төлемдер мен салықтардың сомаларын анықтау мүмкін болмаған кезде кедендік төлемдер мен салықтардың сомасы кедендік төлемдер мен салықтардың ставкаларының анағұрлым көп шамасының, тауардың мөлшері мен шығарылған елінің негізінде анықталады.

Ескерту. 321-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

40-тарау. Кедендік төлемдерді төлеу мерзімдері мен тәртібі

322-бап. Кедендік төлемдерді төлеушілер

Мына тұлғалар:

1) тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар тұлғалар немесе декларант;

2) лицензия алушы тұлғалар кедендік төлемдерді төлеушілер болып табылады.

Ескерту. 322-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

323-бап. Кедендік баждарды төлеу мерзімдері

1. Алдын ала немесе мерзімдік декларациялау рәсімі қолданылған, сондай-ақ кедендік баждарды төлеу мерзімі өзгертілген кездегі жағдайларды қоспағанда, кедендік баждар кедендік декларацияны тіркегенге дейін немесе ол тіркелген күні төленеді.

2. Егер кедендік декларация осы Кодектің 380-бабына сәйкес айқындалатын мерзімде берілмесе, онда кедендік баждарды төлеу мерзімдері кедендік декларацияны беру мерзімі өткен күннен бастап айқындалады.

3. Шартты түрде шығарылған тауарларды кедендік баждар салудан босатуға байланысты мақсаттардан өзге мақсаттарда пайдаланған кезде, тұлғаның тауарларды пайдалану және оған иелік ету жөніндегі шектеулерді бұзған күні кедендік баждарды төлеу мерзімі болып есептеледі. Егер шектеулердің бұзылған күнін анықтау мүмкін болмаса, кедендік декларация тіркелген күн кедендік баждарды төлеу мерзімі болып есептеледі.

Ескерту. 323-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

324-бап. Кедендік алымдарды төлеу мерзімдері

1. Кедендік ресімдеу үшін кедендік алымдар:

1) кедендік декларацияны тіркегенге дейін немесе тіркеген күні төленеді;

2) егер кедендік декларация осы Кодектің 380-бабына сәйкес айқындалатын мерзімдерде берілмесе, онда кедендік декларацияны беру мерзімдері өтіп кеткен күннен бастап төлеу мерзімдері өтеді;

3) шартты түрде шығарылған тауарларды кедендік ресімдеу үшін кедендік алымдарды салудан босатуға байланысты мақсаттардан өзге мақсаттарда пайдаланған кезде, тұлғаның тауарларды пайдалану және оларға билік ету бойынша шектеулерді бұзған күні көрсетілген алымдарды төлеу мерзімі болып есептеледі. Егер төлеу мерзімін бұзған күнді белгілеу мүмкін болмаса, кедендік декларация тіркелген күн төлеу мерзімі болып есептеледі.

2. Кедендік алып жүру үшін кедендік алымдар кеден органы кедендік алып жүру туралы шешім қабылдағаннан кейін, бірақ кедендік алып жүруді ұйымдастырудың басталуынан кешіктірілмей төленеді.

3. Кеден органдары құрған кеден қоймаларында және уақытша сақтау қоймаларында тауарларды сақтағаны үшін кедендік алым осындай қоймалардың аумағынан тауарларды әкеткен күні төленеді.

325-бап. Алымдарды және алдын ала шешім үшін төлемақыны төлеу мерзімдері

Лицензиялар мен кедендік ресімдеу жөніндегі маманың біліктілік аттестатын бергені үшін алымдар, сондай-ақ алдын ала шешім үшін төлемақы кеден органдары лицензияларды ресімдеу үшін, сондай-ақ алдын ала шешім қабылдау үшін осы Кодексте белгіленген құжаттар мен қажетті мәліметтерді қабылдағанға дейін немесе қабылдаған күні төленеді.

Ескерту. 325-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

326-бап. Кедендік төлемдерді төлеу тәртібі

1. Кедендік төлемдер қолма-қол ақшамен және ақшасыз төлеу тәртібімен төленеді.

2. Кедендік төлемдерді төлеуші не атынан кедендік төлемдер енгізілетін төлеушіні көрсете отырып үшінші тұлға төлеуі мүмкін. Кедендік төлемдер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленеді.

3. Кедендік төлемдер тиісті уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша уәкілетті орган айқындастын тәртіппен бюджетке аударылады.

Ескерту. 326-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

327-бап. Талап қою мерзімі

Кеден органдарының кедендік төлемдердің қайта қаралған сомаларын төлеу не кедендік төлемдердің және салықтардың төленбegen сомаларын өндіріп алу туралы талаптары бойынша, сондай-ақ төлеушілердің артық төленген кедендік төлемдердің және салықтардың сомасын қайтарып алу немесе есепке алу туралы талаптары бойынша талап қою мерзімі бес жыл болып белгіленеді.

Ескерту. 327-баптың мәтіні жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

328-бап. Кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін бақылау

Алынуы кеден органдарына жүктелген кедендік төлемдер мен салықтардың бюджетке дұрыс есептелуіне және уақтылы енгізілуіне бақылауды кеден ор га н д а р ы ж у з е г е а с ы р а д ы .

Кедендік төлемдер мен салықтардың бюджетке түсуін есепке алу тәртібін кеден ісі жөніндегі уәкілетті орган айқындауды .

41-тaraу. Кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктер

329-бап. Кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктер

1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты кедендік төлемдерден босату түріндегі жеңілдіктер, сондай-ақ тарифтік преференциялар кедендік жеңілдіктер деп түсініледі.

2. Кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктер осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібімен беріледі және осы Кодекстің 330 және 331-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес сипатта бола алмайды.

3. Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілерімен кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктер беруге тыйым салынады.

330-бап. Кедендік төлемдер салудан босату

1. Кедендік баждарды салудан:

1) жүктерді, багаж бен жолаушыларды тұрақты халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдары, сондай-ақ жол жүру кезінде, аралық аялдама бекеттерінде оларды пайдалануға қажетті немесе осы көлік құралдары апаттарының зардаптарын жою (ақауларын түзеу) үшін шетелден сатып алынған материалдық-техникалық жабдықтау заттары, керек-жарақтар, отын, азық-түлік және басқа мүлік ;

2) теңіз кәсіпшілігін жүргізетін қазақстандық немесе қазақстандық тұлғалар жалдаған (кіреге алған) теңіз кемелерінің өндірістік қызметін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының кедендік аймағынан тыс жерге әкетілетін материалдық-техникалық жабдықтау заттары, керек-жарақтар, отын, азық-түлік және басқа мүлік, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін кәсіпшілік өнімдері;

3) ұлттық және шетел валютасы (numizmatikaлық мақсаттарда пайдаланылатыннан басқа), сондай-ақ Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес баялды қағаздар ;

4) ізгілік көмек ретінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін немесе Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетілетін, акцизделетін тауарлардан басқа тауарлар;

5) техникалық жәрдем көрсетуді қоса алғанда, мемлекеттер, үкіметтер, халықаралық ұйымдар желісі бойынша өтеусіз көмек ретінде, қайырымдылық

мақсатында Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін немесе Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетілетін, акцизделетін тауарлардан басқа (арнайы медициналық мақсатқа арналған жenіл автомобильдерді қоспағанда), тауарлар;

6) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңдарына сәйкес тауарлар;

7) Қазақстан Республикасының ұлттық Банкі және оның филиалдары, өкілдіктері мен ұйымдары ақша белгілерінің өндірісі үшін әкелінетін шикізат;

8) кеден баждарын салудан босату көзделген кедендік режимдер шеңберінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар;

9) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тауарларды бажсыз әкелу мен әкету нормалары бойынша Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы жеке тұлғалар өткізетін тауарлар;

10) Қазақстан Республикасының көші-қон туралы заңдарына сәйкес кедендік баж салудан босатылатын тауарлар;

11) Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес айқындалған, мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері, сондай-ақ халықаралық ұйымдар желісі бойынша берілген гранттар қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлар;

12) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулыларына сәйкес Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындау үшін өткізілетін бітімгершілік немесе өзге де жаттығулар шеңберінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін немесе сол аумақтан әкетілетін тауарлар;

13) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық жеке құрамының жеке пайдалануы үшін әкелінетін және әкетілетін тауарлар;

14) осы Кодекстің 264-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік аумағына Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің жеке құрамы әкелінетін тауарлар;

15) кейіннен Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан экспорттауға арналған акцизделетін өнімдерді маркалау үшін Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін шетелде жасалған акциздік маркалар;

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і !

16) тармақша 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылады.

16) Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілетін, Қазақстан

Республикасының салық заңнамасына сәйкес экспортқа рента салығы салынуға жататын шикі мұнай босатылады.

2. Кедендік ресімдегені үшін кедендік алымдарды салудан:

1) осы баптың 1-тармағының 1)-5), 7), 9)-13) тармақшаларында тізіп көрсетілген тауарлар

тауарлар

босатылады.

3. Осы бапта көрсетілген тауарларды кедендік ресімдегені үшін кеден баждары мен кедендік алымдарды салудан босатуға арналған құжаттарды беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаиды.

Ескерту. 330-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.11.16 N 200-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылады) Заңымен.

331-бап. Тарифтік преференциялар

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттерге кедендік баждардан босату не оның ставкасын төмендету немесе тауарларды преференциялық әкелуге (әкетуге) квота белгілеу нысанында беретін сыртқы экономикалық қызмет саласындағы арнайы артықшылықтар тарифтік преференциялар деп түсініледі. Z010172, Р 0 1 0 2 4 6

Тарифтік преференциялар Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі
бойынша береіледі.

2. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін және Қазақстан Республикасымен кеден одағын немесе еркін сауда аймағын құратын мемлекеттерде шығатын тауарлар, сондай-ақ көрсетілген мемлекеттерге Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетілетін және Қазақстан Республикасында шығатын тауарлар кедендік баждарды салудан босатылады.

3. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін және Қазақстан Республикасының ұлттық преференциялар жүйесін пайдаланатын дамушы мемлекеттерден шығарылатын тауарларға төмендетілген ставка бойынша кеден баждары салынады. Мұндай мемлекеттер мен тауарлардың тізбесін, сондай-ақ кедендік баждардың ставкасын төмендету деңгейін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаайды.

4. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін және Қазақстан Республикасының ұлттық преференциялар жүйесін пайдаланатын анағұрлым төмен дамыған мемлекеттерден шығарылатын тауарлар кедендік баждарды салудан босатылады. Мұндай мемлекеттер мен тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаайды.

5. Осы бапта көзделген тарифтік преференциялар осы Кодекстің 7-тaraуында көзделген шарттар сақталған кезде беріледі.

42-тарау. Кедендік баждарды төлеу мерзімдерінің өзгеруі

332-бап. Кедендік баждарды төлеу мерзімдерін өзгерту үғымы және оның шарттары

1. Осы Кодексте белгіленген кедендік баждарды төлеу мерзімін неғұрлық кейінгі мерзімге, бірақ кеден органы жүктің кедендік декларациясын тіркеген күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге ауыстыру кедендік баждарды төлеу мерзімдерін өзгерту болып танылады. Кедендік баждарды төлеу мерзімдерін өзгерту кейінге қалдыру немесе мәулеттік мерзім беру нысанында жүргізіледі.

Бұл ретте, кедендік баждарды төлеуді кейінге қалдыру - төлеу мерзімін ұзарту, ал кедендік баждарды төлеу мерзімін қосымша кезеңге ұзарту - мәулеттік мерзім болып табылады, осы кезең ішінде қажетті сома бөліп-бөліп төленуге тиіс.

2. Кедендік баждарды төлеу мерзімдерінің өзгертуі туралы шешімді уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері және кедендер қабылдайды.

3. Өнеркәсіптік қайта өндеуге арналған акцизделетін тауарларды қоспағанда, импортталатын шикізаттар мен материалдарға кедендік баж төлеу бойынша мерзімін ұзарту немесе мәулеттік мерзім беріледі.

4. Төлеу мерзімін ұзарту немесе мәулеттік мерзім төленуге тиісті кедендік баждың барлық сомасына не оның бір бөлігіне қатысты берілуі мүмкін.

5. Төлеу мерзімін ұзарту немесе мәулеттік мерзім осы Кодекстің 43-тaraуында көзделген тәртіппен кедендік баждарды төлеу қамтамасыз етілген жағдайда беріледі.

6. Кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу бойынша берешегі бар не кедендік төлемдерді және салықтарды төлеуден жалтаратын, сондай-ақ өздеріне қатысты банкроттықты рәсімдеу жөнінде іс қозғалған тұлғаларға кедендік баждарды төлеу бойынша мерзімін ұзарту немесе мәулеттік төлеу мерзімі берілмейді.

333-бап. Өнеркәсіптік қайта өндеу

Осы тараудың мақсаттары үшін өнеркәсіптік қайта өндеу деп шикізаттарды және (немесе) материалдарды коды пайдаланылған шикізаттардың және (немесе) материалдардың кодынан Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатуrasesы бойынша бірінші төрт белгінің кез келген деңгейінде ерекшеленетін өнім (тауар) алу үшін өндірісте пайдалану түсініледі. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатуrasesы бойынша бірінші төрт белгінің кез келген деңгейінде өнімнің (тауардың) коды өзгеруіне қарамастан, өнеркәсіптік қайта өндеуге:

1) қарапайым құрастыру операциялары (тойтару, пісіру, желімдеу, құрастыру

және басқа да осыған үқсас операциялар);

2) қоғамдық тاماқтандыру ұйымдарының тамақ өнімдерін қайта өндеуі;

3) тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау жөніндегі операциялар (тауар лектерін бөлшектеу, жөнелтілімді қалыптастыру, сұрыптау, буып-тұю, қайта бұып-тұю);

4) алынған өнімге оны бастапқы құрайтын бөліктерінен Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды бойынша бірінші төрт белгінің кез-келген деңгейінде ерекшелендіретін сипаттама берместен, тауарларды, компоненттерді араластыру жатпайды.

334-бап. Кедендік баждарды төлеу жөніндегі мерзімді кейінге қалдыру немесе ұзарту үшін негіздер

1. Кедендік баж төлеу жөніндегі мерзімді кейінге қалдыру немесе ұзарту әкелінетін шикізаттарды және (немесе) материалдарды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органына төлеушінің жазбаша өтініші негізінде беріледі.

2. Төлеуші өтінішпен бірге:

1) кеден органдарында сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың есебінде тұрға;

2) әкелінетін шикізаттарды және (немесе) материалдарды жеткізуге арналған сыртқы сауда шартын (келісімшартын) табыс етуге;

3) кедендік баж төлеуді қамтамасыз ету туралы құжатты табыс етуге;

4) дара кәсіпкер немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және құрылтай құжаттарына сәйкес күнделікті басшылықты және іс жүргізуді жүзеге асыратын занды тұлғаның лауазымды адамдары қол қойған, әкелінетін тауарларды шикізаттар және (немесе) материалдар ретінде пайдалана отырып жасалатын өндірістің технологиялық схемасын (өндірістің фрагментін) табыс етуге;

5) егер әкелінетін шикізаттарды және (немесе) материалдарды қайта өндеу Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес қызметтің лицензияланатын түріне жатқызылған болса, шикізаттарды және (немесе) материалдарды қайта өндеу құқығына лицензияның нотариаттық куәландырылған көшірмесін табыс етуге тиіс.

3. Кедендік баждарды төлеу жөніндегі мерзімді кейінге қалдыру немесе ұзарту құқығын растау үшін кеден органдары өндірістік қуатты тексеріп қарауға құқылды.

Ескерту. 334-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

335-бап. Төлеу мерзімін ұзарту немесе мәулеттік мерзім беру туралы шешім

1. Кедендік баж төлеу бойынша мерзімін ұзарту немесе мәулеттік мерзім беру туралы шешім не оны беруден бас тарту туралы шешім төлеушінің өтінішін және осы Кодекстің 334-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

2. Шешім жазбаша түрде екі дана етіп жасалады және оған тиісті кеден органының басшысы немесе оның орнындағы адам қол қояды. Шешімнің бірінші данасы кеден органында қалады. Шешімнің екінші данасы кеден органы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннің аяқталуынан кешіктірілмей төлеушіге жіберіледі.

3. Төлеу мерзімін ұзарту немесе мәулеттік мерзім беру туралы шешімде мұнадай мәліметтер:

1) шешімнің тіркелу нөмірі;

2) кедендік баж төлеу мерзімін ұзарту немесе мәулеттік мерзім беру уақыты;

3) төлеушінің өтінішінде көрсетілген кедендік баждың төленуін қамтамасыз етү тәсілі;

4) әкелінетін шикізаттарды және (немесе) материалдарды беруге арналған сыртқы сауда шартының (келісім-шартының) күні, нөмірі, осындаш шарт (келісім-шарт) бойынша шикізаттарды және (немесе) материалдарды алушының атаяуы;

5) кедендік баж төлеу бойынша мерзімін ұзарту немесе мәулеттік мерзім берілетін шикізаттардың және (немесе) материалдардың атауы және саны;

6) төлеу мерзімін ұзарту немесе мәулеттік мерзім берілетін кедендік баждың мөлшері болуға тиіс.

4. Кедендік баж төлеу бойынша мерзімін ұзартудан немесе мәулеттік мерзім беруден бас тарту туралы шешімде бас тартудың дәлелі болуы тиіс.

336-бап. Берілген төлеу мерзімін ұзартудың немесе мәулеттік мерзімнің сомасын өтеу мерзімдері

1. Кедендік баж төлеу мерзімдерінің өзгеруі кезінде кедендік бажды өтеуді төлеуші немесе үшінші тұлға тиісінше:

1) төлеу мерзімін ұзарту берілген кезде ұзарту мерзімі күннің аяқталуынан кешіктірмей;

2) мәулеттік мерзім берілген кезде төлеушімен бірлесіп кеден органы бекіткен кесте бойынша мәулеттік мерзім сомаларын енгізуіндегі келісілген күндерінен кешіктірмей жүргізеді.

2. Төлеуші кедендік баж сомасын уақтылы өтемеген жағдайда, кеден органдары осы Кодекстің 45-тaraуында көзделген тәртіппен кедендік баждың барлық сомасын өндіріп алуға шаралар қолданады.

337-бап. Төлеу мерзімін ұзарту немесе мәулеттік мерзім беру туралы кеден органдары шешімдерінің қолданылуын тоқтату

Төлеу мерзімін ұзарту немесе мәулеттік мерзім беру туралы кеден органдары шешімдерінің қолданылуы:

- 1) шешімде белгіленген төлеу мерзімін ұзарту немесе мәулеттік мерзімі өтіп кетуі бойынша;
- 2) кедендік баждың барлық сомасын мерзімінен бұрын өтеген кезде;
- 3) тауарларды өнеркәсіптік қайта өндөусіз өткізу кезінде тоқтатылады.

43-тaraу. Кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз ету

338-бап. Кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз етудің жалпы шарттары

1. Кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз ету:
 - 1) осы Кодекстің 63-бабына сәйкес кеден тасымалдаушысы ретіндегі қызметті жүзеге асыру кезінде;
 - 2) осы Кодекстің 74-бабына сәйкес ішкі кедендік транзит рәсімі бойынша тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау кезінде;
 - 3) осы Кодекстің 91, 94 және 95-баптарына сәйкес тауарларды уақытша сақтау кезінде;
 - 4) осы Кодекстің 174-бабына сәйкес кедендік аумақтан тыс жерде тауарларды қайта өндөу кезінде;
 - 5) осы Кодекстің 210-бабына сәйкес акцизделетін тауарларды қайта экспорттау кезінде;
 - 6) осы Кодекстің 27-тарауына сәйкес тауарлардың транзиті кезінде;
 - 7) осы Кодекстің 321-бабына сәйкес кеден органдарында бар баға ақпаратын қолдана отырып кедендік төлемдер және салықтар салынатын тауарларды шартты шығару кезінде;
 - 8) осы Кодекстің 332-бабына сәйкес кедендік баж төлеу мерзімдерінің өзгеруі кезінде;
 - 9) осы Кодекстің 380-бабына сәйкес жүктің кедендік декларациясын беру мерзімін ұзарту кезінде;
 - 10) осы Кодекстің 388-бабына сәйкес тауарларды мерзімдік декларациялау кезінде;
 - 11) осы Кодекстің 392, 393-баптарына сәйкес тауарларды шығару кезінде;
 - 12) осы Кодекстің 370-бабына сәйкес тауарларды шартты түрде шығару кезінде қолданылады.

2. Кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз ету кедендік режимге орналастырылған тауарлар шығарылғанға дейін не осы баптың 1-тармағында көзделген іс-әрекеттер жүзеге асырылғанға дейін жүргізіледі.

3. Кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз етуді төлеуші не үшінші тұлға жүргізеді.

Ескерту. 338-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

339-бап. Кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз етудің түрлері

1. Кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз ету:

- 1) кепілге қою;
- 2) банк кепілдігі;

3) кеден органының депозиттік шотына ақша енгізу;

4) сақтандыру шарты түрінде берілуі мүмкін.

2. Тұлға осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы баптың 1-тармағында көрсетілген кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз етудің кез келген түрін таңдауға құқылы.

3. (алып тасталды - 2007.07.26. N 312)

Ескерту. 339-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

340-бап. Кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын айқындау

1. Кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасы:

1) мұнадай:

ішкі кеден транзиті ресімі бойынша тасымалданатын; алушының қоймасында, сондай-ақ көлік құралдарында уақытша сақтауға рұқсат берілген;

тауарларды қайта экспорттаудың кедендік режиміне орналастырылған;

тауарлар транзитінің кедендік режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы өткізу үшін әкелінетін;

кедендік құнын айқындаған кезде баға ақпаратын қолдана отырып, тауарларды шартты шығару жүзеге асырылатын;

кедендік баж төлеу мерзімдері өзгертилген;

жүктің кедендік декларациясын беру мерзімдеріне ұзарту жүргізілген тауарлар мен көлік құралдарына қатысты еркін айналыс үшін тауарлар шығарудың кедендік режимін мәлімдеу кезінде;

кедендік аумақтан тыс жерде тауарларды қайта өндеудің кедендік режиміне орналастырылған;

тауарлар транзитінің кедендік режиміне сәйкес шет мемлекеттің кедендік аумағы арқылы өткізу үшін әкетілген тауарларға қатысты тауарлар экспортның кедендік режимін мәлімдеу кезінде төленуге тиісті кедендік төлемдердің және салықтардың сомасынан кем болмауға тиіс.

2. Кеден тасымалдаушысы ретіндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті қамтамасыз ету сомасы осы Кодекстің 63-бабына сәйкес айқындалады.

341-бап. Кепіл

1. Кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз ету мақсатында кепілге салынатын зат:

1) азаматтық айналымнан алынған мұлікті;

2) Қазақстан Республикасына әкелуге не Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған тауарларды;

3) электр, жылу және өзге де энергия түрлерін;

4) тез бұзылатын тауарларды;

5) мұліктік құқықтарды;

6) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі мұлікті;

7) өткізу мүмкіндігі шектеулі мұліктерді қоспағанда, үшінші тұлғалардың мұліктік құқығынан бос кез келген тауарлар мен мұлік болуы мүмкін.

2. Кепіл заттың нарықтық құны, ал оның нарықтық құнын анықтау мүмкін болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамалық актісіне сәйкес таңдап алынған тәуелсіз бағалаушы анықтаған құны, кеден төлемдерін және салықтар төлеуді қамтамасыз ету мақсатында, кеден төлемдері мен салықтар жөніндегі міндеттемелердің мөлшерінен төмен болмауға тиіс, оларды төлеу, кепіл затты сату шығыстарын қоса алғанда, кепіл затпен қамтамасыз етіледі.

3. Егер кеден органы өзге шешім қабылдамаса, кепіл кезінде кепілге салынатын зат кепіл берушіде қалады.

Төлеуші қабылдаған, қамтамасыз етілуі үшін кепіл ресімделген міндеттеме орындалғанға дейін кепіл берушінің кепілге салынған затқа билік етуге құқығы жоқ.

4. Кепілді ресімдеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Кепілге салынған затты өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

жылғы 28 ақпандығы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

342-бап. Банк кепілдігі

Кеден органдары кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз ету ретінде, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген банк кепілдігін қабылдауды.

Ескерту. 342-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 10 шілдедегі N 483 Заңымен.

343-бап. Кеден органдының депозиттік шотына ақша енгізу

1. Кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз ету ретінде кеден органдының депозиттік шотына (бұдан әрі - депозит) ақша енгізу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен немесе шетел валютасымен жүргізіледі.

2. Кеден органында валюталық шот болмаған жағдайда, депозитті енгізу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүргізіледі.

3. Депозитпен қамтамасыз етілген міндеттеме орындалмаған жағдайда, төленуге тиісті кедендік төлемдер және салықтар сомасы міндеттеменің орындалмағаны туралы хабардар етілгеннен кейін он бес күн өткен соң депозиттен бюджетке аударылады.

Ескерту. 343-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

344-бап. Сақтандыру шартын кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз ету ретінде қолдану

Кеден органдары Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жасалған сақтандыру шарттарын кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз ету ретінде қабылдайды.

345-бап. Кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз етуді қайтару

1. Депозитті қайтару депозитпен қамтамасыз етілген міндеттеме орындалған жағдайда жүзеге асырылады. Депозитті нақты қайтаруды төлеушінің жазбаша өтініші бойынша кеден органдың өтінішті алған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізеді.

2. Депозитті қайтару туралы өтініш міндеттеме орындалғаннан кейін, бірақ міндеттеме орындалған күннен кейінгі күннен бастап бес жылдан кешіктірмей кеден органына беріледі.

3. Депозитті шотына депозит сомасы енгізілген кеден органдары не осы кеден органдары таратылған жағдайда, оның құқық мирасқоры қайтарады. Депозит төлеушінің банк шотына қайтарылады, ол төлем төленген валютамен жүргізіледі.

4. Төлеушіге депозитті қайтару осы Кодекстің 351-бабында көзделген тәртіппен кедендік төлемдерді, салықтар мен өсімпұлды төлеу бойынша берешек шегеріле отырып жүзеге асырылады.

5. Депозитті қайтарған кезде ол бойынша сыйақы төленбейді, сомасы индекстелмейді, банк қызметін көрсеткені үшін тарифтер аударылатын қаражат есебінен төленеді.

6. Төлеушінің өтініші бойынша кеден органдары депозитті болашақ кедендік төлемдер мен салықтар есебіне не кеден органдарының алдындағы басқа міндеттеме бойынша кедендік төлемдер мен салықтарды қамтамасыз ету үшін есептей алады.

7. Осы баптың 3-5-тармақтарының ережелері уақытша берілетін демпингке қарсы, қорғау және өтемдік баждарды қайтаруға да қолданылады.

8. Мұлік кепілі бойынша қайтару:

1) кепіл заты кепіл берушінің билігінде болған жағдайда - міндеттеме орындалған күннен бастап;

2) кепіл заты кеден органының билігінде болған жағдайда міндеттеме орындалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

9. Банк кепілдігі бойынша қайтару міндеттеме орындалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

10. Сақтандыру жөніндегі міндеттемелерді тоқтату міндеттеме орындалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

44-тaraу. Кедендік төлемдерді және салықтарды қайтару мен есепке алу

Ескерту. 44-тaraуға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

346-бап. Кедендік төлемдердің және салықтардың артық төленген сомасын қайтару мен есепке алу

1. Осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес кедендік төлемдердің және салықтардың бюджетке нақты төленген сомасы мен төленуге тиіс сомасы арасындағы айырма кедендік төлемдердің және салықтардың артық төленген сомасы деп танылады.

2. Төлеуші кедендік төлемдерді және салықтарды қайтарып алу немесе есепке алғызу мақсатында артық төленген сомасын төлеген күннен бастап бес жылдан кешіктірілмейтін мерзімде, кедендік төлемдердің және салықтардың артық төленген сомалары бар екені жөнінде растама беру туралы өтінішпен тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеуді, сактауды, кедендік алып жүруді, лицензия беруді, алдын ала шешім қабылдауды іске асырған кеден органдына

өтінішпен

жүгінуге

құқылы.

3. Кедендік төлемдердің және салықтардың артық төленген сомасы бар екені жөнінде растама беру туралы өтінішпен бір мезгілде:

1) соманың төленгенін растайтын төлем құжатының;

2) кедендік декларация ресімделген жағдайда берілетін, ол бойынша кедендік төлемдер және салықтар есептелген және енгізілген, кеден органы ресімдеген кедендік декларацияны;

3) кедендік төлемдерді төлеу кедендік декларация ресімделмей жүргізілген жағдайларда берілетін, жүзеге асырылу үшін кедендік төлемдер енгізілген тауарларды сақтау, тауарлар мен көлік құралдарын кедендік алып жүру, лицензиялар беру, алдын ала шешім қабылдау кезінде кеден органдары ресімдеген басқа да құжаттардың көшірмелері берілуге тиіс.

4. Кедендік төлемдердің және салықтардың артық төленген сомасы бар екені жөнінде растама беру туралы өтінішті қарау мерзімі төлеуші өтініш берген күннен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

5. Салық органдары, осы баптың 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кедендік төлемдердің және салықтардың артық төленген сомасын Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімде төлеушінің өтініші бойынша қайтаруға немесе есепке алуға тиіс.

V 0 3 2 3 5 1

6. Кеден органы кедендік төлемдерді және салықтарды өндіріп алғаннан кейін артық төлеу фактісін анықтаған кезде, мұндай фактіні анықтаған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей салық төлеушіге артық төленген кедендік төлемдердің және салықтардың сомасы туралы хабарлауға міндетті.

7. Кедендік төлемдердің немесе салықтардың артық төленген сомасын кеден органдары артық төленген сома бар кедендік төлемнің немесе салықтың сол түрі бойынша:

1) төлеушінің өтінішінсіз кедендік төлемнің немесе салықтың сол түрі бойынша өсімпұл мен айыппұлды өтеу есебіне;

2) төлеушінің өтініші бойынша кедендік төлемнің немесе салықтың сол түрі бойынша алдағы кедендік төлемдерді немесе салықтарды төлеу есебіне, өтініш берілген күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, есептеге тиіс.

Ескерту. 346-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

347-бап. Кедендік төлемдерді және салықтарды қайтарудың өзге де жағдайлары

1. Кедендік баждарды және салықтарды қайтару:

1) кедендік декларацияны кері қайтарып алған;

2) неғұрлым қолайлы жағдай жасау режимін немесе тарифтік преференцияларды қалпына келтірген;

3) кедендік режимдердің талаптары Қазақстан Республикасының кедендік аумағының шегінен шетел тауарларын әкету кезінде немесе оларды жою не мемлекет пайдасына олардан бас тарту немесе Қазақстан Республикасының кедендік аумағына қазақстандық тауарларды не оларды қайта өндіру өнімдерін әкелу кезінде кедендік баждар және салықтардың төленген сомасын қайтаруды көздөйтін;

4) егер тауарларды қайта таңдалған кедендік режимге (тауарларды еркін айналыс үшін шығарудың немесе тауарлар экспорттының кедендік режиміне) орналастыру кезінде төленуге тиісті кедендік баждар және салықтар сомасы бастапқы кедендік режим кезінде төленген кедендік баждар және салықтар сомасынан кем болса, бұрын мәлімделген кедендік режимді еркін айналыс үшін тауарлар шығару немесе тауарлар экспорттының кедендік режиміне өзгерткен жағдайларда жүргізіледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайларда кедендік баждарды және салықтарды қайтару артық төленген кедендік төлемдерді қайтаруға қолданылатын осы Кодектің 346-бабына сәйкес жүргізіледі. V032351

45-тaraу. Берешекті және өсімпұлды өндіріп алу

348-бап. Берешекті және өсімпұлды өндіріп алудың жалпы ережелері

1. Белгіленген мерзімде кедендік төлемдерді және салықтарды төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда берешек пайда болады. Берешекті осы тарауда белгіленген тәртіппен кеден органдары төлеушілерден өндіріп алады.

2. Кеден органдары берешекті өндіріп алу үшін:

1) осы Кодектің 350-бабында көзделген тәртіппен төлеушіні хабардар ету;

2) осы Кодектің 351-бабында көзделген тәртіппен кедендік төлемнің немесе салықтың берешек бар түрі бойынша артық төленген кедендік төлемдер және салықтар сомасы есебінен немесе қайтаруға жататын депозит есебінен берешекті өндіріп алу;

3) берешекті өтеуді қамтамасыз етудің мынадай:

берешек сомасына өсімпұл есептеу;

төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата түрү;

төлеушінің мүлкіне билік етуін шектеу туралы шешім шығару тәсілдерін
қ о л д а н у ;

4) м ы на д а й т ә р т і п п е н :

төлеушінің банк шоттарындағы ақшасы есебінен;

төлеушінің қолма-қол ақшасы есебінен;

төлеушінің дебиторлары есебінен;

төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін өткізу есебінен мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану сияқты іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

3. Берешек сомасына өсімпұл есептеуді қоспағанда, осы баптың 2-тармағында көзделген іс-әрекеттер біртіндеп қолданылады.

4. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, жеке кәсіпкер мен занды тұлғадан берешекті және өсімпұлды өндіріп алу даусыз тәртіппен жүргізіледі. Жеке тұлғадан берешекті және өсімпұлды өндіріп алу сот тәртібімен жүргізіледі.

Ескерту. 348-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

349-бап. Берешек сомасына өсімпұл есептеу

1. Берешек туындаған кезде төлеуші өсімпұл төлейді.

2. Өсімпұл кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу мерзімдері өткен күннен кейінгі күннен бастап, кедендік төлемдер мен салықтарды төлеудің кешіктірілген әрбір күні үшін төлеу күнін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 2,5 еселенген ресми ставкасы мөлшерінде есептеледі.

Өсімпұл кедендік төлемдер мен салықтарды мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жауапкершіліктің өзге де шараларын қолдануға қарамастан есептеледі және төлеңеді.

2-1. Банкрот деп танылған не өзіне қатысты мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған, не оңалту рәсімін қолдану туралы ұйғарым қабылданған төлеушінің сот шешім қабылдаған кезден бастап пайда болған берешектің сомасына мұндай шешім немесе ұйғарым күшіне енген күннен бастап өсімпұл есептелмейді.

2-2. Егер берешектің пайда болуының жалғыз себебі қызмет көрсететін банктің таратылуы болып табылған жағдайда, банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешім күшіне енген кезден бастап мәжбүрлеп таратылатын банктердің кредиторларына берешектерін уақтылы өтемегені үшін өсімпұл есептелмейді.

2-3. Жеке тұлғаны хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы соттың шешімі күшіне енген кезден бастап ол жойылғанға дейін берешектің сомасына өсімпұл есептелмейді.

3. Өсімпұлды төлеу, өндіріп алу және қайтару кедендік төлемдерді және

салықтарды төлеуге, өндіріп алуға және қайтаруға қолданылатын осы Кодексте көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 349-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

350-бап. Берешек пен өсімпұлды өтеу туралы хабарлама

1. Берешек пен өсімпұлды өтеу туралы хабарлама белгіленген мерзімде төленбеген кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар сомасы туралы, сондай-ақ кедендік төлемдердің, салықтар мен өсімпұлдардың төленбеген сомасын осы хабарламада белгіленген мерзімде өтеу міндеттемесі туралы төлеушіге жіберілген кеден органының жазбаша хабарын білдіреді.

Хабарламада оны ресімдеу үшін негіздеме, сондай-ақ төлеуші хабарламаны орындаған жағдайда қолданылатын осы Кодекстің 348-бабында көзделген іс-әрекеттер туралы мәліметтер болуы тиіс.

2. Хабарлама төлеушіге оны әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартуға қарамастан жіберіледі.

3. Хабарлама берешектің туындау фактісі белгіленген күннен бастап бір айдан кешіктірмей төлеушіге жіберілуге тиіс.

4. Хабарлама төлеушіге өз қолын қойғызып немесе хабарламаны жіберу және алу фактісін растайтын өзге тәсілмен тапсырылуы тиіс.

5. Төлеуші хабарламаға шағымдануды осы Кодекстің 15-тарауында көзделген тәртіппен және мерзімде жүргізеді.

6. Хабарламадағы талаптарды орындау мерзімі, төлеушінің осындағы хабарламаға шағымдану жағдайларын қоспағанда, төлеушіге хабарлама тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күннен аспайды.

Егер хабарламаға шағым жасалған жағдайда хабарламадағы талаптарды орындау мерзімін есептеу шағым берілген күннен бастап шағым бойынша шығарылған шешімнің занды құшіне енген күнін қоса есептегенге дейінгі уақыт кезеңіне тоқтатыла тұрады.

Бұл ретте шағымдану өсімпұл есептеуді тоқтата тұруға негіз болмайды.

7. Шағымдану жағдайларын қоспағанда, осы баптың 6-тармағында көзделген мерзімде хабарламадағы талаптарды орындаған кезде кеден органдары осы Кодекстің 348-бабына сәйкес іс-әрекеттер жасайды.

8. Хабарламаның нысанын уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 350-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

351-бап. Кедендік төлемнің немесе салықтың нақ сол түрі бойынша артық төленген сома есебінен не депозит есебінен берешекті және өсімпұлды өндіріп алу

1. Хабарламадағы талаптар орындалмаған кезде, кеден органы қайтаруға тиісті кедендік төлемнің немесе салықтың нақ сол түр бойынша артық төленген кедендік төлемдер және салықтар сомасы есебінен не депозит есебінен берешек пен өсімпұлды өндіріп алуға құқылы.

2. Кеден органы осы бапқа сәйкес өндіріліп алынған берешек пен өсімпұлдар туралы өндіріп алу күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде төлеушіге жазбаша х а б а р л а й д ы .

3. Кедендік төлемдердің және салықтардың артық төленген сомаларын кедендік төлемнің немесе салықтың нақ сол түрі бойынша берешекті өтеу есебіне не депозит есебіне жатқызу кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 351-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

352-бап. Төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру

1. Кедендік төлемдер мен салықтың артық төленген сомалары не депозит кедендік төлемнің немесе салықтың нақ сол түрі бойынша берешекті және өсімпұлды өтеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы кеден органының өкімі шығарылады.

2. Банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру:

1) берешек пен өсімпұлды төлеушінің дербес өтеуі жөніндегі операциялардан ;

2) ақшаны :

адам өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды, сондай-ақ алименттерді өндіріп алу жөніндегі талаптарды қанағаттандыруды көздейтін атқару құжаттары бойынша;

еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдарға жұмыстан шығу жәрдемақыларын төлеу және еңбегіне ақы төлеу, авторлық шарт бойынша сыйақы төлеу, клиенттің міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару жөніндегі міндеттемелері және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеу бойынша есеп айырысу үшін ақшаны алып қоюды көздейтін атқару құжаттары бойынша;

берешек пен өсімпұлды өтеу бойынша, сондай-ақ мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы атқару құжаттары бойынша алып қою жағдайларынан басқа, төлеушінің барлық шығыс операцияларына қолданылады.

Банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың тыйым салу

туралы шешімдерінің негізінде тыйым салынған ақша сомасына қолданылмайды.

3. Төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген нысан бойынша шығарылады және банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым оны алған күннен бастап қүшіне енеді.

4. Төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың бұлжытпай орындауына жатады.

5. Төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімнің қүшін банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрудың себебі жойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей, осындай өкімді шығарған кеден органы жояды.

Ескерту. 352-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.11. N 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

353-бап. Берешек пен өсімпұлды өтеу есебіне төлеушінің мүлкіне билік етуін шектеу туралы шешім шығару

1. Жеке кәсіпкердің немесе занды тұлғаның банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім шығарылған күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде берешекті және өсімпұлды өтемеген жағдайда, төлеушінің мүлкіне билік етуіне шектеу жүргізіледі.

2. Төлеушінің мүлкіне билік етуін шектеу туралы шешімді Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген нысан бойынша кеден органы шығады.

V 0 8 5 4 6 3

3. Төлеушінің мүлкіне билік етуін шектеу туралы шешім мүліктің баланстық және рыноктық құны бағаны айқындау тәсіліне қарай берешек пен өсімпұл сомасына сәйкес келетін меншік немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікке қатысты шығылады.

Қаржы лизингі мен кепілді қоса алғанда, төлеушінің жалға берілген мүлікке билік етуін шектеу туралы шешім шығарылған кезде кеден органы осы мүлікке қатысты шешім шығарған кезден бастап оны жойғанға дейін жалға алушы мен кепіл ұстаушыға мұндай мүлікке меншік құқығын беруге тыйым салынады.

4. Осындай шешімнің негізінде кеден органы мүлікті иелену, пайдалану және билік ету шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілік туралы салық төлеушіге ескерте отырып, Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген нысанда билік ету шектелген мүліктің тізімдеме актісін жасайды. V085463

Билік ету шектелген мүліктің тізімдемесі төлеушінің бухгалтерлік құжаттамасының деректері немесе Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заң актілеріне сәйкес жүргізілетін тәуелсіз бағалау негізінде

айқындалатын оның бағасы көрсетіле отырып жасалады және екі дана етіп жасалған актімен ресімделеді.

5. Кеден органды мүлікке билік етуді шектеу туралы шешім мен мүліктің тізімдеме актісін бір-бір данадан төлеушіге тапсыруға міндettі.

6. Мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімнің күшін мүлікке билік етуді шектеудің себептері жойылғаннан кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей осындай шешім шығарған кеден органды жояды.

Ескерту. 353-бапқа өзгертулер енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

354-бап. Берешек пен өсімпұлды төлеушінің банк шоттарындағы ақша есебінен өндіріп алу

1. Белгіленген мерзімдер ішінде төлеуші берешек пен өсімпұлды өтемеген жағдайда, кеден органдары жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның банк шоттарынан даусыз тәртіппен ақша өндіріп алу туралы шешім шығарады.

Осы тармақтың ережелері банк берген қарыздар бойынша қамтамасыз ету болып табылатын ақшаның көрсетілген қарыздың өтелмеген негізгі борышы мөлшеріндегі сомасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру, секьюритилендіру туралы заңнамалық актісіне сәйкес өндіріп алуға жол берілмейтін банк шоттарына қолданылмайды.

2. Даусыз өндіріп алу туралы шешім төлеушінің шоты ашылған банкке қажетті ақшаны төлеушінің шотынан есептен шығаруға және бюджетке аударуға кеден органдының инкассолық өкімін жіберу нысанында қабылданады.

3. Банк төлеушінің бір банк шотынан берешекті өндіріп алу туралы кеден органдының инкассолық өкімін орындаған жағдайда, егер кеден органды төлеушінің көрсетілген банкте ашқан басқа банк шоттарына дәл осы сомаға және берешек түріне инкассолық өкім шығарған болса, банк кеден органдының инкассолық шешімін орындау фактісін растайтын төлем құжатын қоса тіркей отырып, мұндай инкассолық шешімді орындаамай, кеден органдына қайтарады.

4. Шоттардан даусыз тәртіппен берешекті және өсімпұлды өндіріп алу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен және шетел валютасымен жүргізіледі. Шоттардан берешек пен өсімпұлды шетел валютасымен өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленуге тиісті сомаға барабар сомада жүргізіледі.

5. Кеден органдының инкассолық өкімін орындауды банк Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге а с ы р а д ы .

Ескерту. 354-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20

. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

355-бап. Берешек пен өсімпұл сомасын қолма-қол ақша есебінен өндіріп алу

1. Берешек пен өсімпұлды қолма-қол ақша есебінен өндіріп алу жеке кәсіпкердің немесе занды тұлғаның банк шотында ақша болмаған жағдайда жүргізіледі.

2. Кеден органдың төлеушіден бухгалтерлік есептегі бастапқы есепке алу күжаттарында көрсетілген қолма-қол ақшаны, оның ішінде шетел валютасымен де көрсетілген қолма-қол ақшаны алып қоюы берешек пен өсімпұлды қолма-қол ақша есебінен өндіріп алу деп танылады.

Берешек пен өсімпұлды қолма-қол ақша есебінен өндіріп алушы кеден органды хабарлама негізінде жүргізеді.

3. Қолма-қол ақшаны алып қою Қазақстан Республикасының салық зандарында белгіленген нысан бойынша алып қою туралы актімен ресімделеді.

4. Төлеушіден алынған қолма-қол ақша алынған күнінен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей бюджетке есептелуге тиіс.

Ескерту. 355-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

356-бап. Төлеушінің берешегі мен өсімпұлын оның дебиторларының шоттарынан өндіріп алу

1. Төлеушінің - жеке кәсіпкердің немесе занды тұлғаның банк шоттарында ақша болмаған және қолма-қол ақшасы болмаған жағдайда, кеден органды пайда болған берешек пен өсімпұл шегінде төлеушінің алдында берешегі бар үшінші тұлғалардың (бұдан әрі - дебиторлардың) банк шоттарындағы ақшасынан өндіріп алуға құқылы. Бұл ретте, төлеушінің берешегі мен өсімпұлын өтеу есебіне, шарттарға сәйкес осы кезде дебитор төлеушінің алдындағы дебиторлық берешек сомасы ретінде танитын сома шегінде, олардың банк шоттарындағы ақшадан өндіріліп алынатыны туралы дебиторларға хабарлама жіберіледі.

Дебитор хабарламаны алған кезден бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, хабарламаны алған күнге төлеушімен бірлесіп жасалған өзара есеп айырысуладының салыстыру актісін хабарламаны жіберген кеден органдына табыс етүгем міндетті.

2. Төлеуші мен оның дебиторларының арасындағы өзара есеп айырысуладының салыстыру актісінде мынадай мәліметтер:

P K A O - ның ескертуі!

2-тармақтың 1) тармақшасына 2012 жылғы 1 қаңтарда Қазақстан

Республикасының 2007.01.12. N 224 Заңымен өзгерту енгізіледі.

- 1) төлеуші мен оның дебиторының атауы, олардың тіркеу нөмірлері;
- 2) төлеуші мен оның дебиторы есепте тұрган кеден органының атауы;
- 3) төлеуші мен оның дебиторының банк шоттарының деректемелері;
- 4) төлеуші алдындағы дебитор берешегінің сомасы;
- 5) төлеуші мен оның дебиторының заңды мекен жайлары, мөрі және қолдары;

6) салыстыру актісі жасалған күні болуға тиіс.

3. Өзара есеп айырысуарды салыстыру актісінің негізінде кеден органы дебитордың банк шотына төлеушінің берешегі мен өсімпұлын өндіріп алу туралы инкассолық өкім шығарады.

4. Дебитор-төлеушінің банкі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымы осы Кодекстің 354-бабында белгіленген талаптарға сәйкес төлеушінің берешек және өсімпұл сомасын өндіріп алу туралы кеден органы шығарған инкассолық өкімді орындаға міндетті.

5. Осы бапқа сәйкес ресімделген өзара есеп айырысуарды салыстыру актісі болған жағдайда, кеден органы хабарламаны тапсырған кезден бастап тоқсан жұмыс күні ішінде дебитордың банк шотына берешек пен өсімпұлды өндіріп алу туралы инкассолық өкім ұсынуға құқылы.

357-бап. Берешек пен өсімпұлды төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін өткізу есебінен өндіріп алу

1. Кеден органдары төлеушінің банк шоттарында ақша болмаған, қолма-қол ақшасы және оның дебиторларының банк шоттарында ақша болмаған жағдайда, төлеушінің келісімінсіз берешек және өсімпұл шегінде жеке кәсіпкердің және заңды тұлғаның билік етуі шектелген мүлкінен өндіріп алуға құқығы бар.

2. Төлеуші шектеу алып тасталғанға дейін билік етуі шектелген мүліктің сақталуын және оның тиісінше күтіп-ұсталуын қамтамасыз етуге міндетті. Көрсетілген міндеттемелерді орындаған жағдайда, төлеуші билік етуі шектелген мүлікті аукционға дайындау бойынша шығындарды өтеуге міндетті және көрсетілген мүлікке қатысты заңсыз іс-әрекеті үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

3. Билік ету шектелген мүлікті өткізу Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

4. Егер төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін өткізгеннен кейін берешек пен өсімпұл өтмелесе, кеден органы берешек пен өсімпұл туралы, сондай-ақ осы Кодексте көзделген өндіріп арудың қабылданған шаралары туралы төлеушінің тіркелген орны бойынша салық органына ақпарат жібереді.

Ескерту. 357-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

358-бап. Берешек пен өсімпұлды өтеу тәртібі

Берешек пен өсімпұлды өтеу кезектілігі Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес айқындалады.

9-Бөлім. Кедендік ресімдеу

46-тарау. Кедендік ресімдеуге қатысты негізгі ережелер

359-бап. Осы тараудың қолданылу саласы

Осы тарауда көзделген ережелер, талаптар мен шарттар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кедендік мақсаттар үшін құжаттарды ресімдеуге байланысты барлық кеден операцияларына қолданылады.

360-бап. Кедендік ресімдеуді жүргізу тәртібі

1. Кедендік ресімдеу осы Кодексте және соған сәйкес қабылданатын кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілерде айқындалатын тәртіппен жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес кедендік ресімдеуді оңайлату және жеделдету мақсатында басқа мемлекеттердің кедендік ресімдеу үшін пайдаланылатын кедендік құжаттары қолданылуы мүмкін.

361-бап. Кедендік ресімдеуді жүргізу технологиясы

1. Кедендік ресімдеуді жүргізудің тәртібі мен технологиясы мыналарға:

1) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың санаттарына;

2) осындай өткізу үшін пайдаланылатын көлік түріне;

3) тауарларды өткізетін тұлғаларға байланысты сараланған.

2. Кедендік ресімдер тауарлар шығарылатын, жөнелтілетін және жеткізілетін елге қарамастан бірдей қолданылады.

362-бап. Кедендік ресімдеудің басталуы мен аяқталуы

1. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу - кедендік шекара арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты құжаттарды кеден органына берген, ал осы Кодексте көзделген жағдайларда тұлғаның ауызша мәлімдеуі не кедендік ресімдеуді жүзеге асыру ниетін куәландыратын өзге де іс-әрекеттер жасаған кезінен басталады.

2. Ветеринариялық, фитосанитариялық және мемлекеттік бақылаудың басқа да түрлеріне қатысты кедендік ресімдеу осындай бақылауды жүзеге асыратын

тиісті уәкілетті мемлекеттік органдармен келіскеннен кейін ғана аяқталуы
мүмкін.

3. Кедендік ресімдеу тауарларды кедендік режимге орналастыру үшін осы
Кодекске сәйкес қажетті кедендік операциялар жасалғаннан кейін, сондай-ақ
кедендік төлемдер және салықтар есептеліп, өндіріліп алынғаннан кейін
аяқталады.

**363-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын негізгі
кедендік ресімдеу жөніндегі операциялар
жасаудың орны мен уақыты**

1. Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау және оларды белгілі бір
кедендік режимге орналастыру бойынша іс-әрекет негізгі кедендік ресімдеу деп
тапсылады.

2. Тауарларды негізгі кедендік ресімдеу жөніндегі кедендік операциялар
кеден органдары орналасқан жерде және олардың жұмыс уақытында жасалады.
V 0 3 2 3 5 5

3. Декларанттың дәлелді сұрауы бойынша тауарларды негізгі кедендік
ресімдеу жөніндегі кедендік операциялар осы Кодектің 20-22-баптарына сәйкес
кеден органдары орналасқан жерден тыс және олардың жұмыс уақытынан тыс
жасалуы мүмкін.

4. (алып тасталды - 2005.06.20. N 62 Заңымен)

**Ескерту. 363-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20
. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

364-бап. Құжаттар мен мәліметтер

1. Кедендік ресімдеуді жүргізу кезінде осы Кодекте белгіленген тұлғалар
кеден органдарына кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді
беруге міндетті.

2. Кеден органдары орындалуын бақылау кеден органдарына жүктелген
Қазақстан Республикасы заңдары талаптарының сақталуын қамтамасыз ету үшін
қажетті құжаттар мен мәліметтерді талап етуге құқылы.

Кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттардың тізбесі және оларды беру
мерзімі осы Кодекте белгіленеді.

3. Кеден органдарының кедендік ресімдеу кезінде құжаттарда кеден
органдарының шешімдерін қабылдауға әсер ететін негізгі деректерді
өзгертпейтін қате басылған жазбалар, техникалық немесе грамматикалық қателер
болуы себепті құжаттарды қабылдаудан бас тартуға құқығы жоқ.

4. Кеден органдарына кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар электронды
түрде берілуі мүмкін. Бұл құжаттарды беру мен сақтау шарттарын уәкілетті
орган айқындаиды . V032355

365-бап. Өкілетті тұлғалар мен олардың өкілдерінің кедендік ресімдеу кезінде қатысуы

1. Тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар тұлғалар мен олардың өкілдері кедендік ресімдеу кезінде қатысуға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тұлғалар мен олардың өкілдері кеден органының дәлелді талап етуі бойынша кедендік ресімдеу кезінде қатысуға және оны жүргізуде кеден органдарының лауазымды адамдарына жәрдем көрсетуге міндettі. V032274

366-бап. Кедендік ресімдеу жүргізілетін тіл

Кедендік мақсаттар үшін құжаттарды толтыруды қоса алғанда, кедендік ресімдеу мемлекеттік тілде және орыс тілінде жүргізіледі.

Үәкілетті орган шет тілдерінде жасалған құжаттар мен мәліметтерді кедендік мақсаттар үшін кеден органдарының қабылдауы және пайдалануы мүмкін жағдайларды белгілеуге құқылы.

367-бап. Тауарлармен жасалатын жүк және өзге де операциялар

Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, тауарлармен жасалатын жүк және өзге де операциялар кеден органдарының рұқсатымен ғана жүргізуі мүмкін және кеден органы үшін қандай да бір қосымша шығыстарға әкеп соқпауға тиіс.

368-бап. Кедендік ресімделуі аяқталмаған тауарлар мен көлік құралдарын пайдалану және оларға билік ету

Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кедендік ресімдеу аяқталмаған болса, оларды пайдалануға және оларға билік етуге жол берілмейді.

369-бап. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу

1. Кедендік бақылаудағы тауарлардың сынамалары мен үлгілерін тауарларға қатысты өкілеттіктері бар тұлғалар, олардың өкілдері, сондай-ақ кеден органымен келісе отырып, тиісті үәкілетті мемлекеттік органдар іріктеп алуы мүмкін.

2. Сынамалар мен үлгілер осы сынамалар мен үлгілерді зерттеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ең аз мөлшерлерде іріктеп алынады. Кеден бақылауындағы тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу туралы үәкілетті орган белгілейтін нысан бойынша акт жасалады.

3. Тауарларға қатысты өкілеттіктері бар тұлғалар мен олардың өкілдері тауарлардың сынамалары мен үлгілерін кеден органдарының лауазымды адамдары, сондай-ақ тиісті үәкілетті мемлекеттік органдар іріктеп алған кезде қатысады.

Кеден органдарының лауазымды адамдары тауарлардың сыйнамалары мен үлгілерін тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар, сондай-ақ тауарларға қатысты өкілдіктіктері бар тұлғалар және олардың өкілдері ірікте алған кезде қатысады.

Аталған тұлғалар және олардың өкілдері кеден органдарының лауазымды адамдарына тауарлардың сыйнамалары мен үлгілерін ірікте алуы кезінде жәрдем көрсетуге, соның ішінде сыйнамалар мен үлгілер алу үшін қажетті жұқ және өзге де операцияларды өз есебінен жүзеге асыруға міндettі.

4. Кеден органдары тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар ірікте алған тауарлардың сыйнамалары мен үлгілеріне өткізілген зерттеу нәтижелері туралы
х а б а р д а р е т і л у г е т и і с .

5. Кеден органдары тауарлардың осы Кодекстің талаптарына сәйкес ірікте алынған сыйнамалары мен үлгілерін ірікте алуға байланысты шығыстарды
е т е м е й д і .

6. Тауарлардың сыйнамалары мен үлгілерін ірікте алу тәртібін, оларды зерттеу мерзімі мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

47-тарау. Кедендік ресімдеуге қатысты қосымша ережелер

370-бап. Тауарлардың жекелеген санаттарын кедендік ресімдеудің басым тәртібі

1. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына табиғи зілзаланың, авариялардың, апаттардың зардаптарын жоюға қажетті тауарларды, сондай-ақ тез бұзылатын тауарларды, тірі жануарларды, радиоактивті материалдарды, жарылғыш заттарды, экспресс-жүктөрді, ізгілік және техникалық көмекті, бұқаралық ақпарат мақсаты үшін хабарламалар мен материалдарды және осы тектес басқа тауарларды әкелу және осы аумақтан әкету кезінде кедендік ресімдеу басым тәртіпте жүргізіледі.

2. Кеден брокері ретіндегі қызыметті жүзеге асыруға лицензиясы бар мамандандырылған көлік-экспедициялық ұйымдар жетпіс екі сағат ішінде алушыға дейін жеткізу мақсатында көліктің кез келген түрімен өткізілетін тауарлар экспресс-жүк деп танылады.

3. Кедендік ресімдеудің басым тәртібінде жүктің толық кедендік декларациясын кеден органына кейіннен бере отырып, уақытша кедендік декларация ретінде қаралатын өтініш және тауардың ілеспе құжаттарын беру көздеledі.

Өтініште тауарларды жіберушілер мен алушылар, тауарлар жіберетін және жеткізілетін елдер туралы мәліметтер, тауарлардың атауы, сипаты, саны, брутто салмағы және құны, тауарларды пайдалану мақсаты туралы, сондай-ақ, мәлімделетін тауарларды орналастыру болжанатын кедендік режим туралы

мәлімет, жүктің кедендік декларациясын, кедендік мақсат үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді белгіленген мерзімде беру туралы міндеттеме болуға тиіс.

4. Жүктің толық кедендік декларациясы тауарлардың шартты шығу күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей кеден органына беріледі.

Кедендік ресімдеу кезінде декларанттың өтініші мен тауардың ілеспе құжаттарын кеден органы тіrkеген күні қолданыста болған нормативтік құқықтық актілер қолданылады.

Кедендік төлемдер және салықтар салынатын тауарлар кедендік төлемдердің және салықтардың төленуі қамтамасыз етілген жағдайда ғана басым тәртіппен ресімдеledі.

5. Авариялық жағдай туындаған кезде электрэнергиясы берілген жағдайда авариялық жағдай туындаған кезден бастап үш тәулік ішінде кеден органына берілетін диспетчерлік өтінімді уақытша кедендік декларация деп қарауға болады.

371-бап. Кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібі

Кедендік ресімдеуді жетілдіру мақсатында уәкілетті орган тауарлар мен көлік құралдарын бірдейлендіру үшін қажетті мәліметтердің ең аз көлемі берілген кезде тауарлар мен көлік құралдарын шығаруды көздейтін, тауарлар мен көлік құралдарын ресімдеудің оңайлатылған тәртібін белгілеуге құқылы.

48-тарау. Тауарларды декларациялау

372-бап. Декларациялануға жататын тауарлар

Тауарлар сот шешімі бойынша мемлекет меншігіне айналдырылғаннан басқа жағдайларда, олар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы еткізілген, кедендік режим өзгерген кезде кеден органдарында декларациялануға тиіс.

373-бап. Декларациялау орны

Егер Қазақстан Республикасының кеден зандарында өзгеше белгіленбесе, тауарларды декларациялау тауарларды кедендік ресімдеу жүзеге асырылатын кеден органында жүргізіледі.

Уәкілетті орган тауарлардың жекелеген санаттарын декларациялау белгілі бір кеден органында ғана жүргізіле алатынын айқындауға құқылы. V064307 , V 0 4 2 9 5 6 , V 0 4 2 8 3 0 , V 0 4 2 7 0 0

Ескерту. 373-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

374-бап. Декларант

Мына тұлғалар :
1) қазақстандық тұлғалар ;

2) шетелдік жеке тұлғалар (оңайлатылған немесе женілдетілген тәртіппен
өткізген кезде);

3) осы Кодектің 36-тарауына сәйкес кедендік төлемдер бойынша
женілдіктерді пайдаланатын шетелдік тұлғалар;

4) Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген тәртіппен тіркелген
шетелдік ұйымдардың өкілдіктері осындай өкілдіктердің өз қажеті үшін
әкелінетін тауарлардың уақытша әкелінуінің, транзитінің сондай-ақ еркін
айналыс үшін шығарылуының кедендік режимдерін мәлімдеген кезде декларант
бала алады.

375-бап. Декларанттың құқықтары

Кедендік ресімдеу кезінде тауарларды декларациялау және өзге де кедендік
операциялар жасау барысында декларант:

1) Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарларды кеден
органының бақылауымен тексеруге, өлшеуге және жүк операцияларын
орындауға, сондай-ақ кедендік декларация мен кедендік мақсаттар үшін қажетті
құжаттарды бергенге дейін тауарлардың сынамалары мен үлгілерін ірікте алуға
құқылы. Тауарлардың сынамалары мен үлгілері тауарларға берілген кедендік
декларацияда көрсетілетін жағдайда оларға жеке кедендік декларация берілмейді
;

2) кеден органдарының лауазымды адамдары кедендік бақылау өткізгенде,
олар сынамалар мен үлгілерді ірікте алған кезде қатысуға;

3) кеден органдары ірікте алған сынамалар мен үлгілерге жүргізілген
зерттеу нәтижелерімен танысуға;

3-1) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен
сарапшылар тартуға;

4) өзінің құқығы бұзылған жағдайда кеден органдарының шешіміне, кеден
органдары лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) осы Кодекте
белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

**Ескерту. 375-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20
. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

376-бап. Декларанттың міндеттері

Декларант: V 0 3 2 3 5 5

1) тауарлар мен көлік құралдарына декларация жүргізуғе;

2) кеден органының талабы бойынша декларацияланатын тауарлар мен көлік
құралдарын көрсетуғе;

3) кеден органына кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен
мәліметтерді береуге;

4) осы Кодектің 8-бөліміне сәйкес кедендік төлемдерді және салықтарды
төлеуге немесе олардың төленуін қамтамасыз етуге;

5) кеден органдарының осы Кодексте көзделген өзге де талаптарын орындауға міндettі.

377-бап. Декларанттың жауапкершілігі

1 . Д е к л а р а н т :

1) кедендік декларацияда және өзге де ұсынылатын құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дұрыс еместігі үшін;

2) осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, кедендік төлемдерді және салықтарды төлемегені үшін;

3) осы Кодекстің 382-бабында көзделген құжаттарды уақтылы ұсынбағаны үшін жаупты болады.

2. Кеден органына кедендік декларацияны бермегені үшін тауарларды өткізетін тұлға немесе шарт бойынша осы тұлға уәкілеттік берген кеден брокері жаупты болады.

3. Кеден брокері кедендік ресімдеу жөніндегі операцияларды жүзеге асырған кезде кеден брокеріне кедендік мақсаттар үшін берілген қажетті мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығы үшін беруші тұлға жаупты болады.

378-бап. Декларациялау нысаны

1. Декларациялау кеден органына тауарлар туралы, олардың кедендік режимі туралы дұрыс мәліметтерді және кедендік мақсаттар үшін қажетті басқа да мәліметтерді белгіленген нысан бойынша (жазбаша, ауызша, конклюденттік, электрондық) мәлімдеу жолымен жүргізіледі.

2. Осы Кодексте реттелмеген жағдайларда, тауарларды декларациялаудың нысаны мен тәртібін уәкілетті орган айқындайды . V064307

3. Кедендік декларацияда көрсетілуге тиіс мәліметтер тізбесі кедендік төлемдерді және салықтарды есептеу және алу, кедендік статистиканы қалыптастыру және Қазақстан Республикасының кеден заңдарын қолдану мақсаттары үшін қажетті мәліметтермен ғана шектеледі.

379-бап. Кедендік декларация

1. Тауарларды декларациялау кезінде кедендік декларациялардың мынадай түрлері қолданылады :

- 1) жүктің кедендік декларациясы;
- 2) жолаушының кедендік декларациясы.

2. Жүктің кедендік декларациясы - декларант беретін және тауарлар мен көлік құралдары туралы, олардың кедендік режимі туралы мәліметтерді және кедендік мақсат үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын құжат. Жүктің кедендік декларациясы мынадай жағдайларда, егер:

1) тауардың декларацияланатын легінің кедендік құны тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджет туралы заңда белгіленген тоқсан айлық есептік көрестікіштен ассас ;

2) тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда, тауарларға қатысты тарифтік емес реттеу шаралары белгіленсе;

3) осы Кодекске сәйкес көзделген өзге де жағдайларда беріледі.

Жүктің кедендік декларациясы алдын ала декларациялау кезінде, сондай-ақ уақытша, толық емес немесе мерзімдік кедендік декларация ретінде қолданылуы мүмкін.

Жүктің кедендік декларациясын уақытша, толық емес немесе мерзімдік кедендік декларация ретінде қолдану жағдайлары осы Кодектің 387 - 388-1-баптарында көзделген тәртіппен белгіленеді.

Осы Кодексте белгіленген жағдайларда, еркін нысанда жасалған өтінішті және (немесе) тауарларды бірдейлендіру және шығару үшін қажетті мәліметтері бар көліктік, коммерциялық құжаттарды жүктің кедендік декларациясы немесе уақытша кедендік декларация ретінде пайдалануға жол беріледі. Бұл орайда кедендік баждар мен салықтар төленген жағдайда кеден органының лауазымды адамы кедендік кіріс ордерін ресімдеуді жүргізеді.

3. Жолаушының кедендік декларациясы - осы Кодексте көзделген оқайлатылған немесе жеңілдетілген тәртіпті қолданып, тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізетін жеке тұлға толтырып, кеден органына беретін құжат. V032355

4. Кедендік декларациялардың нысандарын және оларды толтыру тәртібін үәкілетті орган белгілейді . V064307

Ескерту. 379-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

380-бап. Жүктің кедендік декларациясын беру мерзімі

1. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін тауарларға жүктің кедендік декларациясы межелі кеден органында қысқаша декларацияны тіркеген күнді қоса есептегенде күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей беріледі. V075099

Егер жүктің кедендік декларациясын беру мерзімінің аяқталуы кеден органының жұмыс істемейтін күніне орайлас келсе, кеден органының одан кейінгі жұмыс күні осы мерзімнің аяқталу күні болып саналады.

2. Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетілетін тауарларға жүктің кедендік декларациясы оларды нақты әкетуге дейін беріледі .

3. Декларанттың жазбаша өтініші бойынша кеден органы жүктің кедендік декларациясын беру мерзімін ұзартады. Жүктің кедендік декларациясын беру мерзімін ұзарту әкелінетін тауарларға кедендік төлемдер және салықтар төленген не төленуі қамтамасыз етілген жағдайда кедендік ресімдеу жүргізетін кеден органдарында жүзеге асырылады.

4. Жүктің кедендік декларациясын беру мерзімін ұзарту тауарларды уақытша сақтау мерзімін бұзуға әкеп соқпауға тиіс.

5. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына кеден ережелерін бұза отырып әкелінген тауарларға жүктің кедендік декларациясы:

1) сottың тұлғаны қылмыстық (әкімшілік) жауаптылыққа тарту туралы не қылмыстық (әкімшілік) жауаптылықтан босату туралы;

2) уәкілетті органның (лауазымды адамның) тұлғаны әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы не әкімшілік жауаптылықтан босату туралы;

3) сottың немесе уәкілетті органның (лауазымды адамның) кеден ережелерінің бұзылу фактісі бойынша істі тоқтату туралы шешімі заңды құшіне енген күннен бастап күнтізбелік отыз құн ішінде беріледі.

Ескерту. 380-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі)
Зандарымен.

381-бап. Есепке алу мақсатында құжаттар ұсыну

1. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды есепке алууды кеден органдары мынадай құжаттардың негізінде және:

1) заңды тұлғалар :

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы қуәліктің нотариаттық қуәландырылған көшірмесін немесе оның құрылымдық бөлімшесі үшін есептік тіркеу туралы қуәлікті ;

заңды тұлғаның банк шотының ашылғаны туралы банктен алынған анықтаманы ;

салық органы берген салық төлеуші қуәлігінің көшірмесін;

2) декларациялау кезінде жүктің кедендік декларациясы қолданылуға тиіс тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуіді жүзеге асыруға ниеттенетін жеке тұлғалар :

жеке тұлғаның жеке қуәлігін ;

салық органы берген салық төлеуші қуәлігінің көшірмесін; егер жеке тұлғаның банкте шоты болса, банк шотының ашылғаны туралы банктен алынған анықтаманы ұсынған кезде электронды (автоматтандырылған) түрде жүргізіледі .

2. Есепке алу үшін табыс етілетін құжаттардағы мәліметтер өзгерген кезде, декларант өзгертілген мәліметтерді растайтын құжаттарды сыртқы экономикалық қызметке қатысушыны есепке қойған кеден органына күнтізбелік он бес күн ішінде табыс етуге міндettі.

3. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушының қалауы бойынша оған есепке алу туралы мәліметтер сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың

есептік тіркелуіне жауапты кеден органының лауазымды адамының жеке нөмірлі мөрімен расталған қағаз жеткізгіште беріледі.

Ескерту. 381-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), өзгерту енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Зандарымен.

382-бап. Тауарларды декларациялау кезінде құжаттар беру

1. Жүктің кедендік декларациясын беру кеден органына оның электрондық көшірмесін және осы бапта көзделген кедендік мақсат үшін қажетті құжаттарды тапсырумен қатар жүргізуле тиіс.

Жүктің кедендік декларациясының электрондық көшірмесінің құрылымын уәкілетті орган белгілейді.

2. Егер тауарларды шығару туралы шешім қабылдау үшін құжат міндettі болып табылса, кедендік декларацияны тексеру мерзімінің ішінде декларант салық органына тиісті құжатты беру туралы міндettеме табыс ете отырып, мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмесін беруі мүмкін.

Жекелеген құжаттар декларанттың дәлелді өтініші бойынша көрсетілген мерзімде табыс етілмейтін жағдайда кеден органдары осындай құжаттарды алу үшін қажетті мерзімде бірақ кедендік декларацияны тіркеуден кейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей осындай құжаттарды табыс ете отырып олардың көшірмесін беруге рұқсат етеді. Декларант белгіленген мерзімдерде құжаттарды өткізбегені не бұрын өткізген құжаттардың көшірмелерінде дұрыс емес мәліметтерді мәлімдегені үшін жауапты болады.

Егер тауарлардың кейінгі легіне кедендік ресімдеу жүргізілетін құжаттар кеден органына бұрын берілген болса, онда осындай құжаттардың көшірмелерін беру жеткілікті.

3. Кеден органының істерінде тауарларды шығару туралы шешім қабылдау үшін міндettі құжаттар қалған жағдайда, декларант үшін кеден органы осы құжаттардың көшірмелеріне осындай құжаттар қалатын кеден органын көрсете отырып жазба жасайды. Бұл жазба кеден органы лауазымды тұлғасының жеке нөмірлік мөрімен куәландырылады.

4. Келісім-шарттар, шот-фактуралар (инвойстар), көлік құжаттары, кедендік төлемдердің және салықтардың төленгенін растайтын құжаттар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы тауарларды шығарғаннан кейін декларантқа қайтарылуға тиіс және жүктің кедендік декларациясы тіркелген күннен бастап бес жыл бойы сақталады.

Бұл орайда кедендік ресімдеу мақсаттары үшін осы құжаттармен бірге декларант куәландырған көшірме тапсырылуға тиіс.

5. Жүктің кедендік декларациясын беру осылардың негізінде жүктің кедендік

декларациясы толтырылып, мыналарды растайтын қажетті құжаттар кеден органына қатар табыс етілуімен жүргізілуге тиіс:

1) декларанттың өз атынан жүктің кедендік декларациясын беруге өкілеттігін растайтын декларанттың штатындағы жеке тұлғаға сенімхат не брокерлік қызмет көрсету ге шарт;

2) кедендік ресімдеуге жататын тауарларға меншік, билік ету немесе пайдалану құқығын растайтын сатып алу-сатуға немесе айырбасқа сыртқы сауда шарты (келісім-шарты), кедендік ресімдеуге жататын тауарларға билік ету немесе пайдалану құқығына келісім не өзге құжат;

3) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізу ді растайтын көлік құжаттары;

4) тауарлардың кедендік құнын растайтын - шот-фактура (инвойс), шот-проформа, арнайы тізбе және осы Кодектің 39-тaraуына сәйкес тауарлардың кедендік құнын анықтау және мәлімдеу үшін көзделген өзге де құжаттар;

5) тауарлардың шығуын растайтын - осы Кодектің 39 және 40-баптарына сәйкес тауарлардың шығуы туралы декларация не тауарлардың шығуы туралы сертификат;

6) кедендік режимнің талаптарына және кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу бойынша женілдіктің болуына қарай кедендік төлемдерді және салықтарды төлеуді немесе олардың төленуін қамтамасыз етуді растайтын:

қолма-қол ақшасыз тәртіpte төлемнің орындалуы туралы банктің белгісімен төлемдік тапсырманы немесе қолма-қол ақшамен төлеу кезінде - кеден органының, банктің кассалық кіріс ордеріне берілетін түбіртек. Алдын ала декларациялау рәсімі қолданылған жағдайда аталған құжаттар тауарлар мен көлік құралдары шығарылғанға дейін беріледі, ал осы Кодектің 470-бабына сәйкес ең төменгі деңгейдегі тәуекел санатына жатқызылған сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға қатысты мерзімдік декларациялау рәсімі қолданылған жағдайда жүктің толық кедендік декларациясы бойынша тауарлар мен көлік құралдары шығарылғанға дейін беріледі;

осы Кодектің 339-бабының 1-тармағына сәйкес кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін растайтын құжаттар;

осы Кодектің 41-taraуына сәйкес кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу бойынша женілдіктер беруді растайтын құжаттар;

кедендік бажды, қосылған құн салығын төлеу бойынша мерзімді ұзартуды (мәулеттік төлеуді) растайтын құжаттар;

7) тауарларды межелі жерге жеткізу ді растайтын - осы Кодектің 12-taraуында көзделген тауарлар жеткізу ді бақылау құжаты не Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес өзге де құжаттар;

8) валюталық бақылау саласындағы талаптардың сақталуын растайтын - Қазақстан Республикасының валюта зандарына сәйкес талап етілетін құжаттар;

9) мәлімделген кедендік режимдерге қарамастан, тауарларды өкелу кезінде стандарттардың міндетті талаптарына сәйкестігін растайтын - фитосанитариялық (карантиндік) сертификат, ветеринариялық сертификат. Көрсетілген сертификаттар оларға сертификаттар беру міндетті тауарлар үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген жағдайларда

ғана б е р і л е д і ;

10) Алынып тасталды - ҚР 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) З а н ы м е н .

5-1. Жүктің кедендік декларациясын беру кезінде кеден органдары сыртқы экономикалық қызметке қатысуышының санатын сыртқы экономикалық қызметке қатысуышылардың есебіне сәйкес растайды.

6. Таңдалған кедендік режимдерге сәйкес табыс етілетін құжаттардың тізбесі осы Кодекстің 383-бабында белгіленді.

7. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 371-бабында көзделген кедендік ресімдеуінің оңайлатылған тәртібін қолданған кезде кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттардың тізбесін қысқартуға құқылы.

Ескерту. 382-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

383-бап. Таңдалған кедендік режимдердің талаптарына сәйкес құжаттар беру

Таңдалған кедендік режимдердің талаптарына сәйкес осы Кодекстің 382-бабында көрсетілген құжаттарға қосымша мынадай құжаттар беріледі:

1) еркін айналыс үшін тауарлар шығарудың кедендік режимі:

Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес сертификат беру міндетті тауарларға өнімінің қауіпсіздігіне сәйкестілік сертификаты немесе тиісті уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін нысанадағы өтініш-декларация;

Қазақстан Республикасының зандарында және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жағдайларда тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың рұқсаттары және өзге де құжаттар;

Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес лицензиялауға және экспорттық бақылауға жататын тауарлар үшін - лицензия;

2) тауарлар экспорттының кедендік режимі:

Қазақстан Республикасының зандарында және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жағдайларда тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың рұқсаттары және өзге де құжаттар:

Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес лицензиялауға және экспорттық бақылауға жататын тауарлар үшін - лицензия;
3) тауарлар кері импортының кедендік режимі:

Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тауарларды әкетуді растайтын жүктің кедендік декларациясы;

Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес сертификат беру міндетті тауарларға өнімінің қауіпсіздігіне сәйкестілік сертификаты немесе тиісті уәкілдеме мемлекеттік орган белгілейтін нысанадағы өтініш-декларация;

әкетудің кедендік баждарын қайтаруды қамтамасыз ету үшін әкетудің кедендік баждары төленгенін растайтын құжат;

Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес экспорттық бақылауға жататын тауарларға рұқсат;

4) тауарлар транзитінің кедендік режимі:

осы Кодексте көзделген жағдайларда кедендік мөрлер мен пломбаларды қойып тауарларды тасымалдау үшін көлік құралын (контейнерді) жіберуді растайтын құжаттараД;

Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес экспорттық бақылауға жататын тауарлар транзитіне рұқсат;

5) кеден қоймасының кедендік режимі - тауарларды сақтауға кеден қоймасының иесімен жасалған шарт;

6) (алып тасталды - 2005.06.20. N 62 Заңымен)

7) кедендік аумақта тауарларды қайта өндеудің кедендік режимі - тауарларды қайта өндеудің талаптары туралы тиісті уәкілдеме мемлекеттік органның қорытадысы;

8) еркін айналыс үшін тауарларды қайта өндеудің кедендік режимі - тауарларды қайта өндеудің талаптары туралы тиісті уәкілдеме мемлекеттік органның қорытадысы;

9) кедендік аумақтан тыс жерде тауарларды қайта өндеудің кедендік режимі: тиісті уәкілдеме мемлекеттік органның тауарларды қайта өндеудің талаптары туралы қорытадысы;

Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес экспорттық бақылауға жататын тауарларға рұқсат;

10) тауарларды және көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режимі:

тауарларды және көлік құралдарын әкету туралы міндеттеме; көрмелер өткізуге арналған, кейіннен сатылмайтын тауарларды (экспонаттарды) қоспағанда, Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес сертификат беру міндетті тауарларға өнімінің қауіпсіздігіне сәйкестілік сертификаты немесе тиісті уәкілдеме мемлекеттік орган белгілейтін нысанадағы өтініш-декларация;

11) тауарларды және көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимі - тауарларды әкелу туралы міндеттеме;

12) еркін кеден аймағының кедендік режимі - Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес сертификат беру міндетті тауарларға өнімінің қауіпсіздігіне сәйкестілік сертификаты немесе тиісті уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін нысанадағы өтініш-декларация;

13) еркін қойманың кедендік режимі:

тауарларды сақтауға еркін қойма иесімен жасалған шарт; кесіпорынның декларацияланатын тауарларды пайдалана отырып, қайта өндеге жөніндегі операцияларды өткізу мүмкіндігін растайтын технологиялық құжаттамасы;

Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес сертификат беру міндетті тауарларға өнімінің қауіпсіздігіне сәйкестілік сертификаты немесе тиісті уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін нысанадағы өтініш-декларация;

14) тауарлар кері экспорттың кедендік режимі:

Қазақстан Республикасының кедендік аумағына тауарларды әкелу кезінде ресімделген жүктің кедендік декларациясы не уақытша сақтау орындарындағы тауарларды мәлімдеу кезіндегі қысқаша декларация; V032355

Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес экспорттың бақылауға жататын тауарларға рұқсат;

Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда тауарлардың кері экспорттына тауарларды шығарған елдің уәкілетті органдың рұқсаты болған жағдайларда кері экспортқа жол берілетін кезде - осындай рұқсат;

15) тауарларды жоюдың кедендік режимі - тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың қорытындылары;

16) мемлекет пайдасына тауардан бас тартудың кедендік режимі - Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес сертификат беру міндетті тауарларға өнімінің қауіпсіздігіне сәйкестілік сертификаты немесе тиісті уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін нысанадағы өтініш-декларация;

17) арнайы кедендік режим:

осы Кодекстің 253-бабының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар бойынша тиісті уәкілетті мемлекеттік орган растаған тауарлар тізімі;

осы Кодекстің 253-бабының 3) тармақшасында көрсетілген тауарлар бойынша көлік үйымы растаған тауарлар тізімі;

тауар осы Кодекстің 253-бабының 4) тармақшасында көрсетілген мақсаттарға арналғаны көрсетілген тауардың ілеспе құжаттары;

осы Кодекстің 253-бабының 5) тармақшасында көрсетілген мақсаттарда тауарлардың әкелінуін және (немесе) әкетілуін растайтын құжаттар;

уәкілетті орган айқындаған өзге де құжаттар.

Ескерту. 383-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.11.27. N 4 Заңдарымен.

384-бап. Жүктің кедендік декларациясын қабылдау және тіркеу

1. Декларант белгіленген тәртіппен толтырылған жүктің кедендік декларациясын оның электрондық көшірмесімен бірге, сондай-ақ кедендік мақсат үшін қажетті құжаттарды кеден органына береді.

2. Жүктің кедендік декларациясы мен кедендік мақсат үшін қажетті құжаттарды кеден органының қабылдаған күні мен уақыты уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен ресімделіп, қоса берілетін құжаттардың тізімдемесінде көрсетіледі және кеден органы лауазымды тұлғасының жеке нөмірлік мөрімен куәландырылады. Куәландырылғаннан кейін тізімдеме декларантқа қайтарылады

3 . К е д е н о р г а н ы н ы ң :

1) декларацияны декларант болып табылмайтын тұлға берген;

2) декларацияда осы Кодекстің 379-бабының 4-тармағында белгіленген тәртіпке сәйкес талап етілетін мәліметтер көрсетілмеген;

3) декларацияға қол қойылмаған не тиісінше куәландырылмаған немесе белгіленген нысан бойынша жасалмаған;

4) декларацияланатын тауарларға қатысты алдын ала декларациялау рәсімі қолданылған, кедендік баждар және салықтарды төлеу мерзімін ұзарту немесе мәулеттік төлеу мерзімін беру, сондай-ақ есепке алу әдісімен қосылған құн салығын төлеу кезіндегі жағдайларды қоспағанда, кедендік төлемдер және салықтар төленбеген не олардың төленуі қамтамасыз етілмеген;

5) олар туралы мәліметтер жүктің кедендік декларациясының арнаулы бағанында көрсетілетін құжаттар түгел берілмеген жағдайларды қоспағанда, жүктің кедендік декларациясын тіркеуден бас тартуға құқығы жоқ.

4. Жүктің кедендік декларациясын тіркеу немесе тіркеуден бас тарту жүктің кедендік декларациясын қабылдаған кезден бастап екі сағаттан аспайтын м е р з і м д е ж ү р ғ і з і л е д і .

5. Жүктің кедендік декларациясын тіркеуден бас тартқан жағдайда кеден органының лауазымды адамы жүктің кедендік декларациясын тіркеуден бас тарту парагын толтырады және берілген құжаттармен бірге, көрсетілген бас тарту парагын жүктің кедендік декларациясын берген тұлғаға тапсырады.

Жүктің кедендік декларациясын тіркеуден бас тарту парагын ресімдеу нысаны мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді .

6. Қабылданған жүктің кедендік декларациясы тіркелген уақыттан бастап занды күші бар құжат болып табылады.

Ескерту. 384-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

385-бап. Жүктің кедендік декларациясында мәлімделген мәліметтерді өзгерту, толықтыру және жүктің кедендік декларациясын қайтарып алу

1. Кеден органының рұқсатымен және декларанттың дәлелді жазбаша өтініші бойынша жүктің кедендік декларациясында мәлімделген мәліметтер өзертілуі немесе толықтырылуы мүмкін, ал кеден органы қабылдаған жүктің кедендік декларациясы қайтарып алынуы мүмкін.

2. Декларанттың өтінішін алған кезде жүктің кедендік декларациясын тексеруді аяқтамаған немесе тауарларды қарауды бастамаған жағдайда жүктің кедендік декларациясында мәлімделген мәліметтерді өзгертуі және толықтыруы мүмкін.

3. Жүктің кедендік декларациясын өзгерту немесе толықтыру оның қолданылу саласын кеңейте немесе қысқарта алмайды, кеден органы қабылдаған жүктің кедендік декларациясында көрсетілген тауарлар туралы мәліметтерден басқа мәліметтерді беруге әкеп соқпайды.

4. Декларанттың ауызша өтініші бойынша жүктің кедендік декларациясындағы кеден органдарының кедендік ресімдеу кезінде шешімдер қабылдаудына әсер ететін негізгі деректерді өзгертпейтін қате жазуларды, техникалық немесе грамматикалық қателерді (үш жағдайдан аспайтын) қате деректерді сизу немесе тиісті мәліметтерді үстінен жазуын түзетуге жол беріледі. Эрбір мұндай түзету уәкілетті тұлғаның қол қоюымен және декларанттың мөрімен **куәландылады**.

5. Кеден органдарының құзыретіне жататын мәліметтерді жүктің кедендік декларациясына енгізуді қоспағанда, кеден органдары лауазымды адамдарының өз бастамасы, тұлғаның тапсырмасы немесе өтініші бойынша жүктің кедендік декларациясын толтыруға, жүктің кедендік декларациясында көрсетілген мәліметтерді өзгертуге немесе толықтыруға құқығы жоқ.

6. Декларанттың жазбаша өтініші бойынша жүктің кедендік декларациясы тауар шығарылғанға дейін қайтарып алынуы мүмкін. Кеден органы жүктің кедендік декларациясы қайтарылатын кезде жүктің жаңа кедендік декларациясын беру үшін мерзім белгілейді, тауарларды уақытша, алдын ала, мерзімдік декларациялау рәсімін пайдалану жағдайларын қоспағанда, ол қайтарып алуға рұқсат берілген күннен бастап күнтізбелік он бес күннен аспауға тиіс. Жүктің кедендік декларациясын қайтарып алу кедендік баждарды және салықтарды төлеу мерзімдерін ұзартпайды. Бұл ретте кері қайтарып алынған жүктің кедендік

декларациясы кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындастын тәртіппен жойылуға тиіс.

7. Қайтарып алынатын жүктің кедендік декларациясы тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкету мақсаты үшін оларға берілген жағдайда, жүктің кедендік декларациясы тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан тысқары жерлерге нақты әкеткенге дейін қайтарып алынуы мүмкін. Осы тауарларға жүктің жаңа кедендік декларациясын беру үшін мерзім белгіленбейді. Бұл орайда, қайтарып алынған жүктің кедендік декларациясы жойылуға тиіс.

7-1. Ресімдеу мерзімі осы Кодекстің 440-бабында белгіленген мерзімнен асатын кедендік жүк декларациялары жойылуға жатады.

8. Осы баптың 3-тармағында көзделген талаптар орындалған жағдайда, тауарлар шығарылған күннен бастап бір ай ішінде декларанттың жазбаша өтініші бойынша, уәкілетті органның рұқсатымен айрықша жағдайларда жүктің кедендік декларациясына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол беріледі.

Ескерту. 385-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

49-тарау. Тауарларды декларациялауға қатысты қосымша ережелер

386-бап. Алдын ала декларациялау

1. Егер декларант тауарларды кедендік ресімдеу үшін қажетті құжаттарды берсе, тауарларға қатысты жүктің кедендік декларациясы тауарлар межелі кеден органды табыс етілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен ерте берілмеуі мүмкін. Кедендік баждар мен салықтар тауарлар мен көлік құралдары шығарылғанға д е й і н т ө л е н е д і .

2. Егер кедендік мақсат үшін тауарлардың ілеспе көлік немесе коммерциялық құжаттары пайдаланылуға тиіс болса, кеден органды осы құжаттардың декларант куәландырған көшірмелерін немесе осы құжаттардан алынған мәліметті қабылдайды және тауарлар келгеннен кейін көрсетілген мәліметтерді құжаттардағы мәліметтермен салыстырады.

3. Егер алдын ала декларацияны тіркелген күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде оны қабылдаған кеден органды тауарлар берілмесе, жүктің кедендік декларациясының күші жойылуға жатады.

4. Тауарларды алдын-ала декларациялаған кезде кеден органды жүктің кедендік декларациясын тіркеген күні қолданыста болған нормативтік құқықтық

5. Бұрын мәлімделгеннен (тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері негізінде бұрын берілгеннен) өзгеше құндық, сан немесе салмақ көрсеткіштері өзгерген жағдайда, тауардың құны, саны немесе салмағы өзгергенін растайтын құжаттар (коммерциялық актілер, сауда-өнеркәсіп палатасының актілері) міндettі түрде ұсынылады.

6. Егер тауарлар келгеннен кейін бұрын мәлімделгеннен өзгеше құн, сан немесе салмақ көрсеткіштері сәйкес келмейтіндігін анықтаса, декларант осы Кодексте көзделген тәртіппен жүктің алдын ала берілген кедендік декларациясын қайтарып алуға құқылы.

7. Алдын ала декларациялау рәсімін қолдану кезінде кеден органының арнағы рұқсаты талап етілмейді. Тауарларды алдын ала декларациялау рәсімін қолдану кезінде жүктің кедендік декларациясын толтыру тәртібін уәкілетті орган

белгілейді . V 0 3 2 3 5 5 , V 0 3 2 3 0 9

Ескерту. 386-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

387-бап. Уақытша кедендік декларация

1. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы құбыр желісін пайдалана отырып не электр беру желілері бойынша өткізу кезінде, сондай-ақ уәкілетті орган белгілейтін өзге де жағдайларда тауарларды уақытша кедендік декларация беру арқылы декларациялауға жол беріледі.

2. Уақытша кедендік декларацияда белгілі уақыт кезеңінің ішінде тауарлардың шамамен алынған мөлшерін өткізу туралы ниет негізге алынып, мәліметтерді мәлімдеуге жол беріледі. Тауардың құнын декларант сатып алу-сату сыртқы сауда шартының (келісім-шартының) бағасын ескере отырып мәлімдеуі мүмкін.

Егер шартта (келісім-шартта) тауардың белгіленген (дәл, түпкілікті) бағасы жоқ және оны анықтау шарты ғана белгіленсе, ал сондай-ақ, егер кедендік декларацияны беру күнінде өткізілетін тауардың сапасы немесе саны туралы дәл ақпарат жоқ болса, не сатып алу-сату сыртқы сауда шартында (келісім-шартында) белгіленген алдын ала (бағдарлық) баға не сатып алу-сату сыртқы сауда шартында (келісім-шартында) белгіленген есеп шарттарына сәйкес уақытша кедендік декларацияны беру күнінде белгіленген есептік баға пайдаланылады. Мұндай есептер жүргізу мүмкін болмайтын жағдайларда өткізілетін тауарды шартты бағалау кеден органы билігіндегі баға ақпараттарының негізінде жүргізіледі.

Уақытша кедендік декларация берілген кезде нақты сатып алушы айқындалмаған жағдайда, кеден органының рұқсатымен бір сыртқы сауда шарты (келісім-шарты) шеңберінде тауарлар беруге бір уақытша кедендік декларация

беріліп, кейіннен нақты сатып алушылардың саны бойынша бірнеше толық кедендік жүк декларациясы мен сатып алу-сату шарты (келісім-шарты) беріледі.

Уақытша кедендік декларация берілген кезде нақты сатып алушы айқындалмаған жағдайда және (немесе) келісімшарттың тараптары өзара тәуелді тұлғалар болып табылса, өзара тәуелді тараптар арасында бір сыртқы сауда шарты (келісімшарты) шеңберінде тауарларды жеткізуге бір уақытша кедендік декларация беріліп, кейіннен саны бойынша байланысты емес нақты сатып алушылардың бірнеше толық кедендік жүк декларациясы мен сатып алу-сату шарты (келісімшарты) беріледі.

3. Уақытша кедендік декларацияны толтыру және оны пайдаланып кедендік ресімдеу тәртібін үәкілетті орган айқындаиды . Бұл кедендік рәсім кезінде, кеден органының уақытша кедендік декларацияны тіркеген күні қолданыста болған нормативтік құқықтық актілер қолданылады.

4. Уақытша кедендік декларация жоспарланған жеткізілім басталғанға дейін кеден органына табыс етіледі.

5. Кедендік төлемдер және салықтар кеден органы уақытша кедендік декларацияны тіркегенге дейін немесе тіркеген күні төленеді.

6. Декларант жүктің уақытша кедендік декларациясында мәлімделген тауарлар легі жеткізілгеннен кейінгі күннен бастап құнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, бірақ уақытша кедендік декларация тіркелген күннен бастап құнтізбелік тоқсан күннен асырмай жүктің толық кедендік декларациясын беруге міндетті.

Тауарларды бағаны айқындау талаптары бар шарт бойынша өткізу кезінде, меншік құқығын Қазақстан Республикасы кедендік аумағының шегінен тыс жерлерге беру кезінде көрсетілген мерзім баға мен мөлшерді айқындау үшін пайдаланылатын коносамент, қабылдан алудың тапсыры актісі ресімделген күннен бастап есептеледі. Егер декларацияланатын тауарлар легіне бірнеше көліктік құжат жасалса, көрсетілген мерзім соңғы көліктік құжат ресімделген күннен бастап есептеледі.

7. Уақытша кедендік декларацияға сәйкес кедендік төлемдерді және салықтарды қосымша төлеу немесе артық төленген кедендік баждар және салықтарды қайтару осы Кодекстің 8-бөліміне сәйкес жүктің толық кедендік декларациясын тапсырган кезде жүзеге асырылады.

Ескерту. 387-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

388-бап. Мерзімдік кедендік декларация

1. Бір тұлға бір тауарларды кедендік шекара арқылы тұрақты түрде өткізген кезде кеден органы күнтізбелік отыз күн ішінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін барлық тауарға мерзімдік кедендік декларация **б е р у г е** **құқылы**.

2. Егер тауарлардың Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатуrasesы бойынша бірдей жіктеу коды болса, олар бірдей тауарлар ретінде қарастырылады.

3. Егер бір тұлға күнтізбелік отыз күн ішінде бір тауардың үш және одан да артық жеткізілімін жүргізсе, ондай тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы бір тұлға тұрақты түрде өткізетін тауарлар ретінде **қ а р а с т ы р ы л а д ы**.

4. Кедендік мақсат үшін, жекеленген жеткізілімдердің санына қарамастан, бір сыртқы сауда шарты (келісім-шарты) бойынша күнтізбелік отыз күн ішінде бір өткізу бекеті арқылы өткізілетін және бір кеден органында кедендік ресімдеу жүргізілетін бірдей тауарлар біртұтас тауар легі ретінде қарастырылады.

5. Кедендік баждар және салықтар, акцизделетін тауарларды қоспағанда, жүктің толық кедендік декларациясы тіркелгенге дейін немесе тіркелген күні **т ө л е н е д і**.

5-1. Кедендік баждар және акцизделетін тауарлар бойынша салықтар мерзімдік кедендік декларация тіркелгенге дейін немесе тіркелген күні төленеді.

6. Мерзімдік декларациялау рәсімін қолдану арқылы тауарларды кедендік ресімдеу кезінде кеден органы мерзімдік кедендік декларацияны тіркеген күні қолданыста болған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері **қ о л д а н ы л а д ы**.

7. Мерзімдік декларациялау кедендік баждарды және салықтарды төлеу қамтамасыз етілген жағдайда жеткізу мерзімі басталғанға дейін мерзімдік кедендік декларацияны беру арқылы жүргізіледі. Кедендік баждар мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету осы Кодектің 470-бабына сәйкес ең төменгі деңгейдегі тәуекел санатына жатқызылған сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға **қ о л д а н ы л м ай ды**.

Бұл ретте мерзімдік кедендік декларация тауарлардың бірыңғай легіне **т о л т ы р ы л а д ы**.

8. Мерзімдік декларациялау рәсімі қолданылып тауарлар өткізілген жеткізілім кезеңі аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, әкелінген немесе әкетілген тауарлардың нақты саны есепке алынып толтырылған жүктің толық кедендік декларациясы беріледі.

9. Тауарлар мерзімдік кедендік декларацияда мәлімделген көлемнен өзгеше көлемде әкелінген жағдайда, жүктің толық кедендік декларациясы әкелінген (әкетілген) тауарлардың нақты саны есепке алынып толтырылады. Бұл ретте

жеткізудің келесі кезеңіне мерзімдік кедендік декларация осындаі өзгерістер
есепке алдынып толтырылады.

10. Мерзімдік декларациялау рәсімін қолдана отырып тауарларды кедендік
ресімдеу тәртібін уәкілетті орган айқындайды .

**Ескерту. 388-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20
. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

388-1-бап. Толық емес кедендік декларация

1. Егер декларант кедендік декларацияны толтыруға қажетті бүкіл ақпаратқа
өзіне байланысты емес себептер бойынша ие болмаса, онда тауарды шығаруға,
кедендік төлемдерді есептеу мен төлеуге қажетті, Қазақстан Республикасының
зандарына сәйкес тарифтік емес реттеу шараларының сақталғанын растайтын,
сондай-ақ тауарларды сандық және сапалық сипаттамаларының жиынтығы
бойынша бірдейлендіруге мүмкіндік беретін мәліметтер болған жағдайда толық
емес кедендік декларацияны беруге рұқсат етіледі. Z990402

Декларант толық емес кедендік декларацияны берген кезде ондағы
жетіспейтін мәліметтерді кеден органы толық емес кедендік декларацияны
тіркеген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде жазбаша
нысанды табыс етуге міндеттеме алады.

2. Егер кеден органы толық емес кедендік декларацияны қабылдаса, осы
Кодексте көзделген кедендік төлемдерді және салықтарды есептеу мен төлеу
тәртібін қоса алғанда, толық және тиісті түрде толтырылған кедендік декларация
басынан бастап берілген жағдайдағыдай шарттар мен талаптар қолданылады.

3. Толық емес кедендік декларацияны толтыру тәртібі мен оны пайдалану
жағдайларын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайды .

**Ескерту. 388-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының
2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.**

389-бап. Мерзімдік декларациялау рәсімін пайдалануға руқсат беру тәртібі

1. Мерзімдік декларациялау рәсімін пайдалануға рұқсат (бұдан әрі - рұқсат)
алу үшін мұдделі тұлға кеден органына мынадай мәліметтерді:

1) тауардың Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы
бойынша жіктеу коды көрсетілген атауын;

2) тауарлардың күнтізбелік бір ай ішінде өткізілетін болжамды жиілігі мен
ке^лле^мін ;

3) тауарлар шығарылған елді;

4) сыртқы сауда шартының (келісім-шартының) немесе соның негізінде
тауарларды кедендік ресімдеу жүргізілетін өзге де құжаттардың деректемелерін (

күні мен нөмірін) ;

5) тауарлардың шамамен алынған кедендік құнын;
6) тауарларды әкелген кезде - жіберушінің, әкеткен кезде тауарларды алушының (немесе сатып алушының) атауын;

7) әкеткен кезде - тауарларды әкету жүзеге асырылатын кедендік өткізу бекетін көрсетіп, тауарды өткізетін тұлғаның басшысы қол қойған еркін нысандары, **өтініш береді.**

2. Өтініш түскен кезден бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде кеден органы **өтінішті қарастырылады**.

3. Әкелінетін тауарларға қатысты рұқсат тауарларды жіктеуге байланысты алдын ала шешім қабылданған жағдайда беріледі.

4 . Рұқсат :

1) болжамды өткізілетін тауарлар мерзімдік декларациялау рәсімдерін пайдалану талаптарына сәйкес келмеген кезде;

2) кедендік төлемдер және салықтарды төлеу бойынша берешегі бар тұлғаларға ;

3) оларға қатысты банкроттық туралы іс қозғалған тұлғаларға берілмейді.

5. Рұқсат сыртқы сауда шартының (келісім-шартының) немесе соның негізінде тауарларды кедендік рәсімдеу жүргізуге негіз болатын өзге құжаттардың қолданылу мерзіміне беріледі.

6 . Рұқсат :

1) тұлғаның кедендік төлемдер және салықтар бойынша берешегі болған;

2) осы Кодексте белгіленген мерзімдік декларациялау рәсімдерін пайдалану талаптарын сақтамаған жағдайларда;

3) банкроттық туралы іс қозғалған жағдайларда қайтарып алынуы немесе оның қолданылуы тоқтатыла тұруы мүмкін.

Ескерту. 389-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05. N 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

50-тaraу. Тауарларды шығару

390-бап. Тауарларды шығару үшін негіздемелер

1. Кеден органдары мынадай шарттар сақталған жағдайда:

1) тауарларды кедендік ресімдеу мен тексеру кезінде кеден органдары анықтаған құқық бұзушылықтар жойылған, ал құқық бұзушылық объектісі болып табылатын тауарлар алып қоюға немесе тәркілеуге жатпайтын не Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес заттай айғақ ретінде бұдан әрі талап етілуі мүмкін болмайтын жағдайларды қоспағанда, кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтар анықталмаған;

2) кеден органына Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес тауарларды шығару үшін қажетті лицензиялар, сертификаттар, өтініш-декларациялар, рұқсаттар тапсырылған;

3) тұлғалар осы Кодекске сәйкес тауарларды таңдал алынған кедендік режимге орналастыру немесе тиісті кедендік рәсімді қолдану үшін қажетті талаптар мен шарттарды сақтаған;

4) тауарларға қатысты кедендік төлемдер және салықтар төленген не осы Кодекстің 40 және 43-тaraуына сәйкес олардың төленуі қамтамасыз етілген жағдайда кеден органдары тауарларды шығаруды жүзеге асырады.

2. Тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалану арқылы кеден органдары тауарларды шығару туралы шешім қабылдаған кезде декларант ұсынылған ақпараттың дұрыс еместігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жауапты болады.

Ескерту. 390-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

391-бап. Тауарларды шығарудың мерзімдері

Кеден органдары осы Кодекстің 440-бабында белгіленген мерзімдерде құжаттарды тексеру және тауарларды тексеруден өткізу аяқталғаннан кейін тауарлар шығаруды жүргізеді не тауарларды шығарудан бас тартады.

392-бап. Құжаттарды, тауарлардың сынамалары мен

үлгілерін зерттеу не сарапшының қорытындысын алу қажет болған жағдайда тауарларды шығару

1. Егер кеден органдары жүктің кедендік декларациясында немесе кеден органдарына ұсынылған өзге де құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын тексеру мақсатында тауарлардың сынамаларын немесе үлгілерін, егжей-тегжейлі техникалық құжаттаманы зерттеу немесе оларға сараптама жүргізу қажеттігі туралы шешім қабылдаса, декларант кедендік сараптама жүргізу нәтижелері бойынша қосымша есептелуі мүмкін кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз еткен жағдайда, тауарларды шығару кедендік сараптама нәтижелерін алғанға дейін жүргізіледі.

2. Тауарларды шығару кеден органдары тауарларға тарифтік емес реттеу шаралары қолданылуы мүмкін екендігін көрсететін белгілерді анықтаған және декларант олардың сақталғандығын растайтын айғақтар ұсынбаған жағдайдағана жүргізілмейді.

393-бап. Кеден ісі саласында әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері анықталған жағдайда тауарларды шығару

Кеден ісі саласында әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері анықталған жағдайда тауарларды шығару құқық бұзушылық объектісі болып табылатын тауарлардың тәркілеуге жатпайтын, одан әрі заттай айғақтар ретінде талап етілмейтін және істі қарау нәтижелері бойынша есептелуі мүмкін кедендік төлемдердің және салықтардың, сондай-ақ айыппұлдардың не өзге де жазалау шараларының төленуі қамтамасыз етілген жағдайда тауарлар шығару кеден органы басшысының шешімі бойынша іс жүргізу немесе оны қарау аяқталғанға дейін жүзеге асырылуы мүмкін.

393-1-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын шартты шығару

1. Шартты шығаруға:

шектеулер сақтала отырып оларға қатысты кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу жөнінде жеңілдіктер берілген;

кеден қоймасы, бажсыз сауда дүкені, кедендік аумақта қайта өндеу, еркін айналыс үшін қайта өндеу, уақытша әкелу (әкету), еркін қойма және еркін кеден аймағы кедендік режимдеріне орналастырылған;

оларға қатысты осы Кодекстің 43-тaraуына сәйкес кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету қолданылатын тауарлар мен көлік құралдары жатады.

2. Шартты шығару кезінде тауарлар мен көлік құралдары кедендік бақылауда болады.

3. Оларға қатысты кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу жөнінде жеңілдіктер берілген шартты шығарылған тауарлар жеңілдіктер беру шарттарына сәйкес келетін мақсаттардаған пайдаланыла алады.

4. Еркін айналыс үшін шығаруға мәлімделген тауарлар бюджетке кедендік төлемдер мен салықтардың тиісті сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалған сәтіне дейін шартты шығарылған деп саналады.

5. Шартты шығарылған тауарлардың шетелдік тауарлар мәртебесі болады.

Ескерту. 393-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

51-тaraу. Кеден брокері

394-бап. Кеден брокері

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына уәкілетті органның лицензиясын алған заңды тұлға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында тіркелген дара кәсіпкер кеден брокері бола алады.

Кеден брокері өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 394-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

395-бап. Кеден брокерінің қызметі

1. Кеден брокерінің қызметі өз атынан кедендік ресімдеу, алдын ала операциялар мен өкілдік беруші тұлғаның есебінен және оның тапсыруы бойынша басқа да кеден ісі саласында делдалдық функцияларды орындау жөніндегі іс-әрекеттерді жасаудан тұрады.

2. Кеден брокерінің функциясына:

1) тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау;
2) кеден органына кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен қосымша мәліметтер ұсыну;

3) кеден органына декларацияланатын тауарлар мен кедендік мақсаттар үшін қажетті көлік құралдарын көрсету;

4) Қазақстан Республикасының кеден және салық заңдарында декларацияланатын тауарлар мен көлік құралдарына қатысты көзделген кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін, егер бұл кеден брокері мен өкілдік беруші тұлғаның арасындағы шартта көзделсе, қамтамасыз ету;

5) декларацияланатын тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар тұлға ретінде кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау үшін қажетті іс-әрекеттер жасау кіреді.

Көрсетілген функцияларды кеден брокері жиынтықты түрде ғана орындауға құқылы. Кеден брокерінің көрсетілген функцияларды не операцияларды бір функцияның шегінде ішінәра орындауына жол берілмейді.

3. Кеден брокерінің өкілдік беруші тұлғамен өзара қарым-қатынасы осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес жазбаша шарт негізінде құрылады. Өкілдік беруші тұлға кеден брокеріне осы баптың 2-тармағында көрсетілген кеден ісі саласындағы функцияларды тек жиынтықты түрде ғана орындауға тапсырма бере алады. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, кеден брокеріне өкілдік беруші тұлға тауарлар мен көлік құралдарын негізгі кедендік ресімдеуге қатысады.

4. Кеден брокері мен өкілдік беруші тұлғаның арасында кедендік ресімдеу

жөніндегі іс-әрекеттерді жүргізу кезінде жасалған шартты өзгерту немесе бұзы кеден брокерін жауапкершіліктен босатпайды.

5. Кеден брокері мен өкілдік беруші тұлғаның арасындағы даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

6. Кедендік операцияларды жасау кезінде кеден брокері үшін осы Кодекске сәйкес декларант немесе өзге де тұлғалар кедендік операцияларды жасаған кезде белгіленетін жағдайлардан қолайсыздау жағдайлар белгіленбеуі немесе сол кезде қойылатын талаптардан неғұрлым қатаң талаптар қойылмауға тиіс.

Ескерту. 395-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

396-бап. Кеден брокерінің қызмет саласын шектеу

1. Кеден брокері өз қызметінің саласын Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына, көлік құралдары түрлеріне және аймақта сәйкес тауарлардың белгілі бір санаттарымен шектеуге құқылы. Бұл шектеулер кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияда көрсетіледі.

2. Қызметті көрсетілген шектеулердің шегінен тыс жүзеге асыруға жол берілмейді.

397-бап. Кеден брокерінің құқықтары

1. Кеден брокері оған кеден органдарымен өзара қарым-қатынаста өз мүдделерін білдіруге уәкілеттік беретін тұлғамен бірдей құқықтарға ие және сондай міндеттерді атқарады.

2. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде кеден брокері:

1) тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу кезінде, кеден органдарының лауазымды адамдары тауарларды кедендік ресімдеу мақсатында осы тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алуы кезінде қатысуға;

2) кеден органдарының рұқсатымен және кеден органы лауазымды адамының қатысуымен кедендік ресімдеу процесі басталғанға дейін және оның барысында тауарлар мен көлік құралдарын тексеруді жүргізуге, оларды өлшеуге және мөлшерін өзгедей анықтауға, сондай-ақ тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алуға құқылы. Егер көрсетілген операциялар кедендік ресімдеу басталғанға дейін жасалса, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілетін тауарларға қатысты мұндай рұқсат талап етілмейді;

3) тауарлардың іріктеп алынған сынамалары мен үлгілеріне кеден органы жүргізген зерттеулердің (сараптамалардың) нәтижелерімен танысуға;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз қаражаты есебінен немесе өкілдік беруші тұлғаның қаражаты есебінен тауарлардың іріктеп алынған сынамалары мен үлгілеріне зерттеу (сараптама) жүргізуге не осындай зерттеудің (сараптаманың) жүргізуін қамтамасыз етуге;

5) кеден органының келісімімен кедендік бақылау аймағына кіруге құқылы өз қызметкерлерінің тізімін бекітуге және кедендік ресімдеу жөніндегі операцияларды жасау үшін қажетті мұліктік жалдау (жалға алу) шарты жағдайындағы үй-жайларының болуына;

6) осы Кодекске сәйкес кеден органдарынан кеден мәселелері жөнінде ақпарат және консультациялар алуға;

7) осы Кодекстің 26-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, кедендік мақсаттар үшін қажетті ақпараттарды автоматтандырылған өндеу, деректерді электрондық жолмен беру үшін пайдаланатын кеден органдарының ақпараттық желілеріне қол жеткізуғе;

8) өкілдік беруші тұлғадан кедендік мақсаттар үшін қажетті, оның ішінде құпия болып табылатын ақпараты бар құжаттар мен мәліметтерді талап етуге және осы Кодексте белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін мерзімдерде осындай құжаттар мен мәліметтерді алуға;

9) алдын ала операциялар, өзге де кедендік рәсімдер мен кедендік режимдер кезінде кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз ету бөлігінде өкілдік беруші тұлға үшін кеден органдарының алдында, егер бұл кеден брокері мен өкілдік беруші тұлғаның арасындағы шартта көзделсе, кепілгер немесе төлеуші ретінде болуға;

10) өкілдік беруші тұлғамен шарт жасасудың шарты ретінде осы тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес міндеттерін орындауын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды белгілеуге;

11) кеден органдарының және олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) осы Кодексте белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

Ескерту. 397-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

398-бап. Кеден брокерінің міндеттері

1. Кеден брокерінің міндеттері:

1) осы Кодексте және кеден ісі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген тәртіппен тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау;

2) кеден органының талабы бойынша декларацияланатын тауарлар мен көлік құралдарын көрсету;

3) кеден органына кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді табыс ету;

4) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тауарлар мен көлік құралдарына қатысты есеп пен есептілікті жүргізу;

5) кедендік бірдейлендіру құралдарының анықталған кез келген өзгерісі,

жойылуы, бұлғындың немесе жоғалуы, ыдыс пен ораманың бұлғындың тауарлардың олар туралы көліктік, коммерциялық және өзге де құжаттардағы мәліметтерге сәйкес келмеуі, әртүрлі құжаттардағы тауарлар туралы мәліметтердің сәйкес келмеуі және кеден ісіне қатысы бар өзге де жағдайлар туралы кеден органдарының

уақтылы

хабарлау;

6) (алып тасталды - 2007.07.26. N 312)

7) кеден органына кеден брокерінің штатындағы мамандар туралы
мәліметтерді үсінү;

8) өкілдік беруші тұлғадан алынған кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен мәліметтердің сәйкестігін тексеру;

9) кеден органының талабы бойынша тауарлар мен көлік құралдарының кедендік ресімдеу кезінде қатысу және кеден органдарының лауазымды адамдарына кедендік ресімдеуді жүргізуде жәрдем көрсету;

10) кеден органының талабы бойынша өкілдік беруші тұлғаның есебінен тасымалдауды, өлшеуді немесе тауарлардың саны мен сапасын өзгеше анықтауды, тиеді, түсіруді, қайта тиеді, орамалардың бұлінгендерін жөндеуді, орамаларды ашуды, кедендік ресімдеуге жататын тауарлар мен көлік құралдарының орауды не қайта орауды жүзеге асыру, сондай-ақ үй-жайларды, ыдыстарды және көрсетілген тауарлар мен көлік құралдары болуы мүмкін басқа да орындарды ашуды қамтамасыз ету;

11) кедендік төлемдерді және салықтарды дұрыс есептеу;

12) егер бұл өкілдік беруші тұлғамен жасалған шартта көзделсе, декларациялайтын тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу;

13) кедендік төлемдердің және салықтардың төленгендігін растайтын төлем құжаттарының кеден органына ұсынылуын қамтамасыз ету;

14) кеден брокері декларациялайтын тауарлар мен көлік құралдарына қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүргізетін ветеринариялық, фитосанитариялық және басқа да бақылау түрлері талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

15) кедендік ресімделуі аяқталмаған тауарлар мен көлік құралдарын пайдалану мен иелік етуге арналған шарттар мен шектеулерді тауарлар мен көлік құралдары шығарылғанға дейін не оларды тандалған кедендік режимге сәйкес өкілдік беруші тұлғаның билігіне бергенге дейін сақтау;

16) өкілдік беруші тұлғалармен жасалған шарттардың тізілімін жүргізу;

17) кеден органының талабы бойынша брокерлік қызмет көрсетуге жасалған шарттарды ұсыну болып табылады.

2. Кеден брокерінің кеден органдарының алдындағы міндеттері өкілдік беруші тұлғамен жасалған шартпен шектелмеуге тиіс.

3. Кеден брокерінің міндеттері барлық кеден брокері үшін бірыңғай болып табылады. Жекелеген кеден брокерлері үшін жеке сипаттағы жеңілдіктер, ерекше (эксклюзивтік) құқықтар және өзге де артықшылықтар беруге тыйым салынады.

4. Кедендік ресімдеу бойынша операциялар жасау фактісі кеден брокеріне кедендік режимді қолданудың аяқталуына байланысты операцияларды жасау жөніндегі міндеттерді, сондай-ақ осы Кодекске және Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тауарларды өткізетін тұлғаға ғана жүктелетін өзге де міндеттерді жүктемейді.

Ескерту. 398-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

399-бап. Кеден брокерінің жауапкершілігі

1. Осы Кодекске сәйкес кеден декларациясын бергенге дейін немесе онымен бір мезгілде төленуге тиіс кедендік төлемдердің және салықтардың төленбегені үшін кеден брокері өкілдік беруші тұлғамен жасалған шартқа сәйкес жауапты болады.

2. Осы Кодекте белгіленген талаптарды сақтамағаны үшін кеден брокері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

400-бап. Кеден брокері ретіндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру үшін мынадай біліктілік талаптары на сай болу қажет:

1) осы Кодектің 424-бабының 6-тармағына сәйкес кеден органдары пайдаланатын бағдарламалық өнімдермен үйлесімді бағдарламалық өнімдерді орнату және міндетті түрде пайдалану үшін компьютер құрал-жабдығының б о л у ы ;

2) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу бойынша делдалдық қызмет көрсетуге байланысты өкілдік беруші тұлғалардың муліктері мен мұдделеріне зиян келтіргені үшін кеден брокерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының болуы .

Ескерту. 400-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

401-бап. Кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензия

1. Кеден брокері ретіндегі қызметке осындағы қызметті жүзеге асыру құқығына уәкілетті орган берген лицензияны алғаннан кейін жол беріледі.

2. Лицензия алу үшін:

- 1) мұдделі тұлғаның белгіленген нысан бойынша өтінішін;
- 2) өтініште көрсетілген мәліметтерді және өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар, атап айтқанда:

тіркеу құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін;
осы Кодекстің 400-бабында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін
растайтын құжаттар;

- 3) лицензия бергені үшін алым төлегендігін растайтын құжаттар ұсыну қажет.

4) (алып тасталды - 2005.06.20. N 62 Заңымен)

3. Лицензия беру туралы өтінішті қарау кезінде уәкілетті орган өтініш беруші ұсынған құжаттар мен мәліметтердің дұрыстығын растайтын құжаттарды сұраптып алуға құқылыш.

4. Осы тарауда реттелмеген, лицензиялауға байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы Зандарымен реттеледі.

Ескерту. 401-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

402-бап. Кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру

құқығына арналған лицензияның қолданылуын

тоқтата тұру

1. Лицензияларының қолданылуы соттың шешімі бойынша тоқтатыла тұратын шағын кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, кеден брокері кеден брокері ретіндегі қызметке қойылатын талаптар мен міндеттерді сақтамаған жағдайда, сондай-ақ кеден брокері өз құқықтарын теріс пайдаланатындығына жеткілікті негіздер болған жағдайда, уәкілетті органның шешімі бойынша, себептері көрсетіле отырып лицензияның қолданылуы алты айға дейінгі мерзімге

тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімді уәкілетті орган дербес не кеден органы ұсынымының негізінде мұндай шешімді негіздей отырып бұйрық нысанында қабылдайды.

3. Лицензияның қолданылуы тиісті шешім қабылданған күннен бастап тоқтатыла тұрады.

4. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылғаннан кейін, лицензияның қолданылуын жаңғырту туралы шешім қабылданған күннен бастап уәкілетті орган басшысының бұйрығымен

лицензияның қолданылуы жаңғыртылады.

5. Лицензияның қолданылуы кеден брокерінің дәлелді өтініші бойынша тоқтатыла туруы мүмкін.

403-бап. Кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиядан айыру

Лицензиядан айыру үшін:

- 1) көрінеу дұрыс емес мәліметтер беру;
- 2) кеден ісі саласында бір жылдың ішінде бірнеше рет әкімшілік құқық бұзушылық жасау;

3) (алып тасталды - 2007.07.26. N 312)

4) лицензияның қолданылуын бұрын тоқтата туруға негіз болған себептердің жоғылмадауы;

5) соттың лицензиатқа брокерлік қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысуға тыйым салуы негіз болып табылады.

Ескерту. 403-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

404-бап. Кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданылуын тоқтату

1. Мынадай жағдайларда:

- 1) лицензиядан айырылған;

2) кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясы бар заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;

3) кеден брокері уәкілдегі органға жазбаша нысандағы тиісті өтінішін ұсына отырып, кедендік қызмет көрсету жөніндегі қызметтің тоқтатқан жағдайларда лицензияның қолданылуы тоқтатылады.

2. Кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда, заңды тұлға өзі кеден брокері ретіндегі қызметті тоқтатқанға дейін қабылдаған барлық міндеттемелерді орындауға міндетті.

3. Кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешім лицензияның қолданылуын тоқтату себептері көрсетіле отырып, уәкілдегі орган басшысының бұйрығымен ресімделеді.

Заңды тұлғаның кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданылуы лицензиядан айыруға байланысты тоқтатылған жағдайда, лицензияның қолданылуын тоқтату туралы жеке бұйрық

ш ығ а р ы л м а й д ы .

Лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда, оның қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік он бес күннің ішінде лицензия уәкілетті органға қайтарылуға тиіс.

Ескерту. 404-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12 . N 222 (жарияланған күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

405-бап. Кеден брокерінің қызметіне арналған қосымша ережелер

1. Лицензияға енгізілмейтін, лицензия алуға арналған өтініште көрсетілген кеден брокері туралы мәліметтер өзгерген жағдайда, кеден брокері өзгерістер болған кезден бастап бір ай мерзімде бұл туралы уәкілетті органды жазбаша х а б а р д а р е т у г е м інд ет т і .

2. Кеден брокерінің лицензияда көрсетілген атауы, тұрған орны өзгерген жағдайда, ол бір айдың ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса тіркей отырып, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беру үрге м інд ет т і .

Уәкілетті орган кеден брокері тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап он күннің ішінде белгіленген тәртіппен жаңа лицензия беру арқылы лицензияны қ а й т а р е с і м д е й д і .

3. Кеден брокері лицензияда көрсетілген шектеулі қызмет саласын кеңейту туралы шешім қабылдаған жағдайда, жаңа лицензияны алудың белгіленген тәртібіне сәйкес оны алу қажет. Бұрын берілген лицензияның қолданылуы жаңа лицензия берілген кезден бастап тоқтатылады.

4. Лицензия жоғалған жағдайда кеден брокерінің өтініш берген күннен бастап он күн ішінде дубликат алуға құқығы бар. Дубликат бергені үшін Қазақстан Республикасының салық зандарында белгіленген тәртіппен және мөлшерде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым т ө л е н е д і .

5. Кеден органдарының кеден брокері ретіндегі қызметті лицензиялауға байланысты шешімдеріне Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен шағым жасалына алады.

6. Кеден брокері мен өкілдік беруші тұлғалардың арасындағы қатынастар лицензияның қолданылуы тоқтатылған, одан айырған және тоқтатыла тұрған жағдайда Қазақстан Республикасының зандарымен реттеледі.

Ескерту. 405-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12 . N 222 (жарияланған күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

406-бап. Кеден брокерлерінің тізілімі

Уәкілетті орган кеден брокерлерінің тізілімін жүргізеді және оның ай сайын жариялануын, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жариялануын қамтамасыз етеді.

407-бап. Кедендік ресімдеу жөніндегі маман

Ескерту. 407-бап алғып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

408-бап. Кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестатының қолданылуын тоқтата тұру және оны қайтарып алу

Ескерту. 408-бап алғып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

409-бап. Кеден брокерінің өкілдік беруші тұлғадан алынған ақпаратқа қатысы

Кеден брокерінің өкілдік беруші тұлғадан алған ақпараты тек кедендік мақсаттар үшін пайдаланылуы мүмкін.

Өкілдік беруші тұлғаның құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіруге жол берілмейді.

Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, өкілдік беруші тұлғаның құпия ақпаратын кеден брокерінің өз мақсаттарында жариялауына, пайдалануына, үшінші тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына беруіне болмайды.

10-Бөлім. Кеден органдарының интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықты қорғауы

52-тaraу. Кеден органдарының интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықты қорғауы үшін негіздер

410-бап. Осы бөлімде пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы бөлімде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) зияткерлік меншік құқықтары бұзылған тауарлар - Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін және тауарлық таңбалары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын осындай бірегей тауарларға ұқсас тауарларға жапсырылған күдікті тауарлық таңбалары бар ; тауарлар ;

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін және осындай көшірмені жасау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

қорғалатын авторлық құқық пен сабактас құқықтарды бұзу болып табылатын, өндірілу еліндегі құқық иесінің келісімінсіз дайындалған көшірме болып та б ы л а т ы н т а у а р л а р ;

2) құқық иеленуші - Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес интеллектуалдық меншік объектілерін иеленуге ерекше құқығы бар тұлға;

3) шығаруды тоқтату - таңдап алынған кедендейк режимге сәйкес Қазақстан Республикасының кедендейк шекарасы арқылы өткізілетін, зияткерлік меншік құқығы бұзылған тауарлар болып табылады деп болжанып отырған тауарларды шығару туралы шешім қабылдану мерзімін кеден органдарының ұзартуы;

4) интеллектуалдық меншік объектілері бар тауарлар тізілімі (бұдан әрі - тізілім) - Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес қорғалатын интеллектуалдық меншік объектілері бар тауарлардың тізбесі.

Ескерту. 410-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.08 N 224-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараныз) Заңымен.

411-бап. Кеден органдарының зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғауы

Кеден органдары өз құзыреті шегінде мынадай зияткерлік меншік объектілерін :

1) авторлық және аралас құқықтар объектілерін;

2) тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін қорғау жөнінде шаралар қа б ы л д а й д ы .

Кеден органдары зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау жөнінде осы бапта көзделмеген шараларды қолданбайды.

Ескерту. 411-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.08 N 224-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараныз) Заңымен.

412-бап. Тізілім жүргізу тәртібі

1. Үәкілді орган кедендейк бақылау мақсатында тізілім жүргізеді және оның жариялануын қамтамасыз етеді.

2. Тізілімді жүргізу және оны кеден органдары мен өтініш берушіге жеткізу тәртібін үәкілді орган айқындайды.

413-бап. Интеллектуалдық меншік объектісі бар тауарды тізілімге енгізу және мұндай тауарды тізілімнен шығару тәртібі

1. Тізілімге енгізуді интеллектуалдық меншік объектілеріне құқық иеленушінің өтініші бойынша үәкілді орган жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының кедендейк шекарасы арқылы тауарларды өткізу кезінде интеллектуалдық меншік объектісіне өзінің құқығы бұзылды немесе бұзылуы мүмкін деп ойлауға жеткілікті негіздемесі бар құқық иесі немесе құқық иесінің мүддесін білдіретін өзге тұлға (бұдан әрі - өтініш беруші)

интеллектуалдық меншік объектісіне құқығын қорғау туралы уәкілетті органға
өтініш беруге құқылы.

3. Өтініште мынадай мәліметтер:

1) өтініш берушінің интеллектуалдық меншік объектілеріне құқығын қорғау
туралы өтініші;

2) өтініш беруші туралы мәлімет;

3) интеллектуалдық меншіктің тиісті объектілері туралы, құқық иеленушінің
пікірінше оның құқығын қорғауда кеден органдарының жәрдемі қажет болатын
мерзім туралы ақпарат, оның ішінде электронды нысандағы ақпарат;
интеллектуалдық меншік объектілері бар тауарлардың сипаттамасы; құқық
иеленушінің пікірінше зияткерлік меншік құқығы бұзылған тауарлар туралы,
кеден органдарына осындай тауарларды анықтауға мүмкіндік беретін толық
мәліметтер;

4) егер тауарлардың зияткерлік меншік құқығы бұзылған емес деп
белгіленген жағдайларда декларантқа және өзге тұлғаларға зиянының орын
толтыру, сондай-ақ зияткерлік меншік құқығы бұзылған деп болжанған
интеллектуалдық меншік объектісі бар тауарларды шыгаруды тоқтата тұруға
байланысты туындауы мүмкін кеден органдарының шығындарын өтеу туралы
өтініш берушінің міндеттемесі болуға тиіс.

4. Өтінішке интеллектуалдық меншік құқығының бар екендігін және кімге
тиесілілігін растайтын құжаттар (куәлік, лицензиялық шарт) және құқық
иеленушінің өзінің мүддесін білдіретін тұлғаға берген сенімхаты, өтініш
берушінің басқа тұлғаға келтірген зияны үшін жауапкершілігін сақтандыру
шарты қоса тіркеледі. Бұл орайда сақтандыру сомасы тиісті қаржы жылына
арналған республикалық бюджет туралы занда белгіленген мың еселенген айлық
есептік көрсеткіштен кем болмауга тиіс.

Өтініш берумен бір мезгілде зияткерлік меншік құқығы бұзылған тауардың
ерекше белгілерінің сипаттамасы табыс етіледі.

Мүмкіндігінше интеллектуалдық меншік объектісі бар тауардың және
зияткерлік меншік құқығы бұзылған тауардың үлгілері, оның ішінде электронды
нысандағы үлгілері де табыс етіледі.

5. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган өтініш түскен күннен бастап
күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде оны қарайды және тауарды тізілімге
енгізу туралы шешім қабылдайды.

Өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру мақсатында кеден
ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган үшінші тұлғалардан, сондай-ақ тиісті
мемлекеттік органдардан мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды сұрап
алуға құқылы. Аталған тұлғалар сауалды алған күннен бастан күнтізбелік он күн
ішінде сұратылған құжаттарды табыс етуге міндетті.

Жеткілікті негіздер болған жағдайда кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган өтінішті қарau мерзімін ұзартуға, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге
ұзаrtуғa құқыл.

Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның тауарды тізілімге енгізу туралы шешімі кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган басшысының бұйрығымен ресімделеді.

Тауарларды тізілімге енгізуден бас тарту туралы шешім өтініш беруші дұрыс емес мәліметтер берген жағдайда, сондай-ақ тауарлардың зияткерлік меншік құқығы бұзылғандық белгілерін растау мүмкін болмаған кезде қабылданады.

Отініш берушіге уәкілетті органның шешімі туралы жазбаша нысанда хабардар етіледі.

6. Отініште не оған қоса берілген құжаттарда көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда өтініш беруші ол туралы уәкілетті органға құнтізбелік он бес қуннен кешіктірмей хабарлауға міндетті.

7. Интеллектуалдық меншік объектісі бар тауарлар:

1) өтініш берушінің өтініші бойынша;
2) тізілімге енгізу кезінде толық емес немесе дұрыс емес мәліметтер ұсынылған жағдайда;

3) өтініште көрсетілген мәліметтердің өзгергені туралы белгіленген мерзімде хабарланбаған жағдайда;

4) тиісті интеллектуалдық меншік объектісіне құқықтың қолданылуы тоқтатылған жағдайда;

5) өтініш беруші осы бөлімнің ережелерін сақтамаған жағдайда тізілімнен шығарылған жағдайда мүмкін.

8. Уәкілетті орган тауарлардың тізілімнен шығарылғандығы туралы өтініш берушіге үш жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етеді.

9. Интеллектуалдық меншік объектісіне құқық тоқтатылған жағдайда құқық иеленуші бұл туралы уәкілетті органды үш жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

Ескерту. 413-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.08 N 224-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

414-бап. Құқық қорғау мерзімі

Кеден органдарының құқық иеленуші құқығын қорғау мерзімін уәкілетті орган интеллектуалдық меншік объектісі бар тауарды тізілімге енгізу туралы шешім қабылдаған кезде, өтініш беруші көрсеткен мерзімді ескере отырып, бірақ көрсетілген тауар тізілімге енгізілген күннен бастап екі жылдан аспайтын мерзімге белгілеиді.

Көрсетілген мерзімді уәкілетті орган өтініш берушінің ол туралы өтініші

б о лға н

ж а ғ д а й д а

ұ з а р т а д ы .

Құқық қорғау мерзімі құқық иеленушінің тиісті интеллектуалдық меншік объектісіне құқығының қолданылу мерзімінен аспауга тиіс.

53-тарау. Интеллектуалдық меншік объектілері бар тауарларды кедендік ресімдеу және кедендік бақылау ерекшеліктері

415-бап. Кедендік ресімдеу және кедендік бақылау

Интеллектуалдық меншік объектісі бар тауарларды кедендік ресімдеу және кедендік бақылау осы тарауда белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылады.

416-бап. Интеллектуалдық меншік объектісі бар тауарларды шығаруды тоқтата тұру

1. Егер тізілімге енгізілген тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде кеден органы тауарлардың зияткерлік меншік құқығы бұзылған екендігінің белгілерін тапса, онда мұндай тауарларды шығару тоқтатыла

тұрауды.

2. Тауарларды шығаруды он жұмыс күніне дейінгі мерзімде тоқтата тұру туралы шешімді кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органының басшысы не оны алмастырушы адам қабылдайды және тиісті бұйрықпен ресімделеді. Өтініш берушінің сұрауы бойынша көрсетілген мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ ол он жұмыс күнінен аспауга тиіс.

3. Кеден органы интеллектуалдық меншік объектілері бар тауарларды шығаруды тоқтата тұру туралы шешім қабылданған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей, тоқтата тұру және оның себептері туралы өтініш беруші мен декларантты хабардар етеді, сондай-ақ декларантқа - өтініш берушінің атауы мен мекен-жайын, ал өтініш берушіге декларанттың атауы мен мекен-жайын хабарлауды.

4. Интеллектуалдық меншікке құқықтардың бұзылғандығы туралы талап қою бойынша істі қозғау туралы айғақтар ұсынылған кезде тауарларды шығаруды тоқтата тұрудың осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімі, сондай-ақ тауарларды уақытша сақтау мерзімі талап қою бойынша шешім заңды күшіне енгізілгенге дейін ұзартылады.

Ескерту. 416-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.08 N 224-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

416-1-бап. Кеден органдарының зияткерлік меншік объектілері бар тауарларды кедендік бақылау жөніндегі қосымша өкілеттіктері

1. Кеден органдары өткізілетін тауарлардың зияткерлік меншік құқықтары бұзылған тауарлар болып табылатын белгілері анықталған кезде осы бапта көзделген тәртіпке сәйкес көрсетілген тауарлардың шығарылуын тоқтата тұру туралы құқық иесінің өтінішінсіз-ақ тізілімге енгізілмен зияткерлік меншік объектілері бар тауарларды шығаруды тоқтата тұруға құқылы.

Осы бапқа сәйкес көрсетілген тауарлардың шығарылуын тоқтата тұру туралы және тауарлардың шығарылуын тоқтата тұру туралы шешімнің күшін жою туралы шешімді тиісті бұйрықты ресімдей отырып кеден органының басшысы немесе оны алмастыратын адам қабылдайды.

2. Кеден органдары қорғалатын тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын қорғау жөніндегі өзінің қосымша өкілеттіктерін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органының мемлекеттік тіркеу тізілімдерінен алынатын ақпаратты пайдаланады. Аталған тізілімдер жалпыға қолжетімді болып табылады, олар Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органының веб-сайтында орналастырылады.

Кеден органдарының авторлық құқықпен және сабактас құқықтармен қорғалатын шығармалар мен объектілерге құқықтарды қорғау жөніндегі қосымша өкілеттіктері Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен өзара бірлескен іс-қимыл арқылы жүзеге асырылады.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес тауарларды шығаруды тоқтата тұрған кезде кеден органдары құқықтардың бұзылғанының белгілері анықталған және зияткерлік меншік объектілері бар тауарлардың шығарылуын тоқтата тұру жөнінде шаралар қабылдаудың қажеттігі расталған кезде бұл туралы құқық иесін және декларантты хабардар ету жөнінде барлық қажетті шараларды дереу қабылдайды. Құқықтары бұзылуы ықтимал тауарлық таңбаның, қызмет көрсету таңбасының немесе авторлық және сабактас құқықтардың құқық иесінің мекенжайын анықтау үшін кеден органы:

тауарлық таңба, қызмет көрсету таңбасы және оның құқық иесі туралы ақпараттың бар-жоғына Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органының мемлекеттік тіркеу тізілімдері арқылы тексереді және қажетті шаралар қабылдау үшін құқық иесінеге хабарлама жібереді;

авторлық құқықты тіркеудің бар-жоғын анықтау және құқық иесін тиісті

шаралар қабылдау қажеттігі туралы одан әрі хабардар ету үшін Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға сауал жібереді. Сауда кеден органы және оларға қатысты қорғау шаралары қабылданатын тауарлар туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Кеден органы және Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы құқық иесінің орналасқан жерін анықтау және оны жиырма төрт сағат ішінде хабардар ету жөнінде дереу қажетті барлық шараларды қабылдайды.

Егер кеден органы жиырма төрт сағат ішінде құқық иесінің орналасқан жерін анықтай алмаса, тауарлардың шығарылуын тоқтата тұру туралы шешімнің күші жойылуға тиіс, ал тауарлар осы Кодексте айқындалған тәртіппен дереу кедендік ресімделуге және шығарылуға тиіс.

4. Зияткерлік меншік құқықтарының бұзылу белгілері табылған кезде құқық иесін хабардар ету және тауарлардың шығарылуын тоқтата тұрудың күшін жою не мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдау үшін тауарлардың шығарылуы үш жұмыс күніне дейін тоқтатыла тұрады.

5. Егер осы баптың 4-тармағында көрсетілген мерзім ішінде кеден органына: құқық иесі тауарлардың шығарылуын тоқтата тұру мерзімін он жұмыс күніне дейін ұзарту туралы өтінішті табыс етпесе;

құқық иесі тауарлардың шығарылуын тоқтата тұру туралы шешімнің күшін жою туралы өтінішті табыс етсе, тауарлардың шығарылуын тоқтата тұру туралы шешімнің күші жойылуға, ал тауарлар осы Кодексте айқындалған тәртіппен дереу кедендік ресімделуге және шығарылуға тиіс.

6. Егер осы баптың 4-тармағында көрсетілген мерзім ішінде кеден органдарына құқық иесінен тауарлардың шығарылуын тоқтата тұру мерзімін ұзарту туралы өтініш келіп түскен жағдайда, тауарлардың шығарылуын тоқтата тұрудың бастапқы күнінен бастап тауарлардың шығарылуы он жұмыс күніне дейін тоқтатыла тұрады. Мұндай жағдайда құқық иесі он жұмыс күні ішінде:

1) шығарылуы тоқтатыла тұрган тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу фактісімен байланысты зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың бұзылуы туралы талап-арыз бойынша азаматтық іс қозғау туралы соттың үйгарымын ұсынуға;

2) егер соттың шешімімен тауарлар зияткерлік меншік құқықтары бұзылмаған тауарлар деп айқындалған жағдайда, декларантқа және өзге де тұлғаларға зиянды өтеу, сондай-ақ зияткерлік меншік объектілері бар тауарларды шығаруды тоқтата тұруға байланысты туындауы мүмкін кеден органдарының шығындарын өтеу туралы міндеттемені ұсынуға;

3) осы Кодектің 413-бабында белгіленген тәртіпке сәйкес кеден ісі саласындағы уәкілетті органға көрсетілген тауарларды тізілімге енгізу туралы

құқық иесінің өтінішін растайтын дәлелдемелерді ұсынуға міндettі.

Құқық иесі тауарлардың шығарылуын тоқтата тұрудың бастапқы күнінен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы шығарылуы тоқтатыла тұрган тауарларды өткізу фактісімен байланысты зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың бұзылуы туралы талап-арыз бойынша азаматтық іс қозғау туралы сottың үйғарымын ұсынған кезде, сондай-ақ құқық иесі өзге де міндеттемелерін орындаған кезде тауарлардың шығарылуын тоқтата тұрудың мерзімі, сондай-ақ тауарларды уақытша сақтау мерзімі аталған талап-арыз бойынша сот шешімі занды құшіне енгенге дейін

ұзаратылады.

Егер құқық иесі тауарлардың шығарылуын тоқтата тұрудың бастапқы күнінен бастап он жұмыс күні ішінде осы тармақтың ережелерін сақтамаса, кеден органы осы Кодексте айқындалған тәртіппен тауарлардың шығарылуын тоқтата тұру туралы шешімнің құшін жояды және тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізеді. Бұл ретте он жұмыс күні ішінде тауарлардың шығарылуын тоқтата тұрумен байланысты декларант пен кеден органының шығындары құқық иесіне жүктеледі.

Кеден органдары мен Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы арасындағы өзара іс қимыл мен ақпарат алмасудың тәртібі бірлескен актімен белгіленеді.

Ескерту. Кодекс 416-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.08 N 224-IV (2010 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

417-бап. Кеден органдарының шығындарын өтеу

Кеден органдарына шығындарын:

1) тауарлардың зияткерлік меншік құқығы бұзылған деп танылған жағдайда - декларант;

2) тауарлардың зияткерлік меншік құқығы бұзылған болып табылмайды деп танылған жағдайда өтініш беруші өтейді.

418-бап. Ақпараттар беру. Сынамалар мен үлгілерді ірікте алу

1. Кеден органы шығаруды тоқтата тұру туралы шешім қабылданған тауарлардың зияткерлік меншік құқығы бұзылғандық белгілері анықталғандығы туралы ақпаратты өтініш берушіге және декларантқа береді.

2. Осы бапқа сәйкес өтініш беруші немесе декларант алған ақпарат құпия болып табылады және, осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, олар мұны жария етпеуге, үшінші тұлғаға, сондай-ақ мемлекеттік органдарға бермеуге тиіс.

3. Кеден органының рұқсатымен өтініш беруші мен оның өкілдері тауарлардың зияткерлік меншік құқығы бұзылғандық белгілері бойынша

шығаруды тоқтата тұру туралы шешім қабылданған тауарлардың сыйнамалары мен үлгілерін кедендей қарастырылады және оларға зерттеулер жүргізуге құқылы. Қараңыз. V106221

419-бап. Шығаруды тоқтата тұру туралы шешімнің күшін жою

1. Егер шығаруды тоқтата тұру туралы шешімнің қолданылу мерзімі ішінде:

1) кеден органына шығаруды тоқтата тұру туралы шешімді жою туралы өтініш берушіден өтініш түссе;

2) интеллектуалдық меншік объектісі осы Кодекстің 413-бабына сәйкес тізілімнен алдынып тасталса;

3) егер өтініш беруші интеллектуалдық меншік объектісі бар тауарларды шығаруды тоқтата тұру мерзімінде ұсталған тауарларды кеден шекарасы арқылы өткізу фактісіне байланысты интеллектуалдық меншік құқығын бұзғандығы туралы сот ісі қозғалғаны жөнінде айғақтар ұсынбаса, шығаруды тоқтата тұру туралы шешімнің күші жойылуға тиіс.

Аталған жағдайларда тауарлар осы Кодексте белгіленген тәртіппен деру кедендей ресімделуге және шығарылуға тиіс.

2. Шығаруды тоқтата тұру туралы шешімді жоюды осындай шешім қабылдаған кеден органының басшысы не оны алмастырушы адам тиісті бұйрықты ресімдей отырып жүзеге асырады.

3. Тауарларды шығару құқық иеленушінің интеллектуалдық меншік объектілеріне құқығын қорғау туралы тиісті уәкілетті мемлекеттік органға өтініш білдіруіне кедергі бола алмайды. P041120

Ескерту. 419-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

420-бап. Кеден органдары интеллектуалдық меншік құқығын қорғау жөнінде шаралар қолданбайтын интеллектуалдық меншік объектілері

Интеллектуалдық меншік объектісі бар және Қазақстан Республикасының кедендей шекарасы арқылы:

1) егер жеке тұлғалар өткізетін немесе халықаралық пошта жөнелтімдерімен жіберілетін тауарлар өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызметке арналмаса;

2) кеден органдары тауарлар транзиті кедендей режиміне сәйкес өткізілетін тауарларға қатысты интеллектуалдық меншік құқығын қорғау жөніндегі шараларды қолданбайды.

Ескерту. 420-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

420-1-бап. Кеден органдарының зияткерлік меншік құқығын қорғауына қатысты қосымша ережелер

Кеден органдары сот шешіміне сәйкес жойылуға жататын зияткерлік меншік құқығы бұзылған тауарларды тиісті мемлекеттік органға беруге міндettі.

Зияткерлік меншік құқығы бұзылған тауарды жою жөніндегі сот шешімі шығарылған жағдайда тиісті уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жою жөніндегі шараларды қабылдауға міндettі.

Ескерту. 420-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-Бөлім. Кедендік статистика.

Ақпараттық жүйелер мен ақпараттық технологиялар

54-тарау. Кедендік статистиканы жүргізу

421-бап. Сыртқы сауданың кедендік статистикасы

1. Кеден органдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын Қазақстан Республикасы сыртқы саудасының жай-күйі туралы ақпаратпен қамтамсыз ету, бюджетке кедендік төлемдердің және салықтардың түсін бақылау, валюталық бақылау, Қазақстан Республикасы сыртқы саудасының жай-күйін, өсу қозғалысын және үрдістерін талдау, оның сауда және төлем баланстары мен тұтастай экономикасын талдау мақсатында тауарлардың кедендік шекара арқылы өткізілуі туралы мәліметтерді жинап, өндейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кедендік статистиканың деректерін береді және жариялады.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кедендік статистиканың деректерін халықаралық ұйымдарға береді.

2. Қазақстан Республикасы сыртқы саудасының кедендік статистикасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы заңдарына сәйкес жүргізіледі.

3. Сыртқы сауданың кедендік статистикасы Қазақстан Республикасының және оның сыртқы сауда әріптестерінің өзара сауда-саттық деректерін салыстыруды қамтамасыз ететін әдіstemеге сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 421-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

422-бап. Арнаулы кедендік статистика

Кеден органдары осы Кодекстің 19-бабында белгіленетін міндеттердің шешілуін қамтамасыз ету мақсатында арнайы кедендік статистика жүргізеді.

423-бап. Статистикалық мақсаттар үшін пайдаланылатын құжаттар мен мәліметтер

Статистикалық мақсаттарға арналған құжаттар мен мәліметтер осы Кодекстің кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау жүргізу тәртібі туралы ережелеріне сәйкес беріледі.

55-тaraу. Ақпараттық жүйелер мен ақпараттық технологиялар

424-бап. Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құралдарын қолдану

1. Осы Кодексте көзделген кедендік операциялар ақпараттық жүйелер мен ақпараттық технологияларды, оның ішінде бұлардың ақпаратты берудің электрондық тәсілдеріне негізделгендерін, сондай-ақ осы тарауға сәйкес оларды қамтамасыз ету құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

2. Ақпараттық жүйелер мен ақпараттық технологияларды енгізу тиісті халықаралық стандарттарды және Қазақстан Республикасы ақпараттық қауіпсіздігінің талаптарын қамтамасыз етуді ескере отырып жүзеге асырылады.

3 . К е д е н і с і н д е :

- 1) кеден органдары әзірлейтін, шығаратын және сатып алатын;
- 2) кеден ісі саласындағы міндеттерді шешуге қатысатын тұлғалардың меншігіндегі ақпараттық жүйе, ақпараттық технологиялар және оларды қамтамасыз ету құралдары қолданылуы мүмкін.

Бұл орайда кеден органдарына бағдарламалық құралдар беретін тұлғалардың өздерінің бағдарламалық құралдарының көмегімен жасалатын ақпараттық ресурстарды пайдалануға құқығы жоқ.

4. Кеден органдары әзірлейтін, шығаратын немесе сатып алатын ақпараттық жүйелер, ақпараттық технологиялар, сондай-ақ оларды қамтамасыз ету құралдары республикалық меншіктे болады және тиісті кеден органдарына бекітіледі .

5. Кеден ісі саласындағы міндеттерді шешуге қатысатын тұлғалардың меншігіндегі ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құралдарын кеден органдарының пайдалануына байланысты қатынастар Қазақстан Республикасы ақпараттық қауіпсіздігінің талаптары қамтамасыз етілген жағдайда ғана туындауы мүмкін және шарттық негізде құрылады .

6. Кеден ісі саласындағы міндеттерді шешуге қатысатын тұлғалардың меншігіндегі кеден ісінде қолданылатын ақпараттық жүйелер, ақпараттық технологиялар және оларды қамтамасыз ету құралдары уәкілетті орган белгілейтін талаптарға сәйкес келуге және кеден органдары кедендік операциялар жасау кезінде пайдаланатын осыған үқсас өніммен үйлесімді болуға тиіс. Ақпараттық жүйелердің, ақпараттық технологиялардың және оларды қамтамасыз ету құралдарының белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді кеден органдары жүзеге асырады. Бұл орайда аталған тексерулерді жүргізуге байланысты шығыстарды төлеу оны жүргізу туралы өтініш білдірген тұлғага жүктеледі.

7. Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды, сондай-ақ оларды қамтамасыз ету құралдарын кедендік, фискалдық және болжамдық мақсаттар үшін пайдалану мүмкіндігін, бұл өнімді қолдану тәртібі мен талаптарын уәкілетті орган белгілейді . V 0 4 3 0 7 1

Ескерту. 424-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

425-бап. Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құралдарын сертификаттау

Ақпараттық жүйелер, ақпараттық технологиялар, сондай-ақ оларды қамтамасыз ету құралдары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлар мен тәртіпте сертификаттауға жатады.

426-бап. Кеден органдарының ақпараттық ресурстары

1. Кеден органдарының ақпараттық ресурстары кедендік операцияларды жасау кезінде берілетін құжаттар мен мәліметтер, сондай-ақ оларды жасау үшін қажетті құжаттар негізінде түзіледі.

Құрамында кеден органдарының ақпараттық жүйелерінде жасалатын, өндөлетін және жинақталатын деректер базасы бар құжатталған ақпараттың ұйымдастырылған жиынтығы кеден органдарының ақпараттық ресурстары деп түсініледі.

2. Кеден органдарының ақпараттық ресурстары мемлекеттік меншік болып табылады, кеден органдарының мұлік құрамына енгізіледі және құзыретіне сәйкес солардың иелігінде болады.

3. Уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген жағдайларда берілуі осы Кодексте немесе өздері белгілеген тәртіпте көзделген құжаттар, оның ішінде кедендік декларация оларды құжаттау туралы талаптар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де талаптар сақталған кезде ақпарат алмасудың электрондық тәсілдері арқылы берілуі мүмкін. V032309

4. Осы баптың ережелері ақпарат, ақпараттандыру және ақпаратты қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасы бойынша құжатталған ақпаратты міндettі беру негізінде мемлекеттік ақпараттық ресурстарды қалыптастыру жағдайларына қолданылмайды.

427-бап. Ақпараттық ресурстарды пайдалану

1. Кеден органдарының қарауындағы ақпараттық ресурстар, Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес ақпаратты пайдалану шектелген жағдайларды қоспағанда, ашық және жалпыға қолжетімді болып табылады.

2. Кеден органдары пайдалану үшін ашық ақпараттық ресурстардың тізбесін, сондай-ақ оған қолжетімділік дәрежесін жариялауды жүзеге асырады.

2-1. Кеден органдары өз құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық қызметтер көрсетеді.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес ақпаратқа қолжетімділікті шектеу болмаған жағдайда оны алуға сұрау салу негіздемені қажет етпейді.

4. Кеден органдарының қарауындағы ақпараттық ресурстарды пайдалану тәртібі осы Кодекстің нормаларына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 427-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.11 . N 218 Заңымен.

428-бап. Ақпаратты, ақпараттық процестер мен ақпараттандыруға қатысатын субъектілердің құқықтарын қорғау

1. Ақпаратты, ақпараттық процестер мен ақпараттандыруға қатысатын субъектілердің құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қорғау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндettі сертификаттауға жататын ақпараттық жүйелер мен ақпараттық технологияларды қамтамасыз ету құралдарымен үйлесетін ақпаратты қорғаудың арнаулы бағдарламалық-техникалық құралдарын енгізу және пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі.

3. Ақпаратты қорғау құралымен қамтамасыз етілетін ақпаратты қорғау деңгейі ақпараттың санатына сәйкес келуге тиіс. Ақпаратты қорғау деңгейінің белгілі бір санатқа сәйкестігін қарауында ақпараттық ресурстар бар кеден органдары қамтамасыз етеді.

4. Ақпаратты қорғау және ақпаратты қорғау құралдарын пайдалану жөніндегі

талаптардың сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес уәкілетті орган және тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

429-бап. Кеден органдарының халықаралық ақпарат алмасуға қатысуы

Кеден органдары Қазақстан Республикасының зандарында және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалған тәртіп пен жағдайда шет мемлекеттердің кеден органдарымен, сондай-ақ халықаралық және өзге де ұйымдармен халықаралық ақпарат алмасуға қатысады.

3. Арнайы бөлім

12-Бөлім. Кедендік әкімшілік жүргізу

56-тарау. Кедендік бақылау

430-бап. Кедендік бақылау жүргізу

Кеден органдарының лауазымды адамдары:

1) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына;

2) оларды тапсыру осы Кодексте көзделген тауарлар мен көлік құралдары туралы кедендік декларацияға, құжаттар мен мәліметтерге;

3) кеден брокері, кедендік тасымалдаушылар ретіндегі тұлғалардың қызметіне, сондай-ақ жекелеген кедендік режимдердің шенберінде және уақытша сақтау бойынша кеден қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың қызметіне қатысты;

4) тауарларды пайдалануга және оларға билік етуге белгіленген шектеулердің сақталуына;

5) кедендік төлемдерді және салықтарды есептеуге және төлеуге қатысты кедендік бақылау жүргізеді.

431-бап. Кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдары

1. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінген тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өткен кезден бастап және:

1) осы Кодекстің 14-бабына сәйкес шартты шығаруды қоспағанда, еркін айналыс үшін шығарылғанға;

2) жойылғанға ;

3) мемлекеттің пайдасты үшін тауардан бас тартқанға не оларды мемлекеттік м е н ш і к к е а й на л д ы р ғ а н ғ а ;

4) тауарларды, көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан тысқары жерлерге нақты шығарғанға дейін кедендік бақылауда б о л а д ы .

2. Қазақстандық тауарлар мен көлік құралдары оларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкету кезінде кедендік декларацияны берген немесе тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетуді жүзеге асыруға тікелей бағытталған өзге де әрекеттер жасаған кезден бастап Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өткенге дейін кедендік бақылауда болады. V032425

3. Кеден органдары тұлғалардың қазақстандық тауарлар мен көлік құралдарын не оларды қайта өндеу өнімдерін осы Кодексте айқындалған тәртіппен кедендік режимдердің талаптарына сәйкес қайта әкелу туралы міндеттемелерін орындауды кедендік бақылауды жүзеге асырады.

432-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейінгі кедендік бақылау

Кеден органдары тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды, жеке тексеріп қарауды қоспағанда, осы Кодекстің 441-бабында көзделген нысандарда жүзеге асырады.

Ескерту. 432-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

433-бап. Кедендік бақылауды жүргізу принципі

1. Кедендік бақылауды жүргізу кезінде кеден органдары іріктеу принципін негізге алады және Қазақстан Республикасының кеден зандарының сақталуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті нысандармен шектеледі.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік (кедендік) шекарасы арқылы тауарларды және көлік құралдарын өткізу пункттерінде радиациялық бақылау жүргізу тәртібін тиісті уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді. V042874

Ескерту. 433-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

434-бап. Кедендік бақылау аймақтары

1. Тауарлар мен көлік құралдарын тексеру, және (немесе) кедендік тексеріп қарау арқылы кедендік бақылауды жүзеге асыру, оларды сақтау және кедендік қадағалаумен өткізу мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының кедендік

шекарасы бойында, кедендік ресімдеу, алдын ала операцияларды жүргізу орындарында, тауарларды қайта тиесі, оларды тексеру және кедендік тексеріп қарау орындарында, кедендік бақылаудағы тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарын уақытша сақтау, тұрақ орындарында, кеден қоймаларында, арнайы экономикалық аймақ аумағында, еркін қоймаларда, бажсыз сауда дүкендерінде, кеден органдары орналасқан орындарда кедендік бақылау аймақтары құрылады.

2. Кедендік бақылау аймақтары оларда кедендік бақылауға жататын тауарлар ұдайы болған жағдайларда - тұрақты, немесе тауарларды тексеру немесе кедендік тексеріп қарау қажет болған жағдайда уақытша және осындай операцияларды жүргізу кезіне құрылатын болуы мүмкін.

3. Кедендік бақылау аймақтарын құру мен белгілеудің тәртібін, сондай-ақ кедендік бақылау аймағына жіберу тәртібін үәкілетті орган айқындайды.

4. Адамдарды кедендік бақылау аймағына жіберу - тек кеден органдының рұқсатымен, ал құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтер үшін осы органдардың қаулысын немесе ұйғарымын көрсету бойынша жүзеге асырылады.

Ондірістік және өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, тауарлар мен көлік құралдарын осындай аймақтардың шекарасы арқылы және солардың шегінде өткізуге кеден органдының рұқсатымен және соның бақылауымен ғана жол беріледі.

Ескерту. 434-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2009.12.07 N 222-IV (колданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

435-бап. Кедендік бақылау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтер берудің міндеттілігі

1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізуши не бақылауы кеден органдарына жүктелетін қызметті жүзеге асыруши тұлғалар кедендік бақылау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ауызша және (немесе) жазбаша, және (немесе) электронды нысанда кеден органдарына беруге міндетті. V032309

2. Кеден органды кедендік бақылау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді жазбаша және (немесе) электронды нысанда сұратып алуға құқылы.

3. Кедендік бақылауды жүргізу үшін кеден органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан жүзеге асырылатын экспорттық және (немесе) импорттық мәмілелер бойынша ақша операциялары туралы мәліметтер мен анықтамалар алуға құқылы.

4. Тауарлар мен көлік құралдары шығарылғаннан кейін кедендік бақылауды жүзеге асыру мақсатында кеден органдары осы тауарлармен және көлік құралдарымен жасалатын сыртқы экономикалық операцияларға қатысты, ал Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін тауарлар мен көлік

құралдарына, сондай-ақ осы тауарлармен және көлік құралдарымен жасалатын кейінгі операцияларға қатысты коммерциялық құжаттарды, бухгалтерлік құжаттаманы және басқа да ақпаратты, оның ішінде электронды нысандағы ақпаратты декларанттан немесе тауарлармен және көлік құралдарымен жасалатын операцияларға қатысы бар немесе көрсетілген құжаттар мен мәліметтерге иелік етуші кез келген тұлғадан сұратуға және алуға құқылы.

5. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, салық қызметі органдары және өзге де бақылаушы органдары, банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, ұйымдарды тіркеуді жүзеге асыратын органдар, нотариустар кеден органдарының сұрау салуы бойынша оларға Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен кедендік бақылау үшін қажетті қолда бар мәліметтер туралы хабарлауға міндettі.

6. Тұлғалар және кеден органдары кедендік бақылау үшін қажетті құжаттарды осы Кодекстің 431-бабына сәйкес тауарлар мен көлік құралдарының кедендік бақылауда болуы аяқталған кезден бастап кемінде бес жыл сақтауға тиіс. Кеден брокерлері мен кедендік бақылаудағы тауарларға қатысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де тұлғалар құжаттарды осындай тауарлармен кедендік операциялар жүргізілген жылдан кейін бес жыл бойы сақтауға тиіс.

Ескеरту. 435-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.02.28 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

436-бап. Кедендік бақылау жүргізуға жәрдемдесу үшін мамандар мен сарапшылар тарту

1. Кеден органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кедендік бақылау жүргізуға жәрдемдесу үшін мемлекеттік органдардың мамандарын, сондай-ақ шарттық негізде өзге де ұйымдардың мамандары мен сарапшыларын тартуға құқылы.

2. Мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдардан тартылған мамандар мен сарапшылар мемлекеттік құпия, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын мәліметтерді, сондай-ақ кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларға қатысты құпия ақпаратты жария етпеуге міндettі. V042931

437-бап. Кедендік бақылауға жататын тауарлар мен көлік құралдары

1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін барлық тауарлар мен көлік құралдары кедендік бақылауға жатады. V032425

2. Кеден органдары Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан кеден органдарының рұқсатынсыз шығып кеткен көлік құралдарын тоқтатуға, сондай-ақ теңіз, ішкі су және әуе кемелерін мәжбүрлеп қайтаруға құқылы. Бұл орайда

шетелдік кемелер мен басқа мемлекеттердің аумағындағы кемелерді ұстай (қайтару) жөніндегі әрекеттер Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес жүргізіледі.

438-бап. Кедендік бақылауды іріктең жүргізу

1. Кедендік бақылау жүргізу кезінде кеден органдары Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының сақталуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болып табылатын осы Кодекстің 441-бабында белгіленген кедендік бақылау нысандарын пайдаланады.

2. Кедендік бақылау нысандарын таңдау кезінде осы Кодекстің 60-тарауында көзделген тәуекелдікті бағалау мен басқару пайдаланылады. Кедендік бақылаудың басқа нысандарын қолданбау не олардан босату тұлғалар осы Кодекстің ережелерін сақтау міндеттілігінен босатылады дегенді білдірмеуге тиіс

3. Қажет болған жағдайда кеден органдары осы Кодекстің 471-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, кедендік бақылаудың барлық нысандарын пайдалана алады.

439-бап. Кедендік бақылау жүргізу орны

Кедендік бақылау кедендік бақылау аймағында, сондай-ақ тауарлар, көлік құралдары және олар туралы мәліметтер, оның ішінде электронды нысандағы мәліметтер бар құжаттар орналасқан, кеден органдары айқындастырын басқа да орындарда жүзеге асырылады.

440-бап. Кедендік ресімдеу кезінде кедендік декларация мен өзге де құжаттарды тексеру және тауарларды кедендік қарау мерзімдері

1. Кедендік ресімдеу, алдын ала операциялар және өзге де кедендік ресімдер кезінде кеден органдары кедендік декларацияның ресімделуінің дұрыстығына және ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру үшін қажетті іс-әрекеттер жасайды.

2. Кедендік декларацияны, құжаттарды тексеруді және тауарлар мен көлік құралдарын кедендік тексеріп қарауды, ал тауарларды алдын ала, уақытша, толық емес декларациялау кезінде жүктің кедендік декларациясы мен құжаттарды тексеруді кеден органдары тауарларды шығару үшін қажетті барлық құжаттар табыс етілген жағдайда, кеден органы кедендік декларацияны тіркеген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

3. Аталған мерзімді - жүктің кедендік декларациясын қабылдаған кезден бастап он жұмыс күніне дейін, ал тауарларды теніз, ішкі су көлігімен тасымалдау кезінде жиырма жұмыс күніне дейін ұзартуға декларантқа тапсырылатын кеден органы басшысының ұзарту себептері көрсетілген жазбаша рұқсатымен жол беріледі .

4. Тауарлар шығарылғанға дейін кеден органдары тауарлардың атауының, шыққан жерінің, саны мен құнының жүктің кедендік декларациясында және кедендік мақсаттар үшін пайдаланылатын құжаттарда көрсетілген мәліметтерге сәйкестігін анықтау үшін қажетті операциялар жүргізеді. Егер кеден органдарына тауарлардың олар туралы мәліметтерге сәйкестігін анықтау үшін қажетті операцияларды жүргізуге мүмкіндік бермейтін бір тауар легінде түрі мен атауы әртүрлі тауарлар ұсынылса және мұндай тауарларға қатысты оларды жеке орап-түю орындарына бөлу жүргілмесе, тауарлардың орамаларына таңбалау жасалмаса және тауарлардың ілеспе құжаттарында орап-түю және таңбалау туралы мәліметтер жазылмаса, мұндай тауарларды кедендік тексеріп қарау мерзімі қажет болған жағдайда, осы Кодекстің 478-бабының талаптарын ескере отырып, кеден органы басшысының жазбаша рұқсатымен тауарлар легін жекелеген тауарларға бөлу үшін қажетті уақытқа ұзартылады.

5. Басқа мемлекеттік органдардың бақылауына жататын тауарларға кедендік бақылау жүргізген кезде кеден органдары мұндай іс-әрекеттерді үйлестіруді және бір мезгілде жүргізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 440-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

57-тaraу. Кедендік бақылау жүргізудің нысандары мен тәртібі

441-бап. Кедендік бақылау нысандары

Кедендік бақылау нысандары:

- 1) кедендік декларацияны, құжаттар мен мәліметтерді тексеру;
- 2) ауызша пікір сұрау;
- 3) түсіндірмелер алу;
- 4) кедендік қадағалау;
- 5) тауарлар мен көлік құралдарын тексеру;
- 6) тауарлар мен көлік құралдарын кедендік тексеріп қарау;
- 7) жеке тексеру;
- 8) тауарларды арнаулы таңбалармен таңбалау не осы Кодексте және Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген жағдайларда оларға бірдейлендіру белгілерін соғу;
- 9) тауарлар мен көлік құралдарының есебі мен олар бойынша есептілік жүйесін тексеру;
- 10) тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу;
- 11) үй-жайлар мен аумақтарды тексеру болып табылады.

442-бап. Кедендік декларацияны, құжаттар мен мәліметтерді тексеру

1. Кеден органдары, құжаттардың түпнұсқалылығын және мәліметтердің дұрыстығын анықтау мақсатында, тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу кезінде берілген кедендік декларацияны, құжаттарды және мәліметтерді тексереді.

2. Кеден органдарына кедендік ресімдеу кезінде берілген мәліметтердің дұрыстығын тексеру оларды басқа дерек-көздерден алынған ақпаратпен салыстыру, арнаулы кедендік статистиканың мәліметтерін талдау, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып мәліметтерді өндіу арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зандарында тыйым салынбаған басқа да тәсілдермен жүзеге асырылады.

3. Кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде кеден органы кедендік декларациядағы ақпараттарды тексеру мақсатында тұлғалардан жазбаша түрде барлық құжаттар мен мәліметтерді сұратып алуға құқылы.

4. Ірітеп тексеру негізінде кеден органдарының құжаттар мен мәліметтерді тексеруіне жол беріледі.

5. 442-баптың 3-тармағына сәйкес қосымша құжаттар мен мәліметтер сұрату және оларды тексеру, егер осы Кодексте тікелей өзгеше көзделмесе, тауарларды шығаруға кедергі жасамауға тиіс.

Ескерту. 442-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26 . N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

443-бап. Ауызша пікір сұрау

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына кедендік ресімдеуді жүргізу, алдын ала операциялар мен өзге де кедендік рәсімдер кезінде кеден органдарының лауазымды адамдары тұлғалардан ауызша пікір сұрауға құқылы, аталған тұлғалардан мұндай пікір сұрау нәтижелері жазбаша нысанда ресімделмейді.

444-бап. Түсіндірмелер алу

Түсіндірмелер алу - кеден органдары лауазымды адамдарының декларанттардан және кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді білетін өзге де адамдардан кеден ісі саласындағы қажетті ақпаратты алуы.

Түсіндірме жазбаша нысанда ресімделеді. Адамды түсіндірме алу үшін шақыру туралы хабарламаға тиісті кеден органының басшысы қол қояды және шақырылған адамға қол қойғызып алу арқылы тапсырылады.

445-бап. Кедендік қадағалау

Кедендік қадағалау - кеден органдары лауазымды адамдарының кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарының тасымалдануын, олармен жүк және өзге де операциялардың жасалуын көзben шолып, оның ішінде техникалық құралдарды қолдана отырып бақылауы.

446-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын тексеру

1. Кеден органы лауазымды адамдарының тауарлар мен көлік құралдарын, оның ішінде халықаралық пошта жөнелтімдерін, жеке тұлғалардың багажын қарауы кедендік бақылаудағы тауарлардың сипаты, шығарылған жері, жай-күйі, мөлшері туралы, тауарларда, көлік құралдарында және олардың жүк тиелетін бөліктерінде кедендік пломбалардың, мөрлердің және басқа да қондырылған бірдейлендіру құралдарының бар екендігі туралы мәліметтерді растау үшін жүзеге асырылады.

2. Тауарлар мен көлік құралдарын тексеру - егер мұндай тексеру көлік құралы мен оның жүк тиелетін бөліктерін ашумен және тауарлардың орамаларын бұзумен байланысты болмаса, кедендік бақылау мақсаттары үшін тауарларды, жеке тұлғалардың багажын, көлік құралдарын, жүкке арналған ыдыстарды, кедендік пломбалардың, мөрлердің және өзге де тауарларды бірдейлендіру құралдарының бар-жоқтығын сырттай көзben тексеру.

3. Кедендік бақылау аймағында тауарлар мен көлік құралдарын тексеру декларант, тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар өзге де адамдар және олардың өкілдері тексеру кезінде қатысуға тілек білдіретін жағдайларды қоспағанда, аталған адамдардың қатысуыныз жүргізілуі мүмкін.

4. Тауарлар мен көлік құралдарын тексеру нәтижелері бойынша кеден органдарының лауазымды адамдары, егер мұндай тексерудің нәтижелері кедендік мақсаттарда пайдаланылатын болса, белгіленген нысан бойынша акт жасайды. Кеден органының лауазымды адамдары тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар адамның талабы бойынша акт жасауға міндетті. Кедендік қарау жүргізілгенде туралы актінің екінші данасы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар адамға тапсырылады.

447-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік тексеріп қарау

1. Кедендік тексеріп қарау - кеден органдары лауазымды адамдарының тауарлардың орамаларын немесе көлік құралының жүк тиелетін бөліктерін не ыдыстарды, контейнерлерді және тауарлар бар немесе болуы мүмкін өзге де орындарды ашумен байланысты тауарлар мен көлік құралдарына қатысты іс-әрекеті.

Кедендік тексеріп қарау тауарларды кедендік мақсаттар үшін бірдейлендіру, мәлімделетін мәліметтердің дұрыстығын анықтау не Қазақстан Республикасының кеден зандарын бұзу туралы ақпарат болған кезде мұндай

ақпаратты тексеру, сондай-ақ іріктең тексерудің негізінде кедендік бақылау жүргізу мақсатында жасалады.

2. Осы баптың З-тармағында белгіленген жағдайды қоспағанда, декларант, тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар өзге де тұлғалар және олардың өкілдері өздерінің бастамасы бойынша тауарлар мен көлік құралдарын кедендік тексеріп қарау кезінде қатысуға құқылы.

3. Тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттігі бар декларант немесе өзге тұлғалар және олардың өкілдері кеден органы лауазымды адамдарының талабы бойынша тауарлар мен көлік құралдарын тексеріп қарау кезінде қатысуға және кеден органының лауазымды адамдарына қажетті жәрдем көрсетуге міндettі. Тасымалдаушы арнайы уәкілеттік берген өкіл болмаған жағдайда, көлік құралын басқаратын жеке тұлға осы міндettі атқарушы болып табылады.

4. Кеден органы декларант, тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар өзге де адамдар және олардың өкілдері болмаған кезде, мынадай жағдайларда:

1) аталған адамдар тауарлар мен көлік құралдары тапсырылғаннан кейін он күн өткен соң келмеген жағдайда;

2) ұлттық қауіпсіздікке, адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаган ортаға, Қазақстан Республикасы халықтарының мәдени игілігін сақтауға қауіп болған жағдайда және кейінге қалдыруға болмайтын өзге де жағдайларда;

3) тауарларды халықаралық пошта жөнелтімдерімен жіберген кезде;

4) тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағында кедендік режимді бұза отырып қалдырған жағдайда тауарлар мен көлік құралдарына кедендік тексеріп қарау жүргізуге құқылы.

Аталған жағдайларда тауарлар мен көлік құралдарын кедендік тексеріп қарау екі куәгердің қатысуымен жүргізіледі және уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша кедендік тексеріп қарау актісі ресімделеді.

5. Егер кедендік декларацияда көрсетілген тауарлардың бір бөлігі бір атаудағы тауарлар ретінде кедендік тексеріп қарауға ұшыраған болса, онда мұндай тексеріп қараудың нәтижелері кедендік декларацияда көрсетілген осындай барлық тауарларға қолданылады.

6. Кедендік тексеріп қараудың нәтижелері бойынша екі дана етіп акт жасалады. Кедендік тексеріп қарау жүргізілгендігі туралы актіде мынадай мәліметтер:

1) кедендік тексеріп қарауды жүргізген кеден органының лауазымды тұлғалары мен оны жүргізу кезінде қатысқан адамдар туралы мәліметтер;

2) декларанттың, тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар өзге де адамның қатысуынсыз кедендік тексеріп қарау жүргізудің себептері;

3) кедендік тексеріп қараудың нәтижелері көрсетіледі.

Актінің екінші данасы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар адамға не оның өкіліне тапсырылады.

448-бап. Жеке тексеріп қарау

1. Кедендік бақылаудың ерекше нысаны ретіндегі жеке тексеріп қарау Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтетін не кедендік бақылау аймағындағы немесе халықаралық әуежайдың транзит аймағындағы жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының зандарын бұзу объектілері болып табылатын тауарларды өзінде жасырып, бермей түр деп ойлауға жеткілікті негіздер болған жағдайда, кеден органы басшысының, оны алмастыруши адамның не Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы бақылау-өткізу пункті уәкілетті лауазымды адамының жазбаша шешімі бойынша жүргізіледі.

Жеке тексеріп қарау жүргізуге байланысты ресімді және жеке тексеріп қарауды ресімдеу тәртібін уәкілетті орган айқындаиды.

2. Жеке тексеріп қарау басталар алдында кеден органының лауазымды адамы жеке тұлғаға кеден органы басшысының немесе оны алмастыруши адамының жеке тексеріп қарауды жүргізу туралы шешімін көрсетуге, жеке тұлғаны мұндай тексеріп қарауды жүргізу кезіндегі құқықтарымен таныстыруға және жасырған тауарларын өз еркімен беру туралы ұсыныс жасауға міндетті.

3. Кеден органы лауазымды адамының жеке тексеріп қарау жүргізу кезіндегі іс-әрекеті жеке тұлғаның ар-намысы менabyroйына нұқсан келтірмеуге тиіс.

4. Өзіне қатысты жеке тексеріп қарау жүргізіліп отырған жеке тұлғаның:

1) жеке тексеріп қарау жүргізу басталғанға дейін оны жүргізу тәртібімен және жеке тексеріп қарау жүргізу туралы шешіммен танысуға;

2) Қазақстан Республикасының зандарын бұзу объектілері болып табылатын өзінде жасырған тауарларын өз еркімен беруге;

3) жеке тексеріп қарау жүргізетін кеден органы лауазымды адамының жеке тексеріп қарау жүргізу туралы хаттамаға міндетті түрде енгізе отырып, мәлімдеме жасауға;

4) жеке тексеріп қарау жүргізудің нәтижелерімен және іс жүргізу құжаттарымен танысуға;

5) жеке тексеріп қарау жүргізетін кеден органы лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне осы Кодекске сәйкес шағым жасауға;

6) адвокаттың қызметтерін пайдалануға құқығы бар.

5. Өзіне қатысты жеке тексеріп қарау жүргізілген жеке адамға жеке тексеріп қараудың жүргізілгені туралы хаттаманың көшірмесі, тауарлардың алынып қойғаны туралы акті беріледі.

6. Жеке тексеріп қарауды тексеріліп қаралатын адаммен бір жыныстағы кеден органының лауазымды адамдары сол жыныстағы екі куәгердің қатысуымен

санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келетін оқшауланған үй-жайда жүргізеді. Бұл үй-жайға басқа жеке тұлғалардың енуіне және олардың тарарапынан жеке тексеріп қараудың жүргізуін қадағалау мүмкіндігіне жол берілмеуге тиіс. Тексеріп қаралатын адамның дene органдарын тексеріп зерттеуді маман-дәрігер, қажет болған жағдайда арнайы медициналық техникины пайдалана отырып жүргізуге тиіс.

Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, маман-дәрігердің кеден органы басшысының немесе оны алмастыруши адамның жеке тексеріп қарауды жүргізу туралы шешімін орындаудан жалтаруға құқығы жоқ.

7. Жеке тексеріп қараудың жүргізілгендігі туралы уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша хаттама жасалады.

Хаттамага - жеке тексеріп қарауды жүргізген кеден органының лауазымды адамы, өзіне қатысты тексеріп қарау жүргізілген жеке тұлға, куәгерлер, ал тексеріп зерттеу жүргізілген кезде - дәрігер қолдарын қояды.

Ескерту. 448-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

449-бап. Тауарларды арнаулы таңбалармен таңбалау, оларға бірдейлендіру белгілерін қою

1. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда кеден органдары кедендік бақылауды тауарларда (олардың орамаларында) арнаулы таңбалардың, бірдейлендіру белгілерінің немесе оларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелудің заңдылығын растау үшін пайдаланылатын тауарларды белгілеудің өзге де тәсілдерінің болуын тексеру жолымен жүзеге асырады.

2. Тауарларда арнаулы таңбалардың, бірдейлендіру белгілерінің немесе тауарларды белгілеудің өзге де тәсілдерінің болмауы, егер өзінен мұндай тауарлар табылған адам, декларант не өзге де мүдделі адам басқаша дәлелдей алмаса, Қазақстан Республикасының кедендік аумағына тауарларды кедендік ресімдеу мен шығару жүргізілмей жүзеге асырылған тауарлар әкелу ретінде қаралады.

450-бап. Тауарлардың және көлік құралдарының есебі мен олар бойынша есептілік жүйесін тексеру

1. Кедендік бақылаудың нысаны ретіндегі тауарлардың және көлік құралдарының есебі мен олар бойынша есептілік жүйесін тексеру мынадай жағдайларда :

- 1) тұлға осы Кодекстің ережелеріне сәйкес кедендік ресімдеудің оңайлатылған рәсімдерін қолдану туралы мәлімдеген кезде;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен есепке

алынуға тиіс тауарларды шартты түрде шығарған кезде;

3) кеден брокерлері, кедендік тасымалдаушылар ретіндегі қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ жекелеген кедендік режимдер шеңберінде және уақытша сақтау бойынша кеден қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты;

4) кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды тексеру кезінде қолданылады.

2. Осы бапта көрсетілмеген жағдайларда, есеп пен есептілік жүйесін тексеру кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметті тексеруді пайдалана отырып кедендік бақылау жүргізу кезінде іске асырылуы мүмкін.

451-бап. Тауарлар мен көлік құралдарының есебін жүргізу

1. Шартты түрде шығарылған тауарлар мен көлік құралдарын, тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары белгіленген тауарларды бақылауды қамтамасыз ету мақсатында кеден органдары осы Кодекске сәйкес кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау кезінде тұлғалар беретін мәліметтер негізінде, уәкілетті орган белгіленген тәртіппен және нысандарда Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарының есебін жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасының аумағында шартты түрде шығарылған тауарлар мен көлік құралдарын пайдаланатын тұлғалар және осы Кодексте белгіленген өзге де тұлғалар олардың есебін жүргізуге және кеден органдарына уәкілетті орган белгіленген тәртіппен есептілік тапсыруға міндетті.

452-бап. Үй-жайлар мен аумақтарды тексеру

1. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден бақылауын жүргізу мақсатында кеден органдарының лауазымды адамдары қызметтік куәлігін және кеден органдарының басшысы қол қойған нұсқаманы көрсеткен кезде, кедендік бақылауға жататын тауарлар мен көлік құралдары, кедендік бақылау үшін қажетті құжаттар болатын, не болуы мүмкін, не кедендік бақылаудағы тауарларға қатысты қызмет жүзеге асырылатын аумақ пен үй-жайларға (тексеріп қарау мен тінту жүргізу құқығынсыз) кіруге құқығы бар.

2. Кіруге прокурор рұқсат ететін тұрғын үй-жайларды қоспағанда, аумаққа және үй-жайға кіргізуден бас тартқан жағдайда кеден органдарының лауазымды адамдары, аумаққа және үй-жайға екі куәгердің қатысуымен қарсылықтың жолын кесу және жабық үй-жайларды ашу арқылы кіруге құқылы. Үй-жайларға қарсылықтың жолын кесу және жабық үй-жайларды ашу арқылы кірудің барлық жағдайлары туралы кеден органдары жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорды хабардар етеді. Кеден органдары лауазымды адамдарының аумақ пен үй-жайларға кіруіне қарсылық көрсеткен адамдар Қазақстан Республикасының

зандарына сәйкес жауапты болады.

Кейінге қалдыруды күттірмейтін жағдайларда прокурордың рұқсаты талап етілетін әрекеттер рұқсатсыз да, бірақ кейіннен прокурорды жиырма төрт сағаттың ішінде жазбаша хабардар ете отырып жүргізілуі мүмкін. Прокурор аталған хабарламаны алғаннан кейін жүргізілген әрекеттердің заңдылығын тексереді және олар заңсыз болған жағдайда күшін жояды немесе тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды өз қаулысымен тоқтатады.

3. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының жекелеген объектілерге кіруінің арнаулы тәртібі белгіленсе, онда мұндай объектілерге кіру осы заң актілерінде айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

4. Кедендік бақылаудағы, оның ішінде шартты түрде шығарылған тауарлардың бар екендігін растау мақсатында жүргізілетін үй-жайлар мен аумақтарды тексеру уақытша сақтау қоймаларында, кеден қоймаларында, бос қоймаларда, арнаулы экономикалық аймақтарда, бажсыз сауда дүкенінің үй-жайларында, сондай-ақ осы Кодексте көзделген кедендік рәсімдердің немесе кедендік режимдердің шарттарына сәйкес тауарлар болуы тиіс тұлғаларға жүргізіледі. Үй-жайлар мен аумақтарды тексеру тауарлардың жоғалғаны, оларды иеліктен айырғандығы не оларға осы Кодексте белгіленген талаптар мен шарттарды бұза отырып өзге де тәсілмен билік етілуі туралы ақпарат болған жағдайда, осындай ақпаратты тексеру үшін, сондай-ақ ірікеп тексеру негізінде жүргізіледі.

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілмеген тұлғалардың үй-жайлары мен аумақтарын тексеруді кеден органдары осындай үй-жайларда немесе аумақтарда Қазақстан Республикасының кедендік аумағына осы Кодексте көзделген тәртіпті бұза отырып әкелінген тауарлардың бар екендігі туралы ақпарат болған жағдайда, осындай ақпаратты тексеріп шығу үшін жүргізеді. Тексеру нәтижелері жөнінде уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша акт жасалады, оның екінші данасы тексеру жүргізілген тұлғаға беріледі.

6. Үй-жайлар мен аумақтардың осы Кодекстің 89, 104, 130, 145, 246-баптарында белгіленген бағалау талаптары мен шарттарына сәйкестігін анықтау үшін тексеруді де кеден органдары жүзеге асырады. Тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті орган белгілейтін нысан бойынша қорытынды жасалады.

58-тарау. Кедендік сараптама

453-бап. Кедендік сараптама тағайындау

1. Кедендік сараптаманың мақсаты Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың сапалық құрамын анықтау үшін,

олардың Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес дұрыс жіктелуі, сондай-ақ құжаттардың және бірдейлендіру құралдарының түпнұсқалығын тексеру үшін зерттеу жүргізу болып табылады.

2. Кеден орғандары:

- 1) кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүзеге асырған;
- 2) алдын ала шешім қабылдаған;

3) кеден ісі саласында құқық бұзушылықтар анықталған жағдайларда кеден органдары лауазымды адамдарының тауардың сапалық құрамын айқындауы мүмкін болмаған кезде кедендік сараптама тағайындауы мүмкін.

3. Тауарлар, кедендік және өзге де құжаттардағы тауарлар туралы мәліметтер, бірдейлендіру құралдары кедендік сараптамалардың объектілері болып табылады

.

4. Кедендік сараптаманы кедендік зертханалардың мамандары жүргізеді.

Кедендік сараптаманы жүргізу үшін:

1) кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау сатысында немесе алдын ала шешім қабылдау кезінде, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың өтініштері бойынша - кедендік сараптамаға жолдама;

2) кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша - кедендік сараптама тағайындау туралы қаулы немесе ұйғарым негіз болып табылады.

Жолдамада, қаулыда не ұйғарымда:

- 1) кедендік сараптама жүргізу үшін негіздеме;
- 2) кедендік сараптама жүргізілуге тиіс кеден зертханасының атауы;
- 3) сарапшының алдына қойылған мәселелер;
- 4) сарапшының қарауына берілетін материалдар көрсетіледі.

5. Кедендік сараптаманы тағайындаған кеден органының лауазымды адамы декларантты кедендік сараптама тағайындау туралы жолдамамен, қаулымен не ұйғарыммен таныстыруға, осы Кодекстің 375, 376-баптарында көзделген құқықтар мен міндеттерді түсіндіруге міндетті. Жолдамаға, қаулыға не ұйғарымға танысқандығы туралы белгі соғылады және декларант қол қояды.

Ескерту. 453-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

454-бап. Кедендік сараптама жүргізу тәртібі

1. Кедендік сараптама кеден зертханасының үй-жайында да, егер бұл зерттеу сипаты бойынша қажет болса не зерттеу объектісін сараптауға жеткізу мүмкін болмауына байланысты, одан тысқары жерлерде де өткізіледі. Сарапшы кеден зертханасы басшысының жазбаша өкімі бойынша ғана кедендік сараптаманы жүргізу ге

кіріседі.

2. Кедендік сараптаманың нәтижесі бойынша сарапшының қорытындысы беріледі.

3. Кедендік сараптаманы кеден зертханаларында жүргізу тәртібін және қорытынды нысанын уәкілетті орган бекітеді.

455-бап. Сарапшының құқықтары мен міндеттері

1 . С а р а п ш ы :

1) егер қойылған мәселелер өзінің құзыretіне жатпаса, сараптама жүргізуден бас тартуға;

2) өзінің құзыretіне кірмейтін сұрақтарға жауап беруден бас тартуға;

3) кедендік сараптама жүргізу үшін қажетті қосымша материалдар табыс ету туралы өтініш беруге құқылы.

2 . С а р а п ш ы :

1) кедендік сараптамаға қатысты материалдармен танысуға;

2) сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға кедендік сараптама мәселелері бойынша консультациялар беруге;

3) бұл тұрғыда мәселе қойылмаған, іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы ой-пікірін қорытындыға енгізуге;

4) кедендік сараптамаға ұсынылған тауарлардың сынамалары мен ұлгілеріне зерттеу жүргізуге және зерттеулердің нәтижелерін толық, жан-жақты және обьективті бағалау негізінде қорытынды беруге;

5) іс жүргізуінде немесе қарауында кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтар туралы іс бар тұлғаның шакыруы бойынша өзі берген қорытындыны түсіндіру немесе толықтыру үшін келуге;

6) кедендік сараптама нәтижесінде алынған мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

3. Өзінің міндеттерін орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда сарапшы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

456-бап. Сарапшының қорытындысы

1. Сарапшы қорытындыны жазбаша нысанда өзінің атынан береді.

2. Сарапшының қорытындысында өзі жүргізген зерттеулер және қойылған сұрақтарға негізді жауаптары жазылады.

3. Күрделі сараптамалық зерттеулер жүргізу қажет болған жағдайларда кеден зертханасы басшысының шешімі бойынша комиссиялық сараптама жүргізіледі, ол бір мамандықтағы бірнеше сарапшыға тапсырылады. Сарапшылар арасында келіспеушілік болған кезде олардың әрқайсысы немесе бір бөлігі жеке қорытынды беруге құқылы.

4. Кедендік сараптамаларды өз құзыretтерінің шегінде әр түрлі мамандықтағы сарапшылар жүргізу қажет болған жағдайда, кешенді сараптама тағайындалады. Әр сарапшы қорытындының өзі кедендік сараптама жүргізген

5. Табыс етілген материалдар бойынша қорытынды беру мүмкін болмаған кезде сарапшы кеден сараптамасын тағайындаған кеден органына бұл туралы, бас тарту дәлелін көрсете отырып, жазбаша хабарлайды.

457-бап. Қосымша және қайталап жүргізілетін кедендік сараптама

1. Қосымша кедендік сараптама жаңадан ашылған жағдайлар бойынша тағайындалады. Қосымша кедендік сараптама жүргізу бастапқы сараптаманы орындаған сарапшыға немесе басқа сарапшыға тапсырылуы мүмкін.

2. Қайталап жүргізілетін кедендік сараптама алдыңғы қорытындыға декларант шағымданған жағдайларда сол объектілерді зерттеу және сол мәселелерді шешу үшін тағайындалады. Қайталап жүргізілетін кедендік сараптаманы тағайындау кезінде жолдамада немесе қаулыда алдыңғы сараптама нәтижелерімен келіспеу себебі көрсетілуге тиіс.

3. Қайталап жүргізілетін кедендік сараптама бойынша іс жүргізу уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

458-бап. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу

1. Кеден органдары кеден зертханаларында сараптама жүргізу мақсатында тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алуға құқылы. Қараңыз. V106221

2. Сынамалар мен үлгілер оларды іріктеп алу нормаларын көздейтін нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес зерттеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ең аз мөлшерде алынады. Кедендік бақылаудағы тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу туралы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша акт жасалады.

3. Декларант кеден органдарының лауазымды адамдары тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алуы кезінде қатысады. Декларант кеден органдарының лауазымды адамдарына тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу кезінде жәрдем көрсетуге, оның ішінде сынамалар мен үлгілер іріктеп алу үшін қажетті жүк және өзге де операцияларды өз есебінен жүзеге асыруға міндетті.

Тауарлар берілгеннен кейін күнтізбелік он күннен соң декларант келмеген жағдайда, сондай-ақ кейінге қалдыруға болмайтын жағдайлар кезінде кеден органдары декларант жоқ кезде тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу мүмкін. Мұндай жағдайда тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу туралы акт жасай отырып, тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу екі куәгердің қатысуымен жүзеге асырылады.

4. Сынамалар мен үлгілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жойылуға немесе кәдеге жаратылуға жататын жағдайларды қоспағанда, кедендей қаралтама аяқталған соң сынамалар мен үлгілер декларантқа қайтарылады.

59-тарау. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды кеденнен кейінгі бақылау

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

459-бап. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды кеденнен кейінгі бақылау

1. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды кеденнен кейінгі бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексерулер жүргізудің түрлері, негіздері, мерзімдері мен тәртібі "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленеді.

3. Кеденнен кейінгі бақылаудың өзге де нысандары осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 459-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

459-1-бап. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларға тексеру жүргізудің кезенділігі

Ескерту. 459-1-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

460-бап. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды бақылау

1. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды бақылау - кеден органы тауарлар мен көлік құралдарын жібергенен кейін:

1) камералдық бақылау жүргізу;

2) сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардың қызметі турали мәліметтерге мониторинг жүргізу;

3) ауызша сауал жүргізу;

4) түсініктемелер алу;

5) кедендей бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу жүйесін және олар бойынша есептілікті бақылау;

6) кедендей бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын түгендеу арқылы

жүзеге асыратын кедендік бақылау нысаны.

2. Камералдық бақылау - кеден органы сыртқы экономикалық қызметке қатысушы немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлға ұсынған кедендік декларациялардағы, тауарларға ілеспе және өзге де құжаттардағы мәліметтерді, бақылаушы органдардың мәліметтерін, сондай-ақ аталған тұлғаның қызметі туралы кеден органдарында бар басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерттеу және талдау арқылы жүзеге асыратын кедендік бақылау нысаны .

3. Мониторинг - сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардың қызметі туралы ақпаратты жинау мен өндөу.

4. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілген тауарлар мен көлік құралдарын жібергеннен кейін кеден органдарының лауазымды адамдары мұндай сауал жүргізу нәтижелерін жазбаша нысанда ресімдемей, адамдарға ауызша сауал жүргізуге құқылы.

5. Түсініктемелер алу - кеден органдарының лауазымды адамдарының декларанттардан және кеден шекарасы арқылы өткізілген тауарлар мен көлік құралдары туралы, сондай-ақ кеден ісі саласына қатысты өзге де ақпарат туралы мәліметтерді билетін өзге де адамдардан түсініктеме алуы.

Түсініктемелер жазбаша нысанда ресімделеді. Адамды түсініктемелер алу үшін шақыру туралы хабарламаға тиісті кеден органдарының басшысы қол қояды және ол шақырылатын адамға қолын қойғызу арқылы табыс етіледі.

6. Кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу жүйесін және олар бойынша есептілікті бақылау, мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен есепке алынуға жататын кезде, тауарларды шартты түрде жіберу кезінде қолданылады.

7. Кеден органдары кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарына, сондай-ақ өздеріне қатысты кедендік төлемдер мен салықтар төленбеген немесе кедендік төлемдер мен салықтар бойынша женілдіктер берілген тауарларға түгендегенде жүргізу құқылы .

Ескерту. 460-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

461-бап. Камералдық бақылауды жүргізу

1. Камералдық бақылауды жүргізу барысында кеден органы сыртқы экономикалық қызметке қатысушы немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлға құжаттарының Қазақстан Республикасының кеден және сақталуын бақылау кеден органдарына жүктелген өзге де заңнамасына сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады.

2. Камералдық бақылау тәуекелдерді басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Кеден органдары камералдық бақылаудың нәтижелерін сыртқы

экономикалық қызметке қатысушылар немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы мәліметтерді өңдеу, жүйеге келтіру және кедендік бақылауды жүргізу кезінде тәуекел көрсеткіштерінің тізбесін қалыптастыру (қайта қарau) мақсатында пайдаланады.

3. Камералдық бақылауды кеден ісі саласындағы уәкілетті орган немесе кеден ісі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі не кеден сыртқы экономикалық қызметке қатысушының немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаның объектілеріне бармастан, сондай-ақ "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген тексеруді тағайындау туралы актіні ресімдемей жүргізеді.

4. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушы немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлға ұсынған кедендік жүк декларациялары, тауарларға ілеспе және өзге де құжаттар, сондай-ақ аталған тұлғаның қызметі жөнінде кеден органдарынан, басқа да мемлекеттік органдардан, шет мемлекеттердің осындай органдарынан, банктер мен банк ұйымдарынан және бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған мәліметтер камералдық бақылау объектілері болып табылады.

5. Камералдық бақылауды жүзеге асыру кезінде мыналар:

1) сыртқы экономикалық қызметке қатысушы немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлға ұсынған және кеден органы жіберген кедендік жүк декларациялары, тауарларға ілеспе және өзге де құжаттар;

2) сыртқы экономикалық қызметке қатысушы немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлға ұсынған, кеден органы жіберген және кеден органы кеден ісі саласындағы уәкілетті органның немесе кеден ісі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің не кеденнің ақпараттық ресурстарынан алынған мәліметтерді талдау мен салыстыру негізінде іріктеп алған кедендік жүк декларациялары, тауарларға ілеспе және өзге де құжаттар, сондай-ақ аталған тұлғаның қызметі жөнінде кеден органдарынан, басқа да мемлекеттік органдардан, шет мемлекеттердің осындай органдарынан, банктер мен банк ұйымдарынан және бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған мәліметтер;

3) сыртқы экономикалық қызметке қатысушы немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлға ұсынған, кеден органы жіберген және айқындалмаған тәуекелді анықтау мақсатында бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып кездейсоқ іріктеу әдісімен таңдал алынған кедендік жүк декларациялары, тауарларға ілеспе және өзге де құжаттар зерделенуге жатады. Аталған әдіс арқылы кеден ісі саласындағы уәкілетті органның немесе кеден ісі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің не кеденнің ақпараттық ресурстарынан екі проценттен аспайтын құжаттарды іріктеп алу жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

Бақылауды жүзеге асырған кеден органы құжаттарды тіркеудің арнаулы журналында өздеріне қатысты камералдық бақылау жүргізілген құжаттарды тіркейді, ол нөмірленуге, байлап-қайымдалуға және кеден органының мөрімен бекітілуге тиіс.

Ескерту. 461-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

462-бап. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларға тексеру жүргізу мерзімдері

Ескерту. 462-бап алғы тасталды - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

463-бап. Кеден органы лауазымды адамдарын кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларға тексеру жүргізу үшін аумаққа немесе үй-жайға жіберу

1. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушы осы Кодекстің 452-бабына сәйкес кеден органының лауазымды адамдарын аумаққа немесе үй-жайға (тұрғын үй-жайлардан басқа) жіберуді қамтамасыз етуге міндетті.

2. Тексеру жүргізуші кеден органының лауазымды адамдарын көрсетілген аумаққа немесе үй-жайға (тұрғын үй-жайлардан басқа) жіберуді қамтамасыз етуден бас тартылған жағдайда хаттама жасалады.

3. Хаттамаға екі күәгердің қатысуымен тексеру жүргізетін кеден органының лауазымды адамы және кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушы қол қояды. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушы көрсетілген хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда бас тартудың себептері туралы жазбаша түсінік беруге міндетті.

4. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушының, егер:

- 1) нұсқама табыс етілмеген не белгіленген тәртіппен ресімделмеген;
- 2) нұсқамада көрсетілген тексеру мерзімдері басталмаған немесе өтіп кеткен;
- 3) кеден органдарының осы лауазымды адамдары нұсқамада көрсетілмеген;
- 4) егер Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес тексеруге жататын аумаққа немесе үй-жайға жіберу үшін арнаулы рұқсат қажет болса, ал лауазымды адамдардың аумаққа немесе үй-жайға кіруге мұндай рұқсаттары болмаған;
- 5) сұратылған құжаттаманың тексерілетін кезеңге қатысы болмаған

жағдайларда кеден органының лауазымды адамдарына тексеру жүргізу үшін аумаққа немесе үй-жайға жіберуден бас тартуға не оларға құжаттарды бермеуге құқығы бар.

464-бап. Кеден органы лауазымды адамдарының кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларға тексеру жүргізу кезіндегі өкілеттігі

1. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларға тексеру жүргізу кезінде кеден органдарының лауазымды а д а м д а р ы :

- 1) тауарлар мен көлік құралдарының болуын тексеруге және оларға кедендік қ а р а у д ы жүзеге асыруға ;
- 2) кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысты құжаттарды, оның ішінде бухгалтерлік құжаттаманы тексеруге;
- 3) тұлғалардан кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттар, оның ішінде бухгалтерлік құжаттамалар, анықтамалар, жазбаша және ауызша түсініктер алуға;
- 4) тауарлар мен көлік құралдары бар үй-жайларды мөрлеуге;

5) Қазақстан Республикасының зандарында айқындалған тәртіппен кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысты және кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтардың жасалғаны туралы қуәланышыратын құжаттарды алып қоюға құқылы. Алып қою кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыға алып қойылатын құжаттардың көшірмелерін түсіріп алу мүмкіндігі берілгеннен кейін жүргізіледі.

2. Алынған құжаттар Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қайтарылады.

3. Аталған шараларды қолданбау кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарды жасыруға әкеп соғуы мүмкін ерекше жағдайларда мөрлеу және а л ы п қ о ю жүзеге асырылады .

Ескерту. 464-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007 жылғы 28 ақпандағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

465-бап. Камералдық бақылаудың аяқталуы

1. Камералдық бақылау аяқталғаннан кейін кеден органының лауазымды а д а м д а р ы :

- 1) камералдық бақылаудың жүргізілген орнын, актінің жасалған күнін;
- 2) камералдық бақылау жүргізген кеден органы лауазымды адамдарының лауазымын, тегін, атын, әкесінің атын (бар болғанда);
- 3) кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке

қатысушының тегін, атын, әкесінің атын (бар болғанда) не толық атауын;

4) кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушының тұрған жерін, банк деректемелерін;

5) алдыңғы камералдық бақылау және бұрын анықталған Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы мәліметтерді;

6) кеден ісі саласында анықталған құқық бұзушылықтарды Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің тиісті нормаларына сілтеме жасай отырып, егжей-тегжейлі сипаттауды;

7) кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыны камералдық бақылаудың нәтижелерін көрсете отырып камералдық бақылау актісін жасайды.

2. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыға камералдық бақылау актісін тапсырған күн камералдық бақылау мерзімінің аяқталған күні болып есептеледі.

3. Егер камералдық бақылау аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын бұзу анықталмаса, камералдық бақылау актісінде тиісті жазба жасалады.

4. Камералдық бақылау актісіне құжаттардың көшірмелері, есеп-қисаптар және басқа да материалдар қоса тіркеледі.

5. Камералдық бақылау актісі бақылауды жүргізген кеден органы лауазымды адамдарының қолы қойылып, екі данада жасалады.

6. Камералдық бақылау актісі актілерді тіркеудің арнаулы журналында тіркеледі, ол нөмірленуге, байлап-қайымдалуға және кеден органының мөрімен бекітілуғе тиіс.

7. Камералдық бақылау актісінің бір данасы кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыға қолын қойғызу арқылы немесе актіні алу фактісін растайтын өзгеше тәсілмен беріледі.

8. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушы камералдық бақылаудың нәтижелерімен келіспеген жағдайда кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушының басшысы немесе уәкілетті лауазымды адамы камералдық бақылау актісіне тиісті жазба жасайды.

Ескерту. 465-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

466-бап. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды кеденнен кейінгі бақылау нәтижелері бойынша шешім

1. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушысын кеденнен кейінгі бақылау аяқталғаннан кейін кеден органы кеденнен кейінгі бақылаудың нәтижелері туралы актіде көрсетілген нәтижелердің негізінде осы Кодекстің 350-бабында көзделген нысанда кедендік төлемдердің, салықтардың және өсімпұлдардың есепке жазылған сомалары туралы хабарлама шығарады.

2. Хабарлама осы Кодекстің 350-бабында көзделген тәртіпке сәйкес кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыға жіберіледі.

3. Кедендік төлемдердің, салықтардың және өсімпұлдардың есепке жазылған сомалары туралы хабарлама алған кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушы оны осы Кодекстің 350-бабында белгіленген мерзімде орындауға міндетті.

4. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушының осы Кодексте көзделген тәртіппен және мерзімдерде кеденнен кейінгі бақылаудың нәтижелеріне шағымдануға құқығы бар.

Ескерту. 466-бап жаңа редакцияда - КР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

467-бап. Кеден ісі саласындағы аудит

Кеден ісі саласындағы аудит Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

60-тaraу. Тәуекелді бағалау және басқару

468-бап. Жалпы ұғымдар және тәуекелді басқаруды қолдану мақсаттары

1. Тәуекел - Қазақстан Республикасының кеден заңдарын сақтамаудың мемлекет үшін залалға әкеп соғуы мүмкін ықтималдық дәрежесі.

Тәуекелді бағалау - тәуекелдің деңгейін бағалау және алдын ала айқындалған стандарттармен салыстыру арқылы тәуекелді басқарудың басымдықтарын жүйелі түрде айқындау.

Тәуекелді басқару - тәуекелдің алдын алу үшін бақылау әдістерін айқындауға мүмкіндік беретін, талдау мен тәуекелді басқарудың автоматтандырылған жүйесінде жүзеге асырылатын алдын алу шараларын қолдану техникасы.

2. Тәуекелді басқаруды қолданудың мақсаттары:

1) тәуекелдің деңгейі жоғары салаларға жіті назар аудару және қолда бар ресурстардың неғұрлым тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

2) кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтау жөніндегі мүмкіндіктерді артыру;

3) Қазақстан Республикасының кеден зандарын сақтайтын сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға Қазақстан Республикасының кедендейшекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Ескерту. 468-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

469-бап. Тәуекел санаттары

Тәуекел санаттарына мына объектілер:

- 1) тауарлардың түрлері;
- 2) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес тауарлардың коды;
- 3) тауарлар шығарылған ел;
- 4) тауарларды жөнелткен ел;
- 5) тауарлар жеткізілетін межелі ел;
- 6) көлік құралдары;
- 7) кедендейк құн;
- 8) тауарларды өткізу маршруты;
- 9) сыртқы экономикалық қызметке қатысушы;
- 10) кедендей ресімдеу үшін тапсырылған құжаттар жатқызылуы мүмкін.

469-1-бап. Алдын ала ақпарат беру

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар, тасымалдаушылар, кеден ісі саласында лицензиясы бар тұлғалар кеден органдарына электрондық түрде жүк, жолаушылар, көлік құралдары және жүру бағыты туралы алдын ала ақпаратты береді.

Кеден органдары Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттердің кеден органдарымен алдын ала ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

Алдын ала ақпаратты беру және пайдалану тәртібін үәкілетті орган белгілейді

Ескерту. 469-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

470-бап. Кеден органдарының тәуекелді бағалау және басқару жөніндегі қызметі

1. Уәкілетті орган тексеру жүргізу сатысында тұрған, сондай-ақ іс жүргізушілік шешім қабылданған құқық бұзушылықтардың барлық фактілерін қоса алғанда, кеден ісі саласында жасалған құқық бұзушылықтар туралы

статистикалық және шүғыл ақпаратты жинайды, оған қорытындылау және талдау жүргізді.

2. Тәуекел көрсеткіштерінің тізбелерін, оларды анықтау мен қолданудың елшемдерін уәкілетті орган белгілейді.

3. Тәуекел көрсеткіштерінің белгіленген тізбелерін кеден органдары кедендік бақылау жүргізу кезінде кедендік бақылаудың сараланған нысандарын қолдану үшін пайдаланады және бұл тізбелер тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілуін шектеу үшін негіз бола алмайды. Осы тізбелер жасырын ақпарат болып табылады.

4. Қалыптасқан шүғыл жағдайды ескере отырып, уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің ұсынысы бойынша тәуекел көрсеткіштерінің тізбелері оларды қолданудың барлық уақыты ішінде өзгеруі мүмкін.

5. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ең төменгі деңгейдегі немесе ең жоғары деңгейдегі тәуекел санатына жатқызыл мүмкін.

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды ең төменгі деңгейдегі тәуекел санатына жатқызу және оларға кедендік ресімдердің жекелеген түрлері мен кедендік бақылау нысандарын қолдану тәртібі уәкілетті органның аумақтық құрылымдарының кеден ісі саласындағы коммерциялық емес ұйымдармен бірлесіп әзірлеген ұсыныстары негізінде белгіленеді.

61-тарау. Кедендік бақылауға қатысты қосымша ережелер

471-бап. Кеден органдарының кедендік бақылаудың белгілі бір нысандарын қолданудан босатуы

1. Кеден органдарының кедендік бақылаудың белгілі бір нысандарын қолданудан босатуы тек қана осы Кодексте белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің және онымен бірге жүретін оның отбасы мүшелерінің жеке багажы кедендік тексеріп қарауға жатпайды.

3. Егер Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кенесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарушысы, Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің бастығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің

мүшелері, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары Қазақстан Республикасының кедендейк шекарасынан қызметтік міндеттерін немесе депутаттың өкілеттіктерін орындауға байланысты өтетін болса, аталған тұлғалардың жеке багажы кедендейк тексеріп қараудан босатылады.

4. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, өз жүрісімен бара жатқан шетелдік әскери корабльдер (кемелер), әскери әуе кемелері және әскери техника кедендейк тексеріп қараудан босатылады.

Ескерту. 471-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.20 . N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

472-бап. Кеден органдарының кедендейк бақылау жүргізген кезде тұлғалар туралы

ақпарат жинауы

1. Кеден органдары кедендейк бақылау жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының кедендейк шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізуге байланысты сыртқы экономикалық қызметті не кедендейк бақылаудағы тауарларға қатысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпараттарды, олардың тіркелуі, орналасқан жері туралы деректерді, сондай-ақ азаматтардың деректерін: тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен жерін, жынысын, тұрғылықты мекенжайын жинауды жүзеге асыруға құқылы.

2. Сыртқы экономикалық қызметке қатысуышылардың кеден органдарында бар өздері туралы құжатталған ақпаратпен танысуға және оның толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында осы ақпаратты нақтылауға құқығы бар.

3. Кеден органдары тұлғалар туралы ақпарат жинауды Қазақстан Республикасының кедендейк шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендейк ресімдеу кезінде, сондай-ақ аталған ақпаратты салық органдарынан, ішкі істер органдарынан, мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдардан алу арқылы және Қазақстан Республикасының зандарында тыйым салынбаған басқа да тәсілдермен жүзеге асырады.

**473-бап. Кедендейк бақылауды жүзеге асыру кезінде
техникалық құралдарды пайдалану**

Кедендейк бақылау жүргізу уақытын қысқарту және оның оңтайлылығы мен тиімділігін арттыру мақсатында кеден органдары тізбесі мен қолдану тәртібін үәкілетті орган белгілейтін техникалық құралдарды пайдалана алады.

Көрсетілген техникалық құралдар адамның өмірі мен денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктердің өсіп-өнуіне қауіпсіз болуға және тұлғаларға, тауарларға және көлік құралдарына зиян келтірмеуге тиіс.

**474-бап. Кедендейк бақылауды жүзеге асыру кезінде кеден
органдарының кемелерін пайдалану**

1. Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен ішкі суларының шектерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кедендейк шекарасына жапсарлас аумақта тауарлар мен көлік құралдарын кедендейк бақылау кеден органдарының теңіз, ішкі сулар және әуе кемелерін пайдалана отырып жүзеге асыралады.

2. Теңіз, ішкі сулар және әуе кемелерін пайдалана отырып кедендейк бақылауды жүзеге асырған кезде кеден органдары:

1) көлік құралында кедендейк бақылауға жататын тауарларды заңсыз өткізу белгілері табылған жағдайда көлік құралын тоқтатуға және оны тексеріп қарастауға;

2) көлік құралындағы қылмыс жасады деп құдік тудырған адамдарды Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарында көзделген тәртіппен ұстауда;

3) егер ізіне тұсу Қазақстан Республикасының ішкі суларында, аумақтық суларында (теңізінде) тоқтау туралы көру немесе есту сигналы оны көруге немесе естуге мүмкіндік беретін қашықтықтан берілгенден кейін басталса және үздіксіз жүргізілсе, Қазақстан Республикасының кедендейк аумағынан кеден органдарының рұқсатынсыз Қазақстан Республикасының кедендейк шекарасына жапсарлас аумаққа аттанған теңіз, ішкі сулар кемелерін олар өз елінің немесе үшінші мемлекеттің аумақтық суларына (теңізіне) енгенге дейін Қазақстан Республикасының аумақтық суларының (теңізінің) шегінен тыс жерде ізіне тұсуге және ұстауда;

4) кеден ісі саласында құқық бұзушылықтар жасалған жағдайда, көлік құралдарын Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес алып қою үшін ұстауда;

5) осы Кодексте көзделген жағдайларда көлік құралдарын ілестіріп алып жүргүре, оның ішінде кеден органдарының лауазымды адамдарын оларға отырызып алып жүргүре құқылы.

3. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде кеден органдары кемелерінің еkipаждарына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

1) тиістілігіне және қандай мақсатқа арналғанына қарамастан, Қазақстан Республикасының су және әуе кеңістігін, Қазақстан Республикасының аумағындағы теңіз және өзен порттарының айдындарын, сондай-ақ әуежайларды, әуеайлактарды (қону алаңдарын) пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті мемлекеттік органымен келісілген тәртіппен портқа кіретін және порттан шығатын жерлерді пайдалануға ;

3) кеден органдарына жүктелген міндеттерді шешу үшін қажетті навигациялық, гидрометеорологиялық, гидрографиялық және өзге де ақпаратты өтеусіз алуға құқық беріледі.

475-бап. Тауарлармен және көлік құралдарымен жүргізілетін, кедендік бақылау үшін қажетті жүк операциялары мен өзге де операциялар

1. Кеден органының талабы бойынша декларант, қойманың иесі, кеден брокері және тауарларға қатысты өкілеттіктері бар өзге де тұлға кедендік бақылауға жататын тауарларды тасымалдауды, өлшеуді немесе тауардың мөлшерін өзгеше айқындауды, тауарларды тиеуді, түсіруді, қайта тиеуді, бүлінген орамды түзетуді, орамды ашуды, тауарларды орауды не қайта орауды, сондай-ақ үй-жайларды, ыдыстарды және мұндай тауарлар бар немесе болуы мүмкін басқа да орындарды ашуды жүргізуге міндетті.

2. Тасымалдаушы өзі тасымалдайтын тауарлармен және көлік құралдарымен жүк және өзге де операциялардың жүргізуіне жәрдемдесуге міндетті.

3. Тауарлармен және көлік құралдарымен жүргізілетін жүк операциялары мен өзге де операциялар кеден органы үшін қандай да болмасын қосымша шығыстарға әкеп соқпауға тиіс.

476-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын, үй-жайларды және басқа да орындарды бірдейлендіру

1. Кедендік бақылауға жататын көлік құралдарын, үй-жайларды, ыдыстарды және тауарлар мен көлік құралдары бар немесе болуы мүмкін басқа да орындар мен бақылауы кеден органдарына жүктелген қызмет жүзеге асырылатын орындарды, сондай-ақ кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын кеден органдары бірдейлендіре алады.

2. Бірдейлендіру пломбылар қою, мөр басу, санмен, әріппен және өзге де таңба қою, бірдейлендіру белгілерін салу, мөртабандар қою, сынамалар мен үлгілерді іріктеп алу, тауарларды егжей-тегжейлі сипаттап жазу, сызбалар жасау, масштабтық бейнелер, фотосуреттер, иллюстрациялар жасау, тауардың ілеспе құжатын және өзге де құжаттаманы пайдалану жолымен және өзге де тәсілдермен жүргізіледі.

3. Бірдейлендіру құралдарын қолдану және дайындау тәртібін, сондай-ақ олардың стандарттарын уәкілетті орган белгілейді. Кедендік мақсаттар үшін бірдейлендіру құралдары ретінде пломбылар, мөрлер немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шетел мемлекеттерінің кеден органдары қойған өзге де бірдейлендіру құралдары танылуы мүмкін.

4. Тауарлар мен көлік құралдары жойылуының, қайтарымсыз жоғалуының немесе елеулі түрде бүлінуінің нақты қаупі болу жағдайларын қоспағанда, бірдейлендіру құралдарын тек кеден органдары өзгертуі, алып тастауы немесе

жоюы мүмкін немесе бұл олардың рұқсатымен ғана жүзеге асырылады. Кеден органына бірдейлендіру құралдарының өзгерістері, алынып тасталуы немесе жойылуы туралы тез арада хабарланады және аталған қатердің бар екендігіне дәлелдеме беріледі.

477-бап. Кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын түгендеу

Кеден органдары кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарына, сондай-ақ оларға қатысты кедендік төлемдер және салықтар төленбеген немесе кедендік төлемдер және салықтар бойынша жеңілдіктер берілген тауарларға кез келген уақытта түгендеу жүргізуге құқылы.

478-бап. Тұлғалардың кедендік бақылау жүргізу уақытының ең қысқа кезеңі туралы талаптарды сақтауы

Тұлғалар кедендік бақылау жүргізу үшін қажетті ең қысқа уақыт кезеңі туралы талаптарды сақтауға міндетті. Тұлғага өзінің осындай талаптарды сақтамауының салдарынан келтірілген зиян өтелуге жатпайды.

479-бап. Кедендік бақылау жүргізу кезінде заңсыз зиян келтіруге жол бермеушілік

Кедендік бақылау жүргізу кезінде тасымалдаушыға, декларантқа, олардың өкілдеріне, уақытша сақтау қоймаларының, кеден қоймаларының, бос қоймалардың иелеріне, бажсыз сауда дүкендерінің иелеріне және кедендік бақылау жүргізу кезінде кеден органдарының әрекеттері (әрекетсіздігі) және шешімдері мұдделеріне әсер ететін өзге де тұлғаларға, сондай-ақ тауарлар мен көлік құралдарына заңсыз зиян келтіруге жол берілмейді.

13-Бөлім. Валюталық және экспорттық бақылау саласындағы кедендік бақылау

62-тарау. Кеден органдарының валюталық бақылау саласындағы функциясы

480-бап. Кеден органдарының валюталық бақылау саласындағы функциялары

Кеден органдары өз өкілеттіктерінің шегінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу кезінде Қазақстан Республикасы валюталық заңдарының сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді.

481-бап. Кеден органдарының валюталық бақылау саласындағы өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының валюталық заңдарын сақтау мақсатында кеден ор га н д а р ы :

1) сыртқы экономикалық қызметке қатысуышылардың Қазақстан Республикасының валюталық заңдарын сақтауды қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес тауарлардың және көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы қозғалысы туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін хабардар е т е д і ;

3) кеден органдары анықтаған Қазақстан Республикасының валюталық заңдарын бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін және екінші деңгейдегі банктерді хабардар етеді.

Ескеरту. 481-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

63-тaraу. Кеден органдары жүзеге асыратын экспорттық бақылау

482-бап. Экспорттық бақылау органы ретіндегі кеден органдары

1. Кеден органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз құзыреті шегінде экспорттық бақылау саласындағы реттеуді жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз құзыреті шегінде экспорттық бақылау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді шығару жолымен кеден органдарының функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды.

483-бап. Кеден органдарының экспорттық бақылау саласындағы құзыреті

1. Кеден органдары экспорттық бақылауға жататын тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтуі кезінде оларға кедендік бақылауды жүзеге асырады .

2. Кеден органдары экспорттық бақылау саласындағы нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға қатысады, экспорттық бақылауға жататын өнімдердің Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы заңсыз өткізілуінің алдын алады және жолын кеседі.

484-бап. Ақпараттың жасырындығын сақтау

Кеден органдарының экспорттық бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адамдары сыртқы экономикалық қызметке қатысуышылардан және

өзге де тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардан өздері алған ақпараттың жасырындығын сақтауға міндетті.

14-Бөлім. Тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет меншігіне айналдыру

64-тарау. Тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет меншігіне айналдыру

485-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет меншігіне айналдыру

Тауарлар мен көлік құралдары:

1) кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша тәркілеу қолданылған кезде сот шешімінің;

2) мемлекеттің пайдасына тауардан бас тартудың кедендік режимінде ресімделген кедендік декларацияның және тауарларды немесе көлік құралдарын қабылдап алу-беру актісінің негізінде мемлекет меншігіне айналдырылады.

486-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын сот шешімі бойынша мемлекет меншігіне айналдыру тәртібі

1. Тауарлар мен көлік құралдары кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап мемлекет меншігіне айналады.

2. Кеден органы сот шешімінің негізінде қабылдап алу-беру актісі бойынша тәркіленген тауарларды немесе көлік құралдарын тиісті уәкілетті мемлекеттік органға береді.

487-бап. Мемлекеттің пайдасына тауардан бас тартудың кедендік режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет меншігіне айналдыру тәртібі

1. Тауарлар мен көлік құралдарын өткізген тұлға мемлекеттің пайдасына тауардан бас тартудың кедендік режимінде ресімделген кедендік декларацияны кеден органына мәлімдейді және береді.

2. Мемлекеттің пайдасына тауардан бас тартудың кедендік режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдары кедендік декларация және қабылдап алу-беру актісі бойынша тауарларды немесе көлік құралдарын тиісті уәкілетті мемлекеттік органға берген кезден бастап мемлекет меншігіне айналады.

65-тарау. Кеден органдары мемлекет меншігіне айналдырылған тауарлармен көлік құралдарына билік ету тәртібі

488-бап. Мемлекет меншігіне айналдырылған тауарлар мен көлік құралдарына билік ету

Мемлекет меншігіне айналдырылған тауарлар мен көлік құралдарына билік ету Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен және жағдайларда жүргізіледі.

489-бап. Мемлекет меншігіне айналдырылған тауарлар мен көлік құралдарына билік ету тәсілдері

1. Мемлекет меншігіне айналдырылған тауарлар мен көлік құралдарына билік ету Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен оларды өткізу, одан әрі пайдалану, кәдеге жарату немесе жою жолымен жүргізіледі.

2. Егер тауарлардың жекелеген санаттарына қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, осындай тауарлар мен көлік құралдарын жою немесе кәдеге жарату - тауарларды өткізетін тұлғаның есебінен, егер ол тұлға анықталмаса - меншік иесінің немесе иесінің есебінен, ал олар болмаған кезде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 489-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.06.20. N 62, 2006.06.22. N 147 Зандарымен.

490-бап. Сот шешімі бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған тауарлар мен көлік құралдарын өткізу

1. Мемлекет меншігіне айналдырылған тауарлар мен көлік құралдарын өткізу сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап жүзеге асырылады.

2. Аталған тауарлар мен көлік құралдарын өткізу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

491-бап. Мемлекеттің пайдасына тауардан бас тартудың кедендік режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдарын өткізу

1. Кеден органдары мемлекеттің пайдасына тауардан бас тартудың кедендік режимінде ресімделген кедендік декларацияға және тауарларды немесе көлік құралдарын қабылдап алу-беру актісіне сәйкес, көрсетілген тауарларды немесе көлік құралдарын қабылдап алу-беру актісі ресімделген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тиісті уәкілетті мемлекеттік органға тапсырады.

2. Мемлекеттің пайдасына тауардан бас тартудың кедендік режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдарын өткізуді тиісті уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

**492-бап. Мемлекет меншігіне айналдырылған тауарлар
мен көлік құралдарын өткізуден алынған
қаражат**

Мемлекет меншігіне айналдырылған тауарлар мен көлік құралдарын өткізуден алынған қаражат тиісті бюджетке туседі.

15-Бөлім. Шағымды қарау және ол бойынша шешім қабылдау

**66-тарау. Кеден органының және кеден органды
лауазымды адамының шешіміне, әрекеттеріне
(әрекетсіздігіне) шағымдану**

493-бап. Шағымдану құқығы

1. Егер кеден органының және (немесе) кеден органды лауазымды адамының шешімі және (немесе) әрекеттері (әрекетсіздігі) салдарынан кез келген тұлғаның құқықтары мен мұдделері бұзылса, оларды іске асыруға кедергілер туындаса не оған қандай да болмасын міндет заңсыз жүктелсе, кез келген тұлға, сондай-ақ оның өкілдері осындай шешімге, әрекеттерге (әрекетсіздікке) кеден органдарына, оның ішінде жоғары тұрган кеден органына не уәкілетті органға және (немесе) с отқа шағымдануға құқылы.

2. Уәкілетті орган шығарған Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шағым жасалуы мүмкін.

3. Сотқа жіберілетін шағымды беру, қарау және шешу тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес белгіленеді.

4. Сотқа шағым беру шағым бойынша шешімнің орындалуын тоқтата тұрады.

494-бап. Шағым беру тәртібі

1. Кеден органы лауазымды адамының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым осындай шешім қабылдаған немесе әрекеттер (әрекетсіздік) жасаған лауазымды адам қызмет істейтін кеден органына не жоғары тұрган кеден органына беріледі. Кеден органының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жоғары тұрган кеден органына не уәкілетті органға беріледі.

2. Егер шағымды жоғары тұрган кеден органы қарауға тиіс болса, онда шағым, сондай-ақ ол бойынша материалдар (егер олар бар болса), тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оның мекенжайына шағым берген адамды хабардар ете отырып жіберіледі.

3. Шағым жоғары тұрган кеден органына берілген кезде, осы орган шағым тіркелген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, кеден органының

шағым берілген шешіміне әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қорытынды мен материалдарды сұратады немесе шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған лауазымды адамы туралы кеден органының қорытындысы мен материалдарын сұратады.

495-бап. Шағым беру мерзімдері

1. Кеден органының және кеден органы лауазымды адамының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым:

1) тұлғаға кеден ісі саласында оның құқығының бұзылуы, оларды іске асыруға кедергілер жасалуы не Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделмеген қандай да болмасын міндеттемелерді жүктеу туралы белгілі болған
куннен бастап;

2) кеден органы немесе осы органның лауазымды адамы Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделген шешімді қабылдау үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап бір жылға дейінгі мерзімде берілуі
мүмкін.

2. Кеден органының берешек пен өсімпұлды өндіріп алу туралы хабарламасына шағым он күнге дейінгі мерзімде берілуге тиіс.

3. Дәлелді себеппен өтіп кеткен шағым беру мерзімі шағымданған тұлғаның жазбаша өтініші негізінде сот тәртібімен қалпына келтірілуі мүмкін.

496-бап. Шағымның нысаны мен мазмұны

1. Шағым жазбаша түрде беріледі.

2. Шағымда:

1) шағымның берілген күні;

2) шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған кеден органының атауы немесе кеден органы лауазымды адамының қызметі, тегі, аты және әкесінің аты (егер олар белгілі болса);

3) шағым беріп отырған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы, оның тұрғылықты жері немесе орналасқан жері;

4) кеден органының және (немесе) кеден органы лауазымды адамының шағым жасалған шешімінің, әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) мәні;

5) тұлға кеден органының және (немесе) кеден органы лауазымды адамының шағым жасалған шешімі, әрекеттері (әрекетсіздігі) арқылы өзінің құқығы бұзылды, оларды іске асыруға кедергілер жасалды не заңсыз қандай да болмасын міндеттер жүктелді деп есептеуіне негіз болған жағдайлар көрсетілуге тиіс.

3. Шағымда істің мәні үшін маңызы бар өзге де мәліметтер көрсетілуі мүмкін.

4. Шағымда шағым беруші адам немесе оның өкілі қол қоюға тиіс.

5. Шағымға кеден органды және (немесе) кеден органы лауазымды адамы шешімінің, әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) заңсыздығын растайтын құжаттар және (немесе) материалдар (олар болған кезде) қоса тіркеледі.

497-бап. Шағым берудің салдарлары

Ш а ғ ы м б е р у :

1) жоғары тұрған кеден органды немесе шағымды қарайтын уәкілетті орган шағым жасалған кеден органының және (немесе) кеден органы лауазымды адамының шешімі, әрекеттері (әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасы кеден заңдарына сәйкес келмейді деп үйгариға жеткілікті негіз бар деп есептеген;

2) берешек пен өсімпұлды өндіріп алу туралы хабарламаға шағым жасалған жағдайларды қоспағанда, кеден органының және (немесе) кеден органы лауазымды адамының шағым жасалған шешімін немесе әрекеттерін (әрекетсіздігін) орындауды тоқтата тұrmайды.

67-тарау. Кеден органының және кеден органы лауазымды адамының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды қарau

498-бап. Шағымды қарайтын органдар

1. Кеден органының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды жоғары тұрған кеден органы не уәкілетті орган қарайды.

2. Кеден органы лауазымды адамының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды - осы лауазымды адам қызмет атқаратын кеден органы немесе жоғары тұрған кеден органы, ал кеден органы басшысының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды жоғары тұrған кеден органы, уәкілетті орган

қ а р а й д ы .

3. Кеден органының атынан шағым бойынша шешімді осы кеден органының басшысы немесе оның орнындағы адам қабылдайды. Бұл ретте шағымдарды қарауды кеден органының шешім қабылдаған, әрекеттер (әрекетсіздік) жасаған лауазымды адамы немесе оған қарағанда төмен тұrған лауазымды адам жүргізе а л м а й д ы .

4. Тұлғаның шағымы тұскен күні тиісті органда міндетті тіркелуге тиіс. Кеден органының шағымды тіркеуден бас тартуға құқығы жоқ.

499-бап. Шағымды қarau

1. Тұлғаның белгіленген тәртіппен тіркелген шағымын шағымның мәні бойынша тиісті кеден органы қарайды.

2. Шағым мәні бойынша мынадай жағдайларда:

1) белгіленген шағымдану мерзімі сақталмаған және тұлға өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш бермеген не өтіп кеткен мерзімді

қалпына келтіру туралы өтініш қабылданбаған;

2) шағымға қол қойылмаған немесе тиісті түрде өз өкілеттіктерін растамаған тұлға немесе оның өкілі қол қойған;

3) кеден ісі саласында құқықтық өкілеттігі жоқ өзге органның шешімі, әрекеттері (әрекетсіздігі) шағымның нысанасы болып табылған жағдайда қаралмайды.

3. Жаңа дәлелдер немесе жаңадан ашылған мән-жайлар келтірілмей қайта берілген шағым, егер ол бойынша егжей-тегжейлі материал бар болса және шағым берген тұлғаға белгіленген тәртіппен жауап қайтарылған болса, қарауға жатпайды.

4. Шағымды қарауға қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама оны тіркеген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бас тарту себептері көрсетіле отырып, шағым берген тұлғаға жазбаша нысанда жіберіледі.

500-бап. Шағымды қайтарып алу

1. Шағым берген тұлға шағым бойынша шешім қабылданғанға дейін кез келген сатысында оны қайтарып алуына болады.

2. Қайтарып алу шағымды қайтарып алуға негіз болған дәлелдер көрсетіле отырып, жазбаша нысанда ресімделеді.

501-бап. Шағымды қарау мерзімдері

1. Қосымша зерделеуді және (немесе) тексеруді талап ететін шағымдарды қоспағанда, шағым тіркелген күннен бастап он бес күн мерзімнен кешіктірмей қаралуға және ол бойынша шешім қабылдануға тиіс.

2. Қосымша зерделеуді және (немесе) тексеруді талап ететін шағым оны тіркеген күннен бастап бір айға дейінгі мерзімде қаралуға тиіс.

502-бап. Шағым бойынша шешім

1. Шағымды қарау нәтижелері бойынша жоғары тұрған кеден органы немесе уәкілетті орған:

1) кеден органының немесе кеден органы лауазымды адамының шешімін, әрекеттерін (әрекетсіздігін) занды деп таниды;

2) кеден органының немесе кеден органы лауазымды адамының шешімін, әрекеттерін (әрекетсіздігін) толық не ішінана заңсыз деп таниды және оны өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жаңа шешім қабылдауға міндеттейді.

2. Егер шағымды қарайтын жоғары тұрған кеден органы немесе уәкілетті орган қажет деп тапса, онда бір шағым бойынша осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген, бірін-бірі теріске шығармайтын бірнеше шешім қабылдануы мүмкін.

3. Шағымды қарайтын орган кеден органы лауазымды адамының шешімін, әрекеттерін (әрекетсіздігін) зансыз деп таныған немесе осы адам өзіне жүктелген

лауазымдық міндеттерін тиісінше орындаған жағдайда лауазымды адамды тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапқа тарту жөнінде шаралар қолданады

4. Шағымды қарайтын жоғары тұрған кеден органының немесе уәкілетті органның шешімі жазбаша нысанда қабылданады және онда:

- 1) шағымды қараған органының атауы;
- 2) шағым бойынша шешім қабылдаған органының лауазымды адамының қызметі, тегі және аты-жөні;
- 3) шағым жасаған тұлғаның тегі және аты-жөні немесе атауы;
- 4) шағымның қысқаша мәні;
- 5) шағым бойынша қабылданған шешім;
- 6) қабылданған шешімнің дәлелдемелері және негіздері;
- 7) кеден ісі саласында бұзушылыққа жол берген лауазымды адамға қатысты қолданылған шарапалар;
- 8) қабылданған шешімге шағымдану тәртібі туралы мәліметтер болуға тиіс.

5. Осы Кодекстің 501-бабында белгіленген мерзімдерде шағым берген тұлғага шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімнің көшірмесі жіберіледі.

68-тaraу. Кеден органының және кеден органы лауазымды адамының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданудың оңайлатылған тәртібі

503-бап. Кеден органының және кеден органы лауазымды адамының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) (әрекетсіздігіне) шағымданудың оңайлатылған тәртібі

1. Тұлға кеден органының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) - жоғары тұрған кеден органының басшысына, ал кеден органы лауазымды адамының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) осы лауазымды адам қызмет істейтін кеден органының басшысына немесе оның орнындағы адамға оңайлатылған тәртіппен шағымдануға құқылды.

2. Егер өткізуге байланысты тұлға шағым жасап отырған шешім қабылданған, әрекеттер (әрекетсіздік) жасалған, сондай-ақ өзге де әрекеттер жасалған және тұлғаның пікірі бойынша, заңсыз шығыстарға әкеп соққан тауарлар мен көлік құралдарының құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы занда белгіленген жүз айлық есептік көрсеткіштен аспаса, кеден органының және кеден органы лауазымды адамының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) оңайлатылған тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

3. Кеден органының және кеден органы лауазымды адамының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды оңайлатылған тәртіппен қарау және ол бойынша шешім қабылдау осы Кодексте көзделген тәртіппен және мерзімдерде шағым беру үшін кедергі болып табылмайды.

504-бап. Оңайлатылған тәртіппен шағымдану және шешім қабылдау тәртібі

1. Кеден органының және кеден органы лауазымды адамының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданудың оңайлатылған тәртібі тұлғаның кеден органының басшысына жазбаша шағыммен өтініш жасауынан тұрады.

2. Оңайлатылған тәртіппен берілген шағым тез арада қарауға жатады және ол бойынша шешім шағым берілген күні қабылдануға тиіс.

3. Оңайлатылған тәртіппен шағымды қаралған кезде шағымды қаралтын кеден органының басшысы оңайлатылған тәртіппен шағымды қарау туралы акті жасайды, онда шағым жасаған тұлға туралы мәлімет, шағымның қысқаша мазмұны және қабылданған шешім көрсетіледі.

4. Шағымды қарау туралы актіге шағымды қаралған кеден органының басшысы және шағым жасаған тұлға қол қояды. Шағымды қарау туралы актінің көшірмесі шағым жасаған тұлғага беріледі.

16-Бөлім. Кеден органдарында қызмет атқару тәртібі

69-тaraу. Кеден органдарында қызмет атқару тәртібі

505-бап. Кеден органдарындағы қызмет

1. Кеден органдарындағы қызмет Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кеден органдарының міндеттерін, құқықтарын және міндеттемелерін, сондай-ақ құқық қорғау органдарының функцияларын іске асыру жөніндегі кәсіби қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы азаматтары мемлекеттік қызметінің арнаулы түрі болып табылады.

2. Кеден органдарында қызмет атқару тәртібі осы Кодекспен, осы Кодекске қайшы келмейтін бөлігінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен р е т т е л е д і .

Ескерту. 505-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.15 N 253 Заңымен

506-бап. Кеден органдарына қызметке қабылдау

1. Өзінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, өзіне жүктелген міндеттерді орындауға деңсаулық жағдайы, деңе бітімінің дамуы және білім деңгейі жөнінен қабілетті, кеден органдарына қызметке қабылданған Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматтары кеден органдарының

лауазымды адамдары болып табылады.

2. Кеден органдарына қызметке қабылдау үшін:

1) қызметке жарамдылығы туралы ішкі істер органдарының әскери-дәрігерлік комиссияларының медициналық қорытындысының болуы;

2) міндettі арнаулы тексерудің болуы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес болу қажет.

3. Кеден органдарына қызметке орналасқаннан кейін арнаулы атақ берілмей, үш айға дейін сынақ мерзімі белгіленеді.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарымен айқындалатын негіздер бойынша, сондай-ақ жағымсыз себептермен мемлекеттік қызметтен босатылған адамдарды кеден органдарына қызметке қабылдауға болмайды.

5. Кеден органдарына қызметке қабылданған әскери міндettілер белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарылады және кеден органдарында арнаулы есепте тұраады.

Ескерту. 506-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

507-бап. Жаңадан қабылданғандарды кеден органдарына қызметке қабылдау

Кеден органына қызметке орналасқан, жаңадан қабылданғандар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен кеден бекеттерінде, кедендерде және уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде міндettі тағымдамадан өтеді.

Ескерту. 507-баптың тақырыбы мен мәтінге өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

508-бап. Қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібі

Ескерту. 508-бап алынып тасталды - ҚР 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

509-бап. Кеден органы лауазымды адамының анты

Кеден органының лауазымды адамы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Қазақстан халқына адал болуға ант береді.

510-бап. Кеден органы лауазымды адамының арнаулы атақтары

1. Кеден органының лауазымды адамына атқаратын қызметіне және еңбек сінірген жылдарына сәйкес белгіленген тәртіппен мынадай арнаулы атақтар

б е р і л е д і :

- 1) кіші басшы құрам:
кеден қызметінің прaporщикі;
кеден қызметінің аға прaporщикі;
- 2) орта басшы құрам:
кеден қызметінің кіші лейтенанты;
кеден қызметінің лейтенанты;
кеден қызметінің капитаны;
- 3) аға басшы құрам:
кеден қызметінің майоры;
кеден қызметінің подполковникі;
- 4) жоғары басшы құрам:
кеден қызметінің генерал-майоры;
кеден қызметінің генерал-лейтенанты.

2. Арнаулы атақтар берілген кеден органдарының лауазымды адамдары нысанды киіммен тегін қамтамасыз етіледі. Киім нысанының ұлгілері мен айырым белгілерін, онымен қамтамасыз ету нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Нысанды киім кио тәртібін уәкілетті орган белгіледі.

3. Осы баптың ережелері мамандандырылған кеден мекемелерінің басшылары мен мамандарына да қолданылады.

511-бап. Кеден органдарының лауазымды адамдарына арнаулы атақтар беру тәртібі

1. Кеден органдарының лауазымды адамына берілетін арнаулы атақтар бірінші және кезекті болып бөлінеді.

2. Жоғары басшы құрамның арнаулы атақтарын Қазақстан Республикасының Президенті береді.

3. Кіші, орта, аға басшы құрамның арнаулы атақтарын уәкілетті органдарының басшысы береді.

4. Кеден органдарының лауазымды адамдарына арнаулы атақтар атқарып отырған лауазымдарына сәйкес беріледі.

5. Аға басшы құрамның лауазымына қабылданған адамдарға, егер оның анағұрлым жоғары дәрежелі шені, арнаулы немесе әскери атағы болмаса, кеден қызметінің подполковникі атағынан жоғары емес бірінші арнаулы атақ берілуі мүмкін.

6. Кеден қызметінің лейтенанты - бірінші арнаулы атағы төрт жыл және одан да артық оқу мерзімімен оқу орнын бітіргеннен кейін берілген және оқу орнында

алған немесе сол тектес мамандық бойынша кеден органдарында қызмет атқарып жүрген кеден органдарының лауазымды адамдары үшін кеден қызметінің лейтенанты атағында еңбек сіңіру мерзімі бір жыл болып белгіленеді.

7. Кеден қызметінің кіші лейтенанты бірінші арнаулы атағы:

1) кіші басшы құрамның лауазымдарындағы, орта арнаулы оқу орнын бітірген және орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған кеден органдарының лауазымды адамдарына;

2) тектес мамандық бойынша орта арнаулы оқу орындарын бітірген және орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған азаматтарға беріледі.

8. Кеден қызметінің лейтенанты арнаулы атағы:

1) кеден қызметінің кіші лейтенанттарына - арнаулы атақта белгіленген еңбек сіңірген жылдарының мерзімдері өткеннен кейін, жоғары оқу орындарын бітіргендеге - осы атақта еңбек сіңірген жылдарының мерзіміне қарамастан;

2) жоғары білімі бар, орта және аға басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған азаматтарға беріледі.

9. Кеден органының лауазымды адамына кезекті арнаулы атақ, атқарып отырған лауазымына аталған атақ сәйкес болған жағдайда және алдыңғы арнаулы атақта еңбек сіңірген жылдарының мерзімі аяқталғаннан кейін дәйекті р е т п е н б е р і л е д і .

10. Ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар кеден органының лауазымды адамына кезекті арнаулы атақ, атқарып отырған штаттық лауазым бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары, кеден қызметінің полковнигіне д е й і н қ о с а , б е р і л у і м ү м к і н .

11. Атқарып отырған лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары кезекті арнаулы атақ алдыңғы арнаулы атақта еңбек сіңірген жылдарының кемінде бір жарымындей мерзімі өткеннен кейін беріледі.

12. Кеден органдарының лауазымды адамдарына атқарып отырған лауазымына сәйкес мынадай шекті арнаулы атақтар берілуі мүмкін:

1) у ә к і л е т т і о р г а н д а :

Төраға - кеден қызметінің генерал-лейтенанты;

Төрағаның орынбасары - кеден қызметінің генерал-лейтенанты;

департаменттің және дербес басқарманың бастықтары - кеден қызметінің г е н е р а л - м а й о р ы ;

департамент және дербес басқарма бастығының орынбасарлары, департамент құрамындағы басқарма бастығы - кеден қызметінің полковнигі;

департамент құрамындағы басқарма бастығының орынбасары, бөлім бастығы - кеден қызметінің подполковнигі;

бөлімше бастығы, бас инспектор - кеден қызметінің майоры;

жетекші инспектор - кеден қызметінің капитаны;

2) облыстар (респубикалық маңызы бар қалалар, астана) бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде, кедендерде, мамандандырылған кеден мекемелерінде:

облыстар (респубикалық маңызы бар қалалар, астана) бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің бастығы - кеден қызметінің генерал-майоры;

облыстар (респубикалық маңызы бар қалалар, астана) бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі бастығының орынбасары, кеден бастығы, мамандандырылған кеден мекемесінің басшысы - кеден қызметінің полковнігі;

кеден бастығының орынбасары, мамандандырылған кеден мекемесі басшысының орынбасары, облыстар (респубикалық маңызы бар қалалар, астана) бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басқарма бастығы және бастығының орынбасары, кеден бекетінің бастығы, бөлім бастығы - кеден қызметінің подполковнигі;

кеден бекеті бастығының орынбасары, бөлім бастығының орынбасары - кеден қызметінің майоры;

бөлімше бастығы, бас инспектор - кеден қызметінің капитаны;

ага инспектор, инспектор - кеден қызметінің аға лейтенанты;

кіші инспектор - кеден қызметінің аға прaporщикі.

Ескерту. 511-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

512-бап. Арнаулы атақтарда болу мерзімдері

1. Кеден органдарының лауазымды адамдары үшін арнаулы атақтарда еңбек сінірген жылдарының мынадай мерзімдері белгіленеді:

- 1) кеден қызметінің прaporщикі - бес жыл;
- 2) кеден қызметінің кіші лейтенанты - бір жыл;
- 3) кеден қызметінің лейтенанты - екі жыл;
- 4) кеден қызметінің аға лейтенанты - үш жыл;
- 5) кеден қызметінің капитаны - үш жыл;
- 6) кеден қызметінің майоры - төрт жыл;
- 7) кеден қызметінің подполковнигі - бес жыл.

2. Кеден қызметінің аға прaporщикі, кеден қызметінің полковнігі атақтарында, сондай-ақ жоғары басшы құрамның атақтарында еңбек сінірген жылдарының мерзімдері белгіленбейді.

513-бап. Кезекті арнаулы атақты мерзімінен бұрын беру тәртібі

1. Кеден органдарының лауазымды адамына қызмет міндеттерін адал атқарғаны үшін көтермелеге ретінде, алдыңғы атақта еңбек сінірген жылдарының белгіленген мерзімдерінің кемінде жартысы өткеннен кейін, бірақ атқаратын қызметіне сәйкес арнаулы атақтан жоғары емес кезекті арнаулы атақ мерзімінен

бұрын

б е р і л у і

мұмкін.

2. Кеден органының лауазымды адамына кезекті арнаулы атақ оның кеден органдарында қызмет атқарған бүкіл кезеңі ішінде мерзімінен бұрын екі реттен артық берілмейді.

514-бап. Кезекті арнаулы атақты беруді тоқтата тұру тәртібі

1. Кеден органының лауазымды адамына тәртіптік жаза қолданылған (ауызша жарияланғаның қоспағанда), не оған қатысты қылмыстық іс қозғалған немесе оның қызмет тәртібін бұзу, сыйайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасау фактілері бойынша қызметтік тексеру жүргізіліп жатқан болса, оған кезекті арнаулы атақ беру тәртіптік жаза алынғанға дейін не ақтау негізdemесі бойынша қылмыстық іс тоқтатылғанға дейін немесе қызметтік тексеру аяқталғанға дейін тоқтатыла

тұрады.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген басқа жағдайларда, кеден органының лауазымды адамына негіzsіз кезекті арнаулы атақ беруді тоқтата тұрған кеден органының басшысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

515-бап. Кеден органының лауазымды адамын ротациялау тәртібі

1. Кеден органының лауазымды адамын сол кеден органында не сол жердегі басқа кеден органына немесе басқа жерге қызметке ротациялау үекілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

1-1. Үекілетті орган бөлімшелерінің басшылары, сондай-ақ үекілетті органдың облыстар (респубикалық маңызы бар қалалар, астана) бойынша аумақтық бөлімшелерінің, кедендердің, мамандандырылған кеден мекемелерінің басшылары және олардың орынбасарлары атқарып отырған басшылық қызметінде үздіксіз болғанына үш жыл өткеннен кейін сол кеден органында не басқа кеден органына ротациялануы мүмкін.

2. Кеден органдарының лауазымды адамын басқа жерге ротациялаған кезде оған өтем төлеу және өзге де шығыстарының орнын толтыру Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 515-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.26. N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

516-бап. Кеден органдарында қызметті тоқтатудың негіздері

1. Кеден органдарындағы қызметті тоқтату үшін:

- 1) осы Кодексте белгіленген тәртіппен жұмыстан босатылуы;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айрылуы;

3) кеден органдары лауазымды адамының Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе хабар-ошарсыз кетті д е п т а н ы л у ы ;

4) кеден органдары лауазымды адамының қайтыс болуы;

5) мемлекеттік қызметте болуына байланысты міндеттерді және шектеулерді сақта ауы ;

6) соттың айыптаушы үкімінің занды күшіне енуі немесе ақтауға жатпайтын негіздер бойынша қылмыстық істің тоқтатылуы негіз болып табылады.

2. Кеден органдарының лауазымды адамдары:

1) қызметке жарамсыздығы немесе жарамдылығының шектеулі болуы туралы тиісті комиссияның қорытындысы негізінде - денсаулық жағдайы бойынша;

2) штаттардың қысқартылуына байланысты;

3) ө з қ а л а у ы б о й ы н ш а ;

4) аттестаттау нәтижелері бойынша белгіленген қызметке сәйкес еместігі б о й ы н ш а ;

5) сынақ мерзімі ішінде қызметке жарамсыздығы анықталған жағдайда;

6) беделін түсіретін әрекет жасаған кезде;

7) қызмет тәртібін үнемі бұзғаны үшін;

8) Қазақстан Республикасының зандарында көзделген өзге де жағдайларда жұмыстан босатылады .

3. Егер запасқа шығарылатын кеден органдарының лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының зандарында әскери қызметке жарамды запастағы адамдар үшін белгіленген шекті жасқа жетпеген болса, әскери есепке қойыла отырып, запасқа шығарылады .

Ескерту. 516-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

70-тарау. Дене күшін, арнаулы құралдар мен атыс қаруын қолдану

517-бап. Дене күшін, арнаулы құралдар мен атыс қаруын қолдану бойынша негізгі ережелер

1. Осы Кодексте көзделген жағдайларда және тәртіппен кеден органдарының лауазымды адамдарының дене күшін, арнаулы құралдар мен атыс қаруын қ о л д а н у ғ а к ұ қ ы қ т а р ы б а р .

2. Кеден органының лауазымды адамы дене күшін, арнаулы құралдар мен атыс қаруын қ о л д а н ғ а н к е з д е :

1) дене күшін, арнаулы құралдар мен қаруды қолдануды кешеуілдету өзінің

өмірі мен денсаулығына тікелей қатер төндіретін, өзге де ауыр зардаптарға әкеп соғатын, тұтқылдан болған немесе қарулы шабуыл жасаған, әскери техника мен көлік құралдарын пайдаланып жасаған шабуыл кезінде немесе өзге де жағдайларда, осындай ескерту қалыптасқан жағдайда орынсыз болған немесе мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, оларды қолдану туралы ескертуге;

2) дene жарақатын алған адамдарға дәрігер келгенге дейінгі көмек көрсетуді қамтамасыз етуге және болған оқиға туралы кеден органының басшысына немесе оның орнындағы адамға дереу хабарлауға;

3) құқық бұзушылықтың сипаты мен оны жасаған адамдардың қауіптілік деңгейіне, сондай-ақ көрсетілген қарсылықтың күшіне қарай қауіпті жою кезіндегі залалдың мейлінше аз болуына ұмтылуға міндettі.

Кеден органының басшысы немесе оның орнындағы адам атыс қаруын қолдану, кісі өлімі немесе денеге зақым келу фактілері туралы прокурорға және жоғары тұрған кеден органының басшысына шұғыл хабарлауға міндettі.

3. Қарулану құралдарын, арнаулы құралдар мен қызметтік жануарларды есепке алуды жүргізу, сақтау және пайдалану тәртібін уәкілетті орган айқындауды .

4. Дене күшін, арнаулы құралдар мен атыс қаруын белгіленген тәртіпті бұза отырып қолдану Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жауаптылықта әкеп соғады.

518-бап. Дене күшін қолдану

1. Кеден органдарының лауазымды адамдары кеден органдарына жүктелген міндеттерді зорлық тәсілдерінсіз орындауды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайлардаған дene күшін, соның ішінде құрестің жауынгерлік тәсілдерін қолдануға құқылыш .

2. Мынадай жағдайларда :

1) құқық бұзушылық сипатын және нақты жағдайларды ескере отырып, кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу;

2) құқық бұзушыларды және кеден органдары лауазымды адамдарына қызмет міндеттерін жүзеге асыруда қарсылық көрсеткен немесе кедергі жасаған адамдарды ұсташа үшін дene күші қолданылады.

3. Әйелдерге, мүгедектіктің айқын белгілері бар адамдарға және жас балаларға қатысты, олар адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қарулы қарсылық көрсеткен және (немесе) топтасып шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, дene күшін қолдануға тыбым салынады.

Ескерту. 518-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.26 N 312 (ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

519-бап. Арнаулы құралдарды қолдану

1. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде кеден органдарының лауазымды а д а м д а р ы :

1) кеден органдарының лауазымды адамдарына және өзге де адамдарға жасалған шабуылдарға тойтарыс беру үшін;

2) кеден органдарына тиесілі немесе олардың пайдалануындағы үйлерге (құрылыстарға, ғимараттарға), көлік құралдарына, кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарына жасалған шабуылға тойтарыс беру үшін, сондай-ақ аталған объектілер басып алынған жағдайда оларды босату үшін;

3) кеден органының лауазымды адамына дene күshіn қолданып қарсылық көрсетудің жолын кесу үшін;

4) егер құқық бұзушылар күш көрсетіп қарсыласса немесе өзгедей қарсы әрекет жасаса, ол адамдарды ұстау, кеден органына не Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына жеткізу үшін;

5) көлік құралына қатысты кеден ісі саласындағы құқық бұзушылық объектісі болып табылады деп ойлауға негіз болғанда аталған көлік құралын тоқтату үшін мынадай арнайы құралдарды: кісендерді, резенке таяқтарды, көзден жас ағызатын заттарды, үй-жайларды ашуға арналған, көлікті мәжбүрлеп тоқтатуға арналған құрылғыларды, сондай-ақ басқа да арнайы құралдар мен техникины қ о л д а н у ғ а құқығы бар .

2. Әйелдерге, мүгедектіктің айқын белгілері бар адамдарға және жас балаларға қатысты, олар адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қарулы қарсылық көрсеткен және (немесе) топтасып шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, арнаулы құралдарды қолдануға тыйым салынады.

3. Кеден органдарының лауазымды адамдары қолданатын арнаулы құралдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

520-бап. Атыс қаруын алыш жүру, сақтау және пайдалану

1. Атыс қаруын алыш жүру, сақтау және пайдалану құқығы берілген кеден органдары лауазымды адамдарының санаттарын, сондай-ақ атыс қаруы мен оқ-дәрі түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Атыс қаруы осы Кодекстің 521-бабында белгіленген жағдайларда қ о л д а н ы л а д ы .

3. Кеден органдарының лауазымды адамдары қарулар мен оқ-дәрілерді жоғалтқаны, ұқыпсыз сақтағаны, оларды күзету жөніндегі міндеттерін тиісінше орындағаны үшін Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапты б о л а д ы .

Ескерту. 520-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2005.06.20. N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

521-бап. Атыс қаруын қолдану және пайдалану

1. Кеден органдарының лауазымды адамдары мынадай жағдайларда:

1) кеден органдарының лауазымды адамдарына және олардың отбасы мүшелеріне топтасып жасалған және (немесе) қарулы шабуылға тойтарыс беру, сол сияқты кеден органдары лауазымды адамдарының қаруын тартып алуға әрекет жасаудың жолын кесу үшін;

2) кеден органдарының иелігіндегі және (немесе) пайдалануындағы үй-жайларға, үйлерге (құрылғыларға, құрылыштарға) және көлік құралдарына, жасалған қарулы шабуылға тойтарыс беру үшін, сондай-ақ кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын қару қолданып иеленіп кетуге әрекет жасалған жағдайларда;

3) қарулы қарсылық көрсеткен не ауыр қылмыс жасау үстінде қолға түскен адамдарды, сондай-ақ қаруды тапсыру туралы заңды талапты орындаудан бастартқан қарулы адамдарды ұстау үшін;

4) егер көлік құралын жүргізетін адам кеден органдары лауазымды адамдарының заңды талаптарына бағынбаса, көлік құралдарын істен шығару арқылы оларды тоқтату үшін;

5) хайуанаттардың шабуылынан қорғану үшін;

6) қару қолданатындығы туралы ескерту, дабыл белгісін беру немесе көмекке шақыру үшін;

7) қажетті қорғаныс және аса қажетті өзге де жағдайларда атыс қаруын қолдануға құқылды.

2. Әйелдерге, мүгедектіктің айқын белгісі бар адамдарға және кәмелетке толмағандарға қатысты, олар қарулы қарсылық көрсеткен және (немесе) қарулы немесе топтасып шабуыл жасаған жағдайлардан басқа кезде, сондай-ақ қару қолдану азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі мүмкін жағдайларда қару қолдануға тыйым салынады.

3. Қару қолданудың барлық жағдайларында кеден органының лауазымды адамы айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардал шеккендерге жедел медициналық көмек көрсету үшін қажетті шаралар қолдануға, прокурорды, жоғары тұрған кеден органын хабардар етуге міндетті.

71-тaraу. Кеден органдарының лауазымды адамдарын материалдық қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау

522-бап. Кеден органдарының лауазымды адамдарына еңбекақы төлеу

1. Кеден органдарының лауазымды адамдарына ақшалай үлес Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін бюджет есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірынғай

жүйесі негізінде белгіленеді және оған Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін тәртіппен ақшалай қаражат, қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін үстеме ақы кіреді.

2. Кеден органы лауазымды адамдарының ақшалай қаражаты лауазымдық айлықақы мен арнаулы атақ үшін қосымша ақыдан тұрады.

3. Еңбек сінірген жылдарына қарай лауазымдық айлықақыға коэффициент белгілеу құқығын беретін қызмет стажына мемлекеттік қызмет туралы заңдарға сәйкес қызмет (жұмыс) істеген уақыт есептеледі.

Ескерту. 522-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2005.06.20. № 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

523-бап. Кеден органдарының лауазымды адамдарын көтермелеу

1. Қызмет міндеттерін ұлгілі орындағаны және қызметтегі жоғары көрсеткіштері үшін кеден органдарының лауазымды адамдарына көтермелеу мен наградалардың мыйнадай түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) бір жолғы ақшалай сыйақы беру;
- 3) бағалы сыйлықпен марапаттау;
- 4) Құрмет грамотасымен марапаттау;

5) "Кеден органдарындағы үздік қызметі үшін" омырауға тағатын белгісімен марапаттау;

6) "Кеден қызметінің еңбек сінірген қызметкері" Құрмет белгісімен марапаттау;

6-1) 3, 2, 1 дәрежелі «Кеден органдарындағы мінсіз қызметі үшін» ведомствоның медалімен марапаттау;

6-2) «Кедендік ынтымақтастықты дамытқаны үшін» ведомствоның медалімен марапаттау;

6-3) «Кеден қызметінің ардагері» ведомствоның медалімен марапаттау;

7) кезекті арнаулы атақты мерзімінен бұрын беру;

8) атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген атақтан бір саты жоғары арнаулы атақ беру;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де көтермелеу нысандары көзделеді.

2. Көтермелеу ретінде бұрын берілген тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 523-бапқа өзгерту енгізілді - 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

524-бап. Кеден органы лауазымды адамының демалысы

Кеден органдары лауазымды адамдарына екі лауазымдық айлықақысы мөлшеріндегі сауығуға арналған жәрдемақы төлене отырып, ұзақтығы күнтізбелік отыз күндік жыл сайынғы ақы төленетін демалыс беріледі.

525-бап. Кеден органдары лауазымды адамдарын зейнетақымен қамсыздандыру

Кеден органдарының лауазымды адамдарын зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы зандарына сәйкес жүзеге асырылады.

526-бап. Кеден органдары лауазымды адамдарын құқықтық және әлеуметтік қорғау

1. Кеден органдарының лауазымды адамдары мемлекеттік биліктің өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

2. Кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндетін орындауға байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда қаза тапқан адамның отбасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жағдайларда және тәртіппен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын алаң алуға құқылы.

3. Кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін орындауға байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда - қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасына немесе асырауындағы адамдарға (мұрагерлеріне):

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен бюджет қаражаты есебінен қаза тапқан адамның атқарған соңғы қызметі бойынша алпыс айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде біржолғы өтем төленеді;

2) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген мөлшерде және тәртіппен асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайндалады.

4. Кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін орындаудына байланысты, өзінің кәсіби қызметін одан әрі жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтіндей болып мертіккен не денсаулығына өзге де зақым келген жағдайда, аталған адамға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен бюджет қаражаты есебінен мынадай мөлшерде:

1) бірінші топтағы мүгедекке - отыз айлық ақшалай қаражат мөлшерінде;

2) екінші топтағы мүгедекке - он сегіз айлық ақшалай қаражат мөлшерінде;

3) үшінші топтағы мүгедектерге - алты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде;

4) мүгедектік белгіленбей, еңбек қабілетін тұрақты жоғалтуы анықталған кезде - бір жарым айлық ақшалай қаражат мөлшерінде біржолғы өтем төленеді.

5. Егер кеден органы лауазымды адамының қаза табуы (қайтыс болуы), жарақат алуы, жаралануы (мертігуі), ауруы қызметтік міндеттерін атқаруына қатысы жоқ жағдайларға байланысты болғандығы Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, біржолғы өтем төленбейді.

Ескерту. 526-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2005.06.20 N 62 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

72-тaraу. Кеден органдарының және олардың лауазымды адамдарының жауаптылығы

527-бап. Кеден органдарының жауаптылығы

1. Кеден органдары Қазақстан Республикасының кеден заңдарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Кеден органдарының Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес келмейтін актілер шығаруы салдарынан келтірілген зиян Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес өтелуге тиіс.

528-бап. Кеден органдары лауазымды адамдарының жауаптылығы

Кеден органдарының лауазымды адамдары заңсыз шешімдер шығарғаны, әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық және өзге де жауаптылықта болады.

73-тaraу. Қорытынды және өтпелі ережелер

529-бап. Осы Кодексті қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Кодекс, 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 19-баптың 12) тармақшасын, 290-баптың 5-тармағын және 433-баптың 2-тармағын қоспағанда, 2003 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі.

530-бап. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы

2003 жылғы 1 мамырдан бастап "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 18, 367-құжат; 1997 ж., N 11, 144-құжат; N 12, 189-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 46-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 20, 717-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; N 10, 244-құжат; N 18, 338-құжат; 2001 ж., N 15-16, 224-құжат; N 20, 257-құжат; N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 6, 74-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат) күші жойылды деп танылсын.

531-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялары болған жеке және заңды тұлғалар осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде өз қызметтін оған сәйкес

к е л т ір у г е

м інд ет т і .

2. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған келісім-шарттар негізінде берілген жеңілдіктер ол келісім-шарттар бұзылмаған жағдайда, сол келісім-шарттарда белгіленген мерзімге дейін өз күшін сақтайды.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК